ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М.УТЕМИСОВА

«Рухани жаңғыру» тұжырымдамасы аясында қазіргі жастардың келбеті: перспективасы мен инновациялық тұрғысы

атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
материалдары
27 сәуір 2018 жыл

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
Современный облик молодежи в свете концепции «Рухани жаңғыру»: перспективы и инновационные подходы
27 апреля 2018 года

Орал – Уральск

ӘОЖ / УДК 378
КБЖ/ББК 74.58
Р 87

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы /
Председатель организационного комитета:

Иманғалиев А.С. – п.ғ.д., академик, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры /
д.п.н., академик, ректор ЗКГУ им. М.Утемисова

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері /
Члены организационного комитета:

Бақтыгереева А.Б. – ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті мемлекеттік стипендиясының иегері, ҚР Жазушылар одағының БҚО төрайымы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ құрметті профессоры
Юров О.В. – с.ғ.к., доцент, ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Жүсіпқалиева Г.Қ. – п.ғ.к., доцент, оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Даришева Т.М. – п.ғ.к., доцент, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Тасмағамбетов А.С. – т.ғ.д., М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың «Рухани жаңғыру» институтының жетекшісі
Габдрахманова Ш.Т. – п.ғ.к., доцент, педагогика факультетінің деканы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Иргалиев А.С. – п.ғ.к., доцент, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Баюканская С.Ф. – магистр, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Калаханова С.Б. – магистр, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Р 87 «Рухани жаңғыру» тұжырымдамасы аясында «Қазіргі жастардың келбеті: перспективасы мен инновациялық тұрғысы» = Современный облик молодежи в свете концепции «Рухани жаңғыру»: перспективы и инновационные подходы: Респ.ғыл.и-тәжіриб. конф. мат. = Матер. респ. науч.-практ. конф. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2018. – 248 б.

Бұл басылымда «Рухани жаңғыру» тұжырымдамасы аясында қазіргі жастардың келбетін зерттеудің перспективасы мен инновациялық тұрғылары, отбасындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың өзекті мәселелері, ерте ана болу мәселесі мен жауапты ата-ана келбеті зерттелген, қазіргі жастарға деструктивті діни ағымдардың әсер етуінің алдын алу шараларының ерекшеліктері талданып, рухани жаңғыру аясында қазіргі жастардың этникалық өзіндік санасын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік аспектілері қарастырылған.

Жинақ білім беру жүйесінің барлық бағыттарында жұмыс жасайтын ғылыми қызметкерлерге, педагогтарға арналған.

В настоящем издании рассмотрены перспективы и инновационные подходы исследования современного облика молодежи в свете концепции «Рухани жаңғыру», изучены актуальные вопросы формирования духовно-нравственных ценностей в семье, проблема раннего материнства и облик ответственного родительства, проанализированы особенности профилактики влияния деструктивных религиозных течений на современную молодежь, освещены научно-методические аспекты формирования этнического самосознания у современной молодежи в условиях духовного обновления.

Сборник рекомендован для научных сотрудников, педагогов, работающих в системе образования.

ӘОЖ / УДК 378
КБЖ/ББК 74.58

ISBN 978-601-266-387-7

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2018

АЛҒЫ СӨЗ / ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҰЛТ БОЛАШАҒЫ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

А.С. Иманғалиев,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.
Абай

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілген еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін адами капиталды қалыптастырудың бір факторы – жастарға патриоттық тәрбие беру, олардың ел намысына сын келтірмейтін білімді, парасатты адам, бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына жағдай жасау болып табылады.

Атап айтқанда, қазіргі таңда жастарға, соның ішінде, ұлттың рухани болмысы мен ана тілін ту қылып ұстауда үлкен жүк атқарар болашақ жасөспірімдердің тәлім-тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу мәселесінің өзектілігі анық байқалуда.

Қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан әкелер мен аналар институты күні кешеге дейін бүкіл ұрпақтың дүниетанымына, «ұлттық намыс» деп аталатын патриоттық сезімінің қалыптасуына, ана тілі мен ұлттық құндылықтардың сақталып қалуына ықпал етті.

Соңғы кездері қалыптасқан еліміздің егемендігі нығайған шақта қол үзген құндылықтарды қалпына келтіру шаралары қажет болып отырғандығы белгілі.

Өйткені, әріден қарасақ, бүгінгі ұрпақтың тілдік, рухани болмысы – болашақ ұрпақ бойына тектілікті, намыстылықты тәрбиелеуге негіз болып қаланады. Ұлт тірегі саналар болашақ от аналарын тәрбиелеу жолында Бопай ханым, Айғаным, Қарашаш, Зере, Ұлпан феномендерін бүгінгі қазақ қыздарының бойына қазақ тілі арқылы дарыту – қазіргі таңда өте маңызды жұмыс. Көрнекті қоғам қайраткері, белгілі қаламгер Ә. Кекілбаев өзі туралы ой қозғағанда «жалпы адамның рухани күші анадан беріледі» деп түйін жасайды.

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағытында елімізде, соның ішінде Батыс Қазақстан облысының түрлі мекемелерінде жастарға білім мен тәрбие беру, олардың бойына ұлттық, мәдени, рухани құндылықтарды сіңіру бағыттарында көптеген жұмыстар атқарылып жатқаны белгілі.

Соның бірі – бүгінгі өтіп жатқан ғылыми-тәжірибелік конференциямыз.

Бұл конференцияға студенттердің қатысуы, олардың мектептерде мақсаттық-бағдарлы жұмыстар жүргізуі олардың педагог маман ретінде қалыптасуына да ықпал етері сөзсіз.

Білім беру ұйымдарында ұсынылған шаралардың жүргізілуі жас ұрпақтың өз ана тілін жетік меңгеруіне, ұлттық құндылықтарды білу, түсіну және оларды өмірлік ұстанымдары ретінде қабылдау арқылы имандылыққа, парасаттылыққа үйренеді деп сенеміз.

Бірде Бернард Шоудан: «Маған ақылыңызды айтыңызшы, баланы қай жастан тәрбиелеген қолайлы?» деп сұраған екен, сонда атақты драматург қарсы сауал қойыпты: «Балаңыз қанша жаста?». «Өмірге келгеніне екі апта болды», депті оған сауал қоюшы. Сонда Б. Шоу: «Сіз дәл екі аптаға кешіктіңіз» деген екен. Мұның өзі достық нақышта айтылғанмен, астарында шындық жатқаны айқын. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» – деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе?

«Адамдар туралы айтсақ, оларды қосатын, байланыстыратын дәнекер, тұтқа – адамгершілік болып табылады. Сондықтан адамзат тегіне жататын болғандықтан олар өзара бейбітшілік, татулық сақтаулары қажет»,- деп әл Фарабидің айтқанындай, жастар бақыт

жолында ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңіріп, өзара ынтымақтастықта, достық қарым-қатынаста өмір сүруге ұмтылады.

Бүгінгі жас буын – ертеңгі күні еліміздің көк байрағын көкке желбіретіп, халқымыздың даңқын көтеретін ел азаматтары. Сондықтан қазіргі жастар ел тарихын жете біліп, оның кез келген ел азаматының өміріндегі алатын орнын білуге, халқымыздың тарихында қалыптасып, жаңа заманға сай жетілдіріліп жатқан әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін сақтауға, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсете білетін иманды жастарды тәрбиелеуге тиіспіз. Бұл – бүгінгі ата-ана мен ұстаздар ұжымының бірлесе атқарар басты міндеті.

ӘОЖ 82-1

Бақтыгереева А.Б.
ҚР Жазушылар одағының БҚО төрайымы, БҚО құрметті азаматы,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ құрметті профессоры

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ. ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарияланғанына бір жыл болды. Бұл біздің өткенді саралап, ертеңге зор үмітпен қарайтын алдағы бағытымызға жол көрсеткен айқын да нақты бастау екенінде талас жоқ. Ұлттық код, балалар жолы мен өсиетін еске алып, қайта жаңғыру еркін елдің ертеңгі ұрпағы үшін ауадай қажет еді. Жаңғыру дегеніміздің өзі сонау ғасырлар қойнауында қалған асыл дәстүрімізді жаңғырту, ұмытпау, жаңаша дамыту дегенге саяды. Егер жаңғыртатын ештеңеміз болмаса ше? Ал біздің жаңғыртатын нәрсеміз өте көп болып шықты. Өкінішке ұрай, ұмытылғанымыз да көп болып шықты.

Тарихы бай даламыздың, оның сан ғасыр ерлігі мен дастанын жазған ұлтымыздың келер ұрпаққа қалдырған аманаты мен қазынасы өте мол екен. Соның ішінде біз бүгін сөз еткелі отырған жас ұрпақ тәрбиесі, оның ішінде ұлтына ана болатын қыз бала тәрбиесі де жай айта салатын сөз болмаса керек.

«Гүл өссе, жердің көркі, Қыз өссе, елдің көркі» деген жалғыз ауыз ғана мақал қанша жүк, қанша жауапкершілік арқалап тұр?! Қыз бала! Сенің жүгің тым ауыр екен ғой. Еліңе көрік беру үшін мына жарық дүниені саған ана сыйлаған екен. Сенің анаң да осы даланың қызы екен. Сен ананың ақ сүтін, даланың үмітін ақтап, еліңе көрік болуға, қайтадан сол даланың ұрпағына ана болуға тиісті екенсің. Ендеше, сен де өз өміріңнен өткен аналар жолын қайта жаңғыртуға тиісті екенсің. Бұл да рухани жаңғырудың бір тармағы емес пе? Әже, аналар ғасырлап қалыптастырған ұрпақ тәрбиесін үйрене отырып, ұлттық тәрбиені келесі ұрпаққа жалғайсың, яғни жаңғыртасың. Ендеше, сенің сүріп жүрген қарапайым өміріңнің өзі – ұлтыңа, ұрпағыңа, туған жеріңе, адамзатқа қызмет ету.

Сол тәрбиені заман ағымы қалай өзгертеді? Оған да уақыттың, ғасырдың, қоғамның қосқан өзгертулері мен ықпалы мол. Соның арасынан өз келбетің мен бейнеңді жоғалтпай сақтап қалу үшін рухани жаңғыру өте керек.

Адамзат қоғамының дамуы жер шарындағы даму мен жоғалу жағдайларына назар аударсақ, әсіресе, Шығыс әйелдері тәрбиесінде өз келбетін сақтаған жапондарға назар аударғанымыз артық болмайды. Жапонның оқымысты ғалымы Джиснзу Нарусе «Батыстың мәдениетіндегі озық та жақсы жәйттерді үйрене отырып, өзіміздегі бабалардан жалғасқан жақсылықтарымызды ұмытпай, соған қосуымыз керек» деп жазған. Жапон ұлты соны құптаған. Батыс елдері қыздарын біржақты білім мен басшылыққа үйретсе, жапондар қыздарға атқамінер қызметпен қатар бесік тербеу, шәй даярлау, қазан-аяғын қатар үйреткен. Жапон ұлты осы ретте осы тәрбиеден ұтып отырғаны әлемге аян. Жапон әйелі қандай биік лауазымды қызмет атқарса да, ол ошағын сақтау жағдайын, баласын жетім етпеу жолын бірінші кезекке қояды екен.

Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы аясында біздің де көп болып ойласатын сауалдарымыз жетіп жатыр. Сонау ғасыр қойнауына бармай-ақ, күні кешегі Отан соғысы жылдарындағы қазақ аналары өз ұрпағын де жетілдіріп, жетім балаларды да өсіріп, мейірім мен махаббаттың үлгісін көрсеткені тарихқа аян. Бүгінгі таңда да мейірімді ана біздің ұлтта аз емес.

Қазақ қызы тәрбиесі қашанда назардан тыс қалмағанына дәлел тағы бір мақалымыз бар. «Қызға қырық үйден тыю». Бұл – ұлттық мәдениетіміздің көрінісі. Тәлімі жоқ, орынсыз жерге қыз бала бармауға тиіс еді. Бұл өзін сыйлаудың басты шарты болған. Әр үйге, әр жерге бара берген қыз үлгілі ана бола алмауы мүмкін. Бұл ретте де ұлттық тәрбиеміздің негізін әлі де қайта жаңғыртсақ, артық болмайтынына көз жетеді. «Жаңа өсіп келе жатқан қыздарымыздың қандай ортаға баруы, қандай ортаға бармауы дұрыс екенін анасы қадағалауы керек» деген ұлы сөз. Бұл – ұлттың сөзі.

«Қыз бала жат жұрттыққа жаратылған» деген бар. Оның да мағынасын жас кезінде ескерткен екен бабаларымыз. Жат үйге баратынына алдын ала дайындаған сөз. Ол да өмірдің заңы екенін үйретіп отырған. Бұдан біздің ұғатын сабағымыз: ата-баба тәрбиесінің негіздерін

қайта жаңғырту ертеңгі ұлтымызды сақтаудың, Ұлы дала мәдениетін сақтаудың бір амалы деп ұғуымыз керек. Ал әйел-ананы, қыз баланы сыйлау – бүкіл қоғамның міндеті. Өйткені әр қызды ұлттың анасы деп қарауымыз керек.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттық тарихи тұлғаларды насихаттау да аса маңызды. Ол тақырып сонау «Ауыз әдебиеті» деп аталған жазу-сызуымыз жоқ кезде қалыптасқан дастан-жырлар. Бүгін біздің жас ұрпақ Қыз Жібек пен Төлегеннің, Қозы мен Баянның, Ақбөбек пен Қайыптың аңыз махаббатын да білуге тиіс. Елін қорғап, сүйген ерлерге жар болған қыз Құртқа, Ақжүніс пен Мүсіреповтің жазған «Ұлпаны», ханның жары болған Бопай ханымдар жайлы да білуге борышты. Ұмытылмас тарихи бейнелердің үлгі-өнегесімен байытылған тәрбие ұлт қыздарының жаңа ғасырдағы келбетін одан әрі байыта түсері сөзсіз. Сондықтан рухани жаңғыру кезінде өтетін іс-шара мен тәрбие жұмысы – өткен өмір сабағынан тәжірибе жия отырып, алдағы ғасырларға бабалар аманатын жалғастыру. Қыз, Ана, Әйел, Жар тәрбиесі адамзат қоғамының негізі деп түсінсек, бұл салада да жүргізілетін жұмыстар жүйелі әрі мәнді болғаны барша қоғамға ортақ іс екенін естен шығармауымыз керек.

ӘОЖ 374.3

Бахишева С.М.
педагогика ғылымдарының докторы, доцент
Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж директоры

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУГЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы құндылықтық кеңістігімізді одан әрі дамытудың нақты тұжырымдамасы деуге болады. Мақала жарық көргелі ондағы жобалар жер-жерде талқыланып, көп жұмыс басталып та кетті. Соның ішінде латын әліпбиі, мәдени жаңғыру, рухани қастерлі мекендерді, туған жерді тану жұмыстары белсенді қозғалысқа ие болуда.

Құндылықтық кеңістігіміздің кеңеюі ұлттың сананың соған сәйкес болуын қажет етеді, оны жүзеге асырудың басты бағыттары да мақалада анықталған. Өзгерістердің өзегі ретінде сананы өзгерту туралы, мақсатқа жету үшін санамыз ісімізден озып жүруі тиістігі айтылған. Сананың жаңғыруы адамның өзіне қатысты ой әрекеттерінің, танымдық көзқарастарының дамуымен тығыз байланысты. Оған мақаладағы *прагматизм, білімнің салтанат құруы, сананың ашықтығы* деген позициялардың адам бойында қалыптасуы тікелей ықпал етеді [1].

Белгілі бір қасиеттердің қалыптасуы және олардың тұлғаның өмірлік ұстанымдарына айналуы жас кезінен бастау алады. Осыған орай білім берудің мақсаты тек пән бойынша білімді, жақсы оқыған адамды ғана емес, өзгермелі қоғамда өз орнын таба алатын бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыру деп түсінген жөн. Білім саласы басшыларынан бастап, мектептегі мамандарға дейін осы түсінікті бойларына сіңіргенде ғана оқытудың форматы, соған сай алатын нәтижелері де өзгереді.

Қазіргі таңда таптаурын болған қасаң тұрғыдағы оқыту қағидаларын жаңа әдістемелермен ауыстыру қажеттігі айтылуда. Білім берудің жаңартылған мазмұны оқытудағы оқушының белсенділігін көздейді. Бұрынғыша мұғалімнің түсінігімен жаттанды түрде айтып беру, баға үшін оқу ұғымдары келмеске кетуі үшін оқыту процесі өзгеруі тиіс. Өкінішке орай, мектепте қойылып жүрген бағалар мен шынайы білімнің айырмашылығы жер мен көктей.

Бүгінде жаңа әдістемелер мен технологиялар мұғалім қолына даяр құрал ретінде ұсынылуда. Әрине, мұғалімге бұл өте ыңғайлы. Алайда, баламен жұмыс ерекше педагогикалық қарым-қатынасты қажет етеді. Сондықтан мұғалім бойында оның оқушыға тұлға ретіндегі көзқарасын білдіретін педагогикалық ұстанымы мықты болғанда ғана әдістемелерді тиімді қолдана алады. Ол ұстаным - баланың өз біліміне мұғаліммен қатар жауап беретінін түсіну, оны өзіндік оқу әрекеттеріне баулу, өз біліміндегі олқылықтарын өзі бағалап, өзіне не қажеттігіне өзінің көзін жеткізу.

Бұл жаңа тұрғының негізі - ұстамды прагматикалық көзқарас. Елбасы мақаласында оның заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі екені, ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылу арқылы ғана табысқа жететіні нақты айтылған.

Прагматизмнің негізін салушы Уильям Джемстің айтуынша «прагматик дегеніміз, қарапайым түсінік тұрғысынан алғанда, өзіндік іс-әрекеттері мен өмірге көзқарас жүйесін тек

пайдалы нәтиже алуғабағыттап құра алатын адам». Осы пікірді педагогикалық прагматизм тұрғысынан жалғастырған Джон Дьюи білім беруде баланың өзіндік іс-әрекеттеріне сүйене оқытудың нәтижелілігі туралы талдаулар жасаған. «Біз мектепте тек баланы өмірге дайындаймыз деп ойлап, баланың сол мектеп қабырғасында-ақ өмір сүріп отырғанын есепке алмаймыз - дейді Дьюи [2]. Мектептегі өмірі арқылы бала болашақты қабылдайды, өмірге, өзіне қатысты көзқарасы қалыптасады, дамиды». Прагматикалық педагогика білім беру үрдісінің бірден бір өлшемі - адамның тұлғалық қалыптасуы, оқушының өзіне сенімі, өз білімін пайдалана алуы, өмірден тиісті орнын табуы,өз отбасының, қоғамының өркендеуіне үлес қосуы деп есептейді.

Ұлтымыздың ойшылы Мағжан Жұмабаевтың 1922 жылы шыққан «Педагогика» кітабындағы (1992 жылы шағын кітапша болып басылды) жүз жыл бұрынғы ойлары қазіргі күні өзектілігін көрсетіп отыр. Оның баланы оқыту «қалса - өзін, асса - барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін.., қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару» деп, білім берудің нақты мақсатын айқындап берген. Осыеңбегіндегі «баланы оқытқанда жаңа білімді бұрынғы білетініне байлап беру», «таныс ұғымнан жат ұғымға көшу», «естігеннен - көрген анық, көргеннен - бастан кешкен анық, балаға айтып түсіндіргенше өзіне көрсете, істете отырып оқыт»[3] деген Мағжанның тұжырымдары дәл қазір шетелден алып жүрген әдістерден артық деуге болады. Артық болатыны, оның барлық тұжырымдары халқымыздың мінез-құлық ерекшелігіне бейімделіп, иіні қандырылып, ұлттық болмысымызға сай жазылған.

Шын мәнінде, оқыту барысында бала мұғалімге қарап отырып дамымайды, ол мұғалімнің көмегімен белгілі бір іс-әрекеттер тындыру арқылы өзінің жаңа дағдыларын қалыптастырады. Ғылыми тілмен айтқанда, адамға өмірлік сабақ болатын өз тәжірибесі оның туа біткен қабілеттеріне де, қоршаған ортаның мүмкіндіктеріне де байланысты қалыптасады, дамиды. Осы туралы мұғалімдер арасында жүргізген шағын зерттеулер нәтижесі балаға жеке тұлға ретіндегі көзқарас жетіспейтінін көрсетті. Ол үшін қарапайым сұрақ қойылды: баланың дамуына не ықпал етеді? Жауаптар негізінен отбасы, мектеп, қоршаған орта, интернет, достары деген бағытта болды. Әрине, бұл дұрыс жауаптар, бірақ бәрі де біржақты, сырттан ықпал ететін факторлар. Өкінішке орай, бір де бір мұғалім баланың өзін, оның ынта-жігерін, мотивациясын, тәжірибесін, мүмкіндіктерін атап, оның дамуына ықпал ететініне көңіл бөлген жоқ. Сонда ой келді, біз балаға тек сырттан ғана ықпал етуге болатын жансыз объект ретінде қарап жүрген жоқпыз ба? Олай болса нәтижесінде өз ісіне өзі жауап бере алмайтын, өз бетімен әрекет ете алмайтын, көмекті тек сырттан күтетін адам қалыптасуы әбден мүмкін. Сондықтан, білім берудегі прагматикалық көзқарас ең алдымен мұғалім бойында қалыптасса, ол оқушыны мақсатқа бағытталған іс-әрекетке жетелеу амалдарын өзі-ақ құрастыра алады [4]. Өз санасы прагматиканы қабылдайтын деңгейге жетпейтін ұстаз сабақта қаншалықты жаңа әдістер қолданса да жететін нәтижесі жоғары болмайды.

Осыған қатысты ата-аналардың санасына да өзгерістер қажеттігі сөзсіз. Әрине, олар баласынабарлық жағдайды жасап, материалдық, өмірлік проблемаларын шешіп беруге тырысады. Бір өкініштісі, сол ниетпен жүрген ата-ана баласының өз өмірі жақсаруы үшін өз күшін жұмсауы қажеттігін, тер төгіп еңбектенуі қажеттігін, қиын болса да өзі әрекеттеніп үйренуі қажеттігін кезінде ескермей жатады. Мүмкін, кейбір жастардың өз мәселелерін өзі шеше білмейтіні, ынтасы мен жігері төмен болуының себебі де осыдан да болар.Бұл да адам санасының байлығы, оясының тереңдігіне байланысты. Сананы өзгертпей тұрмысты өзгерту қиын екені философиялық мәселеден тәжірибедегі мәселеге ауысуда.

Бүгінгі заман жастары өз өмірінің, іс-әрекетінің иесі болуы тиіс, ол өмірлік мақсатын өзі анықтап, соған орай барлық іс-әрекеттерін мақсатқа жетуге бағыттауы қажет. Өмірлік мақсаттарын айқындаған адам оған жеткізетін қадамдарын жоспарлайды, тоқтау жасайтын аялдамаларын, болуы мүмкін қиындықтар мен шешу жолдарын да болжай алады, салауатты өмір сүруге бет алады [5]. Бұл рухани жаңғыру туралы мақалада прагматизмнің бір белгісі ретінде аталған.

Әрине, біздің құндылықтық және менталдық кеңістігімізде таза европалық прагматизм орын алмайтыны белгілі. У. Черчилль айтқан «ағылшындарда дос та, дұшпан да болмайды, олар үнемі өз мүдделерін ойлайды» деген ұстаным біздің табиғатымызға келмеуі мүмкін. Алайда, болашақ ұрпақтың өмір сүрер ортасының құндылықтары не болмақ? Ол ортада қазақи

сенгіштік пен жайбарақаттыққа орын бар ма? Қазірдің өзінде біздің бала кезіміздегі «өскен соң «дәрігер болам», «мұғалім болам» деген балаң армандар азайып, орнына «банкир болам», «сот болам», «ақшам коп болады» деген прагматикалық армандар көбейді. Арман мақсатқа айналады, мақсатқа жету үшін қажетті білім-дағдыларын алуға түрткі болу, білімді жақса баға алу үшін ғана емес, өмірде өз пайдасына жаратуға үйрету, парасаттылық іргетасын қалау - бүгінгі ортақ міндет.

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет, білімділікке ұмтылудың іргетасы ұлтымызда қалыптасқан дей аламыз. М. Әуезов айтқандай, адам мен адамды теңестіретін тек қана білім болса, білімділікке құмарлық, білімі арқылы табысқа жетуді мақсат етіп қою - бүгінгі заманның белгісі. Елбасы бұл туралы табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді деп атап көрсетті.

Қазіргі заманда білімнің маңыздылығын түсінуге бет алғандаймыз. Созылатын да уақыт жоқ, бұрын жаңалықтардың жылдамдығы жылдармен өлшенсе, бүгін жаңалықтар жылдамдығы сағатпен, минутпен өлшенетін уақытта өмір сүріп отырмыз. Қандай салада да цифрландыру технологиясы қарыштап дамуда, бұл бір салалардың жойылып және мүлде жаңа салалардың пайда болуына алып келеді. Осыған орай,болашақта кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді [6].

Мақалада айтылғандай, мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс, ал сананың өзгеруі еліміздің әлеуметтік және экономикалық жаңғыруларын толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналатыны сөзсіз.Заманауи экономиканың қозғаушы күші де, әлеуметтік өзгерістердің иесі де - адами әлеует, сондықтан, біздің көз алдымызда болып жатқан ұлы өзгерістерді әр адамға берілген мүмкіндік деп қарастыру дұрыс.

Олай болса, бүгінгі білімділік - өздері меңгерген ақпараттық коммуникация мен жаңа технологияларды, білетін шет тілдерін өзін адам етуге, ата-анасы мен айналасына көмек беруге, одан асса, ел дамуына мол үлес қосуға жұмсауды өз мойнына алатындай ой-сананың озықтығы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Бағдарламалық мақала - https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru.
2. Дьюи Дж. Демократия и образование. - М.: Педагогика-Пресс, 2000.
3. Жұмабаев М. Педагогика. Қайта басылым. - Алматы,1992.
4. Фуллан М. Новое понимание реформ в образовании/ Fullan Michael. The New Meaning of Educational Chande. -М.: Prosvesheniye, 2006. - с.59
5. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы. - Алматы, 2011. - 20,4 б.т.
6. Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. - М.: Когито-центр, 2002.

ӘОЖ 355.233

Даришева Т.М.
педагогика ғылымдарының кандидаты
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, Орал қ.

ЖАСТАРДЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі қазақстандық қоғам дамуының басты стратегиялық бағыты жастар тәрбиесі болып табылады. «Адами қазынамыз» болып саналатын жастардың тәрбиесі-ертеңгі ел тағдыры. Өскелен ұрпақтың денсаулығы, білім сапасы, ұлттық санасы,ұлтаралық мәдениеті, әлеуметтік жағдайы, т.б. мәселелердің оң шешімін табуы олардың ертеңге деген сенімін нығайтып, ұлт патриоты, ел азаматы, білікті маман болуына жағдай жасайды. Бұл мәселе үнемі Елбасы

назарында. Қазақстан халқына Жолдауында ол ең алдымен өзіміздің «адами қазынамызды» молайтуды міндет етіп қойды. Елге тірек, жерге қамқор болатын жастарды тәрбиелеу ортақ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» Жолдауында: «Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек»,-деп ерекше мән беріп тоқталған болатын. Бұлай екпін түсіріп айтуының өзі қазіргі еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан тәуелсіздікке жетіп отырған тәуелсіз мемлекеттілігіміздің тұрақтылығын сақтап, оны болашаққа аманат етуді қалайды. Міне, осы тұрғыдан келсек мемлекеттік дәрежедеге мәселе білім беру саласында патриоттық сезімде тәрбиелей оқыту мәселесінің өзектілігі әрқашан да маңызды болып қалмақ.

Қазіргі кезде жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру өзекті мәселелер қатарына жатады. Себебі, бүгінгі таңда жастарымыздың арасында Отанды қорғауға деген саналы көзқарастың болмауы салдарынан әскер қатарында қызметін өтеуден қашу сияқты келеңсіз жайттар жиі кездесіп қалады. Сондықтан балабақшадан бастап, мектепте, түрлі орта және жоғары оқу орындары сияқты тәрбие ошақтарында патриоттық тәрбие беруді қолға алудың маңызы зор, тәрбиенің бұл түрі жас ұрпақты елін қорғауға, ұлттық әскер сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық қасиеттерге баулиды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып саналады. Еліміздің географиялық орналасуы мен ұлттық-этникалық ерекшелігіне орай жастарға халықтық дәстүрге негізделген батыр бабаларымыздың ерлік дәстүрін насихаттау, билер мен шешендердің өнегелі тәлім-тәрбиелеріне негізделген жан-жақты тәрбие жүйесін құру қажеттілігі қазақстандық білім саласының маңызды проблемаларының бірі болып саналады.

Жастар тәрбиесі мәселесі еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі де бірегей саналатын, Ару Ақ Жайықтың төсінен орын тепкен Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде де өзектілігі жағынан ең алдынғы мәселелердің қатарынан орын алады. Өйткені, бәсекеге қабілетті білімді де білікті мамандар даярлау ісі оқу орнындағы тәрбие жұмысының тиянақтылығына тығыз байланысты. Біздегі оқу-тәрбие жұмысы кең өрісті базалық және кәсіби мәдениетке негізделген, білім мен ғылымның, тәлім мен тәрбиенің тұтастығына құрылған университеттік білімді игеру мен оны шығармашылық тұрғыда дамытуға бағытталған.Университеттің педагогикалық ұжымы болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін жетелдіру ісінде ғана емес, олардың азаматтық жауапкершілігін, отаншылдық рухын, елдік қасиеті мен ұлттық ар-ожданын қатар тәрбиелеуге баса назар аударуда. Оқу орнындағы тәрбие ісінің стратегиялық түпкі мақсаты-елдің болашақ мамандарының кәсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне барынша қолайлы жағдай жасау болып табылады. Осы мақсатпен бізде осыдан 12 жыл бұрын «Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы» құрылған болатын. Бұл ұйымның жыл сайын әр оқу жылына арналған тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі жылдық жоспары бекітіледі. Бірнеше бағыттан тұратын жоспар мазмұны сапалы жоғары білім мен саналы ұлттық тәрбие беруге негізделген. Оқу мен тәрбие-егіз ұғым, оқудың мәні тәрбиемен айшықталады. Сондықтан студенттерге зайырлы қоғам мүлдесіне жауап беретін, ұлттық болмысымызға сай тәрбие беру өте маңызды іс. Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының ауқымында ұлттық құндылықтар негізінде жастарға халықтық, рухани тәрбие беру; олардың азаматтық бағдарын қалыптастыру; патриоттық және саяси тәрбие беру, құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың алын алу; бұқаралық спорт түрлерін дамытып, салауатты өмір салтын насихаттау; діни экстремизмге тосқауыл қою және ұлтаралық қатынас тәрбиесі; студенттердің өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру; республикамыздағы арнаулы күндерге байланысты арнайы шаралар ұлттық тәрбие аясында қарастырылған.

Педагогика тарихында түрлі кезеңдерде патриотизм, советтік патриотизм, ұлтжандылық, қазақстандық патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік, оны жүзеге асырудың жолдары туралы айтылған педагогикалық тұжырымды ойлар бұл проблеманың тамыры тереңде екендігін көрсетеді, яғни дерек көздеріне сүйенетін болсақ, 1898 жылғы ескі «Энциклопедиялық сөздіктегі»; *«Патрітизмь-любовь къ отечеству... привязанность къ своей культурной средъ или къ родной гражданственности»*,- деген анықтама біздің пікірімізді айғақтайды. Ертедегі грек және рим ойшылдарының (Платон, Цицерон, Аристотель, т.б.) еңбектерінде отансүйгіштік тәрбие идеялары көрініс береді. Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отансүйгіштік тәлім-

тәрбие дәстүрлерін, әдістері мен құралдарын жинақтап, оны бүгінгі студент-жастар тұлғасын тәрбиелеуде оқу-тәрбие үрдісінде ұтымды қолдану-уақыт талабы. Тарихты парақтасақ, ерте кезден бері қазақ патриотизмі қалыптасты. Оның дәлелі, халықтық мәнге ие, мол рухани мұра-түркі халықтарына ортақ руна тас ескерткіштеріндегі (Орхон-Енисей жазулары) тағылымдарда, орта ғасырлар ойшылдары (Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Ясауи) мен жыршы-жыраулардың (Асан қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, М.Өтемісұлы, т.б.), қазақтың ағартушы-гуманистері (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, т.б.) және КСРО-ның алғашқы жылдарындағы қоғам қайраткерлері (А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, т.б.) ой-пікірлерінде көрініс табады.

Қазақ халқы сан ғасырлардан бері дамып келе жатқан тарихында өз ұрпағын отансүйгіштік тәрбие беруде баға жет пес тәрбиелік мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұраның мол тәжірибесін жинақтаған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін отансүйгіштік тәрбие жөніндегі халықтық, қағидалар, талаптар және әдіс-тәсілдер қолданылған.

Зерттеуші ғалымдардың, педагогтардың тұжырымдары бойынша жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беруде баға жетпес педагогикалық құрал батырлардың қаһармандық бейнесі және оның қазақ ауыз әдебиетінде, тарихында, көркем шығармаларда сомдалуы болып табылады.

Қазақ батырларының бойында баршаға тән қаһармандық қасиеттердің жиынтығы да, азаматқа тән адамгершілік қасиеттер де, отағасына тән «сегіз қырлы, бір сырлылық» та, шешенге тән дуалы ауыздылық та, данаға тәнбілгірлік те, биге тән көсемдік те, әулиеге тән көрегенділік те табылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ер Төстіктің қаһармандығын, Бекет ағаның бойындағы әулиелігін, Исатай батырдың ел бастаған билігін, Сырым батырдың шешендігін, Б.Момышұлының батырлығы мен өрен тапқырлығын айтуға болады. Ендеше, тамыры терең патриоттық тәрбиенің көзін ұлттық тарихымыздан анық көруге болады.

Қазақ халқының табиғи түрдегі патриоттық тәлімінің басқа да халықтың дәстүрі мен байланыстарының дами түсуін, тіпті кейбір уақыттарда патриот деген сөздің лексикалық құрамынан алынып қалмауын қазақ жеріндегі жиі-жиі болып тұрған тарихи оқиғалардың қыр-сырынан іздеген жөн. Қазақтың ұлан-байтақ даласын біздің ата-бабаларымыз сан ғасыр «Отан отбасынан басталады», «Жауға жүррегіңді берсең де, жеріңді берме» деп «Найзаның ұшымен, білектің күшімен», «Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай» сан ғасырлар бойы аман сақтап келді. Жері соншалықты кең, географиялық тұрғыдан бытыраңқы қазақ елінің құрып кету қаупі төніп тұрған кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жауға қарсы тұруы нағыз шынайлы отансүйгіштік қасиет деп түсінеміз.

Студенттерді Отанға деген сүйеспеншілік рухында тәрбиелеу мәселелері, оның даңқын көтермелеуге талпыныстар көптеген ғалымдардың ой-пікірлерінде кездеседі. Атап айтсақ, жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу мәселесі кеңестік педагогика теоретиктерінің Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, С.Т.Шацкий және т.б. жұмыстарында ерекше көрініс алған.

Студент-жастардың ұлтжандық тәрбиесінің теориялық негіздерін белгілі психолог және педагог ғалымдар Л.И.Божович, Н.И.Болдырев, А.Н.Леонтьев, Б.Т.Лихачев, А.С.Марьенко, С.Д.Рубинштейн қалаған. Қазақ ғалымдарының пайымдауынша, патриотимзге тәрбиелеуде сүйенетін негізгі ұғымдар «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм».

Адамның жеке психологиясының әскери қызметтегі маңызын аша келіп, Б.Момышұлы «патриотизм-От анға деген сүйеспеншілік, жеке адамның амансаулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін ұғыну, мемлекетті нығайту дегеніміз-жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз-мемлекет деген ұғымды, оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді»-деп терең жан-жақты анықтама берген. Қаһарман жазушы біз қолайлы көріп отырған «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына философиялық анықтама беруге ұмтылған. Ол «ұлттық патриотизм-бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі, өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері қалыптасқан, тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктері мен де байланысты»-дейді. Жазушының пікірін жіктей отырып, бүгінгі патриотизмнің мазмұнын анықтауға әбден болады.

Атақты грек философы Аристотель барлық адамдарға мемлекет тарапынан тәрбие беруді жақтап, дене, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиенің байланысын, қоғамдық және отбасы тәрбиесінің сабақтастығын көздейді. Грек ғалымы Платон «ұлды тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, елді тәрбиелейміз», - деп тегін айтпаса керек.

Еліміз егемендік алып, зайырлы мемлекет ретінде қалыптасып келеді. Білім, ғылым, мәдениет, экономика салаларындағы жетістігіміз мақтануға тұрарлық. Осы жетістіктер аясында жас ұрпақты Отанын сүюге, ол үшін аянбай қызмет етуге тәрбиелеу- әр оқу орнының басты міндеттерінің бірі екені айдан анық. Осындай ұлы мақсатты жүзеге асыру тұрғысында кешегі өткен педагог-ғалымдарымыздың, ұлы ойшылдарымыздың бай мұрасын тиімді пайдалану қажет.

Отаншылдыққа тәрбиелеу барысында алдымен патриоттық сана қалыптастыру, патриоттық сезімін ояту, патриоттық іс-әрекетке бейімдеу жұмыстары атқарылады. Патриоттық сананы тұлғаның ішкі жан-дүниесінің қозғалыстары деп қарастыратын болсақ, ол сезімнен және іс-әрекеттен көрініс табады. Белгілі ғалым М.М.Тілеужанов өзінің үлкен еңбегінде «Халық тағылымы» тұжырымдайды: «Адам тәрбиелеу науқандық қызмет емес. Ол үздіксіз ешбір тоқталмайтын қызмет болуы тиіс, мүмкін болғанша пәрменді болса, тіптен жақсы».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Ж.Нурбетова Патриотическое воспитание молодежи- актуальная проблема современности. Алматы: Ізденіс. № 4/2010,146-149 б.

2.Ж.Ішпекбаев. Жастар тәрбиесі-басты назарда. Алматы: Ақиқат. №11 қараша, 2010, 24-26 б.

3.Г.Долженко. Особенности героико-патриотического воспитания в современном вузе. Алматы: Ұлт тағылымы. № 4/2010, 79-83 б.

4.М.Шукурбаев. Қазақстандық патриотизмнің туу заңдылығы. Алматы:Ұлт тағылымы. №4/2010,8-12 б.

5.Т.М.Даришева. Өзін-өзі басқару жүйесінің теориялық және әдіснамалық негіздері. Алматы: Ұлт тағылымы.№ 2/2008,37-42 б.

6.Ж.Кекилбаева. Париотическое воспитание молодежи за рубежом. Алматы: Ұлт тағылымы. № 2/2008, 12-18 б.

7. М.Тлеужанов. Халық тағылымы. Алматы:Рауан, 1996.

ӘОЖ 347.167(574)

Тулепов А.Н.
Дін істері басқармасы басшысының м.а., Орал қ.

ВОЗНИКНОВЕНИЕ РЕЛИГИОЗНОГО ЭКСТРЕМИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Наблюдаемое «религиозное пробуждение» конца XX – начала XXI веков охватившее страны Центральной Азии сказалось и на Казахстане. Интерес к собственным корням, религии проявляется в строительстве мечетей и знакомстве с религиозной литературой и в целом положительными явлениями. Следует отметить, что вместе с традиционной религиозной литературой и проповедниками, в регион проникают и экстремистские идеи захватывающие умы молодежи. Следствием этого является отток некоторых наиболее радикально настроенных лиц в страны Ближнего и Среднего Востока для участия в вооруженных действиях на стороне псевдоисламистов. В интернете появляется информация о боевиках террористических группировок родом из Казахстана воюющих на Ближнем и Среднем Востоке. Эксперты называют разные цифры представителей стран Центральной Азии участвующих в боях на стороне джихадистов в Сирии и Ираке.

По словам главного имама Мангистауской области Дуйсена Хасниязова, впервые «ваххабиты» появились в регионе в 1994 году. Множество салафитов присутствует также и в Южном Казахстане.

Риски религиозного экстремизма в Казахстане достаточно высоки. Вероятно, это одна из некоторых угроз, на которые казахстанские власти обратили внимание и быстро мобилизовали огромные административные, финансовые и информационные ресурсы.

Государственная программа по борьбе с религиозным экстремизмом и терроризмом в 2013-2017 имеет бюджет в 196 млрд тенге (более $ 1 млрд долларов в рамках 2013 года обменному курсу).

Казахстан является страной с доминирующим мусульманским большинством, где, по данным последней переписи, более 70% населения идентифицируют себя как последователи ислама. Но, как и во многих постсоветских странах, ислам в Казахстане проявляется больше на уровне идентичность и традиции, и в меньшей степени в форме религиозной практики. Опросы общественного мнения показывают, что только одна десятая часть мусульман в стране придерживаются канонов ислама. По сравнению с некоторыми другими странами с мусульманским большинством, радикальные религиозные идеи всегда были слабо отражены в Казахстане.

До начала 2000-х годов, религиозный радикализм в Казахстане в основном передавался лицами третьих стран, которые пытались распространить радикальный ислам на территории страны. Тем не менее, этот период длился недолго, и в 2003-2004 появились основные признаки терроризма и радикализма. Все большему числу казахстанцев стали предъявлять обвинения в религиозном экстремизме и терроризме, а также в 2008-2009, силы безопасности сообщили, что предотвратилитеракты в стране. 2011 год можно рассматривать как поворотный момент.

В законодательной сфере был принят ряд нормативных правовых актов, направленных на противодействие экстремизму, в том числе религиозному.

В Указе Президента РК от 10 февраля 2000 г. № 332 «О мерах по предупреждению и пресечению проявлений терроризма и экстремизма» перед органами государственной власти были поставлены следующие задачи. Это – проверка соблюдения законности религиозными объединениями и духовными учебными заведениями, а также благотворительными, культурными и образовательными организациями с иностранным участием; проведение мониторинга деятельности религиозных объединений; обеспечение проведения религиоведческой экспертизы распространяемой в стране литературы и др. [7].

Дляпредотвращения проявлений экстремизма казахстанские органы власти начали осуществлять мониторинг исламских объединений. Государство приступило к упорядочению деятельности религиозных, прежде всего миссионерских организаций. В 2000 г. из Алматинской и Южно-Казахстанской областей было депортировано 69 зарубежных исламских проповедников [8].

Причины возникновения религиозного экстремизма:

1. указывается деятельность зарубежных миссионеров;
2. отсутствие правовых аспектов урегулирования межрелигиозных конфликтов в Казахстане;
3. религиозная безграмотность населения.

Факторы, которые способствуют и дают фундаментальный толчок возникновению религиозного экстремизма:

1. снижение жизненного уровня населения;
2. прогрессирующая безработица[5].

Таким образом, рост религиозного экстремизма и распространение его влияния на регионы, для населения которых не были характерны фундаменталистские взгляды в недавнем прошлом есть повсеместное явление в современном мире. Радикалы активно используют современные интернет технологии для работы с молодежью, а также используют межнациональные и социальные проблемы населения. Особенно опасно распространение экстремизма в условиях пробуждения интереса к своим корням в странах постсоветского пространства, где по причине религиозных притеснений в советские времена еще только складываются традиции и люди искренне интересуются религиозной тематикой. В этих условиях в нашей стране необходимо разработать комплекс мер направленных на противодействие экспансии экстремизма.

Первое, требуется кропотливая просветительская работа в области понимания основ веры, которая должна лечь на мусульманское духовенство Казахстана.

Второе, это последовательное повышение доверия граждан к органам власти и формирование институтовобщественного контроля с целью пресечения злоупотреблений должностными лицами.

Третье, ответом на попытки разжигания межнациональной вражды должна стать комплексная стратегия, нацеленная на решение проблем малых народов с государственной поддержкой интереса людей к собственной культуре и традициям. Соучастие граждан всех национальностей в общегосударственных процессах, внимание к культуре разных народов должно стать эффективным противоядием экстремизму.

Четвертое, органам власти следует оперативно решать социальные проблемы населения, поскольку бедность есть непременный спутник радикализма, и особенно в перечне профилактических мероприятий должна стать молодежная политика, суть которой должна сводиться в предоставлении широкого ряда перспектив для самореализации молодым людям, в включая религиознуюсферу.

В настоящее время в отношении ограничения проникновения религиозного экстремизма на государственном уровне проводится комплекс мер, направленных на регулирование деятельности религиозных конфессий.

Проводятся профилактические мероприятийея по выявлению незаконно действующих представителей тех или иных религиозных объединений и сект, а также на выявление и локализацию источников распространения литературы религиозной направленности, в которой пропагандируется насильственное изменение конституционного строя.

Список использованной литературы:

1. О мерах по предупреждению и пресечению проявлений терроризма и экстремизма: Указ Президента Республики Казахстан от 10 февраля 2000 г. № 332 // Собрание актов Президента Республики Казахстан и Правительства Республики Казахстан. 2000, № 15, ст. 141.

2. О борьбе с терроризмом: Закон Республики Казахстан от 13 июля 1999 г. № 416-I // Казахстанская правда. 1999. 30 июль. № 182-183

3. О противодействии экстремизму: Закон Республики Казахстан от 18 февраля 2005 г. № 31-III // Казахстанская правда. 2005. 26 февр. № 45-46.

4. Алексеев И.А. Собирание расколотой уммы: фундаментализм как реинтерпретация исламской истории –AbImperio3/2004, с.513

5. Володина Н.В. Особенности экстремизма на религиозной почве // Безопасность Евразии. -№3. -С. 56.

6.Кадиева А.М. Сущность и классификация экстремизма // Гуманитарные и социально-экономические науки. - 2007. -№3. -С. 27-30.

7. Кадиева А.М. К вопросу о сущности религиозного экстремизма // Религиоведение. - 2007. -№4. -С. 127-137.

8. Нурша А., Чукубаев Е. Исламский фундаментализм в свете геополитики... // www.kisi.kz,http://smi-antiterror.ru/experts/geopolitika-religii-ideologicheskaya-konkurentsiyasaudovs-koy-aravii-i-turtsii-podryvaet-bezopasnost. htm

9. Уразбаев А.З. К вопросу о роли превентивных мер в общегосударственной системе противодействия терроризму в Республике Казахстан в контексте региональной безопасности //www.kisi.kz

ӘОЖ 37.018

Дауешова С. М.
Орал қаласы білім беру бөлімінің тәрбие әдіскері

ОТБАСЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

Қазақ қоғамы үшін отбасы- өмірге бағыт бағдар беретін ұлы құндылықтың бастауы. Тәлім-тәрбиенің негізі. Болашақ ұрпақтың қалыптасуының алтын ұясы. Тұтастай алғанда дүйім бір ұлт негізінің алтын қазығы мен тереңге жайған тамыры. Сол себептен де болар балаларымыз «Отан» сөзінің ұғымын ең әуелі отбасымен байланыстырғаны – деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тегін айтпаған. Қандай қоғамда өмір сүрсек те балаға өмір сыйлайтын, тәрбиелейтін отбасы. Отбасы-адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі.

Тәрбиенің кілті-отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты.

Ерте кезде балалар оқыса да, оқымаса да тұрмыс ережесін білуге, орындауға тиісті болған. Отбасы тәртібі ғасырлар бойы қалыптасқан, халық дәстүрлері мен салттары арқылы қатаң реттеліп отырған. Мысалы: қызға қандай киім лайықты, шашты бір өрім бе, әлде екі өрім етіп өруі дұрыс па, оны шашбаумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кимешектің астына жасырып қойған жөн бе? дейтін жайларды жіктеген.

Қазіргі кезде баланың жақсы адам болуы тек қана өмірдің ағымынан қалмай киіну ғана емес, ең негізгісі өмірден өз орнын таба алатын азамат ретінде тәрбиелеу жағы ақсап жатады.

Ұрпақ – болашақ, яғни ол адамзаттың болашағы, ал отбасы кішкене мемлекет. Отбасында ынтымақ болмауынан, ерлі-зайыптылар арасындағы алауыздықтан, бірінің сөзін екіншісі тыңдамауы, бала тәрбиесін тым қиындатып жіберді, сондықтан ата-ана беделден, тіл алғызу ықпалынан айырылды. Кей ата-аналар өздерінің міндеттерін тек балалардың қарнын ашырмау, киімдерін бүтіндеу деп те ойлайды. Балаларының білімін мектепте алған бағаларымен ғана бағалайды. «2» алса жаман, «5» алса жақсы. Оқу жылы ішінде бірде-бір рет балаларының сабағына қатыспайтын ата-ана, баласы бұзық болса, тәртіпсіз болса ұстаздар қауымына тіл тигізіп, қаралап жататын кездері де аз кездеседі. Міне, сондықтан отбасындағы білім беру бағытындағы тәрбиесі жайына қалады. Отбасының аса маңызды міндеттерінің бірі-баланы жарқын істерге, нұрлы мұраттарға тәрбиелеу екендігін естен шығарып алған қаншама ата-ана бар. Халқымыздың «Баланды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, одан соң өзіңе ақылшы дос сана» деген өмірлік қағидасы бар. Осы қағиданы ұстанған ата-ана баласының болашағы жарқын болады.

Білім саласында да отбасы тәрбиесі – Тәрбие тұжырымдамасының ең басты бағытының бірі.

Қазіргі таңда қалаға қарасты 50 білім беру ұйымы, 10 қосымша білім беру ұйымы, 52 бөбекжайы жұмыс жасайды. 42000- нан аса оқушы білім алуда. Ең өзекті мәселелердің бірі: ата-ананың бала алдындағы беделінің жоқтығы; ата-аналардың балаларды теріс тәрбиелеуі; толық емес отбасыларының көбеюі. Осы мсәелелердің шет жағын шешу жолдарын іздеп, әрбір отырыста отбасы тәрбиесін жолға қою мәселесі кеңінен талқыланып келеді.

Отбасында бала тәрбиесіне теріс ықпал ететін факторлардан ата-ана әрқашан аулақ болуы керек. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, жалпы отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше. «Қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол, ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол», «Ұл туса, елдің қорғаны, Қыз туса, елдің көркі» деп халқымыз бекер айтпаған шығар. Мұның бәрі әке-шешенің бала тәрбиелеудегі өздерінің үлгі-өнегесіне де тікелей байланысты.

Осы бағытта қала көлемінде жыл Елбасы тарапынан қойылған міндеттерді шешу, отбасындағы ізгілік тәрбиесін дамытуда көп ғасырлық халық педагогикасына және балаларды

жалпыадамзаттық құндылықтарға оқытудың әлемдік тәжірибесіне негізделген, ҚР білім беру жүйесінде лайықты орын алған, Сара Алпысқызының «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасымен үндеседі. Бағдарлама балалар мен жастарға рухани-адамгершілік білім беру қоғамда жоғары рухани-адамгершілік игіліктерді нығайтудың, кемел мінез бен адамгершілік қасиеттерге ие лайықты азаматтарды тәрбиелеудің тірегі болуды мақсат тұтады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы отбасы тәрбиесіндегі ұмыт қалған халық педагогикасының маңызы зор екендігін қайтадан ұғындырумен байланысты.

Жыл сайын қыркүйек айында апталық оздырылады. «Отбасы – бақыт мекені», «Отбасы және отбасылық құндылықтар» атты ашық тәрбие сағаттары, «Отбасы – өмір аясы» тақырыбында дөңгелек үстел, бастауыш сыныптар арасында «Менің отбасым» атты суреттер сайысын ұйымдастыру арқылы оқушылар отбасының өмірде маңызды екенін түсіндіреді. Әрбір ұлттың отбасы тәрбиесінде өзіндік ерекшеліктері болады. Қазақ отбасы тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктер қатарына жататын әдіс-тәсілдердің бірі бұл тұспалдап айту арқылы шешендікке баулу. Сонымен қатар, тұспалдап сөйлеуді- сыйластықтың керемет бір үлгісі, деуге болады, өйткені ол белгілі біреуге қадап, айыбын бетіне басып айтылмайды. Бала алғаш өзіне еркелетіп, тұспалдап айтылған мазақтамалар арқылы зеректікке, тапқырлыққа жаттықса, өсе келе өзіндік шығармашылық танытатын болған. Ол үшін қазақ отбасында даярлық ерте жастан жүрген. Мәселен: үйге қонақ келгенде алдымен қонаққа арнап балаларға өлең, тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаштар айтқызса, ал келген қонақ балаларға аңыз, ертегі айтып беретін болған. Ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі, деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі. Ешқандай заңмен бекітілмеген әке мен ұлдың, шеше мен қыз баланың, әке мен қыздың, қыз бен жеңгенің, келін мен ененің, келін мен атаның, нағашы мен жиеннің, қайын мен жеңгенің, бажа, жезде, бөлелердің арасындағы қарым-қатынастары әрқайсысын әдептілікке тәрбиелеудің ерекше қымбат үлгісі. Осы бір асыл қасиеттерді әр түрлі ұлт орналасқан мектептерде қайтадан жаңарту бағытында бірнеше клубтар құрылды.

«Өнерлі отбасы», «Мөлдір бұлақтан...», «Отбасы – мемлекеттің тірегі», «Оқырмандар отбасы» жарыстары, жобалар кеңінен өткізіліп келеді. Мектептерде ата-аналарға арналған «Отбасы ортасында» атты психологиялық кеңестер беріліп отырады.

Мектептерде 1 сынып оқушыларының ата-аналарына арнайы психологиялық кеңестер беріледі.

Барлық мектептерде «Аналар», «Әкелер», «Әжелер» клубы құрылды. Клубтардың жұмысын зерделеу, іс-тәжірибе тарату бағытында №1,32 ЖОББМ қалалық семинар өткізілді.

«Алғыс айту» күндері барлық балалар өмірге әкелген, тәрбиелеген аналарға, әкелерге алғыс айтудан бастап, үлкен іс-шараға айналып келеді.

Қалалық «Ұлағат» әкелер қауымдастығы 2015 жылы құрылып, бала тәрбиесіндегі әкенің ролін арттыруға көмектесуде. Отбасылық құндылықтарды сақтау, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру мақсатында қауымдастық 5 тақырыпта құрылып, 5 аймаққа бөлінді. Базалық мектептер №16,35,42,44, №9 МДҰ тағайындалып, әр түрлі шаралар атқарылуда. Дәстүрге айналған мамыр айында қалалық «Әке жолы – ізгі жол» тақырыбында әкелер конференциясы өткізіліп келеді.



Барлық мектептерде Назарбаев зияткерлік мектебінің іс-тәжірибесінен “Ауылдағы екі апта” әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Ауыл өмірімен танысу арқылы оқушы бойына рухани құндылықтарды сіңіру, ауылдағы үлкендердің өнегелі әңгімесін тыңдау,құрбы-құрдастарымен араласу мақсатында іске асырылуда. Жоба аясында ауылдағы ата-әжесіне немесе ауылдағы туысқандарына барып, ауыл өмірімен танысып, күнделік жүргізіп, фото және видео материалдар жинақтап әкеледі. Сонымен қатар ата-аналарының жұмыс жасайтын мекемелерінде, кәсіпорындарында тәжірибеден өтіп, жауапкершілік, іскерлік, ынтымақтастық дағдыларын шыңдау, еңбекті түсіндіру мақсатында «Ата-ана жұмыс орнындағы 1 күн» жобасы кеңінен жасалуда.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы, ата-ана тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы ата-анасы» демекші отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын сол қасиет солай қалыптасады. «Ата – ана балаға сыншы».

Балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырып, немен айналысып жүргендігіне жіте көңіл бөлсе, мерзімдік басылымдарға жаздырып, әдеби шығармаларды оқуға жасынан дағдыландырса, кейін бармақ тістейтін оқиғалардың алдын алуға болар еді. Үлкенді құрметпен қадір тұту, ілтипатты қарым-қатынаста болу, сыйласа білу, ата-ананы қартайғанда қарау, кішіге қамқор болу-бұл қазақ халқы үшін жазылмаған заңдар. Ата-бабамыз тәлім-тәрбиеге ерекше назар аударғанын білеміз. Қазіргі таңда қала мектептеріндегі 42000 оқушы 298 спорт секцияларына -6313, 1131-мектепішілік үйіремеге – 25043 оқушы қатысады. Жалпы оқушының 75 пайызын құрап отыр.

Ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің ірге тасы. «Тәрбие – табалдырықтан басталады» нақылы өмірден алынған шындық. Бала тәрбиесі – нәзік те күрделі, әрі қоғамдық жауапкершілікке жатады. Бала – өмірдің гүлі, сол әлеуметтің болашағы. Баланы тәрбиелі де, саналы азамат етіп өсіргіміз келсе, ең алдымен өзіміз кіршіксіз таза, тәрбиелі адам болуымыз керек. Адамгершілік пен саналықтың бастапқы қарапайым белгілерін өнегелі отбасында дарытқан баланың болашағы жарқын, өмірі мәнді болмақ. «Біздің балалар-біздің қарттығымыз, жаман тәрбие-болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз» демекші кең байтақ елімізде ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып, ұяттылық, әдептілік, көргенділік, мейірімділік, шарапаттылық салтанат құрып үйлесімділік тауып жатса, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында бүршік атып, бұтағын жаятынын естен шығармауымыз керек.

Отбасынан басталатын ғұрыптық мәдениет – сыйласым. «Өзіңді-өзін сыйлай біл, жат жанынан түңілсін» деп, халық ең әуелі сыйласым арқылы отбасындағы жақын адамдардың бір –біріне инабаттылық қарым-қатынастарын қалыптастырады.

Отбасында тыныштық болса, үйде тыныштық болады. Үйде тыныштық болса, мемлекетте тыныштық болады. Мемлекетте тыныштық болса, әлемде тыныштық болады. Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген бағдарламаны жүзеге асыру арқылы «Мәңгілік Елдің» болашағын құра аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. www.akorda.kz сайты.
2. «Заманауи мектеп жайғдайында тәрбие жұмысын ұйымдастыру» Г.Қажиева
3. «Тәрбиеге жетекші» Б.Иманбекова
4. Қазақстан Республикасының тәрбие тұжырымдамасы, 2015 жыл сәуір.№225

I СЕКЦИЯ

ОТБАСЫНДАҒЫ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ В СЕМЬЕ

ӘОЖ 37.018.1

Абекенова Д., Кубашева А., Имакаева А.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

ОТБАСЫНДАҒЫ ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – АДАМГЕРШІЛІК

Рухани – адамгершілік – адамдарға деген ізгі ниеттілік,
құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік,
басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты
жеке қасиеттерді қамтиды.
Бір минутқа да күмәнданбаймын осы бір болмыстың
барлық ежелгі сұрақтарына жауап беру үшін
жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғырту керек,
өзіңнің бастауыңа оралуың қажет.
С. А. Назарбаева

Қазіргі қоғамда отбасы ең басты құндылықтардың бірі болып саналады. Ұлдарымыз ер жетіп, қыздарымыз бой жеткен кезде, ата – ананың ақ батасымен отбасын құрып, өмірге перзент әкелу адамзаттың парызы. Отбасының басты қазынасы, алтын діңгегі – бала. Отбасы – тұлғаның дамуы мен тәрбиесінің әлеуметтік мәдени ортасы. Отбасы – бұл әлеуметтік феномен, өмірде өсіп жатқан әлеуметтік қоғамдағы жастардың дайындығында басты рөл атқарады. Отбасы – кіші бір мемлекет. Сол мемлекетте баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне әсерін тигізеді.. Отбасы баланы рухани-адамгершілік тұрғыда дамып, бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімді болуда үлкен септігін тигізеді. Баланы тәрбиелеуге ата-ана жеткілікті мән бермесе, бала жетесіз өсері анық. Абай атамыз былай деген екен: “Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – досынан. Солардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады”. Сондықтан әр ата – ана жұмысы қаншалықты қауырт болса да, қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де, бала тәрбиесін ұмытпауы тиіс. Ата-аналар балаларын мәдениетті, кішіпейіл адал азамат пен азаматша етіп өсіргілері келсе, ең алдымен өздерінің бойына сол қасиеттер болуы керек. Көпшілік жағдайда баланың бойында теріс қылықтардың пайда болу себебін жанұядағы үлкендер өздерінің бойынан іздемейтіні өкінішті-ақ.

Рухани адамгершілік қасиетін кальптастыру отбасынан басталып орта, балабақша мен мектеп табалдырығында жалғасын табады. М. Жұмабаевтың «Жас бала бір шыбық. Жас күніңде қалай исең, өскенде сол иілген күйінде катып қалмақ. Теріс иіліп калған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың» деген пікірі ұрпақ тәрбиесінде отбасына үлкен жауапкершілік жүктейді. Рухани адамгершіліктің мәні - адам еңбегіне құрметпен қарау, шығармашылық күш мен мүмкіншілігін дамытудағы рөлінен көрінеді. Рухани адамгершілік мәдениеті жалпы адамгершілік тұрғысынан алғанда ол адамның жемісті іс-әрекеті болып табылады. Рухани адамгершілік қасиеттер адамдардың еңбек мәдениетінде, қоғамдық мәдениеттің көркем және эстетикалық, ғылыми және білім беру компонентері өзара байланысын, қоғамдық қатынастағы мәдениетін, рухани адамгершілік көзқарасын қалыптастырады. Осы сөздеріміздің дәлелі әлемдік ой-сананың асқар биігіне көтерілген Әбунасыр әл-Фараби бабамыздың «Адамға ен бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз

берілген білім адамзаттың қас жауы, ол оның өміріне опат әкеледі» деген сөздері, В.Г. Белинскийдің «Тәрбие - ұлы іс, тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі» Д.И.Менделеевтің «Тәрбиесіз білім есуастың қолындағы қылыштай» дегені, Я.А.Коменскийдің «Тәрбиені мойындамау адамдардың, жанұяның, мемлекеттің және бүкіл әлемнің құруы» деп айтуы әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған. Рухани адамгершілік туралы айтқанда біз тәрбие салаларын толық қамтимыз, себебі олар бір-бірімен тығыз байланысты. Тұлғаның өмірге, еңбекке көзқарасын, дүниетанымын қальптастыруда, оқытуды, тәрбиелеуді өмірмен байланыстыруда рухани адамгершілік, яғни адалдық, кішіпейілдік, ниеттілік, жомарттылық, жауапкершілік т.б қасиеттерді дамытады. Қазіргі уақыттағы жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде олардың ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін тану, дамыту, жетілдіуге арналған бірнеше іс - шаралар жүзеге асуда. Халықтық дәстүр, рухани мәдениет негізінде баланың рухани адамгершілік тербиесін дұрыс жолға қою міндеттерін жүзеге асыру басты мақсат болатыны белгілі. Осы жылдары одақ көлемінде В.В.Давыдов, Ш.Амонашивили, В.Ф.Шаталов, И.Т.Волков т.б. ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде оқушыны жан-жақты дамытып, оның белсенділігін арттыруды көздеген оқыту технологиялары дүниеге келді. Мұндай озық педагогикалық тәжірибелер оқушылардың рухани адамгершілігін дамыту мақсатында қазіргі кезде біздің оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен қолданылуда.Қазакстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Жеке адамның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасауы арқылы зияткерлігін байыту - қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі» делінген. Егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі заманғы білім беру әлеуметтік құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналды. Адамды жеке тұлға ретінде қалыптастыру негізі бастауышта қаланатыны бәрімізге белгілі.

Адамгершілік дегеніміз не? П.Кропоткиннің айтуынша: «... бұл бойыңнан адамдық қасиеттерді сезіну, сол қасиеттерді сақтап өмір сүруге ұмтылу, жағымсыз іс-әрекетіңе қиналу мұның барлығы адам табиғатының ортақ, ажырамас ерекшелігі».

Тәуелсіз, еліміздің алдыңғы қатарлы, өркениетті елдермен терезесі тең болуы үшін қазақ елінің мәдениетін, тілін, әдебиетін, экономикасын, ғылымын, адамгершілік құндылықтарын көтеріп оқушы тұлғасын қалыптастыру - казіргі Қазакстан педагогика ғылымының басты максаты. Осы орайда келтірілген деректер оқушыны адамгершілік құндылықты білуге, оны құрметтеуге, жауапкершілікке тәрбиелеуден туындайтындығын толық далелдейді. Ал қойылған талап сол шакірттерді өзіне тән мінез, ұғым кабылдау ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асыру шешуші мәнге ие болумен катар сол оқушының ар-ұждан, намыс, ұлттық, сезімдерін терең түсініп, адамгершілік ынтасын көтере түсетіндігіне айғак. Тарбие беруде мақсатқа жетудің негізгі ұстанымы көзделген істің мазмұны, оны жүргізу әдістемесі мен тәсілі және түрі екендігін үнемі ескертуге тиістіміз.Қазақ совет энциклопедиясында «Адамгершілік – тәлім-тарбиенің ықпалды әсерімен моральдык сананы қалыптастырудың этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы. Ол отбасы, мектеп, ұстаз, еңбек жеке ықпал арқылы іске асырылады» делінсе, Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «Адамдардың күнделікті қарым - қатынасына қатысты гуманизм ұстанымдарын бейнелейтін моральдық қасиет» деп көрсеткен. Қазақ тілінің сөздігінде «Адамгершілік тәрбиесі ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы» деп түсіндіреді.

Қорыта айтқанда, адамгершілік - адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Көрнекті педагаг В.Сухомлинскийдің пікірінше; «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, балаға жан – жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалаптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Азаров Ю.П. «Семейная педагогика». Политиздат 1985 г.

2. Динамика ценностей населения реформируемой России. М, 1996 г.

3. С. Ғ.Тәжібаева Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы,Білім,2008

4. О.К. Трубецкая Балалардың рухани- адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №12(48) 2012

Л. Омарова Адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелері // Бастауыш мектеп

5. А. Елшібекова. «Тұлға бойында адамгершілік идеал қалыптастырудың маңызы». //Оқушы тәрбиесі. 9\2015.Б.21 – 25.

6. Б. Демеубаева. «Отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі». //Оқушы тәрбиесі. 2\2016.Б.7– 10.

ӘОЖ 37.035

Бахтиярова Г.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.
Мухиева Г.С., Тулегенова Б.Н.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді де өнегелі жастарымыз. Тәуелсіз, зайырлы мемлекетіміздің бүгінгі жастарын отанын сүюге, елін, дінін құрметтеуге тәрбиелеу ең алдымен ата – ананың, содан кейін ұстаздардың басты парызы. Отаншылдық тәрбие – тәрбиенің басты бағыттарының бастауы десек қателеспейміз. Отаншылдық – сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім, әрбір жастың жүрегінде дамылдап тұруы керек.

Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы-қазақстандық отаншылдық болды.Еліміздің бейбітшілігін, тыныштығын сақтауда қазақстандық патриотизм арқылы жастардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға үлкен мән беріліп отыр. Оған Қазақстан Республикасының КрнституциясындаҚазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың бағдарламасында, педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарында және күнделікті жарияланып жатырған басылым беттеріндегі материалдар дәлел болып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміз – Мәңгілік Ел идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тонықөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекетіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді» деген болатын[1].

Әсіресе қоғамымыздың бірден-бір қозғаушы күші ретінде танылған оқушы жастардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыру қазіргі таңда аса өзекті мәселеге айналып отыр.

Сондықтан Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында«азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу» міндеттері айқындалған[2].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ел басы жарлығында адамгершілігі жоғары азаматты және өз Отанының патриотын тәрбиелеу "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясының құндылықтарын ескере отырып жүзеге асырылатыны, орта білім беру адамгершілік құндылықтарды, ұлттық-мәдени дәстүрлерді нығайтуға және ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өз Отаны үшін жауапкершілік алуға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталатын болады. Құндылықты білім беру жағдайында мектеп патриоттыққа баулу және өз елінің адал азаматы етіп тәрбиелеуге ықпал ету арқылы Қазақстан халқын біріктіретін жалпыұлттық идеяларды іске асыруға үлес қосатындығы, жастар саясаты тұжырымдамасын іске асыру жастарды қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеуде аса маңызды рөл атқаратындығы, жыл сайын патриоттық тәрбиені дамыту, қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту бойынша іс-шаралар жүргізілетіндігі және студенттік бастамаларды, патриоттық тәрбие беру іс-шараларын іске асыру Қазақстан Республикасының "Қазақстан 2020: болашаққа жол" мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы және Тұжырымдаманың 2016 – 2020 жылдарға арналған екінші кезеңнің іс-шаралар жоспары шеңберінде жалғастырылатындығы аталып көрсетілген[3].

Отаншылдық, отан сүйгіштік, патриотизм (грек, patris - Отан) - адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі. Көшпелі казак өркениетінде отаншылдық ең қасиетті міндеттердің бірі саналды. Ежелгі түркі кагандыгы кезінде тасқа жазылған Күлтегін ескерткішінде ел билеушілерінің отаншылдық үлгісі көрініс тапкан. Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Ақтамберді, Бұқар жыраулар және 20 ғасырдың басындағы А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев,т.б. ұлт зиялылары мен қайраткерлер отаншылдықты сөзбен ғана емес, іспен де өнеге көрсете білді. Әйтеке би «Өмірім халықтікі, өлімім ғана өзімдікі» деп халыққа қызмет етудің, отаншылдықтың айнасы бола білді. Тәуке хан заманынан қазақ қоғамында отаншылдық байлықтан да жоғары бағаланды. Көптеген елдерде отаншылдық халықтың өз ұлтының тілін, ділін, дінін берік сақтауымен және мақтан тұтуымен тікелей байланыстырылды[4].

«Қазақстандық отаншылдық» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туылған,еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсететінжаңа сөз болып табылады. Бейбітшілік жайлаған елімізде бүгінгі таңда жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Мемлекетіміз олардың көпшілігінің туған отаны, кіндік қаны тамған және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сол себептен олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға, еліміздің одан әрі гүлденіп жайнай беруіне еңбек етуге бірдей ат салысуы тиіс. Аталмыш себептерді алға тартып, қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне тоқталар болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық отаншылдық– Отананаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім пен білікті, ақыл-парастатты ел игілігі үшін жұмсау, ата-мекен мүддесіне арнау болмақ. Өз елінің тарихын, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына толықтай кірсе керек.Жалпы отаншылдық идеясының дамуы Аристотель, Платон, Цицерон есімдерімен де байланысты. Сонымен қатар француз материалистерінің, неміс философтарының да қосқан үлесі мол. Орыс революционер – демократтары да көптеген құнды идеялар көтерді.

Отаншылдық сезімді қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, Абай шығармаларынан да байқауға болады. «Отаншылдық», «отансүйгіштік», «патриотизм», «елжандылық», «ұлтжандылық» ұғымдарына кеңірек тоқтала отырып, оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеуде Кеңес одағының батыры, жазушы, тілге жүйрік, сөзге шешен хас батыр Бауыржан Момышұлының «Отан» туралы айтылған қанатты сөздерін және «Отаншылдық» ұғымына берген анықтамаларын назарға алған жөн.

«Патриотизм – дейді, Б.Момышұлы,Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық – мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзіңнің мемлекетке тәуелді екніңді, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарымқатынасын біріктіреді»[5].

«Отанды сүю отбасынан басталады, отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызы зор», «Еліңді сүйсең, ерлік істейсің», «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі» тәрізді мақал-мәтелдерінен Б.Момышұлының отаншылдық тәрбиеге жоғары талап қойғанын байқауға болады.

Халық қаһарманы Б. Момышұлының «Жігітті жауынгерлік қасиеттерге даярлап тәрбиелейтін қазақтың игі дәстүрлері» атты мақаласында халық басынан өткен жауынгерлік жолдары мен ұлттық дәстүрлердің маңызы зор екеніне тоқтала келе, өз жоспарын ұсынады. Отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруға әсер ететін факторлар:

Ұлттық сезім: өзінің ұлттық өкілдігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық даналығын бағалай, құрметтей білу парыз.

Жоғары сезім: парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандылық, т.б.

Төменгі сезімдер: опасыздық, ұждамсыздық, қорқыныш, үрей, жігерсіздік, намыссыздық, т.б. [6].

Отаншылдық сезім – адамның өне бойына туа біткен қасиет емес. Ол адамның саналы өмірімен бірге қалыптасатын саяси -әлеуметтік,психологиялық құбылыс. Отаншылдық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке

қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады.

«Баланы жастан...», «Тәрбие отбасыдан басталады» деген қазақта ертеден келе жатқан мағыналы сөздерге сүйене отырып, баланың кішкене күнінен отанға деген сүйіспеншілігін, құрметін ояту – ол ата – ананың басты парызына айналуы тиіс. Бүгінгі таңда өсіп келе жатқан білім алушы жас буындардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін:әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір - бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс. Мектеп оқушылары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, өз болмысында еш бұрмалаусыз танып, білуі шарт. Бастауыш сынып оқушыларының бойында отаншылдық сезімін қалыптастыруда ана тілі пәндерінің алатын орны ерекше. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары, ақын - жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері бастауыш сынып оқушыларының бойында отаншылдық сезімін қалыптастыруда маңызы өте зор. Отаншылдық сезімнің объектісі мен қайнар көзі - Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы отаншылдыққа тәрбиелеудің арқауы.

Отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет – ол қасиетті сезім, ананың сүтімен бірге өзінен - өзі келмейтін баланың бойында біртіндеп қалыптасатын құдіретті сезім. Бұл сезім әркімде әр кезеңде оянып, кейін есейген шақта біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады.

Қазіргі қоғамда «патриот», «отаншылдық», «елжандылық» ұғымдарын көп адам толық түсіне бермейді. Осы себептенде аталмыш ұғымдарды, адамның санасына бала кезінен сіңіре беру қажет. Мектеп жасындағы оқушылардыдың бойында отаншылдық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында білім беру мекемелерінде, оқушыларды отаншылдыққа тәрбиелеу бағытында көптеген іс-шаралар, оның ішінде тәрбие сағаттары, сыныптан тыс жұмыстар жүргізілуі тиіс. Отаншылдық сезімін тұлға бойына тәрбие арқылы өсіп жетілдіріп, патриоттық сана түрінде қалыптастыру,сондай-ақ жеке адамның өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіруі керек.

Болашақ жас ұрпақты Отанын сүюге, ол үшін аянбай қызмет етуге тәрбиелеу -әр адамның басты міндеті. Елбасымыздың болашаққа бағыт берер «Мәңгілік Ел»идеясын қолдап,халқымыздың жарқын болашағының кепілі-еліміздің патриот ұл-қыздарын тәрбиелеуге,отанымыз үшін аянбай еңбек етуге бірдей ат салысу әр Қазақстан азаматының бастыпарызы деп есептеймін.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев, «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.«ЕгеменҚазақстан» газеті31 наурыз, 2015 жыл.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27 шілдеде, 2007 жыл, №319.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 1 наурыз, 2016 жыл, №205.
4. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 б.
5. Б.Момышұлы. Қанмен жазылған кітап. Көптомдық шығармалар жинағы. 16 том – Алматы, 2010 ж.-270 б.
6. А.Ш. Жангазин. Жалпы білім беру мектебінде патриоттық тәрбие: Оқу құралы. – Павлодар, 2013. – 59 б.

ӘОЖ 371.3

Габрахманова Ш.Т., Киякбаева Г.Т.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТТІҢ МӘНІ

Кең мағынада инклюзивті білім беру – кедергілерді жоюға және оқыту процесіне ерекше оқытуды қажет ететін барлық адамдарды қосу мен сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында оларды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған білім беру процесі.

Инклюзивті білім берудің дамуы инклюзивті саясат пен тәжірибені жетілдірусіз және инклюзивті құндылықтарды жүйе деңгейіне толық, сондай-ақ олардың жеке институттары деңгейіне ендірусіз мүмкін емес [1].

Яғни, инклюзивті білім беру – бұл ерекше оқытуды қажет ететін балаларға жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқыту.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті оқыту білім жүйесін дамытудың ең бір өзекті бағыттары қатарынан орын алып отыр. Бағдарламада мүмкіндігі шектеулі балалар санының ұлғайғандығы, сондай-ақ барлық өңірлерде ерте жастағы балаларға түзету-педагогикалық қолдау көрсету үшін және инклюзивті білім беру кабинеттері құрылатыны, мектептер саны 10%-дан 70%-ға дейін артатыны көрсетілген [2].

Қазіргі кезде білім берудегі инклюзивті үрдіс - мүмкіндігі шектеулі баланы жалпы білім беру мекемелеріндегі дені сау балалардың ортасына қосу мен қабылдауды, баланың ерекше білім алу қажеттілігін ескере отырып, жекелей не бейімделген оқу бағдарламасымен оқытуды қамтамасыз ететін арнайы ұйымдастырылған білім беру үрдісі ретінде қарастырылады.

Инклюзивті білім беру тиімділігінің негізгі критерийлері – әлеуметтенудің сәтті жүзеге асуы, мәдениетке араластыру, барлық балалардың, соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалардың қоғамдық тәжірибесін дамыту.

Осындай білім беруді енгізу үрдісінде көптеген мәселелер, соның ішінде әлеуметтік мәселелер де туындауда. Нормативтік – құқықтық базаны, арнайы жағдайларды құру, қаржыландыру мәселелері белсенді қозғалып, талқыланып жатқанымен, әлеуметтік мәселелер толықтай қарастырылмады деп айтуға болады. Ал ондай мәселелер жеткілікті және олар бірінші кезекте біздің мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қатынасымызға, ерекше білімді қажет ететін балалардың жалпы мектепте білім алуына деген көзқарасымызға байланысты.

Әлеуметтік сипаттағы мәселелер негізгі мәселелердің бірі болып саналады. Білім беру мекемелеріне инклюзивті білім беруді енгізген кезде біздің педагогтарымыз, оқушыларымыз бен ата – аналарымыз сыныпқа ерекше баланы қабылдауға әзір ме? - деген сұраққа ойлану қажет. Сондықтан материалдық – техникалық және басқа да мәселелерді шешумен қатар, білім беру мекемелерінде **инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға** ерекше көңіл аудару қажет [3].

Инклюзивті білім беруді зерттеу Орталығының негізін салушы Марк Воганның (Бристоль, Ұлыбритания) басшылығымен, Тони Бут пен Мэл Эйнскоудың құрастырған «Инклюзия көрсеткіштері» атты әдістемелік құралында жалпы білім беру мекемелеріндегі жағдайды жақсартуға бағытталған маңызды бағыттарды бейнелейтін, үш өзара байланысты аспектілер бөліп көрсетілген: инклюзивті мәдениетті қалыптастыру, инклюзивті саясатты дамыту және инклюзивті практиканы енгізу.

Ғалымдар «инклюзивті мәдениет» түсінігіне әртүрлі анықтама береді: 1) ерекше философия, яғни инклюзивті оқыту туралы білімдер, құндылықтар мен жауапкершіліктер қабылданып, осы үрдістің барлық қатысушылары арасында бөлінген; 2) инклюзия құндылықтарын қолдауды қамтамасыз етуге бағытталған жалпы мектеп мәдениетінің бір бөлігі; 3) мектеп мен отбасы арасында өзара тәуелді қарым-қатынасты дамытуға әсер ететін сенімділіктің уникальді микроклиматы; 4) ерекше инклюзивті атмосфера; 5) инклюзивті қоғам мәдениетін құруға арналған фундаментальді негіз [4].

Сонымен, инклюзивті мәдениет бұл - бір жағынан білім беру кеңістігін қолжетімділік пен қауіпсіздік принципіне сай ұйымдастыру, білім беру бағдарламаларын бейімдеу, оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістерін қолдану, оқулықтар, оқу құралдары, дидактикалық материалдар, техникалық құралдар, мамандар тобы, т.б. болса; екінші жағынан, білім беру үрдісі

субъектілерінің қарым-қатынас нормалары, білім беру ұйымдарының инклюзивті саясаты мен практикасының құндылықты – мәнді негіздері жатады.

Стокгольм университетінің профессоры Ульф Йонсонның (U.Janson, 1997) ойынша, бала білім беру ұйымының мәдениетіне араласқан кезде ғана оқытуды инклюзивті деп атауға болады. Ол бала қосылуы тиіс 3 мәдениет түрін көрсеткен:

1. Оқыту мәдениеті, яғни сабақтағы тәртіп ережелерін, әдістерді, білімді игеру, т.б.
2. Жұмыс мәдениеті, яғни білім беру мекемелерінде тәртіп ережелерін, ересектермен қатыр-қатынас ережелерін игеру, мектепте, балабақшада балаға тән рөлдерді игеру, т.б.
3. Құрдастар мәдениеті, яғни достарымен қарым-қатынаста қажетті еркіндіктің, өзбеттіліктің болуы, балалар ұжымындағы балаларға тән тілді меңгеру, т.б.[5].

Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бағытындағы міндеттерді шешу үшін мынандай технологиялық тізбекті жүзеге асыру қажет: инклюзивті мәдениет туралы білімді игеру – құндылықты қарым-қатынасты қалыптастыру – біріккен әрекет тәжірибесін игеру – қазіргі бар шындықты оң қабылдау. Және де бұл тізбек дені сау балаларға да, ерекше білімді қажет ететін балаларға қатысты.

Зерттеушілер мен практиктер жалпы білім беретін мекемелерде инклюзивті мәдениетті қалыптастыруды шешімі инклюзияны жүзеге асыруда жатқан міндет ретінде қарастырады. Ол әртүрлілікке деген құрметтеу құндылықтарын, айырмашылықтарға төзімділікті, ынтымақтастықты, әрқайсысының жетістігін насихаттауды және олардың негізінде инклюзивті қоғамдастықтар құруды қамтиды.

Инклюзивті ұйымдастыру мәдениеті мәселесі мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер үшін де, сервистер, бизнес – құрылымдар және коммерциялық емес ұйымдар үшін де өзекті болып саналады. Балабақшалар, мектептер және ЖОО – ры ҚР заңдарына сәйкес білім беру ұйымдары болып есептеледі. Сондықтан ұжымдық инклюзивті мәдениетті қалыптастыру туралы ұсыныстарды 3 деңгейде жүзеге асыруға болады: алдыңғы деңгейге ұйымның барлық клиенттері мен қызметкерлеріне қол жетімді ақпараттық материалдар кіреді: плакаттар, буклеттер, брошюралар мен вебсайттар. 2-і ұстанатын құндылықтар негізінде тікелей басшылық тарапынан, басқару стилі мен күтілетін нәтиже арқылы инклюзивті ұйымдастыру мәдениетін қалыптастыру. 3–і ұжымдарға, топтарға инклюзия ұғымын түсінуге бағытталған кеңес берулер мен тренингтер өткізу.

Қазіргі мектеп мәдени делдал қызметін атқарып отыр. Бала өзіндік даму барысында тек мәдениет тәжірибені игеріп қана қоймайды, сонымен қатар өзін мәдениетті ұстауды, ойлаудың мәдиентті жолдарының формасы мен тәсілдерін игереді [6]. Инклюзивті мектептің негізгі идеясы жаңа білім беру мәдениетін құру болып табылады. Сондықтан жалпы білім беретін мектеп оқушыларының инклюзивті мәдениетін дамыту маңызды болып есептеледі.

Мектепке дейінгі жас кезеңі толеранттылық негізінде дамитын көптеген жеке тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына қолайлы болып саналады, себебі осы шақта балалар интенсивті дамиды; әлеуметтік қарым-қатынастар сферасына, мәдени нормалар мен мәнез-құлық ережелерін меңгеруге, қызығушылық танытады; өзін-өзі реттеу мен еркіндік қалыптасады; жанашырлық пен көмек көрсетуге даяр тұрушылық, өзінің негативті әркеттерін тежей білу дағдысы байқала бастайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың мүгедек адамдарға деген толерантты көзқарастарын қалыптастыру мақсатында жүргізілетін тренингтік бағдарламалар мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы әңгімелесуді, ертегі терапиясының элементтерін, көркем әдебиет шығармаларын талдауды, өзара көмек пен жанашырлық көрсетуге даярлық және өзіне сенімділігін, өзін реттеушілік пен өзін басқаруын қалыптастыру бағытындағы жаттығуларды, т.б. қамтиды.

Кіші мектеп жасы когнитивті және жеке тұлғалық мінезі сапаларының (өзін адекватты бағалау, өзіне және айналасындағыларға сыни көзқараспен қарау, адамгершілік қасиеттерінің дамуы, құрдастарымен қарым-қатынас дағдыларының қалыптасуы,т.б.) қалыптасуы үшін сензитивті кезең болып есептеледі. Кіші мектеп жасындағы балалармен жұмыстануда әдеби шығармаларды талдау, мультипликациялық фильмдерді талдау, арт және ертегі терапия элементерін қолдана отырып тренингтер өткізу белсенді қолданылады.

Жасөспірім балалармен жұмыста дикуссия, рөлдік ойындар, квесттер, кейстерді талдау, тренингтер, видео-, кино-, деректі фильмдерді қарап, талдау секілді тәсілдерді қолдануға болады [3].

Біздің ойымызша, инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға нормативті – құқықтың базаны толықтыру, мәселелерді анықтау және оны шешудің жодарын табу; мамандар мен ата-аналдарды оқытуды жүйелі жүзеге асыру; ведомствоаралық байланыстарды орнату, соның

ішінде ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды әлеуметтендіру мен олардың өмір сүру сапасын жоғарылатуға бағытталған қоғамдық ұйымдарды тарту; мүмкіндігі шектеулі адамдарға толерантты көзқарасты қалыптасыру; сапалы отандық не шетелдік тәжірибелерді зерделеу және оларды білім беру мекемелері практикасына енгізу және білім беру процесінің әдістері мен технологияларын қолдану және оларды жаңғырту кіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 6 – 7 б.

2. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2010 ж.

3. Старовойт Н. В. Инклюзивная культура образовательной организации: подходы кпониманию и формированию // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 8. – С. 31–35. – URL: http://e-koncept.ru/2016/56117.htm.

4. Полещук Е.Н. Формирование инклюзивной культуры в общеобразовательной школе//https://nsportal.ru/vuz/psikhologicheskie-nauki/library/2016/05/11.

5. Алехин С.В. Принципы инклюзии в контексте развития современного образования//Науно-методический журнал «Психологическая наука и образование» №1. – 2014. – С.5 – 12.

6. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М.: Изд-во Смысл, 2003. – 110 с.

ӘОЖ 17.022.1

Даргужиева А.А.
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.
Жангөзиева М.С.
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

ОТБАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне зор мән берген. Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгіні де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Рухани құндылықтар тек сөзбен ғана берілмейді. Ол адамның өз болмысы, өз тұлғасы арқылы қалыптасады, дамиды, өзгелерге беріледі. Тәрбие дегеніміз отыра қалып насихат айту емес. Ол – ең алдымен өз болмысыңмен үлгі болу. Осыны жақсы түсінгендіктен қазақ әйелі рухани құндылықтарды өз бойына жинақтау арқылы өзгелерге үлгі болды. «Жақсы әйел – үйдің тіреуі» деген нақылды Қорқыт ата бекер айтқан жоқ. «Тізесін бүгіп отырған инабатты әйел көрікті», «Қыз анадан көрмейінше өнеге алмас» деген ғибратты да Қорқыт ата қалдырған. Қазақ әйелі өзгені құрметтеді, сол арқылы өзі де құрметке ие болды. Бұл жерде атамыз қазақтың әйел затына құқық атаулыдан тыйым салып көрмеген ғибраты да зор роль атқарды. Соның нәтижесінде қазақ әйелінің болмысына жан-жақтылық тән болды. Бейбіт күнде от басы, ошақ қасында жүріп-ақ қоғамның ақылшысы, ұйытқысы, тәрбиешісі бола білді. Білігі асса – билікке, өнері асса, бәйгеге ерлермен бірдей араласты. Ел басына күн туған екіталай кезеңде «ел қорғау менің ісім емес» деп отбасында қалып қойған жоқ. Отан алдындағы парыз бен жауапкершілікті ер азаматтармен бірдей арқалады. Бірақ күнделікті өмірде елеусіз қала білді. Үнсіз жүріп ұлтты тәрбиеледі, елеусіз жүріп ел басқарды. Отбасындағы негізгі тірек, тәрбиенің бастауы анадан деп әйел туралы жазып кетуді негіз көрдім.

Қай елде болса да жанұяның адамзат ұрпағына ететін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Жанұя тәрбиесінің түрлері мен мүмкіндіктері көп, әсіресе көргенді, ынтымақты, тату тәтті тұратын отбасында шаңырақ шаттығы- негізінен, қоғамдық сананың адамгершілік, кісілік, қайырымдылық, әдептілік, әділеттілік сияқты толып жатқан моральдық ұғымдарға негізделеді. Бала үшін отбасында ең алдымен, әке-шешесінің, ата-әжесінің басқа да ересектердің инабатты, кісілік үлгілерінің маңызы зор. Бала өз заманына тән кісілікті, әдептілікті, қайырымдылықты, тіпті бұзақылықты да алғаш рет осы өзінің отбасында меңгереді. Үй ішінде күнделікті айтылатын ұлағатты өсиеттері мен ақылы, ал

жастардың оларға деген сый құрметі, адал көңілі, әдепті қылықтары, ерке-назы, жалпы алғанда, дұрыс қалыптасқан моральдық-психологиялық қарым-қатынастар отбасы өмірінің ерекше рухани бір байлығы. Осындай отбасында өскен балалар бақытты, олардың өмірден алатыны да, өмірге беретіні де көп болады.

Тәрбие – қоғамдық үздіксіз үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның қарым – қатынасындағы басты жүйе. Оның негізі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыру. Оқушы бойында саналы тәрбие мен байыпты мінез қалыптастыру, рухани дүниесі бай интеллекті тұлға тәрбиелеу ұстаздың мақсатқа бағытталған іс – әрекетіне байланысты.

Тәрбиенің негізгі міндеті— қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың бойында борыш, намыс, ар- ождан, қадір- қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыру – **заман талабы**. Әр халықтың өзіне тән дәстүрі, оның білім беру мәдениеті осы оқу — тәрбие үрдісіне тікелей байланысты. Қазақ халқы – өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт – дәстүрін, әдеп – ғұрпын, рухани – адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу – **тәрбие үрдісінде қолданылатын әдіс- тәсілдер**, деректер ұлттық психология ерекшіліктерін ескеру қажет.

Халқымыздың ғасырлар бойы ұлан- байтақ жерін сыртқы жаулардан қорғауда ерлігімен көріне білген батырлары мен қолбасшыларын, халқының сөзін сөйлеп, ел қамын ойлаған шешен — даналарын мақтан еткен. Отанымызды қорғау, шежіреге толы тарихын білу, тілі мен дәстүрін сақтау, зерттеу – азаматтық борышымыз. Сондықтан бар халық мақсаты өзінің өскелең ұрпағына тәрбие беруде күнделікті тұрмыс кәсібін ұлттық арнада ұйымдастырып, рухани- адамгершілік тағылымымен ұштастыра білген.

«Адамгершілік» — адам бойындағы «ізгілік», «сыйластық», «инабаттылық», «кісілік» сөздерімен мәндес. Халықтық педагогикада адамның жағымды мінез – құлықтарын осы ұғымдардан таратады. Мінез – құлық пен қарым- қатынастағы келесі әрекеттерді атап өтуге болады: адамды сыйлау, ар- ұятын сақтау, мейірімділік таныту, кішіпейілділік көрсету т.б.

Рухани – адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез- құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан- жақты дамып жетілуіне бағытталған.

Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді.

—**Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу – тәрбие** үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.

— **Ұлттық дәстүрлер** арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.

— **Салт – дәстүрлер** негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани – адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу. Бұл мәселеге байланысты елбасымыз **Н.Ә. Назарбаев**: «… жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», — деп атап көрсетті.

Міне, осы тұста қоғамға жан- жақты білімді, жоғарғы мәдениетті, еңбекқор, іскер ізденімпаз, қабілетті, шығармашыл тұлға қажет. Ондай тұлғаны орта және жоғарғы оқу орындары тәрбиелейді.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарттары – оқушылардың белсенді өміршіл, саналық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормаларынан ауытқуларына жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басының қалыптастырушы дамудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы Отанға, еңбекке қатынасын айқындайды. Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан- жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Себебі бұл оның адамгершілік сезімін, сенімін белгілі бір мақсатқа жетелеу іс –әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді.Сонда ғана ұстаз шәкірттерінің ізгілігін, адалдығын, кішіпейілділігін қалыптастырады.

Ізгілік отбасынан бастау алады, оған ата- ананың берген тәрбиесі, тұрмысы ықпал етеді. Халықтық мақал «**Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің**» адамгершілік тәрбиенің негізгі отбасында қалыптасатынын көрсетуде. Халық, жанұя құндылықтарын ауызша халық шығармашылығы арқылы тапсырады, мысалы, аңыз ертегілерді, ырымдарды, салттарды

қолданады, дін арқылы, әртүрлі қоғамдық ұйымдар арқылы т.б. Халық ауыз әдебиеті адамгершілік –эстетикалық тәрбие беруде баланың ой- өрісін дамытады. Олардың тіл байлығы және шексіз шешендік мүмкіндіктерін арттырады.

Оқушыларды кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халқының тәлімдік тиімді құралының бірі – ертегі . Оларда халықтың тыныс- тіршілігі, әдет- ғұрыптарының дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, баланың өзара қарым- қатынастары – өз халқына, Отанға, туған жеріне, оның табиғатына сүйіспеншілігін бейнелеген. Мәселен:

«Жақсы сөз – жарым ырыс»,— деп адам қасиетін білдірсе,

Ұлық болсаң – кішік бол, — деп кішіпейілділікті,

Әдепті бала- арлы бала,

Әдепсіз бала – сорлы бала,- деп көрегендікті,

Шешеннің тілі ортақ,

Шебердің қолы ортақ, — деп адам бойындағы өнер жалпы халықтың қазынасы екендігін уағыздайды. Мақал бойындағы тапқырлық пен өткірлік, дәлдік қазақтың тәлім- тәрбиелік құралы ғана емес – дауға да тоқтам салған қаруы болған. Балалардың мінез-құлқы, бойындағы шынайы қасиеттері туралы берілген жаңылтпаштар, жұмбақтар да баланың зерделеуге қабілетін жетілдіреді.

Оқушыларды рухани адамгершілік тәрбиелеу мәселесі әрбір ата- ананың, қоғамның және жалпы мемлекеттің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі, себебі қоғамда жас ұрпаққа рухани тәрбие беру мәселесіне қатысты күрделі проблемалар қалыптасты. Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа арналған нақты өмірлік бағдарламаның болмауы, қоғамдағы рухани-адамгершілік ахуалдың төмендеуі, балалармен бос уақыттағы мәдени жұмыстарының әлсіздігі,балалардың физикалық дайындығының нашарлауы және тағы басқа мәселелер өзекті болып отыр. Білім беру жүйесі тұлғаның рухани дамуына жоғары деңгейде кепіл бола алмайды, өйткені тәрбие – бұл күнделікті өмірдегі адамның әрбір адамға деген құрметі мен сыйластығы негізіндегі басқа адамдарға деген қарым – қатынасын анықтайтын тұлғаның сапасы.

К.Д. Ушинский: «**Тәрбиелеудің басты міндетін адамгершілік әсер етуден құрайды**»,- десе, дана Абай: «Ақпейіл және ықыласты жүрек адамды жетелеуі тиісті,сонда ғана оның еңбегі және табыстылығы ерекше мәнге ие болады. Адам болып дүниеге келу жеңіл, бірақ адам болу қиын»,- деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады.

Адамның адамгершілік негіздері болмаса, ол еркінен, өмірлік бағдарынан тез айырылып, тағдырдың ойыншығына немесе қылмыс әлемінің құрбанына айналады. Ондаған, мыңдаған нашақорлар, маскүнемдер, қаңғыбастар, қамқорсыз балалар, жетімдер – **бұл күннің шындығы**. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер кері жолға бейім болады.

Әрине әр адам өз өмірінің қожасы және ол өз өмір жолын өзі таңдайды, басқа адамдармен қарым – қатынас жасайды, қателіктерге бой алдырады. Сені қоршап тұрған жағдайды өзгертуге болады, бірақ өзіңнің ішкі әлеміңнен қашып құтыла алмайсың. Сонымен қатар, егер адамның жаны немесе рухы сырқат болса, онда ешқашан сау бола алмайды. Сондықтан адамның қандай рухани құндылықтарды игергені өте маңызды. Адамгершілік тәрбиесі оқу тәрбие үрдісінің барлық саласында, оқыту, білім беру және еңбекке баулу үрдісінде жүзеге асады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік қасиеттерді жатқа білу жеткіліксіз, оның терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру, мінез- құлыққа бекіту керек.

Тәрбие ісі нақты кезеңнің ерекшеліктерін сақтай отырып, болашаққа бағдар береді, жеке тұлғаны соған дайындайды. Жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтары өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста балалардың бастапқы адамгершілік қасиеттері мен ұғымдары, мінез –құлықтың қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез –құлықтары болашақта ересек қоғамда және құрбы-құрдастарымен қарым – қатынасқа түскенде көріне бастайды. Бастауыш сыныпта адамгершілік көзқарастардың, мінез –құлықтардың, сезім мен сананың жаңа түрлері одан әрі дамытылады.

Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу – ең алдымен оқыту үрдісінде қалыптасады. Әр түрлі пәндерді оқыту кезінде бастауыш сынып оқушыларының достық, жолдастық, өмірге деген белсенді көзқарас, Отан туралы ұғымдары қалыптасып дамиды. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ата- аналарды қадірлеу, еңбектенуге үйренеді. Бұл жаста балалар сапалы тәртіпке, жолдастық өзара көмекке, адамның көңіл- күйін түсіне білуге дағдыланады. Олар мектептегі оқу әрекетіне деген өзіндік қатынастарын, отбасында, қоғамда

өзін – өзін ұстауды біледі. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларында дербес және қоғамдық мінез – құлық, адамгершілік қарым- қатынасы дамиды.

Жас жеткіншектер 5-9 сынып оқушылары өздерін ересектер қатарына қосып, өз бетімен тіршілік етемін деп қиял жетегімен кетеді. Бұл жастағы оқушылардың дамуына ұйымшылдық, тәртіптілік, қамқорлық, құнттылық, т.б. қасиеттер әсер етеді.

Жасөспірімдердің немесе 10-11 сынып оқушыларының ғылымға, мамандықтаңдауға ынталары артады. Бұлар әділеттілік, борыш, ар- намыс, ұят, адалдық сынды моральдық ерекшеліктерге көңіл бөледі. Олар үлкендермен қарым – қатынас жасауда өзін- өзін тәрбиелеуді қажет етеді. Сондықтан бұл жаста көбірек ерік берген жөн. Өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін іске асыруда қоршаған ортаның ықпалы орасан зор. Оқушылардың бойына тәрбие негіздерін дарыту мектепте оқытылатын барлық пәндерге бірдей жүктеледі. Әсіресе, оқушының адамгершілікке тәрбиелейтін пәннің бірі- тарих. Ол шәкірттердің бойында отансүйгіштікті, ұлтжандылықты,сенімділікті қалыптастырады. Қазақ халқындағы хандар мен билердің, шешендер мен жыраулардың орны бөлек. Тарих пәні оқушылардың рухани дүниесін байытып, өзінің қоғамдағы орнын табуға, ұрпақтың батырлығына көмек көрсетуді тудырады, олардың ізгі талап – тілектерін оятады. Сонымен бірге, қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін, оқушылардың моральдық қасиеттерін қалыптастырады.

Елімізде рухани адамгершілік тәрбиені жетілдіру мемлекеттік міндет деңгейінде көтеріліп отыр. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні - бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді, - деп президентімізде рухани құндылықты дәстүрден, отбасы тәрбиесінен бастауыналуды айтып отыр.

Жасөсіпірімдерді адамгершілікке тәрбиелеуде өмірде кездесетін түрлі жағымсыз жағдаяттардан сақтану мәселесі де ескерілуі қажет. Көбіне көптеген отбасыларда күнделікті тірлік қамымен балалардың рухани қажеттіліктері ескерілмей, екінші орынға жылжиды. Бала дұрыс, адамгершілік іс- әрекеттерді, салауатты өмір салтын, жақсы мен жаманды айыра білу, өзін — өзі жетілдіруге деген ынтасын қалыптастыруы керек, қажет кезде өз бетімен шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасауы үшін кішкентайынан өз дегенін іске асыруға баулу керек. Ал бұл дағдылардың барлығы жанұяда қалыптасады.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ата- ананы оқу –тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс орнату мәселесі негізгі мәселе болуы тиіс.

В.А. Сухомлинский: «Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды» дей отырып, «Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады»,- деген болатын.

Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде мұғалім оқушыны тұлға ретінде танып біліп қана қоймай, оның дамуында кешегіні, бүгінгіні, болашақты көре білуі қажет.

Түйіндей келе, отбасындағы әке тәрбиесі, алдынан қарсы шықпау, әже ертегісі, жеті атаны білу, үлкендерді құрмет, кішіге ізет көрсете білу – философиялық маңызы бар құндылықтарымызды дәріптеу. Отбасында баламызды күніне бір рет болса да құшақтап өз тілімзде еркелетуден бастағанымыз жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. С. Ғ.Тәжібаева Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы, Білім, 2008

2. О.К. Трубецкая Балалардың рухани- адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №12(48) 2012

3. Л. Омарова Адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелері // Бастауыш мектеп № 2 2004

4. http: //www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293

ӘОЖ 159.9:37

Джонисова Г.Қ.
Ермекова А.Д.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,Орал қ.

СТУДЕНТ ЖАСТАР АРАСЫНДА ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ

Адамзат тарихында «отбасы» ұғымы өзгерді. Ғылыми әдебиетте отбасының көптеген анықтамалары бар (Харчев А.Г., Голод С.И., Ковалев С.В., Гозман Л.Я және т.б.). Отбасы қоғамның бірлігі, бір-бірімен араласқан туыстарының шағын тобы, әлеуметтік институт ретінде анықталады. В.Дальдың «Ұлы орыс тілінің кәсіби түсіндірме сөздігінде» отбасы «бірге тұратын жақын туыстарының жиынтығы» деп анықталады. В.Н. Дружинин мәдени контекстерге байланысты (пұтқа табынушы отбасы, католиктік отбасы, кеңес отбасы және т.б.) отбасылық қатынастарды әртүрлі түсінуді қарастырады.«Отбасы» түсінігін күнделікті және ғылыми тұрғыда түсінудің айырмашылығын атап өту қажет (мысалы«неке» және «отбасы» түсініктерін қарапайым санада бірге қаралса, ғылымда оларды әдетте бөліп қарастырады.). Психологиялық әдебиет отбасылық проблемалар саласында қарапайым және ғылыми білімдер арасындағы байланысты зерттеудің маңыздылығына баса назар аударады (Маценова Е.Б.) [1].

Жастарды отбасылық өмірге дайындау мәселесін шешу әртүрлі жастағы, жыныстық және мәдени топтардағы жастардың отбасылық қабылдау ерекшеліктерін зерттеуді талап етеді. Әлеуметтік психологияда әлеуметтануда әртүрлі жеке психотиптері бар оқушылардағы отбасы туралы идеяларды ашатын (Дрожжина Н.Б.); егде жастағы студенттер мен студенттерді әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне байланысты отбасылық өмірдің болашағы туралы таныстыру (Е.Б. Маценова);отбасылық экономика туралы студенттерді таныстыру; студенттер мен басқа да топтардың арасында «отбасы» ұғымына енетін мағыналық жүйенің құрылымын сипаттайтын (Минеев) шығармалары бар. Отбасы туралы түсінік адамның дүниетанымының бір бөлігі болып табылады, олар отбасылық салада нақты қарым-қатынастарын анықтайды[2].

Отбасы туралы идеяларды анықтаудың негізгі жолы - еркін ассоциаций әдісі. Сыналушыларға «отбасы» деген сөзбен бес ассоциацияны атау ұсынылды. Өңдеу әр түрлі респонденттер арасында тұжырымдардың пайда болу жиілігін анықтауға қатысты болды. Алынған барлық ассоциацияларды талдау ассоциация мағынасына ұқсас біріктірілген бірнеше негізгі санаттарды бөліп алуға мүмкіндік берді:

1. байланыс, қарым-қатынас (махаббат, достық, өзара түсіністік, қамқорлық, өзара қолдау, сенім, құрмет және т.б.);
2. отбасылық рөлдер (балалар, анасы, әкесі, ата-анасы, күйеуі, әйелі, әжесі, атасы және т.б.);
3. жеке тәжірибе, эмоциялар (жауап, бақыт, қуаныш, жылулық, мейірімділік, нәзіктік және т.б.);
4. тұрмыстық-шаруашылық, материалдық(үй, тұрмыс, үй шаруасы, ақша, тамақ, ас үй т.б.)
5. символдар, синонимдер(неке, ұя, үйшік, қамал, ошақ т.б.)
6. негативті ассоциация (дау-дамай, проблема, жанжал, сатқындық, қолайсыздық, ажырасу және т.б.).

Бұл санаттар әртүрлі ғалымдар қарастырған белгілі бір дәрежеде, отбасының психологиялық сипаттамаларына сәйкес келеді: интеллектуалды байланыс және рөл құрылымы (Варга А.Я.), құндылықтардың бірлігі мен ерлі-зайыптылардың арасында өзара түсіністік тілінің болуы (Петров В.А.), балаларды тәрбиелеудегі ерлі-зайыптылардың сипаты мен дәрежесі (А.С. Кошелева) және т.б. Осы санаттар бойынша сыналушылардың барлық іріктеу нәтижесі суретте көрсетілген.



Сурет 1 - Отбасы ұғымына еркін ассоциация әдістемесінің нәтижелері

Студенттердің отбасы туралы көзқарастарындағы басымдық - қатынастар, қарым-қатынас аумағы. Екінші орында - отбасы мүшелерінің рөлі. Келесі лауазымға отбасылық өмірдің материалдық, экономикалық және тұрмыстық компоненттерін көрсететін бірлестіктер ие. Одан әрі отбасылық өмірге қатысты уайымдау аумағы. Студенттердің отбасы туралы әлеуметтік ұсыныстары бойынша бөлінген санаттардың мұндай көрінісі, біздің пікірімізше, алғашқы үш санат отбасылық адамның мінез-құлқында сырттай көрінеді. Алайда, отбасылардың тәжірибесі, эмоциялық жағдайлары әрдайым сыртқы байқау үшін қол жетімді емес, сондықтан жастардың отбасы туралы тұжырымдамасында басымдық болмайды[3].

Студенттер отбасылық қарым-қатынастың ішкі компонентін - тәжірибе, эмоция, сезім түсіну арқылы белгілі бір қиындықтарға ие деп есептей аламыз.

Олардың ішінде:

- сүйіспеншілік;
- балалар, бала;
- үй;
- анасы, әкесі, ата-анасы;
- өзара түсіністік;
- жайлылық;
-жауапкершілік;
- бақыт;
- күйеуі, әйелі;
- жылу.

Ассоциациядағы жиі кездесетін жанұядағы байланыс, қарым-қатынас қыздарда жоғары. Сонымен қатар, осы санатқа енгізілген ұғымдардың ауқымы ұлдарға қарағанда қыз балаларда кеңірек. Қыз балалар ұлдардың жауаптарында болмайтын ұғымдарды пайдаланады. Мысалы, қолдау, әңгіме, сұхбат, жақындық, бейімделу, бір-біріне, теңдік, ынтымақтастық және т.б.

Отбасылардың қарым-қатынасы, өзара әрекеттесуі ұлдармен салыстырғанда, қыздарда үлкен көлемде маңызы білінеді. «Отбасылық рөлдер» санатындағы ассоциацияда отбасы туарыл өз пікірлерін білдіру қыздарға қарағанда ұлдарда жиі қолданылды (30% ер балалар және 25% қыздар). Ұлдардың бойынан біз осы санатқа қатысты көптеген терминдерді таба аламыз. Мысалы, ұлдар қыздар ассоциациясына кірмейтін түсініктерді пайдаланады: бауыр, қарындас, қайын ата, қайын енесі, ене, мен және т.б. Қарастырылған категориялар отбасның ішкі ерекшеліктерін пайда болуын көрсетеді.

Отбасылық рөлдерді жастардың көзқарастарына бөлудің үлкен көрінісі отбасының ішкі, психологиялық сипаттамалары туралы нашар хабардар болуымен және сырттай ғана көрсетілген бағдармен түсіндіріледі. Бір қызығы "мама", "папа", "ата-ана" ассоцияларын 50% ұлдар және тек қана қыздардың 25% ғана айтады. Бұл ұлдардың отбасы туралы көзқарастары ата-анасының отбасына қазіргі уақытта өмір сүретін және өз отбасыларына көбірек көңіл бөлетіндігімен түсіндіріледі. (тек ұлдарда ғана «ағасы», «әпкесі» ассоциялары қолданылады). Отбасы өмірінің материалдық, тұрмыстық салада шаруа атты ассоциялары қыздарда бай. Онда

ұлдар да жоқ ұғымдар бар көрінеді. Мысалы, пеш, ас үй, кастрюль, теледидар, супермаркет, отбасылық бюджет, қоқыс шығару және т.б. Бұл категориядағы ассоциялардың қолданылуы ұлдарға қарағанда қыздарда жоғары (сәйкесінше 19% және 16%). «Жеке алаңдаушылық, эмоция» санатындағы ассоциацияның білдіруінде ұлдар мен қыздар арасында ешқандай айырмашылық жоқ екендігін айта кету керек (кездесетін жиілікте осы және басқалар арасында төртінші орында).

Отбасылық өмірдің осындай маңызды бөлігін ата-ана ретінде қалай көретіні туралы сұраққа назар аудармасақ, студенттердің отбасы туралы идеясы толық болмайды. Ата-ана болу туралы ұғым - бұл адамның тәжірибесінен (ең алдымен ата-анасының отбасында) оның қиялы арқылы туындайтын осы феноменнің графикалық бейнесі (Овчарова Р.В.). Бұл жалпыланған және сызба бейнесі. Психологиялық әдебиетте ерлер мен әйелдердің мінсіз ата-аналарының идеялары бойынша қалалық және ауылдық тұрғындарға,түрлі жастағы жастарға,түрлі мамандықтар өкілдеріне зерттеулердің нәтижелері ұсынылған[4].

Зерттеу әдісі: «Идеалды ата-ананың көрінісі» атты семантикалық дифференциясы әдісі(Овчарова Р.В., Дегтярева Ю.А.).

Сандық өңдеу үш аспектіден тұрады: когнитивтік, эмоционалды және мінез-құлықты. Нәтижесінде біз 3 көрсеткішті аламыз: идеалды ата-ана түсінігінің когнитивті көрсеткіші (ол не ойлайды), идеалды ата-ана түсінігінің эмоциональды көрсеткіші (ол не сезәнеді), идеалды ата-ана түсінігінің мінез-құлық көрсеткіші (ол не істейді). Қатысушылар әрқайсысынан 54-тен +54-ке дейін балл жинай алады.

Қатысушылардың көрсеткен көрсеткіштерінің орташа мәндері: когнитивтік көрсеткіш - 13,7; эмоциялық көрсеткіш - 15,3; мінез-құлық көрсеткіші - 15.1.

Студенттердің жауаптарында барлық үш компонент көрінеді, яғни олар идеалды ата-ананың бейнесін білу, сезім және ойлау ретінде бейнелейді. Эмоционалды және мінез-құлық компоненттерінің когнитивтік ерекшеліктерімен салыстырғанда аздаған басымдық ата-ананың мінсіз имидж идеясының сезімдері мен әрекеттері тұрғысынан алғанда, ата-ананың ойлаған және білетін нәрселермен салыстырғанда, студенттердің позитивті әрі шынайы екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Студенттердің когнитивті компонентінің даму деңгейі жеткілікті дамымаған деген тұжырым жасауға болады. Қыздар мен ер балалардың идеалды ата-ана жөніндегі түсінігінің көрсеткіші 2- суретте көрсетілген.



Сурет 2 Қыздар мен ұлдардағы идеалды ата-аналардың көрсеткіштерінің мәндері (%)

Эмоциялық және мінез-құлық көрсеткіші бойынша айырмашылықтар анықталды: қыздарда эмоционалдылық көрсеткіш байқалады, ұлдарда мінез-құлық көрсеткіші. Бұл дегеніміз идеалды ата-ананың бейнесі ұлдар үшін -әрекеттер тұрғысынан болса қыздар үшін ол сезім тұрғысынан белсенді. Осыған байланысты, тиісті бағыт бойынша ерлер мен әйелдердің идеалды ата-аналық бейнесін түзету керек.

Семантикалық дифференциалды әдіс арқылы келесі қорытындылар алынды:

1. Идеалды ата-аналардың студенттер арасында қабылдаудың когнитивтік көрсеткішінің даму деңгейі эмоционалдық және мінез-құлықтық көрсеткішкепен салыстырғанда төмен. Осыған байланысты идеалды ата-ананың түсінігін өзгерту үшін арнайы жұмыс жүргізу керек: когнитивті компоненттің даму деңгейін арттыру, идеалды ата-ананың идеясын түсіну, оның нақты және мінсіз имиджін білу, ата-ана функцияларының саласын зерделеу.

2. Ерлер мен әйелдердің идеалды ата-анасының түсініктерінде айырмашылықтар табылды. Гендерлік ерекшеліктерді ескере отырып, идеалды ата-ана түсінігін түзету қажет: ерлерде ата-ананың сезімін түсінуді жақсарту (эмоциялық компонент); қыздарға - ол қалай әрекет етеді (мінез-құлық компоненті).

3. Отбасында білім алу және тәрбиелеу барысында студенттердің болашақ кәсіби қызметінің ерекшеліктерін ескеру ұсынылады. Университеттің түрлі факультеттерінің студенттерімен жұмыс істеу үшін нақты әдістерді таңдау ұсынылады [5].

Әдебиеттер тізімі:

1. Е.Л. Бокуть, Е.В. Губина. Исследование семейных ценностей у студентов педагогического университета. / «Вестник практической психологии образования» №2 2010 г.
2. Карабанова О.А. Психология семейных отношений. - Самара, 2001.
3. Лидерс А.Г. Психологическое обследование семьи. - М., 2008.
4. Овчарова Р.В. Родительство как психологический феномен. — М., 2006.
5. Рогов И. Психология отношений мужчины и женщины. - М., 2003.

ӘОЖ 37.018.1

Жумагалиева М.Ю., Идеятова О.Б.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСТАРДЫҢ ОТБАСЫ ҚҰРУЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елімізде білім берудің бүгінгі жайы қоғамдық өмірдің барлық салаларына түбегейлі өзгертуде маңызды мәнге және оның дамуы жалпы мемлекеттік саясаттың басты буыны ретінде қарастырып отыр. Өйткені экономикалық қоғамдық жаңарудың қазіргі аяқ алысында білім беру жүйесінің алдында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруге негізгі тірек болатын білімді азаматтар тәрбиелеп шығару міндеті тұр. Бұл үшін білім беру саласы халықаралық деңгейдегі сатыға көтерілуі тиіс. Міне, осы талап тұрғысынан қарасақ бала тәрбиесі отбасынан басталады. Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алмайды. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» - деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындап тұр емес пе?

Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар.

Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі- ұрпақ әкелу, екіншісі-дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру - әрбір ата-ананың қасиетті борышы. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ақыл-ойы, адамгершілігі, басқа адамдармен қарым-қатынасы, мәдениеттілікті тәрбиелеуде отбасы алғашқы қадам. Сондықтан отбасы өте қажетті, басқа ешнәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ.

Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы [1].

Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, берекелі-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік,

шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшесінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді. Отбасы тәрбиесінде балаларды білімді, ізгілікті, жан-жақты жетілген, өз өмірінің құндылығын жете түсінетін етіп тәрбиелеуді қажет етеді. Ата-ана баланың мүмкіндіктерін барынша дамытып, оны өмірге қолдана білуге, еңбек етуге, еңбектің қандай түрі болса да атқаруға психологиялық даяр болуға, әрдайым өзінің білімін жетілдіріп отыруға тәрбиелеу қажет. Жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың балаға деген мейірімділігі мен махаббаты қажет. Бала отбасында жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтанда халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп текке айтпаған.

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта.

Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді [2].

Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері оның халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман тілектеріне сүйеніп отырған.

Әрбір отбасының өзіне ғана тән ерекшеліктері бар: олардың ішінде жас ерекшелігі және туысқандық қатынастар бойынша құрамының әртүрлі болуы, отбасы өмірінің стилі, материалдық пен рухани құндылықтарды пайдалану мүмкіндігі, отбасының ересек мүшелерінің әлеуметтік кемелдігі т.б. Бұның барлығы баланың күнделікті өмірін ұйымдастыру және оған тәрбиелік ықпал жолдарын анықтайды. Жеке тұлғаның қалыптасуы отбасы өмірінің тұрмыс тіршілігін ұйымдастыру көңіл-күй адамгершілік тынысы қалыптасқан отбасылық дәстүрлері сияқты барлық саламен тығыз байланысты. Міне, сондықтанда баланы тәрбиелеу , оның өмірін ұйымдастыру, ата-ананың өзін-өзі тәрбиелеу, отбасы өмірін дұрыс ұйымдастыра білу, жылы да бейбіт микроклиматты қамтамасыз ететін ізгілікке құрылған үй ішілік қарым-қатынасты орнықтырудан басталады. Ал отбасылық микроклиматтың дұрыс болуы көбінесе педагогикалық ықпалдың тиімділігін арттыруға септігін тигізеді, яғни өзара құрмет, достық, сенім атмосферасында өскен бала жетекке оңай жүріп, тәрбиелік әсерге көнгіш келеді.

Сонымен, отбасының тәрбиелеу ықпалы деңгейін былайша анықтауға болады:

1. Отбасының әлеуметтік құндылығы.

Бұл отбасының беріктігімен, оның мүшелерінің адами, рухани жан сауығымен, ортақ іске қызығушылықтың болуымен анықталады.

2. Балаға оны тәрбиелеуші ересек адамдардың тарапынан қойылатын бірлігі.

Отбасының барлық ересек мүшелері бала үшін тәрбиеші, олардың тарапынан болатын талаптың бірлігі өте маңызды.

3. Отбасылық өзара қарым-қатынастың дұрыс болуы.

Парасатқа құрылған әке-шеше қатынасы баланың адамгершлік сапаларына жетудегі теңдесі жоқ үлгі өнеге.

4. Отбасылық дәстүрлер.

Отбасының рухани байлығы мен тәрбиелік мүмкіндіктерін онда қалыптасқан дәстүрлерге қарап анықтаймыз.Уақыт сынынан, өмір елегінен өткізілген отбасылық дәстүрлер бала тәрбиесіне аса зор ықпал етеді.

5. Отбасындағы еңбекке қатынас [3].

Бүгінгі таңда жастар отбасын құру және отбасы алдындағы жауапкершілікті терең түсіне бермейді. Оның дәлелі ретінде Қазақстандағы соңғы жылдарда отбасын құрып, ажырасу көрсеткіштерін айтуға болады.



Сурет 1. Қазақстан Республикасындағы отбасын құрғандар саны.

Статистикаға сәйкес отбасын құрағандар саны 2013 жылы – 168417, 2014 жылы – 159328, 2015 жылы – 148769, 2016 жылы – 140840 құрап отыр. Отбасын құрушы адамдар саны жылдан жылға төмендеп жатыр. 2016 жылдың көрсеткішін 2013 жылмен салыстырғанда 83,6 %- ды құрап отыр. Соңғы жылдары отбасын құру көрсеткіштерінің төмендеу себептерін, жастар көбіне әлеуметтік жағдаймен байланыстырады.

Сонымен қатар жас отбасылардың ажырасу көрсеткіштері де соңғы жылдары азайған. Оны келесі 2 – суреттен көруге болады.



Сурет 2. Қазақстан Республикасындағы ажырасқан отбасылар саны.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек ажырасқан отбасылар саны 2013 жылы – 51482, 2014 жылы - 52673, 2015 жылы – 53293, 2016 жылы – 51775 құрап отыр. Осылардың ішінде ажырасудың ең жоғарғы көрсеткіші Павлодар облысы (53%), Қостанай (51%), Солтүстік Қазақстан – (50%), ал ажырасу аз тіркелген аймақ ОҚО екен.

Соңғы жылдары әлемде ажырасу көрсеткіші бойынша бірінші орында Португалия – 67%, кейін АҚШ, Австралия және Канада тұр. Ал ТМД елдері бойынша бірінші орында Ресей, кейін Украина, ал Қазақстан үшінші орында тұр[4].

Сарапшылар ажырасудың басты себебі – ерлі – зайыптылардың бірін – бірі түсінбеушілігі, тұрмыстық зомбылық, әр – түрлі көзқарас, материалдық жағдай, ішімдікке немесе есірткіге салыну екенін айтады.

Ұлыбританияда «мемлекеттің ауыртпалығын тастау» ұранымен әр отбасы әлеуметтік мәселелерді мемлекеттің көмегінсіз отбасылық шеңберде шешуге тырысады. Ал Финляндияда егер анасы үш жасқа дейінгі баламен бірге қалғысы келсе, жұмыс беруші жұмыс орнын сақтауға міндетті. Аналарға балалармен бірге отбасыларға берілетін жеңілдіктер Батыс елдерінде де көп. Олар: нәрестелер мен жас балалардың денсеулығын сақтау, балалардың білім алуын қамтамасыз ету, балаларға арналған отбасылық төлемдер, салық жеңілдіктері, тұрғын үйді сатып алу немесе жалға алу үшін төмен пайыздық несиелер. Біздің еліміздеде жас отбасыларға көптеген көмектер көрсетіледі[5].

Қазіргі таңда көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларға мемлекеттен берілетін үш түрлі жәрдемақы, яғни азаматтардың табысына қарамастан республикалық бюджеттен тағайындалатын арнаулы жәрдемақы, отбасылардың табысына қарай анықталатын және

жергілікті бюджеттен балаларға төленетін жәрдемақылар және әлеуметтік көмек көрсетіледі және жас отбасыларды «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы аясында тұрғын үймен қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, бүкіл әлемдегі секілді, отбасы институты қазіргі таңда біздің елде де дағдарысты кезеңді бастан кешуде. Толық емес отбасылар мен некесіз туылған балалардың саны азаятын емес, өйткені азаматтардың, әсіресе жастардың елеулі бөлігі шет елдер өмір салтына еліктеп, заңды некеге тұрмай өмір сүреді. Бұл үрдістер көп жағдайда зорлық-зомбылықтың, қылмыстың, аурудың өсуі сияқты жағымсыз әлеуметтік проблемалар белең алуына себепші болып отыр. Елбасының Жолдауында оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттігі және олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары сияқты құндылықтарды барлық оқу орындарында сіңірілуге тиістігі міндеттелді. Сондықтан, барша қоғам болып, ең алдымен әр отбасымен осы бағытта жұмысты күшейту қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Н. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жыл 31 қаңтар.
2. Оразбекова К. «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында» Алматы 2000 жыл. 543/б.Б.31-38, 58-70, 90-94, 218-220;С./
3. Ж. Әбдібек. Қазақ отбасы: кеше, бүгін және ертең. Ақиқат журналы, 2014 жыл 6 наурыз. Akikat.kazgazeta.kz.
4. Ж. Сағидуллақызы. В чем причина разводов в Казахстане? 29 сентября 2017, https://informburo.kz.
5. Өтешова Б. «Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту» 2007 жыл./42-43 бет. 118 бет/. Алматы /168 бет./

ӘОЖ 159.924.7

Иксебаева Ж.С., Химеденова З.М.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі уақытта білім берудің өзекті мәселесі–жас ұрпаққа рухани адамгершілік тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның дүниеге келген кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз адамның моральдық қасиетін белгілі бір мақсатқа бағыттап қалыптастыру. Ол халықтың тілімен, әдебиетімен, тарихымен біте қайнасып, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан қастерлі мұра. Жас ұрпақтың бойында адамгершіліктің алау сезімін маздатып, жан – жақты дамыған, мейірбан, қамқор, белсенді, ата – даңқын жалғайтын, қыран құстай самғайтын рухы асқақ азамат тәрбиелеу.

Адамгершілік тәрбиесі – адамның санасы, адамгершілік сезімі, арұяты, адамгершілік еркі, қоғамдық бағалы қасиеттерінің бір – бірімен байланысты тұтас адамгершілікті тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Адам бойындағы бар игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады десек те, отбасы –ұрпақ тәрбиелеудегі негізгі институттардың бірі. Баланың өмірге құштарлығының ояуы, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасып дамуы қоршаған ортасына, қоғамға, ата – анаға, олардың іс – әрекеті мен тәрбиесіне байланысты екені сөзсіз. [1]

Адамгершілік тәрбиесіндегі ең басты буын адамгершіліктің асыл қасиеттерне баулу болып табылады. Осы орайда жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Адам болу үшін адам шартты түрде әдепті болу керек» деген екен.

«Адамгершілік» – адам бойындағы «ізгілік», «сыйластық», «инабаттылық», «кісілік» сөздерімен мәндес. Халықтық педагогикада адамның жағымды мінез – құлықтарын осы ұғымдардан таратады. Мінез – құлық пен қарым- қатынастағы келесі әрекеттерді атап өтуге болады: адамды сыйлау, ар- ұятын сақтау, мейірімділік таныту, кішіпейілділік көрсету т.б.

Рухани – адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез- құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан- жақты дамып жетілуіне бағытталған.

- Рухани-адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді.
- Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу – тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру;
- Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту;
- Салт – дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани – адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу.

Бұл мәселеге байланысты елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «… жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», — деп атап көрсетті.Міне, осы тұста қоғамға жан- жақты білімді, жоғарғы мәдениетті, еңбекқор, іскер ізденімпаз, қабілетті, шығармашыл тұлға қажет. Ондай тұлғаны орта және жоғарғы оқу орындары тәрбиелейді [2].

Ізгілік отбасынан бастау алады, оған ата- ананың берген тәрбиесі, тұрмысы ықпал етеді. Халықтық мақал «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» адамгершілік тәрбиенің негізгі отбасында қалыптасатынын көрсетуде. Халық, жанұя құндылықтарын ауызша халық шығармашылығы арқылы тапсырады, мысалы, аңыз ертегілерді, ырымдарды, салттарды қолданады, дін арқылы, әртүрлі қоғамдық ұйымдар арқылы т.б. Халық ауыз әдебиеті адамгершілік –эстетикалық тәрбие беруде баланың ой-өрісін дамытады. Олардың тіл байлығы және шексіз шешендік мүмкіндіктерін арттырады.

Оқушыларды кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халқының тәлімдік тиімді құралының бірі – ертегі. Оларда халықтың тыныс- тіршілігі, әдет- ғұрыптарының дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, баланың өзара қарым- қатынастары – өз халқына, Отанға, туған жеріне, оның табиғатына сүйіспеншілігін бейнелеген. Сонымен қатар мақал бойындағы тапқырлық пен өткірлік, дәлдік қазақтың тәлім- тәрбиелік құралы ғана емес – дауға да тоқтам салған қаруы болған. Балалардың мінез-құлқы, бойындағы шынайы қасиеттері туралы берілген жаңылтпаштар, жұмбақтар да баланың зерделеуге қабілетін жетілдіреді[3].

Оқушыларды рухани адамгершілік тәрбиелеу мәселесі әрбір ата-ананың, қоғамның және жалпы мемлекеттің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі, себебі қоғамда жас ұрпаққа рухани тәрбие беру мәселесіне қатысты күрделі проблемалар қалыптасты. Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа арналған нақты өмірлік бағдарламаның болмауы, қоғамдағы рухани-адамгершілік ахуалдың төмендеуі, балалармен бос уақыттағы мәдени жұмыстарының әлсіздігі,балалардың физикалық дайындығының нашарлауы және тағы басқа мәселелер өзекті болып отыр. Білім беру жүйесі тұлғаның рухани дамуына жоғары деңгейде кепіл бола алмайды, өйткені тәрбие – бұл күнделікті өмірдегі адамның әрбір адамға деген құрметі мен сыйластығы негізіндегі басқа адамдарға деген қарым – қатынасын анықтайтын тұлғаның сапасы.

Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады. Адамның адамгершілік негіздері болмаса, ол еркінен, өмірлік бағдарынан тез айырылып, тағдырдың ойыншығына немесе

қылмыс әлемінің құрбанына айналады. Ондаған, мыңдаған нашақорлар, маскүнемдер, қаңғыбастар, қамқорсыз балалар, жетімдер – бұл күннің шындығы. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер кері жолға бейім болады.

Әрине әр адам өз өмірінің қожасы және ол өз өмір жолын өзі таңдайды, басқа адамдармен қарым – қатынас жасайды, қателіктерге бой алдырады. Сені қоршап тұрған жағдайды өзгертуге болады, бірақ өзіңнің ішкі әлеміңнен қашып құтыла алмайсың. Сонымен қатар, егер адамның жаны немесе рухы сырқат болса, онда ешқашан сау бола алмайды. Сондықтан адамның қандай рухани құндылықтарды игергені өте маңызды. Адамгершілік тәрбиесі оқу тәрбие үрдісінің барлық саласында, оқыту, білім беру және еңбекке баулу үрдісінде жүзеге асады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік қасиеттерді жатқа білу жеткіліксіз, оның терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру, мінез- құлыққа бекіту керек.Тәрбие ісі нақты кезеңнің ерекшеліктерін сақтай отырып, болашаққа бағдар береді, жеке тұлғаны соған дайындайды. Жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтары өмірге келген күнінен басталады [4].

«Әр отбасы өзінше бақытты» дегенімізбен де, сол бақыттың қабырғасын қалайтын негізгі өлшемдерді, көпбалалы, үлгілі отбасыларды жастарға көбірек насихаттау керек. Алаш аналарының жастар арасында нашақорлық, маскүнемдік дертінің, қыздардың тәнін сатып күнелту жағдайларының, жас қыздардың біреудің отбасын бұзып, жасы ұлғайған азаматтарға тұрмысқа шығуларының жиілеп бара жатқанына да алаңдаушылықтарын білдіре келе, осы жағымсыз әрекеттердің барлығына отбасында ұлттық тәрбие мен тәртіптің, рухани адамгершілік құндылықтардың азаюы себеп болып отыр.

В.А.Сухомлинский: «Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды» дей отырып, «Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады»,- деген болатын.Сондықтан да рухани дүниесі бай, жаңалыққа жаны құмар талғамы мен ой-өрісі кең ұрпақ тәрбилеуде баланың тұлғалық ерекшелігіне мән бере отырып, отбасы тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігін ұмытпағанымыз жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. Тәжібаева С. Ғ. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы, Білім, 2008
2. Трубецкая О.К. Балалардың рухани- адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы, 2012
3. Омарова Л. Адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелері // Бастауыш мектеп 2004
4. Төлеубекова Р. “Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика”. Алматы, 1994 жыл

УДК 37.018.1.02

Искакова А.Ж., Садуллаев Б.Ш.
Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова, г.Уральск

ПРОЧНЫЕ СЕМЕЙНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

Сегодняшнее образование в нашей стране является ключевым элементом радикальных изменений во всех сферах общественной жизни, и его развитие рассматривается как основной элемент государственной политики. С этой точки зрения образование и воспитание детей в семье является важным этапом в жизни человека.

Институт семьи и вопросы семейные воспитания рассматривались в работах А.О. Пинт , Ю.п. Азаров, Ж.Б. Қоянбаев., Джон Дьюи, Карл Роджерс.

Наша семья учит нас, как действовать в мире. Он должен обеспечивать любовь и тепло всем своим членам. Сильная семья дает своим членам поддержку, необходимую им для достижения самых сложных жизненных точек жизни.

У сильных семей есть хорошая коммуникация.

У сильных семей есть открытые линии общения, где все члены семьи чувствуют себя услышанными и уважаемыми. Один из лучших способов укрепить вашу семью - увеличить

ваши навыки слушания и умения других членов семьи. Пока мы не сможем услышать друг друга, мы не можем строить прочные отношения.

Чтобы строить прочные семейные отношения, слушайте друг друга.

▪ Дайте человеку ваше полное внимание, выключите телевизор или подавите то, что вы делаете.

▪ Сосредоточьтесь на том, что человек говорит вам, вместо того, чтобы думать о вашей реакции или реакции на то, что говорится. (Там будет время для этого.)

▪ Послушайте, как чувствует себя другой человек и ретранслируйтесь на то, что, по вашему мнению, они говорят, и как они себя чувствуют.

▪ Остерегайтесь давать советы или реагировать на это, пока не убедитесь, что полностью поняли, что говорил вам человек.

При разговоре используйте сообщения «я», а не сообщения «ты».

▪ «Я» обращения, сложнее, потому что они требуют от нас четкого представления о наших собственных мыслях и чувствах. Тем не менее, они увеличивают шансы на то, что наше послание будет услышано и уменьшит вероятность того, что начнется конфликт.

▪ «Мне не нравятся все эти конфликты, это меня расстраивает, что вы двое не ладите». Вместо того , - «Что случилось с вами обоими , вы сводите меня с ума, когда же вы наконец поладите?»

▪ Научите всех в своей семье разговаривать с «Я» - сообщениями, насколько это возможно. -Я чувствую…. (расстроен), когда я вижу тебя (играющим в видеоигры, прежде чем ты сделал домашнюю работу).

▪ Обращения «ты» должно быть понижена потому что они часто приводят к плохим последствиям и усилению боевых действий. - Обращения «ты» редко решают проблему.

Поощряйте всех членов семьи делиться своими мыслями и чувствами.

Сильные семьи позволяют всем членам семьи, независимо от того, какимы молодыми или маленькими не были, говорить о своих мыслях и чувствах. Это не означает, что члены не уважают друг друга, а скорее уважают чувства и идеи.

Следует ожидать, что каждый должен проявить себя надлежащим образом - например, с обращением «я». Когда люди чувствуют себя услышанными и уважаемыми, они чувствуют себя лучше , более открыты для решения проблем и более склонны к тому, чтобы другие высказывались.

Сильные семьи проводят время вместе.

В сегодняшнем занятом мире семьям может быть трудно найти время, чтобы быть вместе. Все отношения требуют внимания - и это затрагивает семью в целом.

Семейные традиции могут дать определенное время для членов семьи, чтобы собраться вместе и дать друг другу необходимое внимание. Семейные традиции - это просто время, которое откладывается на регулярной основе для семьи, чтобы собраться вместе. Это может означать ужин вместе, празднование праздника, посещение мечети или прогулку вместе. Важно, чтобы семейная традиция былапостоянным и чтобы другим действиям не разрешалось его нарушать.

Семейные традиции помогают определить, кто мы, как семья. Это позволяет членам семьи собраться вместе, поделиться опытом друг с другом и воссоединиться. Знание того, что будет семейное время, помогает нам справиться с теми временами, когда мы расстаемся. Несмотря на то, что родители работают, дети будут уверены, что каждый вечер, каждый уик-энд (когда вам угодно), у них будет некоторое «особое время» с вами.

Каждый ребенок особенный, и каждый ребенок нуждается в специальном времени, когда он может занимать своего родителя для себя.

Предоставление вашему ребенку «особого времени» помогает развивать тесные отношения с вашим ребенком. Если вы можете сделать это, ваш ребенок будетпологаться на это время - и с нетерпением будет ждать этого времени с вами. Позаботьтесь, чтобы это «особое время» не прерывалось другими делами. Например, не отвечайте на телефон в течение этого времени.

Позвольте вашему ребенку решить, как провести это время. Вы можете читать книги, петь песни, гулять, играть в игру - или как понравится вашему ребенку. Чем больше вы сможете провести особое время с вашим ребенком, тем сильнее будут ваш отношения.

Ищите возможности для общения с вашим ребенком.

Хотя откладывание времени с вашим ребенком важно, также обратите внимание на небольшие моменты, которые вы можете использовать для связи с вашим ребенком.Исследователи говорят, что частые и короткие промежутки времени (всего 1-2 минуты) в занятиях предпочитаемые ребенком, являются одной из самых сильных вещей, которые могут сделать родители. Вы можете говорить рассказы, занимаясь домашними делами, рассказывать о своих волнениях, находясь на пути к продуктовому магазину, читать книгу вместе, в конце обеда. Мы часто думаем, что нам нужно ждать нашего «особого времени», но все эти небольшие моменты помогают нам оставаться на связи между более запланированными временами.

Сильные семьи справляются со своим конфликтом справедливо.

У всех семей есть конфликт - это естественная часть человеческих отношений. Сильные семьи могут работать через то, о чем они не согласны, сосредоточившись на проблемах, а не «разорвать друг друга».

Ключи к честной борьбе

Будьте сосредоточены на поведении или проблеме. Используйте сообщения «Я», чтобы выразить свои мысли и чувства по поводу проблемы. Например, если вы и ваш ребенок спорите о времени сна, вы можете сказать: «Я злюсь, когда ты продолжаешь спорить со мной, даже после того, как я сказал тебе свое решение. Я хочу, чтобы ты сейчас лег спать» вместо «ты никогда не слушаешь меня. Ложись спать или я тебя отшлепаю».

Будьте сосредоточены на настоящей проблеме. Не затрагивайте старые конфликты и проблемы. Это только отвлекает от нынешней проблемы. Вы можете обсудить их позже.

Уважайте право друг друга на безопасность. Словесные перепалки никогда не должны становиться жестокими. Когда люди так злятся, что им хочется ударить друг друга или бросить вещи, возьмите паузу. Договоритесь собраться, чтобы снова поговорить, после того как все успокоились.

Используйте свои навыки решения проблем для создания новых решений проблемы и научите своих детей думать о путях разрешения конфликтов. Не стоит бороться с тем, что не работает. Вместо этого сосредоточьтесь на том, что работало в прошлом или что может работать сейчас.

Для проблем со сном вы могли бы сказать: «Я устал всегда спорить с тобой о том что ты не хочешь спать. Давай придумаем новые способы, чтобы ты мог лечь спать без всяких хлопот». Тогда вы и ваш ребенок могли бы подумать о некоторых решениях и решить, какой из них попробовать. Чем больше вы подключаете своего ребенка к проблеме, тем лучше ребенок будет решать проблемы, и он будет лучше следовать этому плану.

Сильные семьи развивают доверие.

Сильные, здоровые семьи признают важность развития доверия. Доверие - это клей, который поддерживает отношения.

Некоторые способы развития доверия к вашей семье:

- Предоставьте ребенку возможность получить ваше доверие. Пусть она делает небольшие хозяйственные дела дома и похвалите ее за то, что она сделала это сама.
- Покажите ребенку, что вам можно доверять. Дети должны знать, что они могут рассчитывать на то, что говорят их родители. Держите обещанное слово.
- Разрешить людям в вашей семье исправлять. Мы все ошибаемся. Научите своего ребенка прощать и быть прощаемым. Зачастую, прошлые обиды причиняют боль только нам самим.
- Научите всех, как сказать: «Прости». Ответственность за наше добро и наше плохое поведение важны и помогают развивать доверие. Люди учатся верить, что их можно любить, даже если они не идеальны.

Таким образом, подводя итоги, семья, как и другие социальные институты, существует, воспроизводя традиции, следуя определенным образцам деятельности, без которых немыслимо само ее развитие. Передаваясь из поколения в поколение, традиции помогают сохранять и воспроизводить ценности, проверенные и утвержденные в культурно-историческом процессе общественных отношений. Традиции непосредственно связаны с духовно-нравственным воспитанием, регулируют и стабилизируют отношения между членами семьи, подготавливают ребенка к жизни в обществе.

Список литературы

1. Пэт Таннер Нельсон, Эд. «Специалист по расширению семьи и развития человеческого потенциала» ptnelson@udel.edu

2. Нельсон, П. Т. (2012) «В семьях! Серия для родителей молодежи школьного возраста». Ньюарк, DE: Совместное продление, Университет штата Делавэр.

3. Д-р Элизабет Парк, окончила факультет индивидуальных и семейных исследований Университета штата Делавэр

4. Баймуканова М.Т. Семейное консультирование как метод социальной работы с семьей. //Материалы Республиканской научно-практической конференции «Актуальные проблемы подготовки кадров социономов для социальной сферы Республики Казахстан». – Караганды, 2005. – С. 26-30.

5. Жаназарова З.Ж. Социальная работа с семьей: Учебное пособие для студентов гуманитарных факультетов высших учебных заведений. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 172 с.

ӘОЖ 159.9

Карабалина А.А., Атабаева А.Р.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.

М.МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адамның этникалық бірегейлігі оның ұлттық-мәдени бірегейленуіне тікелей қатысты болып отырған қазіргі қоғамда, ұлттық мінез, ұлттық психология мәселелері ерекше назарда болып отыр. Себебі бүгінгі Қазақстанның саясатында үш тұғырлы тіл саясаты жүргізіліп отыр, сондай-ақ аймақтарда қос тілділік, бимәденилік анық байқалады. Бұл құбылыстарды зерделеу ұлт тағдыры үшін аса маңызды. Мұны қазақ зиялылары: философтар, әдебиеттанушы, тарихшы, әлеуметтанушы, көсемсөзшілері жазып, күн тәртібіне қойып отыр. Бұл тек интеллектуалдық тәжірибе ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі ұлттық психологияның көркемдік көрініс табуының тәжірибесі.

Ұлттық рух әлсіреген, қажыған, тозған шақта ұлттық идея құрғақ сөз, жалаң үгіт-насихат деңгейінде қалуы тіпті де ғажап емес. Ал, ұлттық рух неғұрлым мызғымас, қуатты болса, ұлттық идея соғұрлым айдыны кеңейіп, кемелдене түспекші. Сол арқылы ұлттық идея ұлттық рухтың әлеуеті артуына, халықтың, ұлттың өмір сүруіне тиімді қызмет етеді. Осылайша бір-біріне дем беріп, қолдап-қуаттандырып, ұлттың қанаттануына әманда тарихи үлесін қоса береді. Ұлттық рухтың көрінісі ұлт психологиясында жатыр.

Психология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Жарықбаев және О.Саңғылбаев шығарған «Психология: Энциклопедиялық сөздікте» ұлттық психологияға мынадай анықтама береді. «Ұлттық психология – бұл бүкіл халық ұстанатын тәлім-тәрбиелік нормаларды жан жүйесі тұрғысынан баяндау – ғылыми этнопсихологияның ілкі бастауы болып табылатын халықтық психологияның зерттеу нысаны болып табылады» - дейді.

Олар белгілі бір этносқа тән дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, адамгершілік, ақыл-ойдың және дене еңбегінің, т.б. тәрбие түрлеріне қатысты қалыптасқан нормалар мен принциптер, яғни белгілі бір этностың, жалпы мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарлары осы ұлттың психологиясын танытатын сөз етеді.

Сондай-ақ қазақ халқы кей қасиеттерді «қанға сіңген» деп атауы бекер емес. Себебі, олар ұзақ уақыт бойы, тіпті ғасырлар бойы қалыптасады, атадан балаға тәрбие арқылы беріліп отырады.

Ғалымдар халықтық психология – адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі екенін көрсетеді. Бұл – адам мінез-құлқының көптеген жақтарын қамтып, белгілі этностың өзіне тән психикасы жөнінде біршама мәнді мағлұматтар беретін ілім-білімдердің жүйесі. Бұл мәселелермен этнопсихология атты ғылым саласы шұғылданады. Этнопсихология – әрбір халықтың рухани әрекетін (миф, фольклор, тіл, дәстүр, салт, әдет-ғұрып, діл, дін, т.б.), жемісін сол халықтың психологиясын, сана-сезімін көрсететін негізгі өлшемдер деп есептейді.

Қазақ ғалымдарының ішінде этнопсихология мәселелерімен айналысқан Шоқан Уәлиханов болды. Ол өз еңбектерінде «халық рухы» дейтін ұғымды жиі қолданды. «Халық рухы» терминін Қ.Жарықбаев және О.Саңғылбаев «халықтық психология» ұғымымен синоним ретінде қолдануға болатынын айтады.

Ұлттық психологияны қалыптастыратын факторларға ғалымдар мыналарды жатқызады:

- халықтың басынан өткерген тарихы;
- ұзақ жылдар бойы айналысқан шаруашылық түрі;
- төлтума мәдениеті;
- ақпарат алмасу тілі;
- салттары мен дәстүрлері;
- тұрған жерінің табиғаты және климаттық жағдайлары;
- діні;
- әлеуметтік-демографиялық жағдайы .

Мұқағали Мақатаев өзінің шығармашылығында ұлт психологиясының мәселелеріне арнайы тоқталмағанымен, оның өлеңдерінен ұлтты танытатын сипат анық аңғарылып тұрады. Кез-келген мықты ақын-жазушылардың шығармашылығынан жалпы адамзатты мәселелер, сондай-ақ жеке ұлттық мәселелер көрініс табатыны белгілі. Себебі әдебиет бұл тек өнер түрі ғана емес, ол – таным құралы.

Психологиялық көзқарас бойынша поэзия деген не? Өлең жазатын адам өзін-өзі танудың бастапқы жолында жүреді. Өлең – бұл адамның өзіне-өзі экзистенционалдық жолдауы, өзінің шынайы Менін іздеу, өзінің өмірлік тәжірибесін тірлік туралы қысқа ойларға сыйдырып көру.

Өлең – жаратушысының ішіндегі «Құдай басқа ештеңе де емес», олар бейсаналыдан келеді... Ақын өз өлеңдерінен өзін іздейді, тапқан кезінде жазушыға айналады немесе мүлдем жазуды доғарады. Ал М.Мақатаевтың шығармашылығы мен тағдырының пайда болуы өте сирек кездесетін ерекше әрі көпқырлы құбылыс. М.Мақатаевтың шығармашылық тұлғасының ерекшелігі оның замандастарына да және оны жеке таныған адамдарға да оның өлеңдерін тыңдаған адамдардың барлығына жақсы көрініп тұратындығы. Алайда көп уақыт өткеннен кейін ақын өмірі туралы көптеген аңыздар секілді түрлі еске алулар, пікірлер, әңгімелер арасынан оның ешбір қазақ ақынына ұқсамайтын шындыққа құмар поэтикалық психологиялық шығармашылығы мен халқын сағындырған болмысы қалды.

Мұқағали психолог қана емес, психологияны кеңінен меңгерген ақын. Мұқағали өмірді зерттейді. Өзін-өзі зерттейді. Сондықтан Мұқағалидың «Сәби болғым келеді, сәби болғым, Бұл дүниеден хабарсыз жаңа туған», деген психологиялық иірімге толы әні қалған. Мұқағалида адам болмысының не бір қалтарыстарын зерттеуінен, өмірлік қарым-қатынас тәрбиесінен туған тәрбиелік психологиялық ойлар бар. Олардан жеке тұлғаның жаз дидарындай жадыраңқы сәттерін, эмоциялық интельектісін, сағынышы мен сабырын, күйініші мен сүйінішін, жақұттай мың құбылған өзгермелі тұстарын жиі ұшыратуға болады.

Мұқағали өзін толқытқан қуанышты да, өзін шошытқан келеңсіз құбылыстарды да, ақыл сабырынан өткізіп, өзінің шығармаларында көрсете білген: «Адамдықтарын алтынмен, Өлшегендерге ашынам! Мансапқорлардың қасынан, Шықпайтындарға ашынам! Жалданып өскен жасынан, Жағымпаздарға ашынам! Айырылған адал досынан, Алаяқтарға ашынам! Ашынам – дағы тасынам, Тасынам – дағы басылам... Мұңымды несін жасырам? Өзіңе ғана бас ұрам,Сенесің бе, Отан осыған?». Ақын қазіргі қоғамдағы болып жатқан оқиғаларды тұспалдап кеткендей...

Қазақ ұлтының психологиясын ақын прозалық әңгімелерінде де қарастырған. «Құлпытас» әңгімесінде бүлдіршін қыз Зияштың ой-қиялы, көзқарасынан көрінеді. Зияш әкесін өте жақсы көреді, әжесін де ардақ тұтады. Қалаға қарағанда туған ауылын бәрінен қымбат көреді. Ол әкесін іштей елден Алматыға көшіп келгені үшін кінәлап жүреді. Ауыл баласының қаланың асығыс тірлігіне, қарбалас транспортына көнбеген психологиясы көрінеді. Әсіресе, тар пәтер, оның иесінің күнде келіп ақшасын сұрауы, әжесінің: «Рас қой, рас, бәйбіше. Бәрін де көріп отырмыз, бермеймін деп жүр дейсіз бе, тиыны құрғырдың ретін келтіре алмай жүрсе керек»- деп жауап беруі жас баланың арқасына аяздай батады. Зияшты «қасын сүрмелеп тастаған семіз кондуктордың» қарт адамды билет алмағаны үшін кінәлап, трамвайдан түсіріп тастауы да қатты қинайды. Ол осы кезде де емін-еркін кең жайлау ауылын ойлап, тұнжыраулы, іштей ренжулі болады. Зияшқа бәрі де жұмбақ, көп нәрсе түсініксіз.

Адамдарды соншама жақсы көретін сүт көңіл бала анасының кейбір мінез-құлқынан оғаштау жағдай байқаса, қатты толқиды, тебіренеді. Оның: «Осы мамамның не білгені бар? Әсіресе, байғұс папама дегенде төбе шашы тік тұрады. Семья асырай алмайтының бар, қалаға

неге көшіріп келесің?! Талантым, талантым.., талантың кімге керек сенің?! Неге келдім, неге алдандым?» деуі отбасылық психологияның көп мән-жайын аңғартады. Мұнда жас бүлдіршіннің психологиясы бар жайды айнадағыдай анық көріп отырғанын, кімнің артық, кімнің кем қалып, кімнің дұрыс, кімнің теріс бағытта екенінде өзінше топшылап, өзінше баға беруінен көрінеді.

Бұдан біз М.Мақатаевтың бала жанын түсініп, олардың психологиясын соншама ерекше жақсы білетіндігін көреміз. Халықтың рухын биікке көтеріп, асқақтата жырлау, жүрегіндегі сезімін, көңіліндегі сырын жыр түсіруіндегі ерекшелік Мұқағалиға біткен қасиет:

Қалқам,
Мен Лермонтов, Пушкин де емес,
Есенинмін демедім ешкімге мен,
Қазақтың қара өлеңі - құдіретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.
Жат жерді жастанғанда жазатайым,
Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым.
...Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын,

Мұнда ақынның басқалардың көрмейтінін көре сезе білетін қабілетінен информацияны өңдеу қабылдау ерекшелегінен алдына проблема қойып оны шеше білудің даралығы көрінеді. Ақынның бұл өлеңі дүниені өзінше пайымдауға үйретететін, ұлттық болмысты қалыптастыратын туынды.

Көне дәуірде өмір сүрген Асанқайғы да « Ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады» деп дәл айтқан. Шердің адам жанын толқытуына негіз толып жатыр. Соған орай қазақ поэзиясының ілкі дәуірінен бүгінгі күніне дейінгі аралықта неше алуан психологиялық өлеңдер туды.

М.Қабанбайұлы Мұқағали шығармашылығы туралы: «Мұқағали шығармаларында ұлтымыздың өлмес коды жазылған, әлем бізді он ғасыр өтсе де, сол кодтар арқылы тауып, танып алады, М.Мақатаев өз ұлтының микро- атомы мен микроклеткасынан тұрады. М.Мақатаев өз мүддесі үшін емес, ұлттың мүддесі үшін өмір сүрген ақын». М.Мақатаевтың поэзиялық шығармалшылығында қазақ халқының ұлттық мінезін, психологиясын ерекше көрсеткен. Оның қонақжайлық, балажандық, өнершілдік т.б этникалық мінездерді көрсетуі қазақ ұлтының өзіндік санасын көрсетеді.

Мұқағалидың ұлттық қадір, ұлттық мақтаныш, ұлтқа тәнділікті сезінуі оның өз ұлтына деген эмоционалдық қатынасын білдіреді. Поэзиядағы оның ойымен көзқарасы психологиялық күйді көрсетеді.

Ақынның шын мәнінде шеберлігі – ол қолданған әрбір амал – жеке тұлғаны ашуға қызмет еткен. Оған куә ақын өлеңдері — «Сен менің жүрегімді жазалама», «Жүрегімде жүргені-ай бір қауіптің», «Кем болып жаралғам жоқ мен ешкімнен», «Бір ән бар бүгінгі ұрпақ естімеген», «Жамылып сағыныштың сал шекпенін», «Қашанғы қалжыраймын ойлап өтем», «Сен қартайды дегенге», «Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы», «Бәрін де түйсін, білсін тылсым кеуде», «Маған құрбым кектенбе», «Бір өлеңі бір елдің мұрасындай», «Хал сұрама, жыр сұра», «Жазылар естеліктер мен туралы», «Ғашықпын». Мұқағали «Жапырақ жүрек-жас қайың» өлеңіңде адам жанының ішкі дүниесіне терең бойлап, оның болмысын шебер көрсеткен.

Ұлттық мінез-құлық, атап айтсақ қазақ халқына тән жауынгерлік мінез М.Мақатаевтың «Райымбек! Райымбек!» поэмасында көрініс тапқан. Жауынгерлік мінез – бұл халықтың тарихтың сұрапыл оқиғаларын көрген қазақ халқының ұлттық қасиеті екенін ақын анық айқындаған.

Поэманың бас кейіпкері етіп жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақ батыры, тарихи тұлға - Райымбек батыр алынған. Ақын сиырдың бүйрегіндей бөлшектенген, бытыраған халықтың басын бір жерге қосу, ел бірлігін нығайту, ел басына түскен қиыншылықты бір атаның баласындай жұмыла көтеру идеясын Қабай жырау, Райымбек образдары арқылы насихат еткен.

Поэмадағы ақсақал, қарасақал жиылған жиын, айтыс-керіс, бидің шарты, бидің кесімді үкімі заман шындығынан, қазақы тірліктен мол хабар береді, бүкіл бір дәуірдің жанды көрінісінің туғызады. Поэма илеп келе жатқан шал 13 жасар Райымбекті кезіктіреді. Райымбектің сөзі кесек, хас батыға тән. Ол «менің ауылымды шапқан жоқ» - деп, басы бірікпей, өз жайын ғана ойлап отырған елдегі алауыздыққа наразы. Ақыры ол ер жетіп, Қабай жыраудан ақыл сұрап, билердің сынынан өтіп, қол жиып жауға атанғаны суреттелген. Батыр образы өжет, қайсар, кейде тіпті ақылды тентек болып дараланған.

Қазақтарға тән ұлттық мінездің кейбір нышандары ретінде тарихтың әр кезеңінде казіргі Қазақстан жерін мекендеген тайпалар мен халықтардың бәрінің де қызуқанды, қырағы жауынгер болғанын атап көрсетеді. Сондықтан олар осынша ұлан-байтақ жерді иемденіп, ғасырлар бойы ұстап тұрды. Қазақ халқының арғы тегі — түркі тектес тайпалардың тарихтың әрбір кезеңінде бірде күшейіп, бірде бірлігінен айырылу себебінен әлсіреп отырғанын білеміз.

Мысалы, атақты Орхон-Енисей жырларында түркі халқынының күйреуінің, пәк қыздарының күң, пәк қыздарының құл болу себебі олардың табғаштардың берген сыйлықтарына алданып қалуы деп көрсетіледі. Яғни түркі мемлекетінің «аз халықты көп еттім, аш халықты тоқ еттім» деп мемлекеттің бір гүлденіп, бір құлдырау кезеңдерін айтып отыр. Осы жырдың өзінен ақ Еуразияның көптеген жерін бағындырып, мұхиттан мұхитқа дейінгі аралықта азулы мемлекеттер құрған түркі тайпалатының болғанын білеміз. Бұл халықтың генотипінде, ұлттық психологиясында жауынгерлік мінезіндің бар екенін аңғартады. Ақын өзінің жері туралы айтып тамсанып былай дейді:

Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!
Батырлар дүбірлеп өткен жер!
Тұлпарлар дүбірін төккен жер!
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер!
Бас иіп, иіскеп топырағын,

Мұқағали шығармашылығындағы ұлттық психологияның ерекшелігі ретінде ақын ұлт психологиясын ұлттық ойлау образдары арқылы ашқанын айтуға болады. Мәселен,

Кім білсін, көңіл қандай күй кешеді,
Қаңырап қалуы оңай үй кешегі,
Алаңдаймын алтыным жоғалғандай,
Анамның көрінбесе кимешегі –

дейді ақын. Ұлтқа тән ақ кимешекті ана образы арқылы балалық махаббатты жеткізеді. Жолаушылап қайтқан, немесе кешкісін жұмыстан оралған жігіт аяулы қарт анасын іздеп, қашан көргенше алаң болатынын көреміз. Бұлай тек қазақ баласы ғана ойланатынына иланасың.

Өңі түсі өзіңнен бір аумайды,
Немересін ерпесе жүре алмайды.
Таныс дауыс, таныс сөз, таныс мәсі,
Көзіме оттай басылып, алаулайды – дейді ақын.

Бұл өлеңнен қасынан немересін бір еліге қалдырмайтын қазақтың әжелерін көреміз. «Апасының баласы» деп баланы еркелетпей, тіпті бетінен сүюге ұялатын тек қазақтың ғана келіндері. Мұқағали өзі де әжесінің баласы болды. Осындай тәрбиені көріп өскендіктен де Мұқағали өз өлеңдерінде ұлттық қадір-қасиетті ардақтайды.

Мұқағали үшін: жеңгесі де «су сұраса сүт беретін, айран беретін» мейірбан, қолы ашық, жомарт адам, ал дүние ақын ұлды болғанда, қызды болғанда одан сүйінші сұрауға міндетті, ал ақынды «жұрт жақсыдан қалған көз дейді».

Яғни бұл біз тізбектеп өлеңдерін көсетіп отырмасақ та, қай өлеңін алсаңыз да Мұқағалидың жалпы шығармашылығынан ұлттық психология айқын көрініс тапқанының айғағы.

Қорыта айтсақ, Мұқағали шығармашылығындағы ұлттық психологияның ерекшелігі мынадай жайттардан айқын байқалады:

1) Ақын ұлтқа тән типтік қасиеттерді дәл аңғара білген. Өз шығармашылығында қазақ халқы үшін тән қасиеттер деп психолог ғалымдар атап көрсеткен: батырлық, ержүректік, қонақжайлық, кеңпейілдік, мәрттік, жомарттық, аңқаулық секілді қасиеттерін көрсете білген;

2) Ұлт психологиясына тән қасиеттерді тек ұлттық образдар, ұлттық таным-түсінік арқылы жеткізген;

3) Өз шығармашылығында ұлт үшін қадірлі, киелі, қасиетті құндылықтарды дәріптеген.

Осы жайттар арқылы М.Мақатаевтың шығармашылығындағы ұлттық психологияның ерекшеліктері айқындалады.

М.Мақатаев шығармалары ұлтты танытады. Ұлттың қастер тұтып, киелі деп есептеген таным түсінігін «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында ашып берген.

Ақын кез-келген жайтты суреттеуде ұлт танымымен байланысты образдарды көптеп келтіреді. Ақын бүкіл бір ұлт қастер тұтқан наным-сенімдер арқылы табиғатты аялау, жан-жануарларға қамқорлық жасау идеясын тағылым етеді.

Ұлттық мінез-құлық, атап айтсақ қазақ халқына тән жауынгерлік мінез М.Мақатаевтың «Райымбек! Райымбек!» поэмасында көрініс тапқан. Жауынгерлік мінез – бұл халықтың

тарихтың сұрапыл оқиғаларын көрген қазақ халқының ұлттық қасиеті екенін ақын анық айқындаған.

Қазақ халқының ұлттық мінезіндегі жағымды нышандардың елеулілеріне — мәрттік, жомарттық, конақжайлық, балажандық, аңқаулықты қасиеттері ақынның «Бақ мекен», «Ғабаңа», «Кешіріңдер», «Тағы да күз, тағы, міне, сары таңды ұзақ түн» өлеңдерінен көрініс тапқан.

Мұқағали шығармашылығындағы ұлттық психологияның ерекшелігі ретінде ақын ұлт психологиясын ұлттық ойлау образдары арқылы ашқанын айтуға болады. Яғни ақын өз шығармашылық кредосы, мейлі саналы түрде болсын, мейлі бейсаналы түрде болсын, туған халқының қасиеттерін саралап, жақсылығын асыру, жаман мінездерінен арылту болған.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан 2050» қазақ халқына жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты // http:www.akorda.kz.

2. Жарықбаев Қ.Б. Жантану негіздері. – Алматы: Кітап, 2002. –[415 б].

3. Түрікпен-ұлы Ж., Мұздыбаева Б. Тәрбие психологиясы: оқу құралы. - Алматы: Зият Пресс, 2008. – [144 б].

4.Әмірова Б. Ә. Этнопсихология. - Қарағанды: Ақ Нұр, 2012. – [202 с].

5. Бердібаева С.Қ. Адамның шығармашылық іс-әрекетінің этнопсихологиялық ерекшеліктері: автореф. ... психол.ғыл. док. – Алматы, 2005. –[40 б].

6. Серікқалиев З. Мұқағали – мәңгілік ғұмыр. - Алматы: Жазушы, 2004. – [303 б].

7. Дәуітов С. Мұқағали ғасырлармен бірге жаңарып, келер ұрпақпен бірге жасай береді // Abai KZ ақпараттық порталы. - 2009. –[№4. – Б. 4-6].

8. Тілекқабыл Е.Л. Мұқағалидың жаны. - Алматы: Алтын орда, ¬ 2010. – [Б. 29-34].

9. Хамидуллаев К.М. Мақатаевтың ақындық шеберлігі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1993. –[187 б].

10. Қазанбаева А.З. М.Мақатаев лирикасының лексико-грамматикалық ерекшеліктері: фил. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999. –[124 б].

11. Носкова А.А. М.Мақатаев өлеңдеріндегі анафора мен эпифораның қолданылуы: филол. ғыл. канд. ... дис. – Астана, 2008. – [165 б].

12. Бекеева Н.Ж. Қазақ поэзиясындағы қаһармандық рух пен трагедиялық ахуал: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2004. – [185 б].

13. Өтейұлы Ж. Мұқағали Мақатаев поэзиясынның көркемдік жүйесі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Астана, 2007. – [Б. 145].

14. Бегманова Б.С. М.Мақатаев лирикасының ұлттық сипаты. – Алматы, 2006. – [Б. 127-128].

ӘОЖ 159.922.761

Карипбаева Ш.Т.
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей.қ.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі уақытта бүкіл тарихи, мәдени адамгершілік рухани құндылықтарымыз жаңа заман тұрғысынан қайта бағаланып жатыр. Сонымен қатар төл мәдениетіміз, салтымыз, дәстүріміз, тіліміз, ұлттық намысымыз, тарихи жадымыз, табиғи ортамыз жаңғырып, дамып келе жатқан кезеңде «Әр халықтың ұлттық өзгешілігін, ерекшілігін зерттеп біліп, тауып, шешіп, қамту керек» деген талапты жүзеге асыру әбден қажет.

Халықтық педагогиканың сарқылмас қайнары ретінде жеке адамды қалыптастыру ісінде пайдаланудың қажеттілігін қазақ даласының ойшылдары (Қорқыт ата, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қашқари, Ахмет Яссауи), педагогтар мен ағартушылары (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов т.б.) өз еңбектерінде айтып дәлелдеп бергені баршаға мәлім.

Орыс халқының ұлы педагогы К.Д.Ушинский халық педагогикасының тәрбиелік күшін өте жоғары бағалаған. Халықтың салт-дәстүрлерін жақсы біле тұра: «Ата-бабаларымыздың даналығы - ұрпақтарымыз үшін - айна» деген қорытындыға келген.

Зерттеуші-педагог Г.С.Виноградов халық педагогикасын халықтың педагогикалық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырып «халық педагогикасы» - «жүйе» дегеннен гөрі біліммен дағдылар жиынтығы деген пікірді құптаған.

«Халық педагогикасы - халықтың ауыз әдебиетінде, салт-дәстүрінде, ырымдарында, балалар ойындарымен ойыншықтарында мәңгі қалған педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы». «Халық педагогикасы - халыққа қажет қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланатын педагогикалық мақсатының, міндеттерінің, әдіс-құралдарының, тәсілдерінің жиынтығы мен өзара байланысы».

Қазақстандағы этнопедагогика мәселелері бойынша мына педагогтар: Е.Сағындықов, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, Б.Мұқанова, С.Калиев, т.б. айналысқан [3].

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат -міндеттердің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеуді адамзаттың ақыл-ойы мен мәдениетінің дамуындағы бағалы байлықтың бәрін игере отырып және оны бүгінгі ұрпақтың санасына ұстаздық шеберлікпен біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор.

Қазақтың халықтық педагогикасының мазмұны бай да сан қилы. Ол жеткіншек ұрпаққа тәрбие берудің барлық жақтарын қамтиды.

Халық дәстүрінің танымдық-тәрбиелік мәні ұлан-ғайыр ұлы дүние. Ол тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана адам өмірінің рухани адамгершілігінің қуат-қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағытталған, баланың жан дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негіз болатын мүмкіндіктер көп-ақ.

Ол -халықтың кәсібімен, салт-дәстүрімен, тілімен, тарихымен, адамгершілік қасиет-сапаларымен сабақтасып, біте қайнасып, тарихи кезеңдер ерекшелігіне, қоғамтану сатыларына қарай жетелеп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қастерлі мұра.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған дәстүрлерінің ішінде адамгершіліктің жоғарғы сапаларын тәрбиелеуге ықпал жасаған озық өнегелері бар. Қазақ халқының дәстүрлерінің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқаны оның өміршеңдігінде, тәлім-тәрбие ісінде кең таратылатындығында.

Адамның туған күнінен бастап барлық өмір жолын қамтитын әр-түрлі рәсім, дәстүрлер бар. Дәстүр адамдардың рухани тұлғасынан бөлінбейді. Дәстүр қоғамдық сананың барлық формаларынан орын алады. Олар саясатта, қоғамдық өмірдегі дәстүрде, халықтар арасындағы ынтымақтастықта, теңдікте, бостандықта, өзара көмек дәстүрінде, оқу-білім, ғылымдағы дәстүрде, отбасы-жанұялық дәстүрінде, еңбек дәстүрінде [2].

Шынында казак халқының бала бойына ана сүтімен сіңіретін, тәлім-тәрбиелік өзіндік мектебі болғаны даусыз. Көшпелі өмір кешкен кездің өзінде-ак ауызекі үлгі-неге ретіндегі айтылатын ертегі, мысал әңгімелермен де, шешендік шене сөздерімен де, түрлі дәстүрлік әдет-ғұрыптарымен де, ұлағатты ырым-тиымдарымен де баланы алғырлыққа, зерделілік пен көрегенділікке баулып, жаман істер мен әдеттерден тиып, жалқаулық, жалақорлықтан безіндіре, еңбеккешілікке, адалдыққа, өнерлілікке, талапкерлілікке үйретіп отырған.

«Тілазар болма, тіл алғыш бол, үлкеннің алдын кеспе, сөзін жерге тастама, сонда үлкеннің батасын аласың», «Батамен ер көгереді, жауынмен жер көгереді, тақыр-мүскінге, жетім-жесірге мейірлі бол, сауабы тиеді», «Отты шашпа - өрт шығады, нанды теппе - киесі ұрады», «Ас атасы - нан, нан барда жан бар». «Алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» деп отыруы баланың ұғымын кеңейтіп, өмірге, айналаға ойлана қарауға үйретеді.

Елдік, егемендік өз қолымызға тиген кезде «бала тәрбиесі бесіктен басталады» деген қағидаға ұлттық негіздерге оралмай болмайды. Балаға берілетін тәрбиенің ең жауапты да қиын сатысы мектеп жасына дейінгі кезеңде, отбасы мен балабақшадағы тәрбие. Сондықтан да мектепке дейінгі қоғамдық тәрбие орындарының міндеті - ата-аналармен тығыз байланыс жасай отырып сәбилерге жан-жақты жарасымды тәрбие беру, білім беру, олардың дербес қасиеттерінің жетіле бастауына негіз қалау және мектепке даярлау [1].

Бала біздің елімізде ерекше халық. Ол түсінетін, сезетін, көретін, ұмтылатын, әрекет жасайтын, жарық дүниеге келген алғашқы күннен-ақ ата-анасын, жақын туыс-туғанын, әрі бүкіл елді қуанышқа, ерекше сезімге бөлейтін халық. Сондықтан да балалардың барлық өмірінің жан-жақты жетілуі үшін олардың рухани, адамгершілік, имандылық жақтарының жан-жақты қалыптасқанын қамтамасыз ету қажет. Балалық шақ - адам өмірінің аса маңызды кезеңі болып есептеледі. Баланың болашақ өміріне, оны тәрбиелеуге аса маңызды мән беру керек, оның болашақта қандай адам болып шығуына байланысты, тәрбиенің маңызы зор, сондықтан да баламен жұмыс істеуді ерекше басшылыққа алу қажет. Оны білмейінше, мән бермеген жағдайда нағыз тәрбиеші бола алмайтынын өмірдің өзі де көрсетіп келеді. Бүгінгі күннің жаңару бағыты бала тәрбиесінің арқауына ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрді халықтың рухани игілігін пайдалану басты назарда болу қажет. Халықтық педагогика - тәрбиенің бастауы, қайнар бұлағы, ол - тәрбие жөніндегі халықтың білімі мен тәжірибесі.

Ұлт мектебі болудың басты белгісі онда халықтың ұлттық рухы болуы шарт. Ол мектептің барлық тіршілік тынысынан тәрбие жұмысының барлық саласынан айқын көрініс табуы керек. Ұлттық тәрбие мектеп табалдырығын аттаған әрбір бүгінгі баланың бітімінен мінез-құлқынан, касиет-сапасынан бастау алуы керек. Бала - болашақтың адамы жанадан қалыптасып келе жатқан ел азаматы [4].

Батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай: «... Әрбір үйде отбасы реликвиясының бұрышы болған жөн. Бұрындары жасалған ерліктерді сыйламай, қадірлемей тұрып, жаңа ерлікке шақыру бекершілік».

Сондықтан, жас ұрпақты ата-баба дәстүрі рухында тәрбиелей отырып, оларды адамгершілікке, инабаттылыкка баулығаны абзал. Ол үшін әр отбасында қалыптасқан тұрмыс-салт, дәстүрі, жүйелі тәртіптің болуы тиіс. Отбасы жүйесінде ауқымды мәселенің бірі балалардың өзін-өзі жеке тұлға ретінде танып-білуіне және өздерін-өздері дамытуына басты назар аудару керек.

Егеменді ел болу дегеніміз - қоғам өміріндегі зор тарихи сілкініс десек, оның ең басты мақсаты қоғамдық, ұлттық сананы сауықтырудан басталады.

Әдебиеттер тізімі

1. Адильбаева Е. «Ұлттық тәрбие берудің маңызы» Бастауыш -2010.№2.
2. Әбдешев Б.М. «Ұлттық тәрбие бастауы». Ақиқат -2007. -№4.
3. Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика// №15. 2007.03
4. Игенбаева Б.Қ. «Бастауыш сыныптарда жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі». А:Радиал., 2005 ж.

ӘОЖ 37.018.1

Кенжан А.М.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Қуанова А.О., Сралиева В.А.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫНА ОТБАСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Жасөспірімдік кезең – балалық шақтан ересекке көшу кезеңі, өзін ересек адам ретінде тануы, ересек адам болуға деген ұмтылыстың пайда болуытән. Ересек адамның сезімінің пайда болуы өзіндік сезімталдықтың өзіндік ерекшелігі ретінде жасөспірімдік кезең тұлғаның құрылымдық орталығы, оның сапасына, өздеріне, адамдарға және тұтастай әлемге қатысты жаңа өмірлік жағдайды бейнелейді. Ол жасөспірімнің қызмет бағытын, мазмұнымен жаңа талпыныстарын, тілектерін, тәжірибелерін және реакцияларды қозғайды.Жасөспірімдік кезеңде бұлтұлғаның құрылымында түбегейлі өзгерістер тұғызып ересек әлемге тән нормалар, құндылықтар мен мінез-құлықтарды игеруге ерекше сезімталдық тудырады. Тәуелсіздікке деген ұмтылыстың бар күші артып, психикалық дамудың барлық бағытымен байланысты болады [1].

Мәселен В.С. Савина құндылық семантикалық сипатқа ие жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау, тұлғалық қасиетін қалыптастыру үдерісінің негізі болып табылады. Жасөспірімдік

кезеңде жеке тұлғаны қалыптастыру, әсіресе жасөспірімдік шаққа өтуге байланысты, өсіп келе жатқан тұлға белгілі бір әлеуметтік қарым-қатынастарды өзгертпестен позицияларды жүйелеу мүмкін емес делінген [2].

Жасөспірімдік кезең тұлғаның мұраттарын дамытуда өте маңызды кезең. Оның бойында идеал дамуына, ережелеріне үлгі болады, жасөспірімдердің әрекет етуге тырысатындығына әсер етеді. Осы шақта «Мен-тұжырымдаманы» қалыптастыру, өзін жеке тұлға ретінде тану және ішкі дүниеге шақыру қалыптасады.Тұлғаның «неге?», «не үшін?», «не?» деген сұрақтардың құндылықтық мәні мен мағынасы, қандай да бір қызмет түрін таңдауға ұмтылуына, өзін ымыраға келуіне, жауап беруіне түрткі болады. Құндылық - өздерінің жеке таңдауы, оның қызмет түрі туралы семантикалық бағдарлар болып табылады. Тұлға қоғамда байланысы бар, оның бір бөлігі, сондықтан қоғамда өз жолын таңдағанда, өз еркімен емес, кеңесшінің немесе көмекшінің лауазымын иемденіп қалуы керек.

Құндылықты – мағыналы аймақ психологиялық талдауда жүйе құраушы фактор бірлігін білдіреді. Өз өмірін реттеу үдерісі тұлғаның жеке орайластырылған белгілі бір шегінде мағыналы және құндылықтарды, мотивтерді қалыптастырудың негізінде байқалады. Жүйелі-құрылымдық ұйымда дифференциациялау мен интеграцияны реттеу басым психологиялық тұтастық пен белгілі бір реттеуші функциялардың орындалуын қамтамасыз етеді және бұл құндылық-семантикалық саланы өзгертудің психологиялық механизмі болып табылады.

Жасөспірімдерде қызығушылық аймағының тұрақталуы қалыптаса бастайды, яғни бұл жасөспірімдердің құндылық бағдарларының психологиялық негізі болып табылады. Жеке және нақты, жалпы мүдделердің абстрактіге ауысуы, дүниетанымның, діннің, мораль мен этика мәселесіне қызығушылық артып келеді. Өзінің тәжірибесі мен өзге тұлғалардың тәжірибесіне деген қызығушылық дамиды. Көбінесе бұл балалық шақтан ересекке дейінгі кезеңді білдіреді және жоғары сынып оқушылары үшін өзін-өзі тану мәселесі өзекті болып қала беретіндіктен, өзін-өзі анықтауға байланысты қажеттілік пен мектеп бітіргеннен кейін өмір жолын таңдау қиындық тудырады. Жасөспірімдерде басқа тұлғалармен қарым-қатынас жасау барысында, шешім қабылдауды талап ететін үнемі жағдаяттарға тап болады. Қабылданған шешім ықтимал нұсқаларды таңдауды білдіреді. Олардың өмірлік ұстанымдары, негізінен құндылық бағдарларын айқындау саласында қарастыруға қажеттілік туындайды және ықтимал баламаларды бағалайды.

Тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы өмір бойы және түрлі әлеуметтік топтарда жүреді. Отбасы, балабақша, мектеп, студенттік топ, еңбек ұжымы, құрдастар тобы - бұл әлеуметтік топтар, тұлғаның жақын ортасын құрайтын және әртүрлі нормалар мен құндылықтардың тасымалдаушылары ретінде әрекет етеді. Тұлғаның мінез-құлқын сыртқы реттеу жүйесін анықтайтын мұндай топтар әлеуметтендіру институттары деп аталады.

Отбасы әлеуметтенудің бірегей институты болып табылады, себебі ол басқа әлеуметтік топпен алмастырылмайды. Тұлғаның әлеуметтік өмірінің алғашқы бейімделуі тек отбасында ғана жүзеге асады. 6-7 жасқа дейін бала үшін ең маңыздысы - оның әдеттері мен әлеуметтік қатынастардың негізін, маңыздылығын қалыптастыратын әлеуметтік ортасы. Осы кезеңде баланың өзіне, басқа адамдарға (туыстарына және жалпы адамдарға) және әртүрлі әрекеттер түрлеріне қатысты көзқарастар жүйесі қалыптаса бастайды. Отбасында ғана балалар алғашқы қарым-қатынас дағдыларын, алғашқы әлеуметтік рөлдерді меңгереді, бірінші нормалар мен құндылықтарды түсінеді. Маңызды қарым-қатынастармен анықталатын субъективті құндылықтар, мінез-құлқы қалыптасып, нормалар ассимиляцияланады, әлеуметтік құндылықтар дамиды. Егер тәрбие барлық жағынан дұрыс берілмесе, әлеуметтік бейімделу бұзылады. Екінші жағынан, отбасының жағымды ықпалетуі балалық шақта ғана емес, тұлғаның сәтті әлеуметтенуіне және әлеуметтік бейімделуіне өмір бойы ықпал етеді. Ата-ананың бала бойында қалыптастыратын өмір салты мен өмірлік жоспарын, әлеуметтік қатынастар жүйесін, ұстанымдарынЭ.Берн өмірлік сценарий деп атаған [3].

Отбасылық ерекшелік отбасылық қарым-қатынас үшін ерекше моральдық сезімдер мен тәжірибелер кешенін қалыптастыруға ықпал етеді. Отбасындағы тәрбиелеудің рөліерте балалық кезеңнен бастап, сезімтал болған кезде оның балаға әсерінен басталады.

«Отбасы тек білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар, бала бойында құндылықтарды «тыңайтады» немесе керісінше, кейінгі қоғамдық тәрбиеге қажетті тамырды әлсіретеді». Ең үлкен тұрақтылық эмоциялық саланы дамытуға және басқа тұлғалармен қарым-қатынасқа байланысты жеке қасиеттермен ерекшеленеді. Ата-ана отбасына қарым-қатынас үлгісінде, балалық шақтан қалыптасып, олар көптеген жылдар бойы тұлғаның өмірінде сақталады және

әртүрлі салалардағы адамдармен жеке қарым-қатынаста, әсіресе өзі құрған отбасы мүшелерімен қарым-қатынаста көрінеді [4].

Отбасы тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды факторы және жасөспірімнің құндылықты бағдарлауды қалыптастыратын факторлардың бірі.

Жасөспірімдерде көптеген азаматтық және жеке қасиеттерді қалыптастыруда әлеуметтік орта маңызды рөл атқарады. Сонымен бірге, отбасылық микроклимат осы мақсатқа уақытында жету үшін баға жетпес көмек көрсете алады. Көптеген жеке қасиеттердің қалыптасуындағы басымдық отбасылық ортаға жатады.

Кез-келген өзгерістерге қарамастан, отбасы адамның физикалық және рухани күштерін жинақтау және тұрақтандыру көзі,мұнда жасына қарамастан кішігірім топтың әрбір мүшесі өмірлік мүдделері мен маңызды қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Жасөспірімдік кезеңде жасөспірімдер өздерінің сыртқы келбетін көбірек назарға алады. Олар денесінің өзгеруін және олардың тәжірибесіндегі уайымын, қызығушылығын және кейде қорқынышты сезімін байқайды.

Пайда болған жаңа бейнелер мен сезімдерді жыныстық рөлге біріктіруге тырысады, олар отбасы мүшелері, достары, сыныптастары және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы танымал тұлғалар арасында өзіндік үлгілерді іздейді.

Жасөспірімніңбойында құндылықтарды дамытудың екі аспектісін белгілеуге болады: мазмұндық және процедуралық.

Мазмұндық компонент құндылықтар туралы, мінез-құлық нормалары, құндылықтарға сәйкес белгілі бір мінез-құлық қажеттілігін түсіну, меңгерілген білімдерге сәйкес әрекет етуге дайындық және жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне байланысты бірқатар белгілерге (тұрақсыздық, жетіспеушілік) ие болу арқылы жүзеге асырылады.

Процедуралық аспект жасөспірімдердің моральдық құндылықтарды меңгеру кезеңдерін қамтиды: моральдық нормалардың семантикалық мазмұнын тану және оны мінез-құлықта жүзеге асыруға арналған құндылықтар.

Жоғарыда аталғандардың әрқайсысы жасөспірімдерге арналған өнегелі құндылықтардың жеке маңыздылығына байланысты,оның мәнін, дайындығын, әлеуметтік және педагогикалық жағдайдажүретін даму процесіндегімінез-құлығында жүзеге асыруға қабілеттілігінің болуымен шартталады.

Қалыптастыру процесі дамуды қамтамасыз ететін үш өзара байланысты фазалардың болуын болжайды. Тұлғаның қоғамдық құндылықтарын, оның әрекет етуімен иемдену кезеңі әлемге деген құндылық қатынасын тудырады - «Әлем бейнесі», құндылық қатынастарын тұлғаның құндылық бағдарларының иерархиялық жүйесінде қалыптастыру. Берілген құндылықтарға негізделген трансформация фазасы, өзара іс-қимыл жасайтын «Шынайы мен» - «Мен идеал» - «Өмірлік идеал», «Мен» бейнесінің өзгеруін қамтамасыз етеді. Құрастыру фазасы - түпкілікті, адамның өмірлік перспективасын бағдарлық критерий ретінде қалыптастыруды қамтамасыз етеді

Құндылық бағдарларының қалыптасу тиімділігін анықтау үшін Н.Н.Ушакова келесідей критерийлерді анықтайды:

1. Құндылықты білім. Мұндағы нәтиже құндылық бағдарларын қалыптастыру іскерлігі. Егер жасөспірім тұжырымдаманың мазмұнын, оның көлемін, оның байланыстарын білуін, басқа концепциялармен қарым-қатынастарын және практикалық мәселелерді шешудегі ұғымдармен жұмыс істеу қабілетін толық игерген болса, құндылық тұжырымдамасы игерілген деп есептеледі.
2. Құндылықты саралау - жасөспірімдердің құндылықты таңдау іскерлігі.
3. Құндылық бағдарларының қызметі [5].

Осылайша құндылық бағдарлар жүйесі қоршаған әлемге, басқа тұлғаларға, өз-өзіне, дүниетанымның негізіне қатынастардың негізін құрайды. Отбасы әлеуметтанудың маңызды факторы және жасөспірімнің құндылықты бағдарлануын қалыптастыратын факторлардың бірі.

Жасөспірімдердің құндылық бағдарларын талдай келе, біріншіден, құндылық бағдарлар - тұлғаның жеке қарым-қатынастар жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке адамның әрекеті мен мазмұнын сипаттайтын күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс; екіншіден жасөспірімдік кезең - бала кезеңнен ересек адамға дейінгі кезеңге көшу кезеңі, ересек адам болуға деген ұмтылудың пайда болу кезеңі; үшіншіден, құндылық бағдарлау жүйесі қоршаған әлемге, басқа тұлғаларға, өз-өзіне, дүниетанымның негізіне қатынастардың негізін құрайды. Ал төртіншіден, отбасы әлеуметтендірудің маңызды факторы болып саналады.

Сонымен отбасы баланың тұлға болып қалыптасуына тікелей және жанама әсер ететін үлкен жүйелердің қатарына кіреді. Отбасы моральдық және мінез-құлық нормаларын, құндылық бағдарларын анықтау арқылы, ата-аналар баланың санасына белгілі бір құндылықтарға бекітілуіне көмектесетін тәрбиелеудің әдістері мен құралдарын пайдаланады.

Әдебиеттер тізімі

1. Зинченко В.П. Психологический словарь. М.:ООО «Издательство Астрель», 2004. – 479с.
2. Мамедова Ж.С. Ценностные ориентации личности в контексте временной перспективы. /Ж.С.Мамедова // Педагогика.-2006.-№6-С.121-132
3. Кирилова Н.А. Ценностные ориентации в структуре интегральной индивидуальности старших школьников.-2000.-№4.-С.28-33
4. Кулик Л.А. Семейное воспитание. – М.:1990.-212с.
5. Ермолич С.Я. Методологические предпосылки формирования ценностных ориентаций у подростков //Пазашкольнае выхавание.-2007.-№9.-С23-27.

ӘОЖ 37.018.1

Кубиева Ш.Б.,Туманова Г.А.

Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжі, Орал қ.

ТҰЛҒАНЫҢ ЖЕТІЛУІ –ОТБАСЫНАН БАСТАУ АЛАДЫ

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп адам білімді болады»

Абайдың он тоғызыншы қара сөзінен...

Қазақ халқы – дана халық. Тарихқа шолу жасасақ бұрынғы заманнан-ақ халқымыз бірлікке, татулыққа, туыстыққа, талпыныс жасап, ел болуға, дамуға, келешек ұрпаққа жол салып, жерімізді жаулардан қорғап, жастарға үлгі бола отырып, Отанымызды болашақ ұрпаққа аманат еткен де, үйреткен де осы ата-бабаларымыздың салған сара жолы емес пе?!

Өмірде ақ пен қара, жарық пен қараңғы, бар мен жоқ, әлсіз бен мықты, аласа мен биік сынды қарама - қарсы ұғымдар қатар жүретіні аян. Ең маңыздысы, осыны жастарымыз дер кезінде ұғынып, балалық шақтан, ересек шаққа ойланбай іс жасағаннан, саналы әрекеттер арқылы қадамдағаны маңызды ау?!

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы.Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол — бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана

Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен - ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке - шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындалуына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте - бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата - ананың беделін түсіреді.

Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе

алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл - қыздармен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке - шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті - үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең - ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді.

Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз. Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата - анасы маскүнемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жиреніштi көріністі, ондағы айқай - шу мен дау - жанжалға, ұрыс - керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз?! Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата - ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата - ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Шәкәрім атамыздың «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан үстем болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күнінен бастап тәрбиелейді» дегеніндей, құнды қасиеттерге не рухани адамды қалыптастыру - шынында да оның туған кезінен басталса керек. Ал адамның адам болып қалыптасуында ата - анамен қатар тәрбиеші мен мұғалімнің де рөлі бар.

Қарапайым мысалға жүгінсек, мектепке келген кезінде сондай сүйкімді, тілалғыш, жүрегі таза, сезімі пәк жас бүлдіршін орта немесе жоғары буынға келгенде неге өзгеріп сала береді? Сондықтан мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті? Мынадай жаман әдеттерді қайдан үйреніп ала қойды? Неге озбырлық жасуға бейім болып алды?- деген сияқты сауалдар алдыңнан кесе - көлденеңдейді. Әрине, оның себептерін жан - жақтан іздеуге болады. Ата - анасын жүрген ортасын қосқанда оның тәрбиесіне мұғалімнен басқа бірнеше адамның қатысы бар. Балаға жүрек жылуы қашан да қажет және ол ешқашан артық болмайды. Ата - анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата - анам да осындай болса, деп армандауы мүмкін. Мұғалімін тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді. Баласын қалай жақсы көретінін дұрыс білдіру кез келген ата - ананың қолынан келе бермейді.

Біреу жақсы киіндіріп қояды, біреу тамағы тоқ болса болды деп, қалтасына ақшасын салып бергеніне мәз. Біреулері өте қатал, айтқанын орындатады. Бала қорыққаннан уақытша тыңдайды, бірақ ата - анасының уысынан шыққан соң өзін - өзі ұстай алмайтын жағдайға жетеді. Мұғалім оқушыға материалдық жағдай жасамағанмен, оның өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттер: адамзаттық құндылықтармен, біліммен қамтамасыз етіп, қаруландырады. Алтын бесік - отбасы болса, алтын ұя - мектеп. Иә, олардың алтынға балануы неліктен? Екеуі де қасиетті, әрі қастерлі. Өйткені, отбасы Адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп арқылы мен білімі адамзаттық құндылықтармен толысқан, жан - жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, қоршаған ортамен тікелей байланысқа шыға алатын, толыққанды Адам етіп тәрбиелеп шығарады. Осы екі ортаның да мақсаты - ортақ, міндет - біреу.

Демек, мұғалім мен тәрбиеші қауымның қиындықтарға жиі кездесіп, үнемі толғаныста жүретіні де содан. Сондықтан кез келген мұғалім баламен байланысқа шықпас бұрын, оқу - тәрбие жұмысындағы қызметін өзін - өзі танудан бастағаны жөн. Өзіңнің бала болғаныңды, өзіңнің ата - ана екеніңді, өзіңнің ұстаз екеніңді ой елегінен жиі - жиі өткізіп отырсаң, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды.

Ғұлама Әл - Фараби «Дүниедегі ең оңай нәрсе ақыл айту, ең қиыны өзіңді өзің түсіну» десе, К. Маркс «Өзіңді өзің тану даналықтың бірінші белгісі» деп ескертеді. Ең бастысы,

баланың жан азығына зәру екенін еш уақытта ұмытуға болмайды. Абай атамыздың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі - білсем екен деп ұмтылып, одан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі « жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен.»деген үлкен пәлсапалық ой жатыр. Яғни, балаға туғаннан тән азығы - тамақ қандай қажет болса, жан азығы - жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет. Ал оның қажетін қанағаттандырмай, түпкі мақсат ешқашан орындалмайтыны белгілі жәйт. Мұны мұғалім де, ата - ана да әсте естен шығармағандары жөн.

Жастық шақ- өмірдің ең керемет бөлшегі, бойдағы жақсы қасиетттерді жарыққа шығарып қалатын кез, ол үшін талап керек. Елдің болашағын, ертеңі мен тұтқасының бірге атқаратын жастар болып табылады. Қоғамдағы бір топ арзан атаққа құмар, екіншісі өмірлік сапары басталмай-ақ түңіліп, қараңғы түнекке кіріп жатады. «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан аз байлықты, ақылдың сөзін ұғып алатын жүректе жігер, қайрат, байлаулықтың, жоқтығынан азады» , - деген дана Абайдың айтқаны еске түседі.

Қазіргі заман - жаңа заман. XXI ғасыр электрониканың, интернет желісінің дамыған заманы.

Қоғам адамзат өркениетінің біліміне, рухани, адамгершілік - этикалық нормаларына тікелей қатысты дамиды. Біздің бүгінгі тәуелсіз еліміздің негізгі үміті - жастар. Жастарға сенім арту- барлық қоғамға тән құбылыс. Қоғам дамуының алғы шарты - адам факторы адамның білімі мен біліктілігіне тікелей байланысты. Олай болса жастарымыз - болашағымыздың қандай болары – бүгінгі білім мен тәрбиеде.

УДК 37.018.1

Кусаметова Г.К.
АРГУ им. К.Жубанова, г.Актобе
Абдираимова Э.К., Жумабаева А.А.
ЗКГУ им. М.Утемисова, г.Уральск

СЕМЬЯ - ИСТОЧНИК САМЫХ СОКРОВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ

«Я против разводов, необходимо воспитывать молодежь в духе ценности семьи, пагубности разводов, потому что из-за них прежде всего страдают дети».
Н.А. Назарбаев

Как говорит глава Государства Н.А. Назарбаев: "Семья – это стержень казахстанского общества, основа всех новых достижений нашей страны в экономике, культуре, социальной политике. Через крепкие семейные узы из поколения в поколение передаются все самые лучшие духовно-нравственные ценности нашего народа – толерантность, трудолюбие, любовь к родной земле, уважение к старшим, гостеприимство и устремленность в будущее.

Почти вся наша жизнь строится на основе семьи. С рождения до подросткового возраста мы живём в доме наших родителей. Через несколько лет мы женимся и создаём нашу собственную семью. В семье мы переживаем наш первый опыт любви в отношениях с нашими родителями. Эта любовь создаёт наш характер. Не важно - какая у нас позиция в обществе, какой уровень образования, богатства или известности - семья - это то место, где создаётся окружение долгосрочных отношений, заботы и даже образца для нашего развития [1].

Семья - это и школа любви, и школа нравственности, источник наших самых сокровенных ценностей.

Семья является непреходящей ценностью для развития каждого человека, играет важную роль в жизни государства, в воспитании новых поколений, обеспечении общественной стабильности и прогресса.

Важнейшая социальная функция семьи – воспитание и развитие детей, социализация подрастающего поколения. Воспитательный потенциал семьи включает в себя не только ее возможности в сфере духовно-практической деятельности родителей, направленной на

формирование у детей определенных качеств, но и те, которые закладывает семейная микросреда, образ жизни семь в целом.

Главная цель любой семьи – формирование нового, более лучшего и более свободного поколения. Выполнять эту задачу семья сможет тогда, когда она основана на духовных ценностях, на духовном единении, которое нужно понимать не как одинаковость характеров и темпераментов, а как однородность духовных оценок, общность жизненных целей и принципов родителей и детей. Такая семья учит ребенка правильному восприятию авторитета, высшего ранга другого лица, учит подчиняться, не унижаясь и не впадая в зависть или озлобление, так же учит ребенка правильному восприятию свободы, основанной на уважении свободы и права других.

Такая семья является школой здорового чувства частной собственности, самодеятельности и инициативы, социальной взаимопомощи и верности.

Ценностные ориентации — одно из основных структурных образований зрелой личности. Фактически это проблема смысла человеческого существования, которая разрабатывалась представителями различных научных школ: философии, социологии, психологии.

Считается, что понятие ценности впервые было введено Иммануилом Кантом в работе «Критика чистого разума». Философ противопоставил сферу нравственности (свободы) сфере природы (необходимости) и развивал представление о «мире должного» (мире ценностей и норм) в отличие от «мира сущего» (мира вещей и бытия)[3].

В начале XX в. немецкий философ и психолог Г. Мюнстерберг дал анализ мира ценностей. Считая, что природа вообще в основе своей свободна от ценностей, а индивидуумы в своих взаимоотношениях знают только условные ценности, он впервые в истории аксиологической мысли изобразил систему ценностей схематически в виде таблицы, демонстрирующей закономерность строения всеохватывающего мировоззрения человека, ценностного осмысления им мира[4].

Вслед за И. Кантом и Р. Мюнстер-бергом к проблеме ценностей обращались представители неокантианства В. Виндельбанд, Г. Риккерт. Так, Г. Рик-керт разработал учение о ценностях как основу теории истинного знания и нравственного действия. Познать, по Г. Рик-керту, — значит занять определенную позицию по отношению к ценностям[5].

Немецкий философ В. Виндельбанд предметом познания считал определенные правила соединения между собой представлений, которые люди должны произвести для того, чтобы мыслить правильно, а в качестве высшего критерия признавал истину как высшую ценность[6].

По мнению современного исследователя П. Е. Матвеева, Виндельбанд и Риккерт по большей части были заняты философским обоснованием существования ценностей, обоснованием наличия особого аспекта индивидуальных феноменов, которые являются ценностями[7].

Помимо философских размышлений значительный интерес для более глубокого изучения проблемы ценностных ориентаций представляют и социологические исследования. Первыми социологами, затронувшими ценностную проблематику, были М. Вебер и Э. Дюркгейм, которые обосновали необходимость изучения ценностей социологической наукой и внесли важный вклад в понимание общества как ценностно-нормативной системы[8].

Т. Парсонс рассматривал проблему ценностей в рамках своей теории социальных систем. Социолог полагал, что ценности являются основой интеграции субъектов в общество посредством взаимопроникновения между социальной и личностной системами[9].

В психологической науке проблеме ценностных ориентаций также уделяется достаточно большое внимание. В 1968 г. крупнейший американский психолог А. Маслоу в работе «К психологии бытия» посвятил проблеме ценностей отдельную главу. Ценность он трактовал как избирательную установку, производную от потребностей, а иногда отождествлял потребности и ценности, полагая, что они «связаны друг с другом иерархически и эволюционно»[10].

Перечень основных семейных ценностей, без сомнения, для каждой семьи будет уникальным и будет содержать бесконечное количество пунктов и подпунктов[11]

Каждый человек должен иметь четкое представление о тех семейных ценностях, которые способствуют укреплению фундамента для создания крепкой и дружной семьи. Знание моральных и нравственных устоев играет важную роль в укреплении доверия и повышения уверенности к каждому члену семьи. Есть разные семьи: и многодетные, и такие в которых только один взрослый и один ребенок. Они могут различаться по национальности и уровню образованности родителей, по их возрасту, социальному статусу и уровню жизни; могут жить в столице или в провинции. Какую же семью можно считать лучшей для ребенка с точки зрения

психологов? Чего каждый из нас имел право ожидать от своей семьи и своих родителей – ведь все мы когда – то были детьми?

Если ребенка сравнивать с молодым деревцем, то семья – это почва, на которой оно растет, и тот ландшафт, который его формирует. Одни растут в ухоженном саду, другие – в оранжерее, третьи – на скудной каменистой почве, четвертые – за высокой стеной, пятые – на семи ветрах. И вырастают деревца, конечно, разные.

Хорошая семья дает опору ребенку, помогает укрепиться в этом мире, позволяет почувствовать прочность бытия. В хорошей семье никто ни кого не защищает, она сама по себе – лучшая защита ребенку от любых внешних угроз, надежный тыл, его первый образ мира, который он затем всю жизнь будет проецировать на внешний мир – или спокойно доверяя ему, или боясь на него положиться. Быть опорой и защитой, вселяя уверенность и возвращать спокойствие духа – вот первое предназначение семьи.

Участвуя в общих заботах по дому вместе со старшими, ребенок осознает свою причастность к жизни всей семьи. Он постигает очень важные понятия: каждый член семьи (в том числе и он) имеет свои обязанности, от выполнения которых зависит чистота, уют, порядок, в доме; в семье существуют определенные законы, которым нельзя не подчиняться; действия всех членов семейного коллектива взаимозависимы и продиктованы общими интересами; все – старшие и дети – делают не только то, что хочется, но и то, что необходимо; каждый, выполняя определенные обязанности, делает это не только для себя, но и для других. Совместный труд дает почувствовать всем участникам равенство членов семьи, ответственность каждого перед семейным коллективом.

Эмоциональная атмосфера семьи – это тоже своего рода традиция. В одних семьях принято все дела, даже возникающие разногласия, решать спокойно, по-деловому. В других и обычный разговор ведется с раздражением, на детей принято покрикивать. Ясно, что в первом случае ребенок приучается реагировать на спокойное обращение, во втором – на сильные раздражители: не послушается до тех пор, пока не накричат на него.

Тональность отношений складывается из мелочей. Прислушайтесь, в каком ключе настроены голоса членов семьи. Как строится диалог? Что преобладает – раздражение, угрюмость или спокойствие, приветливость, вежливость или дерзость, юмор, шутка или ворчание?

Нельзя забывать о том, что мы воспитываем не только тогда, когда ребенка поучаем, внушаем ему понятие о добре и зле, объясняем, требуем… Мы оказываем воздействие постоянно, каждую минуту соприкосновения с развивающейся личностью. В воспитании участвует все – наши дела, мысли, чувства, суждения, интересы, вкусы, потребности, в общем, вся атмосфера семьи, которой «дышит» ребенок. И если ребенок видит в отношениях взрослых принципиальность суждений, самокритичность, взаимопомощь, чуткость, внимание, то и ребенок, включаясь в систему подобных отношений, приобретает положительные черты характера. Но если ребенок наблюдает в отношениях взрослых фальшь, равнодушие, невмешательство вместо принципиального, активного противоборства, стремление к материальным выгодам вместо моральных приобретений, то его воспитанность неизбежно ставится под угрозу.

Вот почему весь стиль жизни семьи стоит выверять с позиции нравственных критериев. Чему учится ребенок в семейном коллективе? Какие нравственные ценности приобретает от нас? Совпадает ли весь строй жизни семьи с требованиями, предъявленными к ребенку? Все эти и многие другие вопросы следовало бы почаще обращать нам к самим себе.

Семья — это первая школа жизни для нового, только что появившегося на свет человечка, это среда, в которой он учится использовать свои способности, чтобы понять внешний мир и справится с его непредсказуемыми подарками. Все, что вы узнали из вашей семьи становится вашей системой ценностью, на основе которых формируются ваши действия. Счастливая, радостная семейная жизнь — не случайность, а великое достижение, основанное на труде и выборе. Мы очень хотим в этой статьей достучаться до всех молодых людей без исключения. Создание семьи — ответственный поступок, который потребует от Вас много затрат времени, сил, энергии, денег. Но это достойное дело, это наше главное дело жизни. Хотим, чтобы наши поступки были достойны уважения.

Список литературы

1. Послание Президента РК «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее»

2. Современная молодая семья. Взрослые и дети:Н. Ю. Синягина — Санкт-Петербург, КАРО, 2007 г.- 208 с.
3. Кант И. Критика чистого разума / И. Кант. М., 1994.
4. Мачурова Н. Н. Жизненные ценности в понимании студентов : дис. ... канд. психол. наук / Н. Н. Мачурова. СПб., 2000. С. 28.
5. Риккерт Г. О системе ценностей / Г. Риккерт. М., 1914. Т. 1, вып. 1. С. 61.
6. Современная западная философия. М., 1991. С. 60.
7. Матвеев П. Е. Моральные ценности : автореф. дис. ... д-ра филос. наук / П. Е. Матвеев. М., 2006. С. 11.
8. Философия : учеб. / под ред. В. Н. Лав-риенко. М., 1998. С. 323—324.
9. Сурина И. Ценности. Ценностные ориентации. Ценностное пространство: Вопросы теории и методологии / И. Сурина. М., 1999. С. 11—12.
10. Маслоу А. Психология бытия / А. Маслоу. М., 1997.
11. Дружинин В.Н. Психология семьи. - Екатеринбург, 2000.

ӘОЖ 372.42

Құрманғалиева Б.Б, Кәрімова Б.М.
Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж, Орал қ.

БАЛАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА КӨЗҚАРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың тәрбиесіне зор мән берген. Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгіні де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста білім беру мекемелерінің алдына қоятын басты мәселелерінің бірі – өркениетті, азаматтық – адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа жолдауында «Біз әрбір адамның ар - намысын, жағымды қасиеттері мен беделін, жоғары адамгершілік, этикалық стандарттары және рухани құндылықтарын бағалайтын қоғам құруымыз керек» деп атап көрсетті. Қоғам өмірінің барлық сфераларында терең өзгертулер жүруде, соның ішінде келешек ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру да өзекті мәселе болып тұр. Сол себепті соңғы жылдары тәрбие берудің ауқымының кеңейіуіне байланысты оған қойылатын талап та жоғарылауда. Заман талабына сай білім беру жүйесі өзінің басым бағдарын жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғыдан кемелденуіне аудара бастады. Еліміздің білім беру жүйесіндегі реформа жас ұрпақтың әрқайсысының жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды мәселелерді шешудің түрлі жолдарын қарастыруды көздейді. Әр баланың азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ететін қоғамдағы негізгі де, жауапты сала, ол – білім беру жүйесі екені бәрімізге белгілі. Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Жаңұя тәрбиесінің түрлері мен мүмкіндіктері көп, әсіресе көргенді, ынтымақты, тату тәтті тұратын отбасында шаңырақ шаттығы- негізінен, қоғамдық сананың адамгершілік, кісілік, қайырымдылық, әдептілік, әділеттілік сияқты толып жатқан моральдық ұғымдарға негізделеді. Бала үшін отбасында ең алдымен, әке-шешесінің, ата-әжесінің басқа да ересектердің инабатты, кісілік үлгілерінің маңызы зор. Бала өз заманына тән кісілікті, әдептілікті, қайырымдылықты, тіпті бұзақылықты да алғаш рет осы өзінің отбасында меңгереді. Үй ішінде күнделікті айтылатын ұлағатты өсиеттері мен ақылы, ал жастардың оларға деген сый құрметі, адал көңілі, әдепті қылықтары, ерке-назы, жалпы алғанда, дұрыс қалыптасқан моральдық-психологиялық қарым-қатынастар отбасы өмірінің ерекше рухани бір байлығы. Осындай отбасында өскен балалар бақытты, олардың өмірден алатыны да, өмірге беретіні де көп болады. Балалардың бойындағы қабілеттің, қайсы нәрсеге бейімділігін, ол қабілеттер мен бейімділіктер

қашан, қай мезгілде пайда болатыны әлі де толық шешіле алмай келеді. Соның салдарынан дүниеде миллиондаған адамдар өздерінің болашақтағы орнын дұрыс таңдай алмай қиналады, сәтсіздікке ұшырайды. Отбасы мен ата-аналардың осы проблемаларды шешуге тигізетін пайдасы мол. Талапты жастарға мамандық таңдау үстінде дұрыс бағыт, кеңес беретіндер негізінен, ата-аналар. Себебі, балалардың сырын да, қабілетін де ата-аналарынан артық білетін адам жоқ.

Адамның ең асыл қасиеттерінің бірі – оның жұртқа ұнамды мінез-құлқы. Ол қасиет негізінен отбасында қалыптасады. Отбасы тәрбиесінің осындай ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін қоғамдық тәрбиенің міндеттері мен ұштастыра білсек, оның берері мол. Баланы тәрбиелеуге ата-ана жеткілікті мән бермесе, бұл істің нәтижесіз болары күмәнсіз. Абай былай дейді: “Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады. Біріншісі-ата-анадан,, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі-құрбысынан. Солардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады”. Сондықтан жұмыс қаншалықты қауырт болса да, қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де ата-ана бала тәрбиесін ұмытпауы тиіс. Балалардың болашақ қадамы отбасында басталатыны бәрімізге аян. Бала жақсы әдетті болса да, жаман әдетті болса да ең алдымен жанұяда алады.

Ата-аналар балаларын мәдениетті, кішіпейіл адал азамат етіп өсіргілері келсе, ең алдымен олардың өздері кіршіксіз таза адам болуы керек. Көпшілік жағдайда баланың бойында теріс қылықтардың пайда болу себебін жанұядағы үлкендер өздерінің бойынан іздемейтіні өкінішті-ақ.

А.С. Макаренко ата-аналарға арнаған еңбегінде “Сіздің мінез-құлқыңыз -жеткіншек тәрбиесіндегі бірден-бір шешуші құрал. Сіз қалай киінсеңіз, басқалармен қалай әңгімелесесіз, қалай қуанып, қалай қайғырасыз, достарыңызбен және қас адамдарыңызбен қалай қатынас жасайсыз, сіз қалай күлесіз, газетті қалай оқисыз, радионы қалай тыңдайсыз, міне, мұның барлығының да бала үшін маңызыерекше”- деген болатын.

Біз бала тәрбиесіне оң ықпал жасай отырып, оның табиғатын оятамыз. Баламен жүргізілетін әрбір істі қарапайым, әрі шешімі бар іс деп қарауымыз керек. Балалық шағының қызықты болуын ескергеніміз жөн. Бұл бала бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың бірден-бір жолы. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат - міндеттердің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, иманды, мәдени - ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу –біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Осы тұста балаларға әдеп, ізгілік, адамгершілік тәрбие беруге тікелей араласатын ата-ана, мектеп, оның ішінде мұғалімдер мен сынып жетекшілері болып табылады. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата - ана үлгісі» - деп, Ы. Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Тәрбиенің негізгі міндеті— қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың бойында борыш, намыс, ар- ождан, қадір- қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыру – заман талабы. Әр халықтың өзіне тән дәстүрі, оның білім беру мәдениеті осы оқу — тәрбие үрдісіне тікелей байланысты. Қазақ халқы – өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт – дәстүрін, әдеп – ғұрпын, рухани – адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу – тәрбие үрдісінде қолданылатын әдіс- тәсілдер, деректер ұлттық психология ерекшеліктерін ескеру қажет.

«Адамгершілік» — адам бойындағы «ізгілік», «сыйластық», «инабаттылық», «кісілік» сөздерімен мәндес. Халықтық педагогикада адамның жағымды мінез – құлықтарын осы ұғымдардан таратады. Мінез – құлық пен қарым- қатынастағы келесі әрекеттерді атап өтуге болады: адамды сыйлау, ар- ұятын сақтау, мейірімділік таныту, кішіпейілділік көрсету т.б.

Рухани – адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез- құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік

тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан- жақты дамып жетілуіне бағытталған.

Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді.

- Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу – тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.
- Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.
- Салт – дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани – адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу.

Міне, осы тұста қоғамға жан- жақты білімді, жоғарғы мәдениетті, еңбекқор, іскер ізденімпаз, қабілетті, шығармашыл тұлға қажет. Ондай тұлғаны орта және жоғарғы оқу орындары тәрбиелейді.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарттары – оқушылардың белсенді өміршіл, саналық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормаларынан ауытқуларына жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басының қалыптастырушы дамудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы Отанға, еңбекке қатынасын айқындайды. Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан- жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Себебі бұл оның адамгершілік сезімін, сенімін белгілі бір мақсатқа жетелеу іс –әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз шәкірттерінің ізгілігін, адалдығын, кішіпейілділігін қалыптастырады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиеттімді мақтан тұтам», — депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым.

Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» деген екен. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу — адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды. Ол үшін Ақанның осы үш қасиетін бала бойына дарыта білсек-ұлы жеңіс болары анық.

Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде мұғалім оқушыны тұлға ретінде танып біліп қана қоймай, оның дамуында кешегіні, бүгінгіні, болашақты көре білуі қажет.

Түйіндей келе, адамгершілік тәрбиесі – бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез- құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Сондықтан оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру маңызды орын алмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. С. Ғ.Тәжібаева Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы,Білім
2. О.К. Трубецкая Балалардың рухани- адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы
3. Л. Омарова Адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелері // Бастауыш мектеп
4. Н.Ә.Хайрушева «Қазіргі заман талабына сай мұғалім қызметінің өзгеруі» Журнал. Педагогика мәселелері №1

ӘОЖ 373.2

Мамбетова А.Т.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.
Кенжегалиева А.Ж., Ғазиева Б.С.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты Қазақстан халқына жолдауында «Жаңа жағдайға жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек» дей келе, жаңғыру жөніндегі ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп жас ұрпаққа сенім білдіріп отыр [1].

Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі болашағымыз. Жазушы М.Әуезов: «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі, өнеге білдіретіндігінен... Көпшілікті адамшылдыққа тәрбиелеу үшін жас буынды жақсылап оқыта отырып, тәрбиелеу қажет»,-дегенболатын.

Тәрбие –жас ұрпақтың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған күрделі, ұзақ процесс.

«Ерекше» балаларды оқыту, тәрбиелеу және оларды қолдауміндеттері Қазақстан Республикасының Білім туралы, 2002 жылы 11 шілдеде қабылданған «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңдарында, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауындаатап көрсетілген.

Әсіресе зерде бұзылысы бар балалар ерекше көмек пен қолдауды қажет етеді. Ең алдымен мұндай балаларды тәрбиелеуде түрлі жас кезеңіндегі бала дамуының психологиялық-педагогикалық заңдылықтарын біліп, жеке даму ерекшеліктерін ескеру қажет.

Зерде бұзылысы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде Ж.Итар, И.Гуггенбюль, Э.Сеген, В.П.Кащенко және т.б. айналысты [2]. Э.Сеген ауыр ақыл-ой бұзылысы бар балаларды тәрбиелеуге ерекше мән берді. Оның 1846 жылы шыққан «Воспитание, гигиена и нравственное лечение умственно ненормальных детей» атты еңбегіндетәрбиелеу қағидалары нақты болу керектігі және тәрбие келесідей «үштікті» қамтуықажеттігі атап көрсетілді:

1) белсенділікті, әрекетті тәрбиелеу – қозғалыс қабілетін, бұлшықет жүйесін, сезіну, сезімді дамыту;

2) ойлауды тәрбиелеу – қарапайым білім мен оқу, жазу, санау дағдыларын меңгеру, түсініктердің қалыптасуы.

3) ерікті тәрбиелеу, бойынша бұл адамгершілік тәрбиесіне сәйкес келеді[2,104б].

Сөйтіп ол ауыр ақыл-ойы бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу мүмкіндігін дәлелдеп берді.

Психолог Л.С.Выготский «Бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігі бар, оның бірі – бала психикасының даму шамасына орай тәрбие талаптары, екіншісі – кемістігін қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері» деп атап көрсетеді. Сонымен қатар, ол бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жолмен толықтыруға болатынын айта келе, ол үшін балаларғаүнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі түрде жүргізіп отыру керектігіне ерекше мән берген [3, 52].

Зерде бұзылысы бар оқушының интеллектуалды, физикалық, кәсіби еңбекке деген саналы қатынасы, еңбек дағдысы мен машықтарын игеру, өзгелердің еңбегін құрметтеу, қоғамдық еңбекке араласу, өмірін жоспарлау, мамандық таңдауға дайындау тәрбие үдерісінде қалыптасады. Әсіресе саналы тәртіпке, жақсылыққа, айналадағыларды құрметтеуге аса көңіл бөлінеді.

Арнайы мектеп оқушыларын тәрбиелеу үдерісі кезінде келесі заңдылықтар жүзеге асырылады:

Бірінші заңдылық тәрбиеленушінің интеллектуалдық және физикалық жаңа бейнелерді табу және де дамуының нақты сәтіндегі белсенділігімен анықталады. Арнайы (түзету) мектептің оқушылары мұғалім қойған талаптарды әрдайым түсінбейді де, оларға берілген әрбіржұмыс қиын, орындалмайтын болып көрінеді. Бұл орайда қолданылатын арнайы әдістемелік тәсілдер балалардың мұғалім қойғанталаптарды дұрыс орындап, іс-әрекеттіңжеңілдетілуінқамтамасыз етеді. Балалар ойнайды, тәрбиеші оқып жатқан кітабын

тыңдайды, сурет салады, ермексазды қолданады, яғни жоспарланған педагогикалық үдерістің қатысушылары болады.

Тәрбие үдерісінің екінші заңдылығы балалардың қажеттіліктерімен шартталған. Әрбір бала бір әрекетті жасауға ынта білдіреді. Біреуі ойнағанды жақсы көреді, ал екіншісі пирамидалардан үйқұрастыруға, келесі жақсы, батыл дельфиндер туралы бағдарламаларды тыңдағандықалайды. Әрбір тұлғаның жекеқызығушылығынескермеуге болмайды. Осындайжағдайларда тәрбиеші барлық оқушының қызығушылығынқамтитындай іс-әрекет жүйесінқұрастыруықажет. Арнайы оқыту мен тәрбиелеу жағдайларында осы заңдылық – түзетушілік-дамытушылық оқыту мен тәрбиелеудің негізігі бағыты ретінде қарастырылады.

Үшінші заңдылық – тұлға дамуы үшін ең нәтижелі бірегей-бөлшектік іс-әрекеті ретінде қарастырылады. Оның мәні, тәрбиеленуші мен мұғалімнің іс-әрекеті белгілі пропорцияда жүзеге асырылуы қажет. Бастапқы кезеңде мұғалімнің рөлі ұлғаяды, ал есейген сайын мұғалімнің рөлі төмендейді, бірақ та жойылмайды. «Бірге» мен «бөлек» іс-әрекетті қатынасының мөлшерін қалыпты дамыған және де түзету мектебінің оқушыларымен жұмыс істеген кезде анықтауқиын.

Төртінші заңдылық іс-әрекет объектілерге қатынасын және баланың ішкі күйін сипаттайды. Тәрбие үдерісі кезінде мұғалім балаға өзқатынасын білдіруі керек, яғни оның барлық іс-әрекетін тұрақты түрде құрметтеу мен сүйіспеншілік еріп жүретінін көрсетуі қажет. Сонда ғана тәрбиеленуші тәрбиешінің оған әрдайым көмекке келетінін, оны қорғап, әділетті, мейірімді және т.б. бола алатынын түсінеді.

Бесінші заңдылық бойыншамұғалім оқушының іс-әрекетін басқарады және осы іс-әрекетте сәттілік жағдайларын ұйымдастырады, оны әрбір бала сезіп көруі керек.Бірақ оқушы әрқашансәттілік жағдайын сезіне бермейді, ол осы сезімдерді не себепті пайда болғанын нақты анықтай алмайды. Ақыл-ойы кем оқушылар да сәттілік сезімін бастан кешті ме, жоқ па, соған нақты жауап бере алмайды. Осы уақытта оқушының іскерлігіне мұғалім немесе тәрбиеші баға беруі керек. Міне, дәл осы кез – сәттілік жағдайын құраудың негізі шарты.Бұл мадақтармен көрінетін ынталандыру жүйесі (мысалы, «жарайсың», «ақылдым», «сенің қолыңнан келетінін білемін», «сенің қолыңнан келеді»).Тәрбиеші сәттілік жағдайын қалыптастырып қанақоймай, оқушының сәтсіздік алдындағы қорқыныш сезімін төмендетеді. Түзету педагогикасында, оның ішінде олигофренопедагогикада сәттілік жағдайларын қалыптастыру үшін педагогикалық сендіру жолын қолдануды ұсынады.

Алтыншы заңдылық. Мұғалім не тәрбиеші іскерлігі тұтас педагогикалық ықпал ретіндеқарастырылады. Мұғалімнің қатысуынсыз бұл заңдылық іске аспайды. Тұтас педагогикалық ықпал – бұл оқушының күн тәртібі, өмірі жақсы ұйымдастырылуы, тәрбиелік шаралардың мазмұны және олардың өткізу формалары, оқушылардың шынайы өміргеараласуы, яғни оқушы тұлға ретінде өзін көрсете алатын жалпы іске қосылу мүмкіндігі. Арнайы мектепте жетекшілік рөлді мұғалім атқарады. Нақты ол оқушыда тәрбие үдерісінеқатысудыңжағымды қатынасын қалыптастыру үшін барлық жағдайларды жасайды [4, 45 б].

Түзету мекемелерінің жүйесінде тәрбие әртүрлі көріністерде болатын тұлғаның дамуы мен қалыптасуы ретінде қарастырылады. Ең бастысы, ақыл-ойы кем жасөспірімнің қоғамдағыөмірі саналы болуы, әлеуметтікқатынастар жүйесін және оның мазмұнын түсінуі керек.

Тәрбие көпжақтыжәне үздіксіз процесс. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке тұлға болып қалыптасуында рухани - адамгершілік, дене, экологиялық тәрбие беру маңызды орын алады. Зерде бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу үрдісінде адамгершілік тәрбиеге аса мән беріледі. Балаларда ерте жастан бастап адамгершілік сезімін қалыптастыру қажет. Арнайы мектепті бітірген соң көпшілігі өз өмірін бастайды, кейбіреулері отбасын құрады. Сондықтан жасөспірімдер жақсылық, әділдік, өзара көмек секілді ұғымдардың мәнін түсініп, осы қағидаға сәйкес өмір сүруі қажет. Зерде бұзылысы бар балалардың қоғамда дөрекі болып көрінбеуі маңызды. Сондықтан балаға тәртіп мәдениетін үйрете отырып, мәдени орындарға (театр, цирк, т.б.) апарған жөн. Тәрбиенің әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, баланы адамгершілікке тәрбиелеуде кітаптың орны ерекше. Кітаптың түзетушілік ықпалының барына мән беру керек [5, 14 б.].

Экологиялық тәрбие сабақтан тыс уақытта жүргізіледі. Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының сабақтағы тәрбие жұмысына қарағанда артықшылығы бар. Олар көбінесе еркін түрде өтеді. Экологиялық тәрбие бағдарламасы табиғат аясында экскурсия, зоологиялық және ботаникалық бақтарды аралау, табиғатты аялау, табиғат туралы кітап, видеофильмдерді қамтиды. Экологиялық тәрбие балалардың табиғат, адамның табиғаттағы орны туралы түсініктері қалыптасатын 2-3 сыныптарда басталады.

Арнайы (түзету) мектептеріндегі, түзету сыныптарындағы дене тәрбиесінің мақсаты арнайы жаттығулар мен қозғалыс тәртібі арқылы балаларға тұрмыстық, оқу, еңбек, әлеуметтік бейімделуі үшін негіз қалыптастыру. Дене тәрбиесі теориялық жағынан дәлелденіп, тәжірибе негізінде тексерілген әдістеме бойынша құрастырылған. Қозғалыс балалардың жалпы дамуына, сөйлеу, эмоция, зердесінің және мәдени тәртібінің қалыптасуына әсер етеді [6, 340 б].

Елбасы Н.Назарбаев «Еліміздің келешекте қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбие сіңіретінімізге тікелей байланысты» деген. Осы орайда арнайы мектептің басты мақсаты – мектеп түлегінің қоғамда өз орнын тауып, тұлға болып қалыптасуы. Жеке тұлғаны қалыптастыру, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, Отанын сүйіп, үлкен-кішіні сыйлауға, табиғатты аялауға үйрету – тәрбиенің басты мақсаты. Осындай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды.

Әдебиеттер тізімі

1. НазарбаевН.Ә. «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» Ел Президентінің Қазақстан халқына арналған Жолдауы.//Егемен Қазақстан, №70., 12 сәуір, 2017.
2. ЗамскийХ.С. История олигофренопедагогикики. М.: «Просвещение», 1980.
3. Выготский Л.С. Собрание сочинений: В 6-ти т. Т.5. Основы дефектологии.– М.: Педагогика, 1983. – 368 с.
4. Измайлова Ж.Т., Туралина Г.Б., Абилева С.А.. Олигофренопедагогика негіздері. Оқу-әдістемелік құрал – Павлодар, ПМПИ, 2012 – 101 б.
5. Буфетов Н.М. Нравственное воспитание во вспомогательной школе. – Алма-Ата: Мектеп, 1988, 88 с.
6. Никуленко Т.Г. Коррекционная педагогика: Учебное пособие/ Т.Г. Никуленко. – Ростов н/Д: Феникс,2006. -381 с.

ӘОЖ 323:342.41(574)

Муталова Д.С.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ҚАТЫНАСТАР МӘСЕЛЕСІ

Гендерлік қатынас - бұл қоғамдағы әйел адам мен ер адамның арасындағы қарым-қатынас. Әйел мен ер адам арасындағы қарым- қатынас - әлеуметтік дамудың маңызды факторы болып табылады, өйткені, олар екі үлкен әлеуметтік - демографиялық топты құрайды. Олардың қарым-қатынастарының сипаты қоғамда көптеген экономикалық, мәдени - әлеуметтік, саяси, рухани өмірдің себебі мен әсері болып келеді. Сондықтан да бұл қарым - қатынасты зерттеудің маңызы өте зор. Гендер түсінігі соңғы кезде елімізде ерекше жиі қолданысқа еніп, елеулі мәселеге айналып келеді. Гендер түсінігі қоғамдағы әйел мен ердің арасындағы олардың әр қайсысының әлеуметтік орнын анықтауға бағытталған ғылыми бағыт. Тұңғыш рет гендер (тек) ұғымын ғылыми тіркеске американдық психоаналитик Роберт Столлер 1968 жылы енгізді. Ол өзінің "Жыныс және гендер" кітабында жыныс пен гендердің айырмашылығын көрсете отырып, жыныс биологиялық, ал гендер психологиялық мәдени феномен екендігін дәлелдеді.

Гендер мәселесінің өзі Еуропадағы феминистік қозғалыстың дамуына байланысты туындайды. Алдымен әйелдердің бағыныштылық мәселелерін талдайтын әйел қозғалыстары мен зерттеулері пайда болады. Содан соң әйел мәселесінің талдауы жаңа сапаға ұласады - еркектер де, сондай-ақ әйелдер де тең дәрежеде ғылыми обьектілер болып табылатын гендерлік зерттеулерде, барлық әлеуметтік үдерістерге гендердің қатысуы мойындалады. [1].

Психологиялық зерттеулер ер балалар мен қыз балалардың өздерінің ата-аналарына еліктейтіндіктерін анықтаған. Гендерлік сәйкестіктің қалыптасуына ата-аналардың баланың мінез-құлқын мадақтап немес сынауымен байланысты болады.

Гендерлік стереотиптердің қалыптасуына сонымен қатар, БАҚ-ры маңызды роль атқарады.

Отбасы, тәрбиешілер, баланың құрдастары жыныстық әлеуметтендірудің маңызды элементтері болып табылады.

Гендерлік саясат - қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Бұл жерде бір жынысты төмендету немесе бір жынысты қолдау деген мәселе айтылмайды. Ер мен әйелдің отбасынан бастап, қоғамдағы қарым - қатынастарының реттелуі.

Қазіргі таңда гендерлік теңдік саясаты үкіметтік деңгейде жүргізіліп, әр түрлі іс - шаралар өткізілуде. Гендерлік теңдік - бұл ешкімді, оның ішінде әйел баласын жынысына ғана қарап кемсітпеу, яғни екі жыныс өкілдері үшін де маңызды.

ҚР әлемдік қауымдастыққа интеграциялану процесі барысында гендерлік саясатқа қатысты бірқатар жұмыстар атқарылды. 1998 жылы Қазақстан әйелдеріне қатысты барлық дискриминацияны жою туралы БҰҰ-ның конвенциясына қосылды. Сонымен бірге «Әйелдердің саяси құқықтары туралы», Халықаралық еңбек ұйымының 6 конвенциясы заңдастырылды. [2].

Қазақстандағы гендерлік саясатты жүзеге асырып отырған бірден бір орган – ол ҚР Президенті жанындағы әйелдер ісі және отбасылық – демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясы болып отыр.

Ұлттық комиссия 2005 жылдың 29 қарашасында ҚР Президенті жарлығымен қабылданған «Қазақстан Республиканың 2006-2016 жылдарына арналған гендерлік теңдік стратегиясы» негізінде жұмыс істейді. Стратегияның басты міндеті: билікке әйелдер мен ерлердің бірдей араласуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздікте бірдей мүмкіндікті қамтамасыз ету, өз кәсібін дамыту мен қызмет бабында өсу, отбасы міндеттері мен құқықтарын орындауда бірдей жағдай туғызу, жыныс белгісіне байланысты зорлық зомбылықтан босату болып табылады.

Тарихи дәстүр шежіресінде Қазақстанда қоғамдық дамуда әйелдерге маңызды рөл беріліп келеді. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық тұрмыс салты оны басқа түркі халықтарынан ерекшелейтін қасиеттің бірі-әйелдерге қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде қарауды қалыптастырды. Көшпелі өмір жағдайларындағы еңбек бөлінісі, қоныс-киіз үйлерді құрудағы әйелдердің араласуы олардың отбасындағы, рудағы қоғамдық-әлеуметтік рөлін көрсетіп берді. Қазақстан әйелдерінің Орта Азия әйелдерінен айырмашылығы, жоғары әлеуметтік статусқа ие болды, білімділердің қатарына жатып экономика мен қоғамда маңызды рөл атқарады. [3].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев Қазақстан әйелдерінің екінші форумында сөйлеген сөзінде әйелдердің қоғамдағы орны мен рөліне баса көңіл аударды. Форумда Президент Жарлығымен құрылған әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының бірінші кезектегі атқаруға тиіс міндеттерді бөліп көрсеткен болатын. Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде қалыптасуында әйелдердің де рөлі зор. Қазақстан әйелдері қоғамымыздың әлеуметтік-саяси қызметіне айтарлықтай үлес қосуда. Қазіргі кезеңде әйелдер қоғамның барлық қызметіне тартылуда. Олар барған сайын жаңа белестерді игеріп, тіпті бұрын әйелдердің ісі емес деп қаралған саладан көріне бастады, кәсіпкерлік ісінде де өздерін көрсете білді. Дегенмен ерлер мен әйелдер арасындағы гендерлік айырмашылықтар байқалады.

Гендерлік теңсіздік экономикалық, саяси және әлеуметтік салаларда көрініс табады. Осы салалардағы гендерлік теңсіздік мына себептермен байланысты:

- әйелдер мен еркектердің экономикадағы, еңбек нарығындағы, жұмыспен қамтылу саласы мен әлеуметтік-еңбек қатынастарындағы жағдайларына;
- капиталға қол жеткізуге, меншік пен билікке;
- әйелдер мен еркектердің шешімдер қабылдауға қатысуларына;
- отбасылық табыс пен уақыт ресурстарын бөлу кезеңіндегі үлеске.

Барлық осы көрсеткіштер бойынша әйелдердің мүмкіндіктері еркектермен салыстырғанда анағұрлым шектеулі. [4].

Өндіріс саласы, әдетте негізінен ерлерге ғана тән деп есептелінеді. Өйткені, ол дене күшін және төзімділікті талап ететін өндірістік қызметтер саласы болып табылады. Осындай жағдайларға қарамастан, XX ғасырдан бастап әйелдер қоғамдық өндіріске кеңінен тартылуда. Өткен ғасырдың басында өндірісте жұмыс істейтін әйелдердің үлес салмағы тұрғын халықтың 20%-ын құраса, жарты ғасыр өткеннен кейін, көптеген елдерде ол 35%-ға жетті. Әйелдер еңбегін қолданудың жедел артуына экономикалық, саяси, әлеуметтік және демографиялық факторлар әсер етті. Бүтіндей алғанда, жұмыспен айналысатын әйелдер саны артуының жалпы беталысына қарамастан, әйелдерді өндіріс саласына тарту мен ығыстыру алма-кезек жүріп

жатты. Қазіргі кезде әйелдер дүниежүзілік жұмыс күшінің үштен бірін, ал көптеген елдерде елеулі еңбек ресурстары әлеуетін құрайды.

Кеңес одағында әйелдер еңбегін өнеркәсіпте, әсіресе, ауыр өнеркәсіпте пайдалануға ерекше көңіл аударылды. Оны жоспарлы түрде пайдалану мүмкіндігін көптеген ғылыми-зерттеу институттары қарастырды. Сөйтіп, ана мен баланы қорғау, еңбекті қорғау жөніндегі ленинградтық институттар ауыр өнеркәсіпте жұмыс істейтін 138 түрлі кәсіптегі әйелдердің жұмысын зерттей отырып және «санитариялық-гигиеналық сипаты жағынан да, аурушаңдық, жарақаттанушылық және экономикалық еңбек тиімділігі тұрғысынан да, аталған кәсіптерде (слесарь, токарь, электр шебері, фрезерлеуші, металл пісіруші, краншы және басқалары) әйелдер еңбегін кең түрде енгізу үшін ешқандай қайшы көрсеткіштер жоқ деген қорытындыға келді. Соның нәтижесінде, шахтер Алексей Стаханов бастамасынан трактористер Паша Ангелина және біздің отандасымыз Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаева да қалыспады.

Қазіргі қоғам дамуының екпінді үдерістері жаңалық енгізу факторының материалдық-техникалық базасын құрайтын салаларда қазіргі негізде өндірісті жаңғыртуды жүзеге асыруға қабілетті, жоғары білікті мамандар қажеттігін күн тәртібінен түсірмей отыр. Бір жағынан, ертеден қалыптасқан ерлер мен әйелдердің өндіріс саласындағы бөлінісі сақталады. Мысалы, бүгінде өңдеу өнеркәсібінде 211,9 мың әйел жұмыс істейді (ерлер санының 60%-ы), ал кен өндіретін салаларда бұл көрсеткіш 50%-ды құрайды (630 мың еркекке, 318,8 мың әйел).

Тағы бір айрықша дерек өзін-өзі жұмыспен қамтитын тұрғындар арасындағы ең жоғары көрсеткіш тек әйелдер арасында байқалады, мұның өзі, біздің пайымдауымызша, еңбек рыногына әйелдердің көбірек икемделетіндігінің айқын айғағы болып табылады. Әйелдер арасында өз бетімен жұмыспен қамтылғандар үлесі 34,6% болса, ерлер арасында-32,1%. Осылайша, ауыл шаруашылығы саласында өзін-өзі жұмыспен қамтыған әйелдер ерлер санынан асып түскен (803,6 мыңға қарсы 873,2). Бөлшек және көтерме сауда саласында жұмыспен қамтылу жөнінен әйелдер үштен екіге көп. Әйелдердің 52,2%-ы ғылыми-техникалық салада жұмыс істесе, 72,5%-ы білім беру саласында, 74.7% - денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет саласында, 60,1% - өнер саласында еңбек етеді.

Әйтсе де, индустриялық-инновациялық даму үдерісіне әйелдер жеткілікті түрде тартылмай отыр. Мұның өзі, біздің көзқарасымызша, жаңғыртудың ілгерілеуіне кері әсер етуі мүмкін. Қазақстандағы кәсіпорындардың жаңғыру белсенділігі 4,3%-ды құрайды. Салыстыру үшін біздің көршілеріміз Ресей мен Қытайды алсақ, олар бұл көрсеткіштер бойынша 2 және 5 есеге асып түседі.

2013 жылғы статистика деректері бойынша, жоғары білімді жұмыссыз әйелдер саны осыған ұқсас ерлер көрсеткішінен 1,3 есе артып кетеді. Жұмыссыз әйелдер санының 23,4%-ы жоғары білімге, 26,5%-ы орта кәсіптік білімге ие. Ерлер арасында бұл көрсеткіш 17,5 және 26,2%-ға сәйкес. Жалпы алғанда жоғары білімді жұмыссыз әйелдер-62,8%, ерлер-37.2%.

2011 жылы 5 наурызда Астана қаласында Елбасының қатысуымен Қазақстан әйелдерінің алғашқы сьезі өтті. Осы сьезде Президент Қазақстанның 20 жылда қол жеткізген жетістіктерін талдай отырып әйелдердің мемлекеттік орган жетекшілері арасында 2010-2016 жылдарына арналған гендерлік теңдік стратегиясына сәйкес жопарланған 30 пайыздың 10 пайызын құрағанын айтып өтті. Сондықтан да Елбасы Үкіметке , Президент әкімшілігіне , Ұлттық комиссияға алдағы бес жылда әйелдердің шешім қабылдай алатындай деңгейге жеткізу мәселесі бойынша нақты жоспар жасап шығаруды тапсырды.

Индустриялық-инновациялық даму басымдықтарын ілгері жылжыту үшін, әйелдер жетекші мақсаттағы топтардың бірі болуы тиіс. Мәселенің өзектілігі 2011 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚЗСИ тапсырысы бойынша «Эпицентр» әлеуметтік технология агенттігі жүргізген социологиялық зерттеулер нәтижесі де көрсетіп берді. Респонденттер жауаптары ерлерге қарағанда, әйелдердің индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары жөнінде аз білетіндігін көрсетті. Тек «Ғылым туралы» Заңмен Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының базалық құжаттары жөнінде ерлерге қарағанда әйелдердің мәліметі жоғарырақ болды.

Оның негізгі себептері білім беру мен индустрияландыру ісінің өзара түйіспеуіне, ал ол кадрлар зәрулігіне, оның соңы индустриялық саладағы гендерлік үйлесімсіздікке әкеледі.

Бізде гендерлік сәйкессіздік айқын көрініс береді. Өнеркәсіпте ерлер әйелдерге қарағанда саны жағынан екі есе артық, ал әйелдер керісінше, білім беру саласында көбірек. Сөйтіп, әйелдер индустрия саласынан алшақтайды, себебі, ол көбіне-көп дене еңбегіне (демек, ерлерге) негізделген. Осыдан келіп әйелдер арасында елімізде жүргізіліп жатқан индустриялық-

инновациялық даму бағытын түсіну деңгейінің аз екендігі (индустрияландыру бағытын қолдау: ерлер-60%, әйелдер-53,9%) байқалады. [5].

Сонымен бірге, экономикаға қосқан әйелдер үлесін жете бағаламау мәселесі де бар. Әйелдер қазіргі кезде обьективті себептерден өндірістік емес, әлеуметтік, отбасы саласына қарай ығыстырылса, сонымен бірге, олардың қосқан үлесі, ерлердің өндірісте істегенінен, саны жағынан күрделірек бағаланады.

Статистика деректері бойынша, әйелдердің ІЖӨ қалыптастырудағы үлесі ерлерге қарағанда шамамен, 1,6 есе аз. Сонымен бірге, олар өндірген айтарлықтай әлеуметтік капиталды, әйелдер үлесі ретінде біз есепке алмаймыз. Соның ішінде, негізінен әйелдер атқаратын үй еңбегі және халық санын толықтыруды материалдық бағалау талдаудың сыртында қалады. Бұл экономика көлеміне әсер етеді.

Жыл сайын еліміздің әйелдер активімен кездесу кезінде Президент Н.Ә.Назарбаев көптеген маңызды мәселелер көтереді. Мұның өзі Мемлекет басшысының жан-жақты қолдау көрсете отырып, гендер мәселесіндегі түйінді өзгерістерге сенім артып, Қазақстандағы индустриялық-инновациялық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік-жетілдіру бағытындағы олқылықтардың орнын толтыру үшін аса ірі резервтерді пайдалану керектігіне маңыз бергенін білдіреді.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Қазақстанда әйелдер қатысуы тұрғысында, индустриялық-инновациялық даму барысында экономикалық дамуына ең белсенді және нақты күш-әйелдер капиталын қатыстыру керек. Еліміздің әрбір әйелінің міндеті отбасы, ошақ қасы деп түсінбей, қоғамның белді мүшесі ретінде саяси, әлеуметтік-экономикалық қызметтерге араласып отыруы қажет. Сонда ғана бұл мақсаттар өз нәтижесін бермек.

Әдебиеттер тізімі

1. Калабахина И. Әлеуметтік жыныс: экономикалық және демографиялық мінез-құлық. – М., 1998.

2. Әйел құқықтарын қорғау жөніндегі Халықаралық құжаттар: «Гендер теориясына кіріспе» курсы бойынша оқу-әдістемелік жинақтама. VII шығ. – Алматы, 1999.

3. Нұртазина Н. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйел: «Гендер теориясына кіріспе» курсы бойынша оқу-әдістемелік жинақтама. VII шығ. – Алматы, 1999.

4. Шокаманов Ю.К. Қазақстандағы адам дамуының үрдістері. – Алматы, 2011.

5. Шаукенова З. Индустриялық даму және әйелдер. //Егемен Қазақстан. -2012. - 20 сәуір.

ӘОЖ 373.1

Мухамбеткалиева Ф.К., Елеусинова А.Б.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

АДАМНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ

Әр адам үшін өзін-өзі қалыптастыруда тәрбиенің алар орны өте зор. Тәрбие - адам бойындағы мінез бен іс-әрекеттердің негізгі қайнар көзі. Тәрбиенің балалық шақтан бастап қалыптасатыны айдан анық. Алайда дұрыс тәрбие беру ең бірінші, ата-анаға, отбасы мүшелеріне байланысты. Кейде отбасында берілген үлгі-өнеге, рухани-адамгершілік құндылықтардың өзі де адамның толықтай өмір жолына сіңісіп кетуіне мүмкіншілік жасай алмайды. Себебі, адамның қалыптасуына тек отбасының ғана емес, өзін-өзі тәрбиелеудің де маңызы зор.

Өзін-өзі тәрбиелеу — адамның өз тұлғасын қалыптастыруға, өмірдегі өз орнын өзі белгілеуіне, өзін-өзі дамытуға, өз қабілеттерін өзі іске асыруға бағытталған мақсатты, саналы, жүйелі түрде өздігінен жүргізетін іс-әрекеті.

Адам өзін-өзі тәрбиелеуде асқан шыдамдылық, қиыншылықтарға төзімділік, ерекше ұстамдылық танытып, ұзақ уақыт қажымай-талмай, ерінбей-жалықпай жұмыс істей білуге машықтануы қажет. Себебі, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мүмкіндігі шексіз және бұл кез-келген адамның қолынан келетін тіршілік.

Әр адам – жеке тұлға. Қоғамда барлық адамдар біркелкі мінез-құлыққа, қасиетке ие болуы мүмкін емес. Олай болса, барлығының жеке өзіне тән даралығы, артықшылықтары мен

кемшіліктері болады. Бұл орайда, ең басты нәрсе – адам кемшіліктерінен өзін-өзі тәрбиелеу арқылы құтылуы. Бір адам өз бойындағы берекесіздіктен, екінші біреу – тұйықтықтан, үшіншісі – орынсыз ұялшықтықтан арылғысы келеді. Мұндайда ол келеңсіз қылығымен шама-шарқынша алысып, өзін-өзі қатты қадағалайды. Бұл үшін ол жоспар құрып, оған қажетті әр түрлі іс-әдістерді шаралармен белгілейді. Әрине, бұл белгілер жүйемен жүргізілсе, нәтижесіз де болмайды.

Психологиялық-педагогикалық ғылымдарда өзін-өзі тәрбиелеудің кең қолданылатын тәсілдері болып өзіне-өзі баға беру, өзіне-өзі бұйыру, өзін-өзі құптау, өзін-өзі түзету және т.б. саналады.

Өзін-өзі тәрбиелеу өзін-өзі бағалаудан басталады. Өзін-өзі бағалаудың негізін жеке адамның өзі қабылдаған құндылықтар жүйесі, тұлғаның жеке маңыздылықтар жүйесі құрайды. Өзін-өзі бағалау адамның өзін басқа адамдармен салыстыру арқылы қалыптасады және осындай салыстыру табиғи түрде жүргізіледі. Өзін-өзі нақты бағалау өзін-өзі тәрбиелеудің мақсаттарын дұрыс құрастыруға мүмкіндік береді.

Өзіне-өзі бұйыру дегеніміз адамның өзіне-өзі берген қысқа, үздік-үздік үкімі. Өзіне-өзі бұйыру адам өзін нақты бір іс-әрекет жасау керектігіне сендіріп, енді басқаша әрекет жасауға болмайды деп сезгенде ғана қолданылады. Бұйырықты түрде өзінен бір іс-әрекеттің орындалуын талап ету қажеттілігі адамның өз кемшіліктерін анық көріп тұрып, бірақ сол жоспарланған істі орындауға күші жетпей тұрған кезде қолданылады. Өзіне-өзі бұйыру еріктік процесспен тығыз байланысты. Өзіне-өзі бұйыруда жаттығу үшін адам өзіне дауыстап бұйрық беріп оны қайта-қайта қайталап орындап отыруы қажет. Өз бұйырығын екі апта аралығында орындап жүрген адамда өз бұйырығын автоматты түрде орындау әдеті пайда болады.

Адамның өзін-өзі тәрбиелеуде өзін-өзі құптаудын маңызы зор. Әр адамның есінде өздерінің үлкен жетістіктерге жеткен кездері жақсы сақталып қалады. Адамның жетістіктері оған рухани, интеллектуалдық, күш-жігерлік қорларының ішкі мүмкіншіліктерін байқатып, өмірдің жаңа белестерін жеңе алатынына сенімділік тудырады. Кейбір өмірлік жағдайларда адам «өткенді ойлап» осындай жағдайдан қалай жол тауып шыққанын еске түсіргені абзал.

Өзін-өзі бақылау — адамның өз іс-әрекеттерін, психикалық процесстер мен көңіл-күйлерін түсінуі, бағалауы және реттеуі. Бұл тәсіл адамға айналадағылармен сабырлы қарым-қатынаста болу іскерліктерін, басқа адамдардың кемшіліктеріне, әлсіздіктеріне, қателіктеріне шыдамды болуды үйретеді. Аталған тәсіл көмегімен адам шиеленіс жағдайларды реттеп, ұстамдылыққа, күрделі жағдайларда байсалдылық, сабырлық сақтауға үйренеді.

Өзін-өзі түзету адамға өз мінез-құлқын, кемшіліктерін, қателіктерін және басқа адамдарға деген қарым-қатынасын өзгертуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі түзету адамның өзіне сын тұрғысынан қарауына байланысты болады.

Орыстың ұлы жазушысы Л.Н.Толстойдың үлкен шығармаларының бірі «Ерікті дамытудың ережелері» деген еңбегінде адамгершілік қағидалары туралы кеңінен жазылған. Бұл еңбектен жазушының өзін-өзі қалайша тәрбиелегенін аңғаруға болады. Ұлы жазушы әр уақытта да бір нәрсеге ерекше назар аудара білу, шама келгенше нені болса да өзің істеу, тек ойындағыны ғана жүзеге асырып отыру, шарасыз жағдайда ғана бастаған ісіңді тастап екінші іспен айналысу, бір істің үстінде тек сол жөнінде ғана ойлап отыруға ерекше мән берген.

Тәрбиелеудің негізгі құралдарының бірі – күнделік. Күнделік – адамның өзін-өзі тәрбиелеу ісінде психологиялық жағынан құнды құжаттардың бірі. Мұнда ұстаз бен ата-ананың көзіне түсе бермейтін адам өмірінің көптеген қыры мен сыры қағаз бетіне түседі, яғни күнделік арқылы жас адам өзімен-өзі сырласып, мұңдасады. Мұнда ол өзінің мінез-бітістерінің кем-кетігін, нақтылы іс-әрекетін, айналасымен қарым-қатынасын, тіршілікте не тындырып, нені көздейтіндігін, асыл арман, асқақ мақсатын толғай тебіренеді.

Әлеуметтік орта - тәрбие жолындағы басты факторлардың бірі. Әлеуметтік орта – жеке адамның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік қатынас, олардың көп қырлы іс-әрекеттері. Әлеуметтік ортаның адамға ықпал жасауы нәтижесінде адамның дүниеге көзқарасы, құлықтық, эстетикалық және осы сияқты болымды қасиеттері дамып қалыптасады. Егер адамдардың қалыптасуына ортаның қатысы шамалы болса, онда орта адамдардың талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан адам өзінің дамуы үшін қажетті материалдарды осы әлеуметтік ортадан жинайды. Алайда ортамен қарым – қатынаста басты қағида – өзіңді сол ортада жайлы сезіну, ойыңды еркін әрі ашық білдіру, қандай жағдайда да өз тарапынан асығыстықпен қате шешім қабылдамау және т.с.с. Үлкен не кіші орта болсын ештеңеден қорықпай, мақсатыңды айқындап, дұрыс бағдар қоя біліп, соған жету жолдарын қарастырған

жөн. Әр ортадан адам әр түрлі ақпарат алады және тек ақпаратпен шектелмей, бойына күнделікті әдетке айналып кететін қасиеттерді де қабылдауы мүмкін. Ең бастысы, адам сол ортадан ізгі әрі игі қасиеттерді бойына сіңіруі.

Өз-өзіңді тәрбиелеу жолында белсенділік таныту бұл да басты бағыттардың бірі. Белсенділік – адамның іс-әрекеті үстіндегі жағдайын айтады. Тіршілік және іс-әрекеттері барысында адамның қарым-қатынас жасау, таным мен өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі дамиды. Белсенділіктің ең алғашқы формаларының бірі – қарым-қатынас жасау белсенділігі. Бұл адамның бүкіл өміріңде дамитын белсенділік. Қарым-қатынас жасау белсенділігі жеке адам қасиеттерінің (қайырымдылық, қамқорлық, т.б) қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Өзін-өзі тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері аз емес. Олардың бәрін тізбектеп, талдап жатуға мүмкіндік жоқ. Әрбір жастың жеке мүддесі ел тағдырымен, халық тілегімен орайласып жатса, ұжым мүддесін өз мұратындай қастерлей білсе, әке-шеше, ағайын- туыс алдындағы борышы мен жауапкершілігін терең түсінсе адамның өзін-өзі тәрбиелеу ісі мазмұнды да, жемісті болары сөзсіз.

Қорытындылай келе, бойына жақсы кісілік қасиеттерді дарыта алғандар ғана, өмір жолында кездесетін небір ауыртпалық пен қиыншылықтарға төзе біліп, өзінің дара жолын мығым орнықтыра алады. Осылайша, өзін-өзі тәрбиелеуде алдына қойған мақсат-міндеттерге жетеді.

Әдебиеттер тізімі

1.Жарықбаев Қ. Жалпы психология. Алматы, 2004ж
2.**https://referattar.kazaksha.info** «Өзін — өзі тәрбиелеу және оның тәсілдері»
3. **http://referat.int.kz**«Жеке тұлғаның тәрбиесі, қалыптасуы»

ӘОЖ 410.320

Мухамедьярова З.Т.
№9 ЖОББМ, Орал қ.

ОТБАСЫНДАҒЫ РУХАНИ –АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ РӨЛІ

Ана есімін әрқашан біз биік ұстаймыз.
Мұса Жәл
Нәзіктік атаулының жиынтығы-ананың алақаны, сондықтан да ол-сәби үшін ең жылы ұя.
Виктор Гюго
Ұлттың болашағы- аналардың қолында
Оноре де Бальзак

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Оқыту жастарға беріп қана қоймай, оларды қолдана білуге үйретуі тиіс. Оқытудың тәрбиелік компонентін күшейту маңызды. Патриотизм, мораль мен адамгершілік нормалары, ұлтаралық келісім, толеранттылық, денсаулық және рухани даму, заңды тыңдаушылық. Бұл құндылықтар барлық оқу орындарында, олардың меншік түріне қарамастан, игерілуі тиіс»-деп атап көрсетті.(ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық модернизациялау Қазақстан дам уының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 ж 27 қаңтар)

«Ақыл табылмай тұрып, ештеңе табылмайды. Ақыл жетілмей тұрып, ар-намыс шыңдалмайды. Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесін көгерпек түгіл өзінің көсегесін көгерте алмайды.» Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан Республикасының Президенті.

Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесі-мейірімділікке, қайырымдылыққа, өзара көмек көрсетуге бағытталған адамдағы ізгіліктік құндылықтарды ашуды көздейтін мектептің ең маңызды міндеті, оқу-тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан мектептегі тәрбиелік үдеріс оқушыларға жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тәрбие мен оқу қызметтерін біріктіретін жаңа дүниетанымды ашу керек.

Отбасы- адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті – отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. «Қыран ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» ғой. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-анасының қамқорлығын көріп, яғни ол өзін қоршаған шынайы махаббатты сезініп өсуі керек. Сонда өмірге деген шынайы көзқарастары қалыптаса бастайды.

Отбасының берік негізі осындай рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның тату болуы, береке-бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындарына байланысты. «Үлкенге құрмет-кішіге ізет көрсетудің мәнін ашып көрсете білуіміз керек.

Ғасырлар бойы қалыптасқан халық дәстүрлері мен салттарында, отбасы тәртібі солар арқылы қатаң реттеліп отырған. Мысалы, «Қызға қандай киім лайықты, шашты бір өрім бе, әлде екі өрім етіп өру дұрыс па, оны шашбаумен сәндеу керек пе, не орамалдың, не кимешектің астына жасырып қойған жөн бе?» Біздер әр баланың жүрегінде мәдениеттің бір бүршігі бар екенін ұмытпайық. Олар өздерін қоршаған ортадан мәдениетт ің адамге-каномисәулелерін сезініп өссе, атаның тәлімін естіп, батасын алса, әженің аңыздарын, ертегілерін естіп, жаны жақсылықтарға қанығып өссе, біздің болашақ ұрпағымыз білі,м л білімді ұрпақ қашан да жолынан жаңылмайды.

Ұрпақ-болашақ, ол адамзаттың болашағы, ал отбасы-кішкене мемлекет. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы-туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиенің маңызы зор. «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып», -Жүсіп Баласұғын айтқандай есі кіріп, тілі шыға бастағанда баланы байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп тәрбиелеу – ата-ананың басты міндеттерінің бірі.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы –туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиенің маңызы зор. Бала жүрегі-теңіз тереңіндей тұңғиық. Өз сыры, өз айтары бар. Оның көзіндегі тұнып тұрған сұрақтарды көріп, жауап бере білудің өзі-керемет дүние. Ол туралы Е.Өтетілеуовтың « Біздің шаңырақ» өлеңін келтіре кетейік:

Атамнан басталар
Әжеммен қосталар
Отбасым мыналар:
Ең жақын адамдар
Әкем мен анам бар
Бір туған ағам бар,
Бір туған анам бар.
Бәрін жақсы көремін
Еркелеймін, еремін.

Оқушыларды ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрметтеп, тәрбиелеудің маңызы зор.

Ана-өмір қолдаушысы әлемнің,
Шаңырақтың шаттығы мен шуағы.
Сейілмесін жанарынан ананың,
Тіршілікке төккен нұрлы шуағы.
Аялайық аналарды әрдайым
Қуанышқа бөлейікші өздерін.

Ана-барлық өмірдің бастауы. Ол адамды өмірге әкеледі, оны тәрбиелейді, өсіреді. Адам бойындағы барлық асыл қасиет күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды. Ана –ұлы адам, Ана құдіретті жан. Жақсы тәртіп көрсе бала күнінде,үлгісімен қуантады түбінде. (Жүсіп Баласұғын) Отбасы-адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Отбасының басты қызметі-баланы тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі-бұл тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажетті жағдайды жасайды. Бұған баланың қажеттілігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойына жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады.

Бала тәрбиесінде шешендік сөздер мен мақал-мәтелдердің де маңызы зор. Солардың бір шоғырын ұсынып көрейік: м, саған айтам, келінім , сен тыңда, атаңа не қылсаң, алдыңнан сол келер, атасын сыйлаған абыройға бөленер. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің, ағайынға қарап бала өсер, қарағайға қарап тал өсер. Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас . Атаға қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер, ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің, атаңның баласы болма, адамның баласы бол. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің, балалы үй мазар, баласыз үй қу мазар, ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер. Ананың сүті бал, баланың тілі бал. Әке-асқар тау, ана-шалқар көл. Анаңа ауыр сөз айтпа, әкеңе ауыр жүк айтпа. Өз үйім-өлең төсегім, үй ішінен жау шықса, тұра қашып құтылмассың, «сіз», «біз» -деген жылы сөз , ағйынға жарасар, қазаны басқаның қайғысы басқа, ата - баланың қорғаны, атаға баланың алалығы жоқ, балам-балым, баланың балас ы – жаным, ананың көңілі балада, баланың көңілі далада, балалы үйдің ұрлығы жатпас, балалы үй базар, баласыз үй қу мазар, бала-бауыр етің. Қыз ақылды ескермес, ана үлгісін көрмесе, ұл жарылқап ас бермес, әке үлгісін көрмесе (Қорқыт). Сонымен, отбасы-тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі, өз заңдылықтары бар шағын мемлекет. Отбасы-дүниеге шыр етіп келген күннен бастап, өмірдің ыстық –суығына төзімді етіп тәрбиелейтін, үлгі-өнеге көрсететін , бойға жақсы қасиеттерді сіңіріп, халыққа пайдасы тиетіндей толыққанды адам қалыптастыратын алтын ұя. Бізді ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрлерді сақтай білетін , елі мен жерін қалтқысыз сүйетін, тілі мен ділін, дінін ардақ тұтатын аяулы ұл –қыз өсіретін алтын мекен. Біздің ата-бабаларымыз отбасын тәрбиенің бесігі ғана емес, адамның болашаққа аттанар тұғыры деп есептеген. Өмірдің тұтқасы оттың басынан, ошақтың қасынан бастау алады деп санаған. Өйткені, қазақтың ошағы киіз үйдің ортасына орналасып, жан-жағына жылу шашқан, өмір нұрын сепкен.

Әдебиеттер тізімі

1. Өзін-өзі тану. №1, қаңтар-ақпан 2017 ж.
2. Өзін-өзі тану. №11, қараша 2013 ж.
3. Өзін-өзі тану. №9 (81), қыркүйек 2016 ж.

ӘОЖ 37.013

Муханбетжанова А.У.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,Атырау қ.
Муханбетчина А.Г., Калаханова С.Б.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,Орал қ.

ОТБАСЫНДА БАЛА ТҰЛҒАСЫ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ--ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жеке тұлғаның әлеуметтену процесі адамның бүкіл өмірінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, әртүрлі жас кезеңдерінде өз ерекшеліктеріне ие болады. Бұл әлеуметтенудің құндылықтарды және нормаларды игеру процесі ретінде адамның жасерекшелік психологиясына және оның әлеуметтік және еңбек қызметінің кезеңіне қарай дамуына байланысты болуында.

Дегенмен, дүниеге құндылық бағдарлары қалыптасатын құлықтық әлеуметтенудің ең бастапқы нүктесі адамның ерте балалық кезеңінде әлеуметтік мінез-құлық нормаларды, адамдардың қарым-қатынасын және өзара әрекеттесуін, әлеуметтік және құлықтық тыйым мен талаптарды игеруінен бастау алады.

Осыдан келе, әлеуметтенудің ең маңызды факторларының бірі отбасы институты екеніне көз жеткіземіз. Отбасы бала үшін әлеуметтік тәжірибені жинақтаудың ең қуатты механизмі. Отбасындағы бейресми қарым-қатынас, бір-біріне қатысты махаббат пен қамқорлық ахуалы, күнделікті пайдалы қызмет, құндылықтар, көзқарастар баланың құлықтық қалыптасуы үшін бірегей мүмкіндіктер жасайды.

Ғылыми еңбектерде отбасына түрлі анықтамалар беріледі, ғалымдар отбасын қоғамдық институт ретінде де, кіші әлеуметтік топ ретінде де қызмет етеді деп қарастырады.

Отбасының педагогикалық жалпы сипаттамасын бергенде оны бір жағынан индивидті қоғам ықпалынан қорғауға, екінші жағынан - оны әлеуметтендіруге, яғни осы қоғамдағы өмірге бейімдеуге бағытталған тұлғааралық өзара әрекет жүйесі ретінде қарастыруға болады.

А.К.Шарафаддинов отбасын «өмірге қабілетті ұрпақты тәрбиелеудің алғашқы және қажет жағдайы, ол эмоционалды қалыптасқан, өзін реттей алатын және өздігінен жаңғыратын функционалды жүйе, ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдерінің комплементарлығымен сипатталады; адамның базалық қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін өмір салты» ретінде қарастырады [1].

Отбасы ондағы индивидтердің өзара әсері нәтижесінде тұлғаның дамуының персоналды микроортасы рөлін атқарады. Отбасының нақты құрылымы, мүшелерінің іштей орналасуы және топтастырылуы реті болады. Отбасының тіршілік етуінің негізіне тұлғааралық, отбасыішілік және сыртқы байланыстар, бірлескен іс-әрекет және демалыс барысындағы өзара әрекет, ақпарат алмасу, өзара тәрбиелеушілік әсерлер, өзара көмек, ой мен істің бірлігіне ұмтылу, сонымен қатар отбасы мүшелерінің әрбірінің индивидуалды ерекшеліктері секілді қарым-қатынас жүйесі жатады. Отбасында бала өмірлік маңызды барлық іс-әрекеттерге араласады – интеллектуалды-танымдық, еңбектік, қоғамдық, құндылықты-бағдарлық, көркем-шығармашылық, ойын, еркін қарым-қатынас.

Отбасы - бұл әр түрлі жасты әлеуметтік топ: оның құрамында екі, үш, кейде төрт буын өкілдері болуы мүмкін. Ал бұл бір үйде әр түрлі құндылық бағдарлар, өмірлік құбылыстарды бағалауда әр түрлі критерилер, әр түрлі идеялар, көзқарастар, пайымдаулар бар екенін білдіреді. Мұндай әр түрлі позициялар кейде қиысып, кейде қарама-қарсы болуы мүмкін.

Заманауи психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде отбасын зерттеудің негізгі бірнеше бағыттарын бөл3п қарастыруға болады:

- Отбасын әлеуметтік феномен ретінде зерттеу (Н.И. Анчукова, Ю.Е. Алешина, Г.М. Андреева, Е.В. Антонюк, А.Н. Волкова, С.И. Голод,В.Н. Дружинин, И.С. Кон, С. Кратховил, Н.Н. Обозов, А.Н. Обозова, Ю.Н. Олейник,В.А. Петровский, А.В. Петровский, А.С. Спиваковская, Т.М. Трапезникова және басқалар);

– жеке тұлғаның дамуында отбасы рөлін зерттеу (А.Я. Варга, Н.И. Пезешкиан, В. Сатир, А.С. Спиваковская, Э.Г. Эйдемиллер, В.В. Юстицкис и др.);

– отбасына психологиялық көмек мәселелері (Ю.Е. Алешина, Н.И. Пезешкиан, А.З. Шапи ро, Э.Г. Эйдемиллер, В.В. Юстицкис және басқалар);

– отбасының өмірлік циклі (Л.Ф. Бурлачук, А.Н. Волкова, Л.Я. Гозман, С.И. Голод, В.Н. Дружинин, В.А. Сысенко, А.Г. Харчев, Т.Ю. Чистякова, Б.Ю. Шапиро және басқалар).

«Әлеуметтену» терминіне де әртүрлі анықтамалар беріледі. Психологиялық сөздікте «Әлеуметтендіру - субъектінің жеке қарым-қатынастарда, ісәрекеттерде қолданатын әлеуметтік тәжірибені игеру және қайта құру нәтижесіне бағдарланған эволюциялық үдеріс» деген анықтама беріледі. [2].

Н.В. Губиннің пікірінше, әлеуметтену «адамның әлеуметтік құндылықтар мен нормалар, әлеуметтік тәжірибе және білім арқылы игеру үдерісі, сол арқылы ол қоғамның толыққанды мүшесі болады» [3].

Жеке тұлғаны әлеуметтену үдерісінде отбасының шешуші рөлі оның өсіп келе жатқан адамның денелік және рухани өмірінің бүкіл кешеніне терең әсер етуінде. Отбасы баланың тіршілік ортасы, сонымен қатар, тәрбиелеу ортасы да болып табылады.

Т.В. Андрееваның пайымдауынша, «отбасы мен бала бір-бірінің айна бейнесі. Нәтижесінде, отбасында басқа еш жерде даруы мүмкін емес қасиеттер қалыптасады».

Отбасы баланы өмірге дайындайды, бұл оның ең алғашқы және терең әлеуметтік мұраттардың қайнар көзі.

Адам мінез-құлқының әлеуметтік немесе психологиялық аспектілерінің барлығы қазіргі немесе бұрынғы отбасылық жағдайларға байланысты.

Әлеуметтену үдерісі жеке тұлғаның белгілі бір әлеуметтік мәртебені иеленуімен сипатталатын әлеуметтік жетілу деңгейіне жеткенде белгілі бір дәрежеде аяқталады.

«Отбасы», «ата-ана», «отбасылық тәрбие» және «әлеуметтену» өзара тығыз байланысты ұғымдар.

Әр адам өмірінде ата-аналар ретінде үлкен және жауапты рөл атқарады. Олар балаға жаңа мінез-құлық үлгілерін үйретеді, олардың көмегі арқылы ол айналасындағы әлемді таниды. Ата-анасына еліктеген бала олардың барлық әрекеттерін қайталайды. Бұл үрдіс бала мен ата-ана арасындағы оң эмоционалдық байланыстардың арқасында қарқынды бола түседі, бала ана мен

әке сияқты болуға ұмтылады. Ата-аналар бұл заңдылықты, яғни баланың жеке басының қалыптасуы өздеріне байланысты екенін, түсінген кезде олар өздерінің барлық іс-әрекеттерін баланың бойында адами құндылықтар мен қасиеттердің қалыптасуына үлгі болатындай етіп түзейді. Мұндай тәрбиелеу үрдісі саналы болып табылады, себебі ата-ананың өз мінез-құлқына, басқа адамдарға қатынасына бақылау жасауы, отбасын ұйымдастыруға көңіл бөлуі балаларды қолайлы жағдайларда тәрбиеленуге мүмкіндік береді.

Көптеген ғалымдар (Я.А. Коменский, П.Ф. Лесгафт, И.Г. Песталоцци, Ж.Ж. Руссо, В.А. Сухомлинский, К.Д. Ушинский Ш.А. Амонашвили, Е.Н. Водовозова, және басқалар), әртүрлі тарихи кезеңдерде өмір сүре отырып, ата-аналықтың құндылықтық басымдылықтарына келесілерді бөліп көрсетті: анасының не әкесінің баласына деген эмоционалды-құндылықытық қатынасы; өзара ұқсасту, яғни ана мен сәбидің идентификациясы, ол балада алдымен анасына сосын әкесіне, кейін әлемге сенімін қалыптастырады; іс-әрекеттер мен өзара қатынастардың элементарлы әлеуметік тәжірибесін беру, әлемді алғашқы тану мен терең байланыстардың пайда болуы [4].

Бала дүниеге келгеннен анасы оны қолына алып, алғашқы қарым-қатынас орнатады. Баланың ішкі «Мені» ата-анасымен қатынасқа түскен сәттен бастап қалыптасады. Сәби ересектерге толықтай тәуелді, ол жақындарының қасында қорғаныс сезімі мен қажеттілігінсіз тіршілік ете алмайды. Сондықтан, адам инстинктивті түрде өзі дүниеге келген отбасына жақын болу қажеттілігін өмір бойына сезінеді.

Ата-анасына сезінетін сөзсіз махаббат балалық логикаға сүйенеді: отбасына тиесілі болса онда бір мүшесіне ұқсау керек. Аналық немесе әкелік тәрбие балаға өмірінің алғашқы кезеңінде әсіресе үлкен маңызға ие, себебі бұл кезеңде жеке тұлғаның базалық негіздері мен әлемге қатынасы қалыптасады.

Отбасындағы тәрбие табиғатынан сезімге негізделеді. Отбасы бастамасы махаббат сезіміне негізделеді, оның мүшелері бір-біріне наздық, мейірімділік, қамқорлық, шыдамдылық, жарқын пейілділік, кешірімділік, борыш сезімі т.б. қарым-қатынаспен қарайды. Осы сезімдер толқыны баланың өзін бақытты сезінуіне, жақсы дамып жетілуіне жағдай жасайды. Бала отбасында өзін ыңғайлы сезінеді, сыртқы ортадағы жағымсыз әсерлерден қорғанады. Ал ата-аналар беделді кеңесшілер, көмекшілер, қорғаушылар, өзінен үлкен достары бейнесін сомдайды.

Бірақ мұнда да өзіндік парадокс бар. Сезімдердің көрінуінің өзіндік шегі болуы керек. Ата-ана махаббаты жетіспесе бала мейірімсіз, қатыгез, басқа адамдарды түсінуге қабілетсіз, өрескел, құрдастар ұжымымен сыйыспайтын, ал кейде – тұйық, мазасыз, шектен тыс ұялшақ болып өседі. Шектен тыс махаббат, еркелету, асыра құрметтеу мен аса қастерлеу кішкентай адам бойында ерте кезден эгоизм мен эгоцентризм, шектен тыс нәзіктік, еркелік, менменшілдік, екіжүзділік секілді теріс мінез сапаларының қалыптасуына әкеледі.

Егер отбасында қажет сезімдер сәйкестігі мен үндестігі болмаса, бала құлықсыз жағдайда тәрбиеленсе, елірген, кейде опасыз, ұждансыз құмарлықтар, балаға қатысты теріс эмоционалды көріністер әсеріне ұшыраса, мұндай отбасында баланың дамуы қиындайды, отбасылық қатынастар тұлға қалыптасуының жағымсыз факторына айналады.

Отбасында ана махаббатын, жүрек жылуын сезінбеген балалар тұлғалық және ақыл-ой қабілеті жағынан кеміс болып өсуі мүмкін. Өз басының мәселесін шеше алмайтын ата-аналар балаларына қажет эмоционалды қолдауды таныта алмайды. Осыдан келіп қиын отбасындағы ортада депривация көп кездесетіні айқындалады.

Осының барлығын талдай келе, ата-ана қатынасы екі жақты және қарама-қайшы болатынына көз жеткіземіз. Бір жағынан бұл - шексіз махаббат және баламен терең өзара байланыс, екінші жағынан - балада құнды сапалар мен мінез-құлық тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған объективті бағалаушы қарым-қатынас.

Көптеген зерттеулерде балалардың қалыптасуына әсер ететін отбасылық қатынастар барысындағы негізгі факторлар ретінде мыналарды қарастырады: 1. эмоционалды қатынас, махаббат; 2. бақылау мен талаптардың ерекшеліктері.

Отбасындағы эмоционалды қатынасқа негізделген отбасы мүшелері өздерін біртұтас жүйе ретінде сезінеді және бірін-бірі қолдап, жылулық танытады. Сүйіспеншілік пен симпатиядан туындаған мұндай қарым-қатынас отбасылық өмірде және балаларды тәрбиелеуде кездесетін фрустрациялық қайғыруларды азайтуға көмектеседі. Эмоционалды қарым-қатынастың бұзылуы бала тұлғасының қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В. (2000) отбасылық терапиядан жинақтаған бай тәжірибесін жалпылай келе, ата-ананың баласына деген эмоционалды қарым-қатынасының бұзылуының көп кездесетін түрлерін бөліп қарастырды [5]. Соның бірі – «ата-аналық сезімдердің көрінбеуі» - мұнда ата-ана бала іс-әрекеттері мен жұмысына қызығушылық танытпайды. Олар ата-ананың міндеттерін ауырсынады, баланы баққаннан гөрі одан маңызды жұмыстарды жасау дұрыс деген пікірде болады. Ата-ана сезімдерінің айқын көрінбеуі отбасылық тәрбиенің ерекшеліктеріне байланысты болады, мысалы, ата-ана өздері балалық шағында өз ата-анасынан жылы қарым-қатынас пен мейірімділікті сезінбеген жағдайда жиі кездеседі. Осылай кіші кезінде анасының жылы алақанын сезінбеген қыз өскенде тәрбиенің жазалау шараларын (ұрысу, соғу) қолдануға бейім келеді және балаларына барлық ашуын шығарады. Сонымен қатар, жас ата-аналарда да ата-аналық сезімдері әлі де әлсіз болады, бірақ оларда есейе келе күшею тенденциясы бар.

Отбасында коммуникативті үрдістердің бұзылуы орын алуы мүмкін. Қарым-қатынас барысында отбасында өзара қажеттіліктер жөнінде келісім жүреді, бірін-бірі қабылдау және мінез-құлқын интерпретациялау жүзеге асады. Сондықтан дәл осы отбасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуына үлкен әсер етеді.

Тиімсіз коммуникация, яғни отбасындағы пікірлердің немесе вербальды емес қарым-қатынастардың қарама-қайшы болуы, хабардың вербальды және вербальды емес деңгейлерінің сәйкес келмеуі, отбасы мүшелерінің бірін-бірі қабылдаудағы және жалпы тұтастай отбасын қабылдаудағы қателіктер, «талдауға болмайтын» тақырыптардың көп болуы және т.б. балада коммуникативті және тұлғалық қиын мәселелердің қалыптасуына әкеледі.

Ата-ана отбасында меңгерген түсініксіз және қарама-қайшылығы мол коммуникация стилін кейін адам өз отбасын құрғанда қолданады.

Баланың психикалық дамуына әсер ететін көп факторларды психотерапевтілермен тапқан. Олар ересек адамдармен жұмыс жасай келе, олардың жан ауруларымен ауратындарында балалық шағында отбасының бұзылуы, ата-анадан оқшауланып, қоғамдық орында тәрбиеленуі, ата-ана арасындағы жанжал, ата-ана мен бала арасындағы суық қатынас пен тәрбиенің қатаң әдістері болғанын тіркеген.

Ата-ананың баласымен қарым-қатынасының бұзылуы баланың өскенде мінез-құлық акцентуациясының күшеюіне апаруы мүмкін. Яғни, баланың әлеуметтік бейімделуі бұзылады, мінез-құлқында ауытқушылық болады. Бұл акцентуациялар көбіне жасөспірімдік кезеңде айқын байқалады.

Егер балалық шақ ата-аналарды сөзсіз тыңдау, мойынұсыну, талаптарына сай болуға тырысумен ерекшеленсе, жасөспірімдік шақ өзін-өзі танып білу, өзін мойындату кезеңі. Ата-ана талаптары мен өзінің «Менін» сақтап қалу арасындағы тартыста жасөспірім өзін-өзі көрсетудің жаңа мүмкіндіктерін іздестіреді, достар арасында жаңа рөлдерді байқап қарап немесе сүйікті әнші, спортсмен, тележұлдызға еліктеп көреді. Балаларға өзін тану және қызығушылын анықтау үшін сан түрлі нұсқаларды байқап көруге мүмкіндік беру керек. Сонда ғана, бала ата-ананың оған теліген мақсат мұраттарына жету емес өзінің қалауымен өмір жолын таңдау арқылы сәтті әлеуметтенуі жүзеге асады.

Қорыта келе, баланың отбасында дұрыс әлеуметтенбеуінің салдары сан түрлі болуы мүмкін: балалардың мінез-құлқының, эмоционалдық аясының бұзылыстары, коммуникативті құзыреттіліктің дамымауы, өмір жолының адасуы, кәсібінің дұрыс таңдалмауы, тіпті болашақ отбасын құрудағы қиындықтардың болуы т.б. Ғалымдардың сан мәрте зерттеулері көрсеткендей, антиәлеуметтік тұлғалардың қалыптасуы көпшілігінде отбасында қалыптасып орнаған өзара әрекеттесу мен қатынастар салтының бұзылуы себебінен туындап отыр.

Отбасындағы әлеуметтену үдерісінің табысты өтуі үшін ата-аналар мен балалардың жағымды өзара қатынасын қалыптастыратын психологиялық-педагогикалық принциптерге сүйенуге болады:

- Баланың көмек пен қолдауға келісімін беруі;
- Тәрбиеленушінің жеке күш-қуаты мен мүмкіндіктеріне сүйену, осы мүмкіндіктеріне сену;
- Баланың қиындықтарды өзбетті жеңе білу қабілетіне бағдарлау;
- Бірлесу, бірге әрекет ету, серіктестік;
- Конфиденциалдылық;
- Жылы жүзділік және баланың іс-әрекетіне баға қоймау;
- Қауіпсіздік, денсаулық, құқық және адами ар-ожданды сақтау;
- «Зиян келтірме» принципін жүзеге асыру;
- Үдеріске рефлексивті-аналитикалық тұрғы.

Отбасы жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуында бірегей рөлін іштей сауығып, іштей ынтымаққа қол жеткізген жағдайда ғана атқара алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Шарафаддинов А.К. Отбасында ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттырудың педагогикалық шарттары: Канд. дисс. автореф. А., 2005.

2. Словарь психолога-практика. / Сост. С. Ю. Головин. – М.: Аст, 2005. – 236 с.

3. Глоссарий психологических терминов / Под. ред. Н. В. Губина. – М.: Наука, 1999. – 512 с.

4.Сухомлинский В.А. Избранные педагогические сочинения. В 3 т. Т. 1. М.: Педагогика, 1979. 560 с.

5. Эйдемиллер Э.Г., Юстицкин В. Психология и психотерапия семьи. СПб.: Питер, 2001-656 с.

6. АмбаловаС.А. Влияние семьи на социализацию личности ребенка. / Вектор науки ТГУ. Серия: Педагогика, психология. 2015. № 3 (22)

ӘОЖ 373.3

Мұханбетжанова Ә. М., Имашева А.А.
Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ.
Самуратова Ж.Б.
«Назарбаев зияткерлік мектеп» ДБҰ-дың «Білім беру бағдарламаларының орталығы» филиалы, Астана қ.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолауының «Адами капитал – жаңғыру негізі» жетінші бағытында *б*ілім берудің жаңа сапасын қарастыру мақсатында «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет.Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады. Бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар» делінген[1].

Білім мен ғылымды дамыту – еліміздің адам ресурстарының сапасын арттырып, оның бәсекеге қабілетін қамтамасыз етудің алғы шарттары болып табылады. Білім мен ақпаратқа бет алған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі ретінде қарастырылуда. Бүгінгі күні Қазақстандық білім жүйесі өзгерістерге ілкімділікпен жауап бере алатын болу қажеттігі туып отыр.

Қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі - білім мазмұнын жаңарту болып табылады. Білім беру мазмұны оқушыларға тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, оқушы тұлғасын дамытуға, өмірлік проблемаларды өз бетімен және тиімді шешуге, тұлғаны өзін – өзі анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін – өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әмбебап білім, тәжірибе және қабілеттердің жиынтығын меңгертуге бағытталған[2].

Жаңартылған білім жүйесі педагогтарды құзыреттілікке және сапаға бағыттайтын бағдарлама болып табылады. Жаңартылған бағдарлама оқушыға қолайлы білім беру ортасын құра отырып оларды сын тұрғысынан ойлауға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тәжірибе жасауға, АКТ-ны қолдануға, коммуникативті қарым-қатынасқа түсуге, жеке, жұппен, топта жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Оқушылардың оқу жетістігін бағалау критерийлік бағалау жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушылардың белсенді қызметпен айналысуы арқылы берілген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді. Психологтар мидың қызметін талдай отырып жүргізген еңбектерінде меңгерту шеберлігі тек белсенді қызмет арқылы жүзеге асатынын, оқушы тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екендігін көрсетеді. Сондықтан, мұғалімнің сыныптағы іс-әрекеттеріне әдістемелік құралдар немесе оқулықтардан гөрі, пәннің қалай оқылуы керектігі жөнінде ойлағаны шарт. Осыған байланысты егер де дайын білім беретін «дәстүрлі» стилмен оқытатын мұғалімдер сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғысы келсе, өздерінің де сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңашыл идеяларға көңіл бөлгендері жөн.

Сабақ барысында әлеуметтік өзара әрекеттестік оқуда маңызды рөл атқарады. Тақырыпты мұғалім меңгертіп түсіндіргеннен гөрі, бірігіп топпен оқу тиімді, яғни білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынас оқуда ерекше маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда жаңартылған білім беру үдерісінде оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек.

Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау мәселесі - білім беру жүйесіндегі көкейкесті, өте маңызды мәселелелердің бірі. Бағалау мәселесін теориялық тұрғыдан қарастырған психологтар мен педагогтар: Б.Г.Ананьев, Ш.Амонашвили, Л.И.Божович, Дж. Брунер, У.Джеймс, М.И.Лисина, А.Н.Леонтьев, И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин, Д.Б.Эльконин, Д.Ж.Мид, Э.Эриксон, К.Роджерс, И.М.Чеснокова т.б. Ғалымдардың зерттеулерінде бағалаудың онтогенезі, оның құрылымы, атқаратын қызметтері, қалыптасулардың мүмкіндіктері мен заңдылықтары қарастырылған. Бағалау адамның өз іс-әрекетінің реттелуіне тікелей қатысушы жеке адамдық құрылым, жеке адамның автономды мінездемесі, жеке адам белсенділігінің орталық компоненті ретінде алынады. Адамның өз дене күшін, ақыл-ой қабілетін, іс-әрекет мотивтері мен мақсатын, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасын сезінуі өзіндік бағалау арқылы жүзеге асырылады. Бағалаудың ерекшелігі жеке тұлғаны тәрбиелеу қарым-қатынасы мен талаптану деңгейіне тәуелді.

Б.Г.Ананьев өзара түсінісу процесінде адамда екі түрлі білім: басқалар және өзі жайлы қалыптасады деп көрсетеді. И.М.Чеснокова бойынша сана-сезімнің мынадай екі деңгейі бар:1. «Мен және басқа адам» шеңберінде өзі жайлы білім қабылданады және оны басқа адам түсіндіреді, ал кейін ол өзіне ауысады.2. «Мен және мен» шеңберінде адам өз мінез-құлқын жүзеге асыратын мотивациясымен байланыстырады[3].

Ш.Амонашвили өзінің эксперименттік оқыту жүйесінде мазмұндық бағалау жүйесін енгізді. Баланың оқу танымдық әрекетінің тиімділігі баланың өзін өзгертуге бағытталады, яғни оның бойындағы жаңатүзілім ретіндегі жеке жетістігі, тұлғалық сапасы деп есептейді[4].

Дж. Брунер оқытудағы маңызды тәжірибені дамыту бойынша бірнеше өте маңызды кеңестер ұсынды. Брунер теориясының ажырамас бөлігі «Жаңалық ашу» және «Егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға және өзін ашушы болуға рұқсат етілсе, алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды[5]. Оқытудың мұндай типінің артықшылығына төрт аспектінің арасында: біріншіден, зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы; екіншіден, сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; үшіншіден, жаңалық ашу арқылы және соңғысы, жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі.

Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау – қай кезде де маңызды мәселе. Мектепте ата – аналар мен мұғалімдердің арасында оқушылардың бағасы жөнінде дау туып, ата–аналар балаларының бағаларының төмендігіне, «баға әділ қойылмады», — деп мұғалімдерге қарсы келіп жатады. Бұл келіспеушіліктің алдын алудың бірден – бір жолы оқушылардың білімін критерий арқылы бағалау. Критерий арқылы бағалауды пайдаланғанда, мұғалімдер мен оқушының арасында ашық қарым – қатынас болады да, ата – ана мен мұғалімнің арасындағы түсініспеушілік жойылады.

«Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққан және бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін–өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін мұқият бақылауы болып табылады.

Бүгінгі таңда білім берудегі жаңартылған бағдарламада жаңа әдіс – тәсілмен сабақ өткізу барысында осы бағалаудың алатын орны ерекше, себебі бұл оқыту үшін бағалау, сондай-ақ оқуды критериалды бағалауды зерделеуге бағытталған. Бұл мұғалімдерге: бағалаудың түрлі нысандарын түсінуге; бағалау түрлерінің бара бар мақсаттарын анықтауға және негіздеуге;

бағалаудың формалды және формалды емес жүйелерін анықтауға, бағалауға; әркімнің оқу сапасын жақсарта алатынын түсіндіруге көмектеседі.

Дәстүрлі бағалау жүйесі оқушының нақты қай деңгейде екенін анықтап бергенімен, баланың оқу нәтижесінің жақсаруына, нәтижеге жетуіне мүмкіндік бермейтіні белгілі. Өйткені, оқушылар тек үй тапсырмасын орындау арқылы немесе ереже айту, бір тапсырма орындау арқылы да бағаланатын. Критерий арқылы бағалау бұл әдісті, яғни бағалау әдісін өзгертеді. Тек қана критерий арқылы бағалау емес, теориялық білімімді практикамен ұштастыру барысында түйген ойы, оқушының өзін және өзгені бағалауы оқушыға артылған үлкен жауапкершілік, сенім болып табылады. Сондықтан да, оқушы өз міндетін жақсы атқарудың жолдарын қарастыруға талпынады және қызығады.

Критерий арқылы бағалауды енгізгенде оқушы білімінің қай деңгейінде тұрғанын зерделей отырып, әлсіз тұстарымен жұмыс жасауға мүмкіндік алуға болады. Критерий арқылы бағалау – оқушыны алға жетелеу құралы. Осы бағалаудың оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруда, сындарлы оқуын және түсінуін дамытып бағалауда маңызы зор және осы бағалау негізінде балалар ертеңгі күнге ынталанып, ұмтылысы пайда болады.Сабақ барысында бағалауға қажетті критерийлер оқушылардың көз алдында тұрады және оқушылар сол критерийлерге жеткен — жетпегендерін бақылап, соған жетуге ынталанып, ұмтылып отырады.

Критерийлік бағалау – бұл білім алушылардың оқу және дүниетанымдық біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін нақты анықталған, бір-біріне сәйкес келетін білімнің мазмұны мен мақсаты, сонымен қатар олардың оқу жетістіктерін бағалау үшін алдын-ала анықталған критерийлер.

Критерийлер – пәннен нақты тақырыпты меңгеру барысында білім алушылардың орындайтын іс-әрекеттері, яғни оқу мақсатын жүзеге асыруға арналған өлшемдер. Критерийлер көрсеткіштер арқылы шешімін табады, әр нақты тапсырмаға арналған бағалау критерийлері берілген оқу тапсырмасын орындаудың нәтижесі қандай болуы керек екенін дәл көрсетеді, ал кез келген көрсеткіш бойынша бағалау – бұл қойылған мақсатқа білім алушылардың қаншалықты жеткендігінің анықтамасы. Критерий – нәтижені бағалаудың қойылған талаптарға сәйкестігі бойынша шешім қабылдаудың белгісі, негіздемесі, ережесі.

Критерийлік бағалау жүйесі білім алушыларды әділ бағалау проблемасын шешуі және оларды неғұрлым жоғары жетістіктерге жетуге жетелеуі тиіс. Бағалау жүйесі:

– оқу материалы мен практикалық дағдылардың қаншалықты табысты меңгерілгені және қалыптасқандығын анықтауға мүмкіндік беруі тиіс;

– білім алушылардың өз жетістіктерін өздерінің бағалауына ынталандыру және дамыту механизмі қалыптасуы тиіс;

–оқытушы, білім алушы, ата-ана және мектеп ұжымы арасындағы үздіксіз қарым-қатынасты қарастыруы және қамтамасыз етуі тиіс;

– нақты бір топқа бірдей қолдануға арналуы тиіс;

– білім алушының психологиясына байқап ұқыпты қарауды, психологиясын жаралайтын, зақым келтіретін жағдаяттардан қашық болуды қамтамасыз ететіндей құрылуы тиіс.

Критерийлік бағалау жүйесінің артықшылықтары:

– оқу пәнінің мақсаттарына сәйкес келеді және әділ бағалауды арттыруға мүмкіндік тудырады;

– жетістік деңгейлері нақты құрастырылған;

– бағалауды білім процесіне қатысушы білім алушылар, ата-аналар, педагогтар үшін бірдей түсінікті етеді;

– өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасайды;

– білім алушының өз еңбегінің нәтижесіне жауапкершілігін тәрбиелейді;

– білім алуға қызығушылығын арттырады;

– білім алушыларды сабақтың әр кезеңінде бағалау мүмкіндігін жасайды (білім алушылар қорытынды бағаның неден шығатынын көреді).

Білім алушыларға бағаның қайдан шығатыны түсінікті болуы үшін, оларға әр түрлі критерийлер ұсынылады. Осы кезеңнің ең маңызды сәті, білім алушыларға өзін және басқаларды бағалауға мүмкіндік беру болып табылады. Бағалау критерийлерін оқытушы өзі немесе білім алушылармен бірігіп те әзірлеуі мүмкін: бұл оқытудың осы кезеңінде білім алушылардың меңгеруі тиіс стандарты болып табылады.

Критерий дегеніміз – бұл білім алушылардың білуі, түсінуі, өзгертуі, дәлелдеуі тиіс фактілер, ұғымдар мен дәлелдер. Критериалды бағалау жүйесі бір оқушыны басқа оқушымен салыстыру жағдайыН болдырмайды, бағалаудың қосымша мүмкіндіктері пайда болады, сонымен қатар білім алушылар өз жетістіктерін бір немесе басқа критерийлер бойынша жетілдіру мүмкіндігі болады.

Жекелеген жұмыстарды бағалай отырып, білім алушының назарын қорытынды баға қойылған жалпы жұмыстың бір немесе басқа құрамдас бөлігінен қол жеткізген жетістігіне аудартады. Критериалды бағалау әдісі білім алушының оқу әрекетіне қызығушылығын арттырудың және тұлғалық тәсілдің ықпалды құралы болып табылады. Бағалау жүйесінің аталған технологиясын енгізу барысында әр білім алушы дамудың нақты деңгейіне қол жеткізе алады, себебі бұл технология оқушының алға басуына және өзін-өзі танытуына бағытталған.

Критерийлік бағалаудың жүйесі:

– сабақтың әр бөлігіндегі дайындық деңгейін;

– пәннің оқу бағдарламасындағы мақсаттарын орындау қабілетін анықтауға;

– тұлғаның даму жетістігін бақылауға;

– білімді меңгеру барысында жіберген қателіктерін анықтауға;

– өзі орындаған жұмысқа берілген бағаның әділдігіне көз жеткізуіне мүмкіндік береді;

Критерийлік бағалаудың білім алушылар үшін де, педагогтар және ата-аналар үшін де маңызы бар. Мысалы, білім алушылар:

– өздерінің танымдық және ойлау қабілеттерінің деңгейін арттыру үшін оқытудың әр түрлі әдістерін қолдану;

– жаңа білімді меңгеру барысында табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсіну;

– сын тұрғысынан ойлау, өз ойын еркін айту, білімін көпшілік алдында көрсету (ұсыну), өзін-өзі және сыныптастарын бағалау арқылы кері байланыс орнату мүмкіндігіне ие болады;

– өзбетінше жаңа білім алу, оқу әрекетін ұйымдастыру, мақсат қою, жоспарлау, өзін-өзі бақылау және өз әрекетінің нәтижесін бағалау, өз әрекетінің болуы мүмкін нәтижелерін алдын-ала болжау дағдыларын меңгереді;

– бастапқы фактілер мен болжамдарды, теориялық модельдер мен нақты нысандарды түсіндіру үшін, олардың арасындағы айырмашылықты түсіну мүмкіндігіне ие болады;

– белгілі фактілерді түсіндіру және ұсынылған болжамды эксперименттік жолмен тексеру, процестер мен құбылыстардың теориялық модельдерін әзірлеу үшін болжамдар мысалында ыңғайлы оқу әрекетін меңгеру;

– қабылдау, өңдеу және ақпаратты сөз, образдық, белгілік түрлерде беру, алынған ақпаратты қойылған мақсатқа сәйкес талдау және қайта өңдеу дағдыларын қалыптастыру;

– танымдық мақсаттарды жүзеге асыру үшін ақпараттың жаңа технологияларын, өз бетінше іздеу, талдау және іріктеп алу үшін түрлі ақпарат көздерін пайдалану;

– монологтік және диалогтік сөйлеуді дамыту, өз ойын жеткізу және сұхбаттаушысын тыңдай білу білігі, оның көзқарасын түсіну, басқа адамның ойларын қабылдау мүмкіндігі;

– ерекше жағдаяттарда қажет болатын әрекет түрлерін, проблемаларды шешу әдістерін және эвристикалық әдістерді меңгеру;

– әлеуметтік түрлі рөлдерді орындау арқылы топта жұмыс істеу білігін қалыптастыру, оқыту және өз көзқарасын және пікірін қорғау, пікірталас жүргізу.

Педагогтар:

– оқытудың сапалы нәтижесіне жеткізетін критерийлер құрастыру;

– білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, әр оқушыға арналған критерийлер немесе тапсырма түрлерін жоспарлау;

– бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалану;

– білім алушылармен және олардың ата-аналарымен кері байланыс орнату мүмкіндігі.

Ата-аналар:

– өз баласының білім жетістіктерін бақылау;

– білім сапасының және нәтижесінің сапасымен танысу;

– оқуына қолдау көрсету бағытын білу мүмкіндігі.

Педагог критерийлік бағалау жүйесін қолдану үшін білім алушылардың дайындық деңгейін және ерекшеліктерін ескере отырып, пәннің оқу мақсаттарына сәйкес «білу және түсіну», «қолдану», «сыни ойлау және зерттеу», «коммуникация және рефлексия» және т.б. критерийлері бойынша дескрипторлар әзірлеуі тиіс. Әр критерий оқушының тапсырманы

орындауын жүйелі бағалануына мүмкіндік беретін дескрипторлардан тұрады, сонымен қатар білім алушылар осы дескрипторларға сүйене отырып өз жұмысының нәтижесін бағалай алады.

Қорытындылай келе, жаңартылған білім берудің бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін – өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді. Бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Критерий құру арқылы бағалауда тек оқушы жетістігі ғана бағаланады, орындалған жұмыстары алдыңғы берген үлгімен салыстырылады. Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік алады және ата – анасына ақпарат бере алады. Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түседі. Олар өз білімінің деңгейін саралап, алға ұмтылады, жақсы жетістікке жетуге тырысады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолауы. Астана, 2018 10-қаңтар.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс – қимыл жоспары. Астана, 2012-http//www.nao.kz
3. Мұханбетжанова Ә.М., Мұханбетжанова А.У. Жаңартылған бастауыш білім мазмұнының педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері. // БҚМУ Хабаршысы № 4 (64) – 2016. 12-29б.
4. Ананьев Б.Г. Развитие детей в процессе начального обучения и воспитания. // В кн.: Проблемы обучения и воспитания начальной школе. – М.:Учпедгиз, 1960. – 183 с.
5. Амонашвили Ш.А. Обучение. Оценка. Отметка. – М., 1980. – С.18 – 20.
6. Брунер Дж. Исследование развития познавательной деятельности. – М.: Педагогика, 1971.- 391с.

ӘОЖ 371.011

Нұрашева Г.С., Галимова А.У.
Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі, Орал қ.

АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚ – АДАМДЫҚ ҚАСИЕТТІҢ ӨЛШЕМІ

Адамгершілікке тәрбиелеу құралы-
еңбек пен ата-ана үлгісі (ЫБырай Алтынсарин)

Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздегі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психологиясы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу отбасының, білім беру ошақтары мен барша халықтың міндеті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, егеменді даму жылдарында барша қазақстандықтарды біріктіретін және ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Жолдауда бұл құндылықтар атап көрсетілген: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Президент сонымен қатар, жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін беретін белсенді, білімді және дені сау азамат қалыптастыру міндетін қойды.[1,4]

Жас ұрпақтың адамгершілік тәрбиесі қай кезде де назардан тыс қалып көрген емес. Бүгін де оқушылардың адамгершілік тәрбиесін жоғары деңгейде жүргізу маңызды мәселе ретінде саналады. Адамгершілік – (орысша нравственность) қоғамдық өмірдің объективтік заңдылығына сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір имандылық шарттарын білдіретін ұғым. Жалпы осы адамгершілік мәдениеті мәселесі төңірегінде педагогика классиктері: Я.А.Каменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Н.И.Ильминский, еңбектері ерекше орын алады.

Қазақ зиялы қауымынан: А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедовтер жалғастырған. Адамгершілік ілімінің және адамгершілік тәртіптің сәйкес келуі – азаматтың, оқушылардың жоғары адамгершілігінің дамығандығының айғағы. “Адамгершіліктерің жоғары болсын. Бұл сендердің ең басты міндеттерің” деп жазды философ жазушы Ж.Ж.Руссо. Осы идеяны қазақ жерінде жалғастырушы педагог Ы. Алтынсарин мынадай адамгершіліктің түрлерін атап көрсетеді, 7 жақсы қасиет:

Бірінші: Имандылық.

Екіншісі: Жоғарғы әділдік.

Үшіншісі: Адалдық, ақкөңілділік.

Төртіншісі: Сыпайылық, момындық.

Бесіншісі: Адал ниетпен өсиет беру.

Алтыншысы: Жомарттық, қайырымдылық.

Жетіншісі: Дұрыс заңдылық. [45,8]

Ал Абай: “Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол” деп жырлаған болатын. Өмірде адам неғұрлым ақылды, мейірімді болған сайын, соғұрлым өзгенің жақсылығын да бағалағыш келеді. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Абайды үлгі еткен өнер-білімді, адамгершілік ізгі қасиеттерді өзіне ұран тұтқан.

Ш.Құдайбердиев балаға қатарыңнан қалма, өтірік, өсек айтпа, ұрлық-зорлыққа әуес болма, жалқаулықтан, жамандықтан қаш, өнерлі, өнегелі елдердің жастарынан үйрен, оқу оқып, білім ал, талаптан деп өсиет айтады.Ақынның «Адамдық борышың» өлеңі адамның адамшылық қасиеттерін ашатын құнды дүние болып отыр.

Адамдық борышың-
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да, білім мен өнер үйрен:
Білімсіз,
Өнерсіз
Болады ақыл тұл.
Мақтанға салынба,
Мансаптың тағы үшін,
Нәпсіңе билетпе
Басыңның бағы үшін.
Өміріңді сарп қып өлгеніңше,
Жоба тап,
Жол көрсет,
Келешек қамы үшін.
Қайтадан қайырылып
Қауымға келмейсің,
Барыңды,
Нәріңді тәңірлікте бергейсің,
Ғибрат алар артыңда із қалдырсаң,
Шын бақыт,
Осыны ұқ,

Мәңгілік өлмейсің!,-деп Шәкәрім атамыз жас ұрпаққа алған білім,ғылымыңды келешекте халқыңа қызмет етуге жұмсау адамдық борышы екенін баса айтады.Ақынның адамгершілік туралы ойларының қай- қайсысы да өсиет,үлгі ретінде келеді. [62,7]

С.Қожахметов шәкірттердің адамгершілік пен әдеп, саналы тәртіпке тәрбиелеу мәселелеріне байланысты бірнеше еңбек жазды. Автор өз еңбегінде дүниежүзілік педагогиканың классигі Ян Амос Каменскийдің “Тәртіп жоқ мектеп – сусыз диірменмен тең” дейтін афоризмін эпиграф етіп алады. Ол “Саналы тәртіп оқушылардың еңбекке, оқуға саналы түрде өзінің бар ықыласымен қатысуын, мектеп мүлкіне ұқыпты болуын, туысқандарына, жолдастарына көзқарас, қарым-қатынасы, сыпайы, қадірлі, қошеметті болуын талап етеді ”.

“Ұлттық тәрбиенің негізі–адамгершілік, еңбек тәрбиесі”,-дейді М.Жұмабаев. Адамгершілік тәрбиесін сәби шақтан озық түрде баулу керек. М.Әуезовтың педагогика,

методика мәселелері жайлы мәселе көтергені белгілі. “Ғылым” атты еңбегінде: “Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, алған үлгі, өнеге білетіндігінен және түзелу, бұзылу жас уақытта болады. Көпшілікті адамгершілікке тәрбиелеу үшін жас буынды тәрбиелеу қажет. Адамшылықты таза жүргізу үшін – көп ой керек, ойлау үшін оқу керек және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, ақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңіліне жақсылықпен тәрбие беру керек”.

В.Соловьев: “Адамгершілік бір адамның екінші адамға сыйлай салатын заты емес, ол өзінің тәжірибесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайы”- деп адамгершіліктің құндылығына ерекше тоқталған. Тәрбие мәдениеті — өмірдің өзі сияқты күрделі де көп қырлы. Қоршаған ортаға, адамдарға, өзіне, өмірге деген көзқарастарда жеке адамның дүниетанымы, көзқарасы, ұмтылысы, нанымы байқалады. Сондықтан жеке адамның адамгершілік сферасын қалыптастыру- тәрбиенің өзегі» [3, 88 бет.].

Табиғат – адам тәрбиешісі. В.А.Сухомлинскийдің пікірінше адамгершілік тәрбие беру дегеніміз – баланы гүлге су құюға немесе тазалыққа үйрету емес, ол баланың санасына табиғат дегеніміз – біртұтас жүйе, ол адам мен табиғаттың бірлігінен құралатындығын жеткізу.Адамдарды сүю, оған жақсылық жасау, жанашыр болу – адамгершіліктің белгісі. Адамның шынайы байлығы затта емес, рухани қазынада. (В. Сухомлинский).

Американдық психолог Л.Кольберг адамгершілік тәрбиелеудің басты мақсаты мінез-құлықты қалыптастыру емес, ұтымды пікір айту қабілеті деп түсіндіреді. Адамгершілік туралы түсінікті қалыптастыруда түсіндіру, ақыл-кеңес, нұсқау, бағыт- бағдар беру тәсілдерін қолдану адамгершілікті тұлға қалыптастыруға негіз бола алады.

Қорыта айтқанда, ғалымдардың көпшілігінің пікірі оқушыларға адамгершілік мәдениетін қалыптастыру сөзге емес, тікелей қоршаған ортадан алған әсерлеріне негізделуі керек деп есептейді. Адамгершілік ұғымын талдау оның ізгілік, гуманизмнің синонимі ретінде адамның игі мақсатына айналғанда пайда болатын қарым-қатынастар жүйесі мен қоғамдық ахуал ретінде неғұрлым кең мағынада қолданылатындығын көрсетеді.Сонымен қатар адамзат тарихында адамгершілікке байланысты пайда болған категорияларға жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, тағы басқалары жататындығын көрсетеді. Еңбекке тәрбиелеу, патриоттық тәрбие, эстетикалық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі, экологиялық тәрбие, дене тәрбиесі. Осы барлық тәрбиенің өзегі-адамгершілік тәрбиесі, бірақ ол жападан жалғыз әрекет етпейді, ол осы аталған тәрбие түрлерімен бірлікте, демек адамгершілікпен қоса барлық тәрбие түрлерімен біріге келе адамгершілік мәдениеті мен сапалары қалыптасады. Адамгершілік сапаларын индивидтің өзі анықтап, адамгершілік ұстанымын да өзі қалыптастырады. Адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында жоспарлы түрде әр қилы әрекеттерді ұйымдастыру керек. Адамгершілік құндылық – адамдық қасиетінің өлшемі. Оның жақсылыққа талпынуы, өзге адамға жанашырлық білдіруі. Айналадағы адамдарға қайырымы, өмір сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып сол арқылы дүниені — әлемді тануы.

Адамгершілік қасиеттері отбасында, қоршаған ортада, балалар бақшасында, мектепте, адамдардың іс-әрекетінің барысында бір- бірімен араласуы нәтижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы қалыптасады. Адамгершілікті, оның жоғарыда айтылған категорияларын қалыптастыру үшін жүргізілетін қатынастар аз емес, өте көп. Олар: дос-жарандармен, ата- анамен, оқушы мен ұстаздың арасында қарым- қатынас орнату, өзара сыйласу, қонақжайлылық, жолдастық, достық, туыстық қарым- қатынастар.

Халыққа білім беру ісінің зор қарқынмен дамуы бүгінде мектептерде жылдан-жылға оқу-тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюды талап етеді.Яғни, оқушының – ақыл-ойын, сезімін, еркін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген адам болып өсуі. Жетілген тұлға болу, яғни, басқаларды жақсы көру, өз махаббатын адамдарға арнау.

Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжге келген 1 курстан бастап студенттерге адамшылыққа баулитын «Қағида» жаттаудан бастау алады.

Біз қазіргі жастардың жаһандық әлемде, ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқанын және олардың барлық салада, тіпті идеологиялық көзқараста да керемет таңдау мүмкіндіктері бар екенін естен шығармауымыз керек. Осы бағытта колледжде «Жеке тұлғаны қалыптастыру» моделіне сай рухани-адамгершілік тәрбиенің бағыттарына негізделген тәрбие жұмысы жүргізіліп, жан-жақты дамыған, құзыретті, жігерлі де қайсар, белсенді жастар тәрбиеленуде.

Оқу орнында п.ғ.д. Ш.Х.Құрманалинаның авторлығымен жасақталған «Жеке тұлғаны қалыптастыру моделі» атты тәрбиелік жұмыс жүйесі жолға қойылып, әр студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. Модельдің 5 бөлімі (Жанұя, Ұжым, Қоғам, Әлем, Мен – жеке тұлға) рухани-адамгершілік тәрбиенің 11 бағыты (Менің елімнің тарихы, «Менің арманым, мақсатым және менің болашағым», «Мен болмасам, кім?», «Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті», «Гендерлік көзқарас», «Қарым-қатынас этикасы», «Менің өмірімдегі дін», «Мен және қоршаған орта», «Менің халқымның салт-дәстүрлері», «Туған тіл», «Менің отбасым») бойынша жан-жақты дамыған құзыретті мамандарды тәрбиелеуде бірнеше тәрбиелік шаралар жүзеге асырылды. Тәрбиенің жаңа моделі қоғам өміріндегі ережелер мен салт-дәстүрлерге сәйкес жеке тұлғаның сана-сезімін, адамгершілік қасиеттерін дамытуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, сонымен бірге қарым-қатынас этикасы мен мәдениетті қалыптастыруға жағдай жасайды.

Бірінші курста «ТІЛ ТАБЫСУҒА ҮЙРЕНЕМІЗ!» бағыты бойынша студенттерді қоғамдық өмірге бейімдеу үшін ұйымдастырылған кешенді іс- шаралар жеке тұлғаның интеллектуалдық, әлеуметтік психологиялық қабілеттерін арттыруға бағытталады. Бұл бағыттағы жұмыстар студенттерді колледж қағидаларымен таныстыру, «Өзін-өзі тану – өмір талабы» психологиялық тренингтер, «Мамандығым - мақтанышым» семинар, «Қызға қырық үйден тиым» тақырыбында дөңгелек үстел, «Сенің жұлдызды сәтің» фестивалі жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіледі.

Екінші курста «ОЙЛАУҒА ҮЙРЕНЕМІЗ!» бағыты бойынша «Математикалық регата», «Қызықты информатика», «Интеллект-шоу», «Бүгінгі студент – ертеңгі құзыретті маман» тақырыбында өткізілген сайыстар ақпараттық оқу алаңын құруға бағытталды. «Тапқыр достар» интеллектуалды сайысы, құқықтық тәрбие беру мақсатында «Құқық – әділет пен парасат жолы», патриоттық тәрбие беруде «Тәуелсіз елім - бақытым» атты шаралар ұйымдастырылды.Ұстаздар және ардагерлер күніне орай «Ардагерлер – ақылдың көрігі екен, ұстаздарым – ұлағат серігі екен» атты мерекелік шара жоғары деңгейде өтеді. Барлық топтарда дәстүрлі түрде педагогикалық еңбек ардагерлері және колледж жанынан құрылған «Ұрпақтар сабақтастығы» клубы мүшелерімен кездесу өткізіліп отырады.

Үшінші курста «ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА, ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУҒА ҮЙРЕНЕМІЗ!» бағытында өткізілген тәрбие шаралары студенттердің өз бетімен ізденуіне, пікірін ашып айтуға кез-келген жағдайдан жол тауып шығуына үйрету мақсатында ұйымдастырылды. «Жаһанша жастары» КТК тобы облыстық жарыстарға қатысып отырады. Халықаралық студенттер күніне арналған «Студенттік лайф» атты шара өткізіледі. Студенттердің диплом алды машыққа дайындығын байқау мақсатында «Еркін елдің болашағы» атты сайыс өткізіледі. Нәтижесінде студенттер үш жыл бойы меңгерген білімдерін көрсетіп, кәсіби біліктерінің жоғары екенін байқатты.

Колледжде «Жас саясаткер», «Дарын», «Вдохновение», «Зерде», «Гармония» клубтары мен «Жайық Жастары» педагогикалық отряды жұмыс жасайды. Мақсаты – студенттердің ақпараттық, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту, проблеманы шешуге баулу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

Қоғам бағыты- Менің елімнің тарихы.

Колледждің әрбір студенті азамат болуға міндетті. Азаматтық ұстанымның, патриоттық сезімнің, құқықтық және саяси мәдениеттің қалыптасу басымдықтары, ұлттық көзқарасты дамыту, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің, толеранттылықтың, жастар ортасындағы құқық бұзушылыққа қарсы тұруға дайындық басымдықтары студенттерді тәрбиелеудегі маңызды құрам бөлігін анықтайды.

1 қыркүйекте Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінде Конституция, ҚР Мемлекеттік рәміздері, Білім күнін арналған тәрбиелік іс-шараларды өткізу дәстүрге айналған.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау және қолдану мақсатында білім беру ұйымдарында стандарттық Мемлекеттік Ту, Елтаңба, Әнұран мәтіні міндетті түрде қажет.

Бүгінде елінің саяси дербестігін аңсап, халық ағарту ісінде еңбек еткен Алаш ардақтылары шығармашылығына көңіл бөліп, зиялы қауым өкілдеріне қошемет көрсету–біздің қасиетті парызымыз. Арда ұлдың халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрестегі орнын ардақтау саласындағы игілікті істерді атқаруда ұжымның еңбегі зор. Колледжде Жаһанша Досмұхамедовтың туған күнін атап өту дәстүрге айналып отыр. Жаһанша мұрасын ұрпақ санасына жеткізу мақсатындағы шаралар жоспарға сай өткізіледі. «Мирас» және «Жас

саясаткер» клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен «Алаш қозғалысы және қазақтың ұлттық идеясы» атты халықаралық ғылыми теориялық конференцияны өткізу де дәстүрге айналған.

Колледжде тұңғыш Президент күніне арналған іс-шаралар жоғары деңгейде аталып өтіледі. Ондағы мақсат, елімізде тұңғыш мерекеленгелі отырған Қазақстанның тұңғыш Президенті күніне орай Елбасының жүргізіп отырған саясатын қолдау, жастардың бойында Елбасы түсінігінің мәнінің зор екендігін дәріптеу, Елбасы жүргізіп отырған шара, бағдарлама, реформаларды колледж жастарының қолдайтындықтарын паш ету. Әр топта сынып сағаттары өткізіліп, кафедраларда маңызы зор шаралар ұйымдастырылды. Педагогика, психология кафедрасында «Ел сенген тұлға» атты патриоттық акция, қазақ тілі кафедрасында «Елін сүйген ер» атты өнеге сағатында «Дарын» клубының мүшелері Елбасына арнауларын оқыды. Жастардың бойында патриотизмді қалыптастыру, Елбасы саясатын насихаттау, «Нұр Отан» ХДП-ның қоғамдағы ролін түсіндіру мақсатында қоғамдық пәндер кафедрасы жанынан құрылған «Жас саясаткер» және «Мирас» клубтары жұмыс жасайды. Саналы ғұмырын елді көркейтуге арнаған асыл тұлғаға халық қандай құрмет көрсетсе де жарасар еді.

ТУҒАН ТІЛБАҒЫТЫ**.** Елбасы Жолдауында мемлекеттік тіл мәселесі қозғалып, тіл мәселесінің ел ынтымағын сақтаушы, біріктіруші ролін дамытуға бағыт ұстану айтылды. Осы орайда колледждемемлекеттік тілді дамыту және үш тұғырлы тіл саясаты жүзеге асырылып, әр оқытушы және әр студент мемлекеттік тілдің мәртебесін, мемлекеттік құндылықтардың ролін жете түсініп, мемлекеттік мерекелерде рәміздерге құрмет көрсетуді басты құндылықтардың бірі деп есептейді. Колледжде үш тұғырлы тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында оқу жоспарына үш тілді оқыту пәндері енгізіліп, ағылшын тілі мұғалімін даярлау бағдарламасына қазақ тілі немесе орыс тілінен қоса жүргізетін мұғалімдер даярлау, болашақ мұғалімдерге қойылатын талаптарды күшейту шаралары қарастырылуда. Студенттер дәстүрлі «Тіл–татулық тұтқасы» атты облыстық тіл айлығы аясында өткізілетін шараларға белсене қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

ҰЖЫМ БАҒЫТЫ. **Қарым-қатынас этикасы.** «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасының мақсаты - әрбір оқушының өзінің жан дүниесін сезінуіне және өзінің дербестігін түсінуіне ықпал ету; Жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуына өмірлік-маңызы бар түйінді құзіреттерді мақсатты түрде дамыту арқылы ықпал ету.

«Өзін-өзі тану» пәні жастарға адами қарым-қатынасты, адамгершілік қасиеттерді көрсетуге бағытталған. Сол бағытта «Өзін-өзі тану» кабинеті де жұмыс жасауда.

Тұлғаның жекелік ерекшеліктеріне байланысты диагностикалық жұмыстар жүргізіліп, жеке тұлғаның тұлғалық даму тренингтері («Танысу», «Қарым-қатынас қажеттілігі», «Сенімен қарым-қатынас жасау жағымды ма?», «Шаттық шеңбері», «Өзіңді өзің таны», «Жүректен жүрекке», «Мен қандай адаммын?») оздырылды. Соның нәтижесінде студенттердің жаңа ортамен жақын танысуына мүмкіндік жасалып, жағымды қасиеттерін дамытуға, жағымсыз қасиеттерін жоюға, өзін-өзі бағалауға, өзіндік «Мен»-ін қалыптастыруға, өзін-өзі тануға мүмкіндік жасалып, жеке тұлғалық өсу деңгейлері анықталады.

ОТБАСЫ БАҒЫТЫ.

Үлкендерден үлгі-өнеге алу мақсатында құрамына облыс өміріне тікелей араласқан ардагерлер енетін «Ұрпақтар сабақтастығы» клубы қызмет атқарып, өз қадірін өзгеге мойындата алатын қыздар тәрбиелеуге, қасиетімізді жалғастыратын ұрпақ тәрбиелеуге көмектесуде. Отбасына деген дұрыс көзқарас, қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында «Біздің отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер», «Қыз өссе – елдің көркі», «Қазақ отбасындағы бала тәрбиесіне қойылатын талаптар», «Отан отбасынан басталады» тақырыптарында өнегелі, мағыналы тәрбие сағаттары арқылы ұлдарымыз бен қыздарымызға отбасы, әке, ана, бала тәрбиесі, отбасының қоғамдағы ролі жөнінде кең мағлұматтар беріледі. «Ананың көңілі балада» айдарымен топ студенттерінің жанұя жағдайымен танысып, топтың әлеуметтік картасы жасалады. Нәтижесінде топтағы әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге материалдық көмек беріледі.

«Менің халқымның салт дәстүрлері». Қазақ халқының салт-дәстүрлерін насихаттау, ұлттық сана, ұлттық рух, ұлттық менталитетті қалыптастыруға бағытталған шаралар жүргізіледі. Колледжде көп жылдардан бері жалғызбасты адамдарға, қарияларға, Ұлы Отан соғысына қатысқандар, еңбек ардагерлеріне, мүгедек жандарға көмек көрсететін «Қамқорлық» атты студенттік волонтерлар бағдарламасы арқылы көптеген қайырымдылық акциялар қала тұрғындарына танымал.

Колледжде мемлекеттік мейрамдарды атап өту жолға қойылған. Конституция күні, Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекесі, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халықтарының бірлігі мен ынтымақ күні, Жеңіс күні, Мемлекеттік рәсіздер күні т.б. мерекелерде концерттік бағдарламалар өткізіліп, ұжым мүшелеріне мерекелік көңіл-күй сыйлауға ерекше мән беріледі. Колледж ұжымы қалалық мерекелік шараларға да белсене араласады. «Ардагерлер ақылдың көрігі екен, Ұстаздарым ұлағат серігі екен» атты ұстаздар және ардагерлер күніне, Наурыз мейрамында, Жеңіс күніне арналған іс-шараларға «Ұрпақтар сабақтастығы» клубының мүшелері, соғыс және еңбек ардагерлері дәстүрлі түрде шақырылады. Елбасы Жолдауларында көрсетілген ардагерлерге қамқорлық бағыты бойынша колледжде еріктілер жыл бойы қызмет атқарғандығы, ардагерлердің үй-жайларын реттеп, қыс уақытында ауласындағы қар ашу жұмыстарын, көктемгі уақыттарда аула тазалау жұмыстарын жасап, мейрамдарда құттықтап отырғандығынан байқауға болады. Қариялардың көңіл-күйін көтеру мақсатында қарттар үйіне қайырымдылық концерттері жиі ұйымдастырылады.

Гендерлік көзқарас. Білім алушы студенттердің көпшілігі қыз балалар болғандықтан қоғамдағы әйел адамдардың ролін ұғындыру, көшбасшылық қасиеттерді дамыту мақсатында «Ажар» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен «Көшбасшылар мектебі» құрылып, жас қыздардың қоғамдық белсенділігін арттыруға, азаматтық көзқарасын қалыптастыруына әсер етуде.

ӘЛЕМ БАҒЫТЫ

Менің өмірімдегі дін. Бүгінгі таңдағы әлемнің назарын аударып отырған басты мәселенің бірі – түрлі діни ағымдардың пайда болуы, жастардың діни секталарға қосылуы. Жастарға діни секталардың ел тұтастығына тигізіп отырған зияны туралы түсіндіріп, студенттерді имандылыққа, толеранттылыққа тәрбиелеуде бірнеше тәрбиелік шаралар өткізіледі.

Ұлтаралық қарым-қатынас. Халықтар арасындағы достық пен толеранттылық, патриотизм идеяларын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылып, жыл сайын дәстүрлі түрде Достық фестивалі өткізіледі. Мемлекеттік мерекелерде Біздің колледж еліміз сияқты көп ұлтты. Колледжде ұлтаралық келісімді өзге ұлттың ерекшеліктері ескеріліп, «Наурыз», «Масленница», «Merry Chrismas» мейрамдары өткізіліп тұрады.

Мен және қоршаған орта. Колледждегі тәрбие жұмысының басты саласының бірі – құқықтық тәрбие. Жастардың құқық бұзушылыққа жол бермеуін қамтамасыз ететін тәрбиелік шараларды жүзеге асыруда құқықтық тәрбие, құқық бұзушылық пен нашақорлыққа қарсы күрес Кеңесінің ролі зор. Абай полиция бөлімінің №3 тірек пунктымен бірлескен жұмыс жоспары жасақталып, оқытушылар мен «Өзін-өзі басқару» кеңесінің мүшелері жатақханадағы және қала көшелеріндегі колледж студенттерінің тәртібін қадағалап, құқық бұзушылықтарды болдырмауға ат салысты.

Колледжде Наркобекет құрылып, жоспарға сай іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Қорыта келгенде Колледждегі оқу – тәрбие жұмыстарының нәтижесі ретінде колледж студенттерінің республикалық, облыстық, қалалық байқаулардың жеңімпаздары болғандығын айтуға болады. Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің оқытушылары барлық күш-жігерін әрбір студенттің бойында өз Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастырудың тиімді тәлім-тағылымдық жолдарын қарастыру бағытына жұмсап, ізденістерін жалғастыра береді деп сендіргім келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген.
2. Б.Әбдешев «Абай Құнанбаев» өлеңлер мен аудармалар.Қара сөздер.Ақын туралы естеліктер». «Алматы «Өлке» баспасы, 2012ж.
3. Жүсіп Баласағүн "Құтты білік". - Алматы, 1986.
4. Ғаббасов Совет-Хан «Педагогика және психология негіздері» «Алматы «Қазақ университеті» 2017 жыл.
5. Б.Игенбаева, Ж.Мейір «Креативтік тәрбие» Астана «Фолиант» баспасы 2009ж.
6. А.Э.Измайлов. "Орта Азия. Қазақстан халықтарының халық педагогикасы.- Москва, 1991.

7. С.Қарабай «Қазақ айнасы-Шәкәрім» өлеңдер мен поэмалар. Алматы «Атамұра» баспасы, 2003ж.
8. Ш.Х.Құрманалина «Педагогика» Астана «Фолиант», 2007;
9. Ж.Ә. Мақатова, А.Қ.Дүйсенбаев «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» Алматы «Кітап» баспасы, 2014 жыл.
10. К.А.Оразбекова "Иман және инабат". - Алматы, 1993.
11. В.А.Сухомлинский. "Балаға жүрекжылуы". -Алматы, 1976.
12. С. Ғ.Тәжібаева Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы,Білім,2008
13. М.М.Тілеужанов "Қазақ халықтық педагогикасының кейбір мәселелері". - Орал, 1992.

ӘОЖ 374.35

Сариева Р.Д., Нурманова А.К., Есенова С.Н.
М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Орал қаласы.

БІЛІМ САПАСЫ - БОЛАШАҚ НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты кемел келешекке жетелейтін өзекті мақаласы бүгінде қоғамда қызу талқыланып жатыр. Болашаққа қалай қадам басып, бұқаралық сананы қалай өзгертетінімізді өзегімізге сіңірген өрелі сөздерден әрбір қазақстандық өзіне қажетті таным мен тағылымды алды деген ойдамыз.

Ғылыми әдебиетте Жаңғыру қоғамдық – әлеуметтік эволюциясына,оның құрылымдық және функционалдық жіктелуінің заманауи қоғамның қалыптасуы бағытына қарай өсуіне алып келетін саясаттағы , экономикадағы және мәдениеттегі инновациялардың тарихи ұзақ процесі ретінде белгіленеді.

Жаңғыру прцесі сатылы,көпфакторлы, тарихи инвариантты және қайтымды болып табылады;ол өңірлік және өркениетті ерекшелікке ие және әртүрлі қоғамдық ішкі жүйелерде және дамудың әртүрлі кезеңдерінде әр түрлі жылдамдықпен және қарқындылықпен өтеді.

Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекет құра отырып , Бірінші жаңғыруды жүзеге асырды.

Сосын, 2030 – стратегиясын қабылдап және Астананы салып, Қазақстан 50 дамыған елдің қатарына енді – бұл екінші жаңғырудың нәтижелері. Үстіміздегі жылдан бастап, Қазақстан жаһандық басекелік қабілетке қол жеткізуге бағытталған елдің Үшінші жаңғыруын іске асыруға кірісті. Батсы мақсат – ұлт жоспарын орындау негізінде әлемнің 30 озық елінің қатарына ену.

Қазақстан Президенті елдің жүйелі және дәйекті эволюциялық дамуын көздейтін мемлекеттік саясаттың өзара байланысы мен сабақтастығына көңіл бөле отырып, еліміз аяқ басқан жаңа тарихи кезеңге тән қауіптер мен сын- қатерлерді жан- жақты бағалай келе өзінің рухани жаңғыру тұрғысынан болашаққа терең көзқарасын баяндады.

Өзгерістер жолына түскен елдердің әлемдік тәжірибесі жаңғырудың –әлеуметтік –мәдени өзгерістерден оқшаулауға болмайтын процесс екенін көрсетеді. Жаңғыру біздің заманымызда материалдық өмірде де рухани өмірде де біріктіріп қамтуға тиіс.

Демек, жаңғыру – әлеуметтік–мәдени феномен,оның артында тиісті адамның әлемді сезінуі мен дүниетанымы, оның қоршаған ортаны түсінуі мен және оның ондағы орны, дәлелдері мен мінез –құлық стилі, құндылық бағдарлары мен мәдени қалауларының меңгерген жүйесі, соның ішінде өмірдің саяси нысандары, белгілі бір құқықтар мен міндеттемелер жүйесінен тұрады.

Ия, бүгінде тұтас жас буынымыз батыстың мәдениетіне еліктеп, жат дүниелердің қағидаттарын жалау қылған шақта Елбасымыздың ұлттық кодымызды сақтау туралы сүбелі сөзі шынымен де ойландырады. Бүгінде Қазақстан экономикасы қарқынды дамыған, заманның жаңа технологиялық процестеріне ілесіп, өзге озық елдермен терезесі тең, керегесі кең мемлекетке айналғанын көріп отырмыз. Халықтың әл-ауқатымен қатар, салт-дәстүріміз бен мәдениетімізге, әдебиетімізге де айырықша көңіл бөлініп келеді.

Дүние құбылып тұрған алмағайым шақта Елбасы айтпақшы ұлттық кодымызды сақтап қалу әрбір отандасымыз үшін маңызды. Ол үшін біз тарихымызды терең біліп, дәстүрлерімізді

сақтап, әдебиетімізді дамытуымыз керек деп ойлаймын. Сонымен қатар осының бәрі заман ағымдарының ықпалында кетпей, оларға төтеп беретін басты күш болу керек шығар.

Елімізде ұлт мүддесіне қажетті тарихи, мұрағаттық құжаттардың жинақталуы шарт. Олай болмаған күнде руханият пен мәдениеттің бір бүйірі олқы соғары анық. Мысалы, мұндай орталықтар Армения ғана емес, АҚШ, Франция, Қытай, Малайзия секілді көптеген дамыған елдерді жұмыс жасауда. Міне, біз ұлттық код, тарихты білу деп жатырмыз. Әрине, ұлттық код дегенде біз халқымызға қажетті рухани байлықты ой елегінен өткіземіз. Алайда, бойымызда біз арылатын қасиеттердің де барын мойындау керек. Елбасы өз мақаласында жершілдік секілді қоғамға кері әсер тегізетін дағдыларды да бекер түйреп өтпеді.

Біз бір ауылдың баласы емес, тұтас Қазақстанның перзенттері болуымыз керек.

Мемлекет басшысының мақаласында айтылған ең өзекті мәселе ол – латын әліпбиіне көшу. Бұл, соңғы он жылда талқыланып келе жатқан өткір тақырып. Қазақстан үшін латын әліпбиіне көшу қажет екені сөзсіз. Бір ерекше атап өткім келетіні, Елбасымыздың латын әліпбиіне көшу туралы бастамасын көрші мемлекеттер де қолдап отыр. Мәселен, Қырғызстан саясаткерлерінің латын әліпбиіне көшу туралы айта бастағандарын БАҚ-тан оқып жатырмыз.

Иә, Елбасының «Рухани жаңғыруы» біздің тарих толқынындағы ақ желкеніміз, ұстанымымыз бен бағдарымыз болуы тиіс.

Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай, ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1.Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарлама. Астана 12 апреля 2017 жыл

2.Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» жолдау.

3.Жанпейісова М.М.XXI ғасыр оқытудың инновациялық технологиялары.Алматы 2002.

4.Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.

ӘОЖ 371.011

Султангалиев Р.С

Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж. Орал қ.

АДАМГЕРШІЛІК – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Рухани-адамгершілік тәрбие екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктістерін зер салып талдау керек.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің

қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиешінің ең бастапқы формалары педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармаларымен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүнеині өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады.

Әр баланың жеке басы-оның моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған педагогтың күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі.

«Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасы» мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуын, олардың мектепке дайындығын қарастырады. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда басты ролді атқарады. Оның тәртібі, іс-қимылы, балалар және үлкендермен қарым-қатынасы балалар үшін үлгі бола отыра , педагогтың ықпалы әсерлі енеді, баланың жеке басы қалыптасады. Оның ықпалы неғұрлым белсендірек болса, баланың сезімдерін жан-жақты қамтыған сайын, олардың ерік күшін жұмылдырып, санасына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершлік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т. б. қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді:

- ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас
- тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау
- кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б.
- ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру.

Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог балдырғанның бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды. Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты-дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жасбаланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық» деп атап көрсеткен.

Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-зі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы-ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасыуна, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

«Жақсымен жолдас болсаң- жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң- қаларсың ұятқа...», «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» — деген мақалдардан көруге болады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер адамгершілік тәрбиенің арқауы. Үлкенді сыйлау адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.

Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханиет дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т. б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы-мәңгілік. Ол ешқашан ескірмейді. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», - дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Мектепке дейінгі адамгершілік тәрбие – балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері. Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет- ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс.

Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы- балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені-ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ.

Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада , қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі.

Халқымыздың тәлім- тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайрымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған.

Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі. Балаларды адамгершіліке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал, адамгершілік

тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік- адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрініс болып табылады.

«Еліміздің күші – патшада, сәбидің күші – жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз – адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшін осы үш қасиетін бала бойына дарыта білсек-ұлы жеңіс болары анық.

ӘОЖ 373.1

Сундетов М.А.
М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Орал қ.

ОТБАСЫНДАҒЫ РУХАНИ - АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», - деп айтып өткен болса, көрнекті ағартушымыз Ыбырай Алтынсарин «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы — еңбек пен ата-ана үлгісі»,- деп ғасырлар бойына айтылған сөзінің жаны кетпеген бала тәрбиесіндегі анықтамасын өз заманында беріп кеткен екен.

Бала тәрбиесі мен білім қай заманда да өзінің өзектілігін жоймады, өйткені бүгінгі ұрпақ-ертеңгі болашақ, демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. сондықтан баланың тәрбиесіне ата-ана өзі үлгі болып тәрбиелей алса, біліміне қазіргі заманға сай ғаламтордың ақпаратына сенім артып қана қоймай, балаға халық ауыз әдебиетін тілі шыққаннан санасына құйып, жаңылтпашынан, ертегісінен айырмаған бірден бір дұрыс жол. Балаға мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері жеңіл жетеді, заманының келелі мәселелерін қамтиды. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, т.б. ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады. Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» Қара батыр, Байұлы, Жиренше шешен, Тазша бала туралы ертегі,Бай баласы мен жарлы баласы, Таза бұлақ, Әке мен бала т.б. тәлімдік мәні зор әңгімелерін енгізді.Қазақ хрестоматиясына енген Ыбырайдың көркем шығармалары өзінің ағартушылық идеясына бағындырылған. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, сөйтіп, оны жақсы, өнегелі істерге үйретететін мықты құрал деп атап көрсетті.

Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады.Ыбырай әңгімелерінң негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әректтері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Ыбырайдың бала тәрбиесіне үлкен септігін тигізер шығармаларын таныстырып, әдебиетке баулып, ана тілін, ұлтының әдебиетін түсіне бастаған ұрпақты Абай, Махамбет және тағы да өзге де ақын, жазушылар шығармаларын оқытсақ бала бойында ұлттық сана, мәдениет, ана тіліне деген құрмет қалыптасары сөзсіз. Мысалы, Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы –еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар.Мысалы Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш, Бай баласы мен жарлы баласы, Қыпшақ Сейтқұл, т.б. Жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік тәрбие мәселесіне жазылған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта

да жазған Ыбырай шығармалары бар. Мысалы Асыл шөп, Бақша ағаштары, Таза бұлақ т.б. Әр әңгімесінде тәрбиенің ізі жатыр. Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді.

Халық мұғалімі Байтоғайұлы Малқай бала өміріндегі ойынды және ермекті «ол - баланың еңбегі»,- дейді, демек бұл жай ермек емес, бала әлеміндегі кәдімгі еңбек. «Сондықтан да бала еңбегі – ойын. Ендеше, ойын балалардың күнделікті тіршілігі адамның басынан өтетін өмірінің әр уақытындағы жазғы, күзгі, қысқы істелетін кәсібі сияқты. Тіршіліктің түрі бар. Сол сияқты балалардың да өзіне меншікті бала кезінде істейтін істері бар. Ол іс – жас уақытындағы ойын». Сондықтан да қазақ балаларының негізгі ойындары асық, тоғызқұмалақ, бес тас, доп міне мұның бәрі осы балалар еңбегінің құралдары болады. Өмір мен өнерге деген талаптың түп негізінің өзі осы асық, доп, тоғызқұмалақ, ләңгі, қуыршақ, мәшине, үй болып т.б. ойнауларда жатыр. Ендеше халықтың бұл дана сөзін тура мағынасында түсінуге болмайды. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Оның үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай оларды көзқарасының, мінез - құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Қазір бізге жеткен ойындарымыз: тоғызқұмалық, қуыршақ, асық ойындары. Қазақтың көне жыр-дастандарында ұлттық ойындар балаларды тәрбиелеуде ерекше орын алғандығы айқын көрінеді. Мәселен «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты эпостық жырларда елін сүйген батырлардың, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген ер жігіттердің ең алдымен ұлттық ойындарда сайысқа түсіп, одан кейін көп кісі қатысқан ойын-сауықтарда өздерінің мергендік, палуандық, шабандоздық шеберліктерін көрсеткендері айтылады. «Домбырамен күй шерту», «Аттың құлағында ойнау», «Аударыспақ», «Күлкі ойыны», «Балалар ойыны», «Ақсүйек», «Тоғызқұмалық», «Жұмбақ айтыс», «Асық ойнау» өте ерте заманда пайда болған. Мұның өзі біздің ата-бабаларымыздың ұлттық ойындарының ғасырлар бойы өмір сүргендігін айқын көрсетеді. Балалардың жиі ойнайтын «Ақсүйек» ойыны байқағыштыққа, қырағылыққа, бытылдыққа, ерлікке, шапшаңдыққа баулиды. Баланың ақыл-ойын дамытатын тәжірибелік маңызы зор тағы бір ойынның түрі – «Он бір қара жұмбақ». Оның басты ерекшелігі есеп сұрақтарын қою арқылы баланың ойлау қабілетін дамытады. Қазіргі ата-аналар ұлттық ойынымызға ескінің қалған сынығы деп қарамай, балаларының күн тәртібіндегі бір уақыттарына тоғыз құмалақ ойынын, тілдік қорын дамыту үшін эпос жырларынан үзінді тыңдатып, жалпы әдебиетке көңілдерін бұрып аз уақыттан болсын бөліп отырса, болашақта ұрпағының ұлттық тәрбиеде діңгегі қалыптасқан, жаңашыл технологияны да қиналмастан меңгеріп өсеріне көз жеткізер еді. Қазіргі заманға сай жетістіктер мен өзгерістерді ұрпақ сол заманда өмір сүріп жатырғасын сұранысқа, талапқа сай болу үшін өздері де меңгереді, алайда ұлттық құндылықтарды ұрпақ тәрбиесіне сіңіру ата ана мен ұстаздар міндеті.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қалың елім Қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жазды: «Біз арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім»-деген. Олай болса, қазіргі кезеңдегігі білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие жұмыстарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы жас ұрпақтың рухани адамгершілік құндылық қасиетін қалыптастыра аламыз. Жас ұрпақтың жалпы рухани-адамгершілік қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілдік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық сыпайлығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшелінеді. Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деген. Ал, руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайрымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік-ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттердің жиынтығы.

Тәрбие мәселесі бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, тіпті күн тәртібіндегі өзекті мәселе екенін де білеміз. Ана мейіріне қанып, әке өсиетін тыңдап өскен бала ғана түбінде жылы

жүректі азамат болары сөзсіз,олай болса, Ыбырай әңгімелерінде жасынан отбасы тәрбиесін көрген бала үлкен азамат болғанда, өз мәнінде өмір сүруге бейім болады деген нақты тұжырымдар беріледі. Ұлы педагог А. С. Макаренко: «Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата – ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасын рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата – ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы? Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады» деген. Отбасы - барлығының басы, жан - жақты даумуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасындағы ата - ана мен баланың қарым - қатынас нәтижесінде, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ал әке мен шеше - баланың алғашқы тәрбиешілері. Ата - аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс. Бүгінде ата- аналар өте сауатты, әрине басым бөлігі қай салада болмасын білімдері бар, қоғамда өзіндік үлестерін қосып жатырған тұлғалар. Алайда, кездесіп отырған проблемалардың бірі қайсыбір ата-аналар заман талабына орай жұмыс басты болып, әбден қызметіне толықтай беріліп, отбасы құндылықтарын екінші орынға қойып отырған жайттар да кездесіп отырады. Баланың тәрбиесімен жеке бала бақшалар немесе мемлекеттік білім мекемелері 100 пайыз айналыспайтынын ата-ана ескеру қажет. Отбасындағы тәрбие ата – ананың жеке басының ықпалымен жүзеге асады.Тіпті, баланың мінез – құлқы да отбасында ата–ана ықпалымен, отбасындағы психологиялық ахуал жағдайында байланысты қалыптасады. Баланы ізеттілікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа және т.б. жағымды адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуде қазақ ағартушылары да отбасы тәрбиесін назардан тыс қалдырған емес. Оның ішінде А. Құнанбаев ерекше орынға ие. Абай отбасында баланы тәрбиелегенде оның жас және психологиялық ерекшелігін ескеріп отыру керектігін түсіндіріп талап етеді. Оның көзқарасынша, баланың ең бірінші, әрі ең негізгі тәрбиешісі – бұл ата – ана болуға тиіс. «Әне, оны әперем, міне, мұны берем» деп, басында балаңды алдағаныңа мәз боласың. Соңында балаң алдамшы болса, кімнен көресің? – деп дәріс тәрбие беретін ата-аналарды қатты сынға алады. (10 – шы қара сөзі). Отбасы тәрбиесін жақсарту мәселелерін қарастырған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – С. Көбеевтің отбасы тәрбиесіндегі баланың бойында жағымды адамгершілік қасиеттерін дамытуға көбірек көңіл бөлген. Оның «баланы семьяда тәрбиелеу» кітабы осының айғағы. Онда ата – аналарға баланы жастайынан отбасында тәрбиелеудің нақтылы жолдарын көрсетіп береді. Бала тәрбиесі – отбасының жүйелі түрде жүргізілген жұмысының нәтижесі. Өйткені, баланың уақытын дұрыс ұйымдастыра білу, оның мектепте алынған тәлім -тәрбиенің қалыптасып, отбасыда жалғасын табуы бәрі де ата- анасының басшылығы арқылы жүзеге асады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер айқын жолын көрсеткен тарихи құжатқа айналды. Сана сезімі биік, дүниетанымы мол, парасаттың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің құндылығын түсінген адамға бұл мақалада ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер бағыт жолы айқындалған. Рухани мәселе адамның санасын күрт өзгерту, сайып келгенде, қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы. Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша ойлаумен қарауды талап етеді. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» деп баса көрсетті. Бала бойына адамгершілік тәрбиесін сіңіру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибесінде қолданылып жүргені бәрімізге аян. Өздеріңізге белгілі қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу басты назарда болып отыр. Ал адамның жан қазынасын, адамгершілік болмысын қалыптастыруда кей адамдардың түрлі жағдайлармен бір-бірін түсінбеуі де сіз бен бізді толғанырады. Өйткені біз сол қоғамның ішіндеміз, яғни оның мүшесіміз. Иә, бұның бәрі шындық десек артық болмас. Бәсекеге қабілетті ұрпақты жан-жақты қылып тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі, сенімділік пен шындықтың бастауына үңілу керек шығар. Оқыту,білім беру,тәрбиелеу - баланың ішкі жан – дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Отбасы құндылықтарын сақтап қалу қажет деп отырғандағы мақсат пен мұрат - ол өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере

отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін бойларына сіңіртіп, саналарына жеткізу. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі - тәрбие.Ұрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі - тәрбие. Тәрбие - мәңгілік және адамзаттық... Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирасқа қалып отырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Адам - ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті. Мәдениет жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады.Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата - аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым – қатынастарынан көрінеді. Адамгершілік — бұл рухани тәрбие. Адамгершілік - адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз - өзін сыйламайды.Рухани - адамгершілік тәрбиесі - өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсірсе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез - құлықын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани - адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Рухани - адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді.Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс - тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», — дейді. Демек, шәкіртке жан - жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Рухани - адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет - дарынының ашыла түсуіне, ақыл - парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді. Адамгершілік тәрбиесі оқушыларды адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіреді. Оқушылар оларды оқып үйренумен шектелмей, оқу, тәрбие, еңбек процесінде іске асырғанда адамгершілік олардың сеніміне айналады. Адамгершілік қатынастар моральдық нормалармен өлшенеді. Моральдың негізгі міндеті - адамның мінез-құлқын тәрбиелеу, осы арқылы олардың бойында әдеп сақтау қатынастарын қалыптастыру, адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеу. Адамгершілік тәрбиесі оқушылардың моральдық сенімдерін, жағымды мінез - құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырады.Адамгершілік тәрбиесінің теориялық мәселелері өл-Фараби, Ыбырай, Абай, т.б. еңбектерінде кеңінен қолданыс тапқан. Әл-Фараби "Адам өз өмірінің қожасы, сондықтан өз бағытын өзі жасауы керек. Ол не нерсеге де ұқыптылықпен қарап, жиған - тергенін орынсыз шашпай, кез келген адамға сырын ашпай, өзінің мақсат мүдделері жөнінде достарымен ғана бөлісіп отыруы керек. Осылайша өмір сүрген адамның ғана ар-ожданы таза болады" деген.Бүгінгі таңдағы Қазақстан жайында оқушылардың рухани азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты,

бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған байланысты оқу- тәрбие үрдісінде оқушыларды отансүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа, елін, жерін қорғауға, шыншылдыққа тәрбиелеу қажет. Қазіргі жағдайда рухани - азаматтық тәрбиенің өлшемдік көрсеткіштері:

Өзін-өзі мемлекеттің азаматы ретінде сезінуі;

Отанына деген сүйіспеншілік сезімінің болуы;

Мемлекеттік рәміздер мен халықтың дәстүрлерін білу;

Халықтың өткен тарихын білудің қажеттілігі;

Қазақ халқының әдет-ғұрыптарын сақтау, мәдениеті мен дәстүрлерін зерделеу қажеттілігі болып табылады.

Тәрбиенің жалпы негізі рухани - азаматтық құндылықтары болуы керек. Рухани - азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым - қатынас кезінде бала бойына дариды. Оқытушылардың мақсаты - өзіндік рухани - азаматтық құндылықтарын ұрпақ бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы - ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс — тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені «Әр адам - өз заманының баласы». Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды. Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенеміз.

- Отбасы - адамзат баласының түп қазығы, алтын ұясы. Бала тәрбиесінде отбасының алатын орны ерекше. Оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының негізгі қызметі баланы өмірге келтіру ғана емес, оның бойына көне заманнан келе жатқан ұлттық тәрбиенің тағылымдары мен аға ұрпақтың тәжірибесін сіңіру, қоғамға пайдалы жеке тұлға етіп тәрбиелеу болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауында (2009ж.): «...Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал, мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады», - деп тұжырымдағандай рухани-адамгершілік құндылықтарды өрістетуде отбасының рөлі ерекше. Отбасында тұрмыстың қалыпты жағдайлары жасалып, адамның мінез-құлқының негізі, сондай-ақ, еңбекке, қоғамдық ортаға, адамгершілік, идеялық және рухани құндылықтарға деген қарым-қатынасы дамып, жетіледі.

Бүгінгі таңда оқу-тәрбие үдерісінің басты мақсаты - ақылды да әдепті, жан-жақты жетілген, адамгершілігі мол жас ұрпақ өкілдерін тәрбиелеу болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауы (2009ж.)
2. Афоризмы и цитаты Сухомолинского Василия Александровича
3. Кушекбаева Ф.А. «Отбасы тәрбиесі негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың бойына рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» - 2016 ж.
4. «Егемен Қазақстан» газеті, ҚР Президенті - Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы-2017 ж.

ӘОЖ 37.018.1.02

Темешев Д.Н.
Теректі аудандық лингвистикалық гимназиясы, БҚО,

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

«Алты аға бірігіп - әке болмас,
Жеті жеңге бірігіп - ана болмас»

Қазақ халқында әуел бастан отбасы ең басты құндылықтардың бірі саналған. Бағзы заманнан халқымыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Шыр етіп дүниеге келгеннен бастап өсіп өнуіне қалыптасуына ерекше мән берген. Ата - ананың жүрек жылуын сәби жарық дүниеге келместен бұрын ана құрсағында жатып сезу керек. Дүниеге келген нәресте бір мен бес жас аралығында адамгершілік әліппесі және дүниетану тәрбиесін ұғынады. Бесіктегі балаға тіл қату, бесік жырын айту, тілі жаңа шыққан баланың қойған сұрақтарына ойланып жауап беру, түсіндіре білу керек, ол да тәрбиенің алғашқы қадамы. 6 жастан бастап мектеп есігін ашқан балдырған жарығы мол жаңаша өмірде адамгершілік асыл қасиеттерді қастерлеп өмір заңдылықтарын үйренеді. Халқымызда баланың рухани-адамгершілік тұрғыда дамып, өзін қоршаған ортаға мейіріммен қарауға тәрбиелейтін салт-дәстүрлері де жетерлік.Оны біздің халқымыз ертеден-ақ білген, сол үшін де «Жақсылықты алдымен анаңа жаса, «Бала бауыр етің», «Әке асқар тау, ана-мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген сияқты мақал-мәтелдерді ұрпағына аманат етсе керек [1].

Жалпы қазақ халқындағы бүкіл салт-дәстүр отбасылық қарым-қатынастарды реттеуге бағытталған десек артық айтпайсыз. Баланың рухани кемел адам болуы үшін қазақ халқы салт-дәстүрлермен қатар тыйым сөздерді, ырымдарды жиі қайталап отырған. Біздің халық жетімін жылатпаған халық. Тіпті сонау ерте кездегі қазақ халқы ертегілеріне көз салар болсақ «Баяғыда бір жетім бала балыпты», деп басталатын ертегі кездеспейтін, бұл сарындас ертегілер кейін пайда болды. Керісінше, «Баяғыда бір бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты, тек бір перзентке зар болыпты» деп басталатын ертегінің көпшілігі. Бұның өзі халқымыздағы отбасының, артында қалатын ұрпақтың, ол ұрпақтың сапасының ең алғашқы орында тұрғандығының тағы бір дәлелі.

Қазақ отбасында ұл бала мен қыз баланың тәрбиесі екі түрлі. Ұл бала мейірімді, ізетті болғанымен, керек жерінде ержүрек, батыл болуын талап еткен. Сол бағытта тәрбие берген. Ал қыз баланың тәрбиесі мүлдем бөлек. «Қыз жат жұрттық» екенін ертеден есте ұстаған қазақ қыздарын ерекше құрметтеген.

Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімді болуда отбасы үлкен рөль атқарады. Шын мәніндегі кемел білімімен терең сусындаған және сол білімін ұлт мұратына құрбан еткен азамат -азаматтың төресі. Ал ол азаматты тәрбиелеп, ұясынан ұшырып, тұғырына қондыратын орта ол –отбасы.

Қай заманда, қайсы елде болса да жанұяның адамзат ұрпағына ететін ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Жанұя тәрбиесінің түрлері мен мүмкіндіктері көп, әсіресе көргенді, ынтымақты, тату тәтті тұратын отбасында шаңырақ шаттығы- негізінен, қоғамдық сананың адамгершілік, кісілік, қайырымдылық, әдептілік, әділеттілік сияқты толып жатқан моральдық ұғымдарға негізделеді. Бала үшін отбасында ең алдымен, әке-шешесінің, ата-әжесінің басқа да ересектердің инабатты, кісілік үлгілерінің маңызы зор. Бала өз заманына тән кісілікті, әдептілікті, қайырымдылықты, тіпті бұзақылықты да алғаш рет осы өзінің отбасында меңгереді. Үй ішінде күнделікті айтылатын ұлағатты өсиеттері мен ақылы, ал жастардың оларға деген сый құрметі, адал көңілі, әдепті қылықтары, ерке-назы, жалпы алғанда, дұрыс қалыптасқан моральдық-психологиялық қарым-қатынастар отбасы өмірінің ерекше рухани бір байлығы. Осындай отбасында өскен балалар бақытты, олардың өмірден алатыны да, өмірге беретіні де көп болады. Балалардың бойындағы қабілеттің, қайсы нәрсеге бейімділігін, ол қабілеттер мен бейімділіктер қашан, қай мезгілде пайда болатыны әлі де толық шешіле алмай келеді. Соның салдарынан дүниеде миллиондаған адамдар өздерінің болашақтағы орнын дұрыс таңдай алмай қиналады, сәтсіздікке ұшырайды. Отбасы мен ата-аналардың осы проблемаларды шешуге тигізетін пайдасы мол. Талапты

жастарға мамандық таңдау үстінде дұрыс бағыт, кеңес беретіндер негізінен, ата-аналар. Себебі, балалардың сырын да, қабілетін де ата-аналарынан артық білетін адам жоқ.

Қазақ отбасында әуелі әке содан соң шешесі отбасы мектебінің ұстаздары. Әке мен шешесінің баласына қоятын ең басты талап - тілектері баланың «әдепті» болып өсуі.

Сондықтан қазақ отбасы әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген, Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Үйінде үнемі осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тіл ағылшын, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді.

Әйелдің еріне қарым - қатынасы балалардың әкеге көзқарасының сипатын анықтайтыны берік есте болуға тиіс. Мұның өзі, бір жағынан, үй ішіндегі әдептің бастау көзі екені анық. Демек, балалар үшін әке беделі аналарының сөзі, іс - қимылы, қас - қабағы арқылы қалыптасады. Мысалы: ерлі - зайыптылар балалар көзінше бір - біріне қатты, балағат сөздер айтыспақ түгіл, дауыс көтеріп, керісуге тиіс емес. Олай еткенде, өз беделдерін жоғалтудың, бала - шағаның жүрегін шошытып, зәресін ұшырудың үстіне, олардың жағына кейін өздері үй болғанда, алдарынан шығатын жаман әдеттің ұрығын етеді.

Бұл жағынан аналардың балалара: «әкеңмен ақылдас», «әкең біледі», әкеңнің айтқанын істе», т. б. сияқты дәстүрімізде бар сөздерді айтып отыруы қандай ғанибет. Атақты «Абай» эпопеясында халқымыздың осыған орайлас қадірлі дәстүрін танытатын мынадай бір тағылымды эпизод бар, «Семей қаласында үш жыл оқып, жайлаудағы әке үйіне күн кешкіре жеткен, 13 жасар шәкірт бала - Абай аттан түскен бетте, амандасу үшін, шешеге қарай жүреді. Сонда ақылды да байсалды ана Ұлжан: «Әй балам, анда әкеңдер тұр, әкеңе барып, сәлем бер!»- дейді. Бір сәтке балалық сезім жеңіп, қателік жеберіп алғанын түсінген жас Абай кілт бұрылып, ортасында әкесі Құнанбай бар шеткірек тұрған оқшау топқа қарай адымдай жөнеледі.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов мұны халықтың жүреке жылы осындай тамаша дәстүрінен хабардар ету үшін ғана емес, оның тәрбиелік зор маңызын жоғары бағалағандықтан да келтіріп отырғаны анық.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс.

Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: “Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезімен өткеннің тағдыры мен талаптарын, объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған бай тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек” екені айтылған[2].

Халық педагогикасы тәрбиенің көптеген әдістерін қолданған. Ғасырлық тәжірибеде балаға тәрбиенің әсер ету әдістері мынадай: түсіндіру, оқыту, мадақтау, қолдау, көндіру, жеке үлгі, жаттығуды көрсету, ымдау, тұспалдау, жазалау т.б.

Қара сөздер – жаңұя педагогикасында кең тараған тәсіл. Халық педагогикасында қара сөз кодекстері кездеседі үлкеннің-кішіге, ұстаздың-оқушысына, халық кемеңгерінің-жастарға, әкенің-балаға арналған. Халық педагогика тәрбиесінде түрлі афоризмдер бар, оны педагогикалық категорияға қосады: бағыттаушы, алдын ала айту, сынау т.б.

Халық педагогикасында кең тараған тағы бір әдіс – **үйрету**. «Затты сумен жуады, баланы үйрету арқылы тәрбиелейді». Балаға үйрету арқылы үлкендер оларға тапсырма береді, оның орындалуын тексереді, мысалдар, мінез-құлық және әрекет үлгісін көрсетеді.

Сендіру – бұл тәрбие әдісін өзіне түсіндіру және дәлелдеу, яғни нақты үлгілерді көрсету жатады. Бала белгілі түсініктерден, әрекеттен күдіктенбеуі тиіс. Алдымен рухани тәжірибе жинап, кейін оны басқаруға қолданады.

Мадақтау және қолдау – бұл тәрбие әдісі жаңұя тәрбиесінің тәжірибесінде кең қолданылады. Бала әрқашанда өзінің мінез-құлқына, ойына, жұмысына баға бергенді қажетсінеді. Жаңұядағы ең бірінші мадақтау-ауызша мақтау және ата-ананың қолдауы. Мадақтау және қолдау балаға стимул болатын үлкен әсер береді. Халықта баланы жақсы әрекет

жасауға тырысуы үшін мақтайды. Бұл жағдай балаға емес, ата-аналарына ризашылық білдіріп, мақтау берген.

Тұспалдап айту – тікелей немесе жанама, тәрбие әдісі ретінде әсер ету үшін бүкіл шығыс елдерінде қолданылады. «Қызым саған айтам, келінім сен де тыңда», – дегенге саяды.

Жеке өнеге (әсіресе, ата-аналардың) – бұл халық педагогикасында ең радикалды, ең әрекетті әдіс болып табылады. Ата-ананың рухани бейнесі, олардың еңбегі, қоғамдық әрекеті, жанұядағы өзара қарым-қатынасы, заттарға қарым-қатынасы, өнерге – бұның барлығы балаға үлгі болып табылады және олардың тұлғалық дамуына, қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Халық кемеңгері бала тәрбиесінде жағымды үлгіні айтады.

Ата-ананың бата беруі – халық педагогикасында ақындық форманы алатын тәрбиенің бір түрі. Жастарға ата-ананың бата беруі, олардың болашақ өмірлік позициясына үлкен әсер етеді. Ойнау, еңбек ету және оқу барысында ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, іскерлікке үйренеді, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға, қоғамдық өмірдің әдет дағдыларын игеруге бейімделеді.

Ойын, еңбек, оқу арқылы біз балаларға белгілі бір тұрғыда ықпал жасай аламыз. Ойын, еңбек, оқытуды өзара ұштастырған жағдайда ғана баланың жеке басын дамытуда толық нәтижеге жете аламыз. Көптеген жазушылар бала ойынының психологиялық мәнін көркем бейнелер арқылы ашқан. Бала ойын арқылы өзінің қуанышын, ренішін, арманын бейнелесе, ертеңгі күні, яғни болашақта сол арманын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше. Жалпы ойынның қандай түрі болса да атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Ұлттық ойындардың негізгі мақсаты – бала бойына өнердің нұрын себу. Ұлттық ойындардың заман талабына сай өзгертіліп, жаңартылып отырғандары жөн[3].

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады». Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, іземттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б. Адамгершілік - ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы. Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат - міндеттердің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, иманды, мәдени - ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу –біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Қай ұлтта болмасын халық ауыз әдебиетінде ең алғаш пайда болған, ең түңғыш айтылған өлең, жыр, әңгімелер балаларға, тәрбие мәселесіне арналған. Өйткені, баланы өз өмірінің жалғасы деп ұққан. Ерте кезде қазақ халқында бала тәрбиелеуге арналған қоғамдық орын: ясли, балалар бақшасы, мектеп болмаса да, тәрбиені балаларына бесікте жатқан кезінен бастап-ақ халықтық жырлар мен әңгіме, ертегілер арқылы бере бастаған. Олар өскен соң, өздерін қоршаған жаратылыстың ішкі құпиясын ғылым жолымен сезініп білмесе де, жапан дүзде жолсыз жерлермен жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, адаспай кете беретін болған. Жастайынан-ақ есіту, көру сезімдері шынығып, алыстағыны болжайтын, табатын ізшіл де, құралайды көзге атап түсіретін мерген де болған. Кәсібі, тіршілігі тек қана мал шаруашылығына байланысты болғандықтан 6—7 жасынан-ақ олар ат құлағында ойнайды. Оқу-сызу өнеріне машықтанбаса да, бір есіткенін қалтқысыз есте сақтайтын қабілеттілігі де күшті болған. Олар сондықтан да қызық-қызық ертегілерді, ұзақ-ұзақ жырларды жатқа айтатын болған. Бесік жыры, айтыс, ертегілер, жұмбақтар мен жаңылтпаш сөздер, мақал мен мәтелдер, өтірік өлеңдер — бәрі де баланы қызықтырып, оларды мәз-майрам етеді. Сөз өнерінің әдемі кестелері олардың сөздік қорын байытып, бірден мағыналы да мәнді сөйлеуге жаттықтыра

береді. Тек бұл емес, халықтың шығармалар ішіндегі әржақты айқын образ, оқиға барысының қызықты бола беруі, әдемі қисын, жақсы ұйқас бәрі де балаларды қуантып, әсер беріп, ойын шыңдап отырады. Ежелгі Қазақстандағы тәрбие ісі негізінен басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған. Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген. Хат білмесең де әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, мейірімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден, тіл алғыш елгезек бол деп үйреткен. Бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі болатын. Төртіншіден, адалдық пен шындыққа баулуды көздеген. Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болма, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңіре берген, Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлауға үйретуді басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспа — дейді халық тәрбиесі. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, қарып-қасерлердің табиғи кемдігін (мұрны пұшық, көзі қисық, аяғы ақсақ деген сияқты) көрсетпе деген сөз. Сегізіншіден, ел қорғаны батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді үйретеді. Халықтық шығармалардың балалар мен жасөспірімдерге тигізетін бұдан басқа да тәрбиелік әсері ұшан теңіз. Халықтың шығарма балаларды адам баласының өткен ғасырлардағы тарихи өмірі, тұрмыс, әдет-салты, күн көрісі, шаруашылық — экономикасы, мәдениетімен таныстырып отырады. Балалар мен жасөспірімдерге арналған халық өлеңдерінде дүниеге жаңа келген жас нәрестенің болашағын ойлап, қолдан келер мүмкіндіктерін соның жолына бағыштауға тырысады. Мұнда балаға деген сый-құрмет, ықыластар, оның болашақ азаматы болсын деген тілек-мақсаттардан туатыны айтылған. Халық тәрбиесі баланы жас басынан көпшіл, қоғамшыл, ынтымақшыл, сый-сияпат көрсете білетін өнегелі де әдепті адам болуын көздеген, баладан адамгершілік қасиетті талап еткен. Қолы ашық, алақаны жазық болсын, жұдырығын түйген сұм болмасын дегенді балаға жас басынан ұқтыра беруге тырысқан. Баланы күту, бағу, тәрбиелеу, әлпештеп ақ бесікке салу, оның мәңгілік қамқоршысы болу — ата-ананың борышты да, басты міндеті деп бағалаған. Бала туғанда шілдехана жасау, жас нәрестенің дүниеге келуін қуаныш ету, оны өздеріне бақыт санау жалпы халықтық салтқа, әдетке айналған. Бала ата-ананың бауыр еті, жүрегі деп бағалаған. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бойынша қазақ балалары тәрбиені үй ішінен, өзінің көрген-білгенінен, ауыл айналасынан үйренетін.

Ертегі бала тәрбиесінің бөлінбес бөлшегі болып табылады. Оның рөлі көп қырлы: дұрыс қиялдау білуден, дұрыс тіл дамытуға дейін. Ертегі қол жетімді тілде балаларды өмір сүруге, ненің жақсы, ненің жаман екенін білуге үйретеді.

тапшылығы қынжытады. Өйткені өз жақынынан діни қолдау көрмеген жас буын, өзін түсінетін және рухани аштығын қанағаттандыратын, өкінішке орай, жат діни ағымдардың өкілдерінен табуда. Бұл экстремизм туралы проблема парламенттің, үкіметтің, қоғамның, жастардың проблемасы. Өйткені, бұл проблема қазіргі уақытта күллі дүниежүзі бойынша таралып кетті. Осы проблемаға себеп болатын жастар. Біздің Қазақстанда төрт жарым миллион жастар бар. 14 жастан 29 жасқа дейін соның жетпіс мыңы студенттер. Діни экстремизмге себеп болатын бірінші проблема ол жастар арасындағы жұмыссыздық. Діни біліміз төмен. Әсіресе ауыл жастары діни экстремизмге жақындау болып келеді. Тіпті, шет елдерден келген басқа ұлт өкілдеріде кері әсерін беріп жатыр. Қазіргі таңда діни-ахуал жағдайында жалпы экстремизм деген терминге зерттеушілер ортақ бір нақты мазмұн беретін балама сөз тапқан жоқ. Әр ғалым өзінше сөз саптайды. Бір анығы, қоғам үшін бұл – үлкен қауіпті құбылыс. Айтқандай, экстремизмнің қай түрі болса да тұтас әлемге, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, елдің аумақтық тұтастығына, азаматтардың құқығына және бостандығына үлкен қауіп төндіреді. Кез келген ел үшін діни экстремизмнің ең қауіпті түрі – діни ұранды бүркемелеп ұлттар және діндер арасына от қойып, шағыстыру. Оның арты үлкен қақтығыстарға әкеледі. Діни экстремизмнің негізгі мақсаты – өз дінінің басқа діни конфессияларға басым екенін мәжбүрлі түрде мойындату. Одан қала берді, халыққа өз діндеріне сай құқықтық нормаларды жасап, бөлек мемлекет құру. Діни экстремизм – діни фанатизмнің шектен шыққан түрі. Кез келген экстремизмнің мәні – олардың пікірлеріне қосылмағандарға зорлық-зомбылық көрсету. Діни экстремизм әлемді өздерінің шектен шыққан көзқарасы мен діни фанаттық идеологиясына сәйкес қайта құруға тырысады. Діни экстремизм – терроризмнің ең соңғы сатысы. Біз өмір сүріп отырған әлемде діни экстремизм қанатын кеңге жайып, халықаралық деңгейге жеткен. Дәл қазіргі уақытта халықаралық экстремизм және терроризммен тиімді күресу үшін әлемдік қоғамдастықты бірігіп күшейту қажет. Себебі, біздің халқымыздың мақсаты – ынтымағы мен бірлігін сақтап, бейбіт өмір сүру.Тұрғындардың арасында, әсіресе жастардың өзгелерге еліктеуі, белгілі бір топтың мүшесі болуға деген ынтасы соқыр сенімге негізделген діншілдікке әкеледі. Мұндай соқыр сенім діни фундаментализмнің, сәйкесінше діни фанатизмнің алғышарттары болуда. Фундаменталисттік көңіл-күй экстремизмге апарар жол, өйткені экстремисттік пайымда өзінің ғана діни ұстанымы ең шынайы, ақиқат әрі таза деп ұғынылады. Сәйкесінше, өзге дін өкілдеріне төзімсіздік, қысым көрсету секілді көңіл-күй туындайды. Мұндай ұстаным өз сенімін, көзқарасын мейлінше кең тарату, қажет болса күштеп таңу әрекетіне саяды. Осы жағдайда, діни мотивтегі терроризм көрінісі мен оның өкінішіті салдары орын алады. Сонымен қатар, өзге елде оқып жатырған кейбір жастар заңсыз жолдар арқылы шекара асып, ол жақта заңды діни сауат ашу немесе теологиялық ғылымдарды үйрететін университтерге тіркеле алмай, «хужраларда» яғни бір шейхсымақтың үйінде діни сауат ашуда. Соның нәтижесінде бұл орындарда оқыған азаматтар, алған ілімдері шикі бола тұра, теологиялық үкімдер шығаруға, жамағаттардың арасында тартыстарға түсуге бейім болады.

Жастардың жат діни ағымдарға бейім болудың тағы бір себебі, ол осы ағымда жүргендердің арасында берік қарым-қатынас құруда. Олар бір пікірлес «бауырларын» ағасындай сыйлап, бір-бірін демеп, бауыр басып алады. Бұл әдістер ағымның жаңа мүшелеріне жағымды болып, қуанышпен қабылдайды. Деструктивті діни ағымдар идеяларының белсенді таралуына ерекше ықпал ететін тағы бір себебі, ол ағымдар жаңа заманғы ақпарат құралдарын тиімді пайдалануда. Ғаламтор желісі арқылы, ұялы телефон және баспа құралдары арқылы өз ақпараттарын қарқынды таратып жатыр. Сондықтан да, діни теріс ағымдардың алдын алу жұмыстарында жоғарыда аталып өткен себептерді ескерсе отырып керекті ашаралар мен тәсілдерді жетілдіру қажет. Сондай – ақ, теріс діни ағымдарға қарсы тұрудың маңызды жолы-жастардың бос уақытын тиімді пайдалану болып табылады. Биылғы жылы барлық оқу орындарында жастар ісі комитеттері құрылды. Ірі мекемелер мен кәсіпорындарда жастар кеңестері жұмыстарын бастады. Бұл құрылымдардың басты мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді пайдалану болып табылып отыр.

Жоғарыда берілген көзқарастарды талдай отырып, келесідей екі тұжырым жасауға болады:

Кесте-1

Негізгі тұжырымдама	
Біріншіден, қоғамның кейбір топтары немесе жеке тұлғалары өз мүдделерін радикалды түрде қорғаулары қоғам мен мемлекеттің мүдделері мен құқықтарын сақтауға қауіп төндіретіндей болған кезде ғана шынайы экстремизм көрінісі туралы айтуға болады.	*Екіншіден,* орын алған көріністерді экстремизмге жатқызу үшін нақты критерийлердің болуы қажет, өйткені ол экстремизммен күресті өзге көзқарастағылармен күреске айналмауынан, плюралистік пікірлердің сақталуы мен ар-ождан және діни-сенім бостандықтарының сақталу қағидаттарының бұзы-луынан сақтайды. Сондай-ақ экстремизмнің антиқоғамдық және антидемократиялық сипаттарын ескере отырып, экстремизмге қарсы күрестің уақтылы әрі тиімді жүзеге асуы мемлекет қауіпсіздігі мен оның азаматтарының бостандықтары және құқықтарының сақталуына кепіл болады.

Мемлекет пен қоғамның экстремизм көріністеріне қарсы қимылдарының сапалы түрде әрі дер кезінде жүзеге аспауы мемлекеттің әлеуметтік-саяси жүйесінің құлдырауына әкеледі. В. Зорин және Э. Паин сынды Ресей сарапшылары экстремизм құбылысына қарсы уақтылы жүзеге асырылмаған қызметтің салдарын:

− саяси салада еріктілік айтарлықтай ұлғаяды, яғни шын мәнінде, маргиналды болып табылатын саяси күштер бе¬делге ие болады, салдарынан саяси этиканың жалпы деңгейі төмендеп, оның ықпалы барлық қоғамдық өмірге таралады;

− қоғамда төзімсіздік ахуалы күшейеді, салдарынан саяси жүйенің тұрақтылығы азаяды;

− зорлыққа жол беріледі және ол мақсатқа жетудің таң- даулы әдісі ретінде көрініс табады. Бұл әсіресе жастарға кері әсер етеді, өйткені олар идеялық астар мен соңғы нәтижелерге қарамастан түбегейлі қимылдарға және мұндай қимылдарды романтизациялауға жақын болады. Бұл жағдайды экстремистік қозғалыстардың идеологтары мен ұйымдастырушылары тиімді қолдана отырып, «идея үшін» кез келген террористік актіге немесе қылмысқа дайын тұратын фанатиктерді қалыптастырады;

− соңында үрей азаматтық өмірдің өзегіне айналады, ал бұл елдегі саяси ахуалды тұрақсыздандыруға қажет қолайлы жағдай болып табылады деп көрсетеді [6,104б].

Мұсылмандар діни басқармасының бастамасымен діни экстермизмнің алдын – алу жұмыстары мешіттерде бастау алды. Бүгінде әр мекеме аталған тақырыпқа қатысты жоспар құрып, күні бүгін облыстағы барлық кәсіпорындар, мекемелер мен компаниялар өз қызметкерлерінің терроризм мен экстремизмге қарсы сауатын арттыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Тіпті, түрмелерде де осындай жұмыстар жолға қойылған. Қазіргі таңда, уәкілетті мемлекеттік органдардың деструктивті ағымдарға қарсы белсеңді күрестері мен алдын алу шаралары нәтижесінде көптеген радикалды сайттарға тосқауыл қойылып жатыр, сондай-ақ еліміздің түрлі оқу орындарында жас өспірімдердің діни сауатын арттыратын арнайы ақпараттық-насихаттау жұмыстары мен оқу-ағартушылық сабақтары өткізілуде. Сонымен қатар, ҚМДБ-ның және ҚР МСМ Дін істері комитетінің бастамасымен әр алуан ағартушылық сайттар мен порталдар іске қосылды, әр қилы деструктивтік ағымдардың салт-дәстүрімізге, дінімізге және ділімізге тигізетін зардаптары жайлы тиісті органдар мен дін өкілдерінің қатысуымен республикалық және аймақтық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында (телеарналарда, газеттерде және т.б.) арнайы сұхбаттар жүргізілуде. [7, 41-44б].

Терроризм мен экстремизм – адамзаттың қас жауы. Қаймағы бұзылмаған қазақ жерінде осындай лаңкестіктерге жол беру ең алдымен, жазықсыз жандардың зардап шегуіне алып келетіні сөзсіз. Жұртшылық осыны ұғынуы керек.

Ақиқатын айтар болсақ, жалғыз Ислам ғана емес, әлемдегі қай дін де өз табиғатында экстремизмге жат. Әлемде лаңкестікті, экстремизмді, соғысты жақтайтын бірден – бір дін жоқ. Ислам діні де солай. Оның жарқын жол көрсетушісі қасиетті құран Кәрімде бір адамның өмірін

қию бүкіл адамзатқа жасалынған қастандық ретінде бағаланды. Діни сауаттылық дін туралы білім ретінде жалпы сауаттылықтың құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Барлық әлемдік, дәстүрлі, жаңа пайда болған діни ағымдардың тарихын, ілімін, құндылықтар жүйесінен танып-білу мен жалған діндердің, экстремистік топтардың белгілерін ажырата алу дағдысы қалыптасқан адамда радикалды идеяларға қарсы «ақпараттық иммунитет» қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда жастар арасында діни сауаттылықты қалыптастырудың негізгі құралы ретінде «Дінтану» курсы өзекті бола түседі. Ортаңғы білім беру мектептерінде 2009 жылдан бастап оқытылып келе жатқан аталмыш пән қазіргі таңда жаңарту мен толықтыруды қажет етеді. Өйткені, қазіргі таңдағы діни ахуал күрделене түсті. Сәйкесінше, «дінтану» пәнінің оқулығына әлемдік діндер мен дәстүрлі емес діни ағымдар туралы объективті мәліметтер берумен қоса діни экстремизм туралы түсінік, оның белгілері, ғаламтордағы көріністері секілді күрделі бөліммен толықтырылуы тиіс. Аталмыш пәннен сабақ беретін мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар дайындалып, біліктілікті көтеру курстары ұйымдастырылуы қажет. Мұндай курстарда арнаулы мамандар мұғалімдерге экстремизмнің табиғаты, алғышарттары туралы мағлұматтар беріп, экстремистік сайттарды анықтау, салыстыру жолдарын үйретеді. Бұл шара ұстаздардың оқушылармен жұмыс істеуге дайындығын арттырады.

Осылайша, экстремизмге қарсы шараларды уақтылы жүргізу арқылы мемлекет мемлекеттік жүйелердің қалыпты қызметі мен тұлғаның, қоғамның мүдделері, бостандықтары мен құқықтарын қамтамасыз етіп қана қоймай, жалпы алған- да, мемлекеттің ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігін қорғайды. Шын мәнінде, экстремизмге қарсы күрестің тиімділігі оның орын алуына себеп болатын көріністерді уақытылы шешуге тікелей байланысты. [8, 29-31б].

Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде әринеи күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Әйтсе де, жасөспірім балалар үшін ақпарат құралдарының беретін мәліметі де жеткілікті емес. Секталардың, экстремистік топтардың қаупі туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет. Ол үшін дін туралы білім мектеп қабырғасымен шектеліп қалмай, арнаулы және жоғарғы оқу орындарында жалғасын тапқаны жөн. Студент жастар арасында дінтану курсы қабылдауға ауыр, қажетсіз, әйтеуір баға үшін оқылатын курстар қатарында қалмауын қадағалау да маңызды. Осы орайда, рухани-интелектуалды жастар тәрбиелеу үшін дінтану курсының қосымшасы ретінде дінтануға қызығушылар клубтарын құру қажет. Мұнда дін мәселесіне қызығушылық танытатын студент-жастар, дінаралық сұхбаттастықты нығайту, діни сауаттылықты көтеру, діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу секілді түйткілді мәселелерге өз қарастарын қалыптастырып, оларды шешу бағдарламарының жобасын дайындау секілді мәселелермен айналысады. Клуб мүшелері дінтану курсын оқыту бағдарламасын толықтыру мен жақсарту бойынша да өз ұсыныстарын бере алады. Мұның бәрі дін туралы танымды кеңейтуді қызықты әрі қарапайым ете түспек. Дін туралы білімге ие, сауатты кез-келген адам өзінің рухани бағдарын дұрыс таңдайды, өзгенің дін ұстану, ұлттық, тілдік ерекшелігіне сыйластықпен қарап, құрмет көрсетеді. Яғни, Қазақстанда қалыптасқан дінаралық келісім татулықты сақтау мен келер ұрпаққа жеткізуге өз үлесін қосар болса, өз кезегінде еркін әрі қызығушылықпен жинақталған білім мен тәжірибе өмір соқпақтарында сүрінбеудің кепілі [9, 80-82б].

Қорыта келе, ақпараттық кеңістіктегі түрлі діни сайттардың жұмысын қадағалаумен бірге, жастарымызды мұндай олқылықтардан сақтандыру үшін барынша, жұмылған жұдырықтай атсалысып, тәрбие мәселесіне басты назар аударуымыз қажет. Өйткені, жас ұрпақты тәрбиелеу – әр ата-ананың борышы. Осы ретте, жастарға қоғамның да, қоршаған ортаның да ықпал ететінің ескеруіміз керек. «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» деген халқымыздың аталы сөзі бекер айтылмаған. Сондықтан да балалардың бойына жастайынан ізгілік, имандылық, отансүйгіштік, қайырымдылық, кішіпейілділік, адалдық секілді қасиеттерді сіңіру мен тәрбиелеуде отбасы маңызды рөл атқарады. Демек, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, баланы балабақшадан бастап тұлға ретінде қалыптастыруға, мектеп қабырғасында тілімізді, мәдениетімізді қастерлеуге, жоғарғы оқу орындарында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге үйретуіміз қажет. Тек сонда ғана осындай теріс пиғылды діни ағымдарға бөгет қоя аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдары [Электрондық ресурс]: қол жеткізу режимі:http://alga.aktobe.gov.kz/kk/node/9976

2. Н.Ә.Назарбаев. Сындарлы он жыл. - Алматы: Атамұра, 2003 – 147 б.

3. Діни экстремизм жәнеоныңалдыналужолдары[Электрондық ресурс]: қолжеткізурежимі: http://sunna.kz/kz/last/view?id=141

4. Государственная программа по противодействию религиозному экстремизму и терроризму на 2013–2017 годы от 2 октября 2013 г. // («Казахстанская правда» № 286 (27560) 2.10.2013).

5. Суслова Е.С. Религиозно-политический экстремизм и национальная безопасность на Северном Кавказе // Свобода совести в России: исторический и современный аспекты. - М., 2004. С. 292-293.

6.Бөрібаев Т.Қ. Қазақстанжағдайындағыдіни экстремизм ба-стаулары мен себептері:әлеуметтік-философиялықталдау // http://e-islam.kz/kz/contents/view/737&sa=U&ei=a1RjU_uHFIfv4gSzoYDwCg&ved=0CB8QFjAA&usg=AFQjCNEztNMR40-jkdyUBwrluS6wDEw8SA.

7.Садыханұлы М. Лаңкестіклаңы: алдыналу мен қарсытұру // Дала мен қала.- № 32 (411). - 2011, 20 тамыз.

8.Ж. Дүйсенбаев. Дініэкстремизмменкүрескүшейтілуітиіс // http://i-news.kz/news/

9.Ислам экстремизм мен лаңкестікке қарсы- Алматы, «Көкжиек -Б» баспасы- 240 б, 2011.

III СЕКЦИЯ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ӨЗІНДІК САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭТНИЧЕСКОГО САМОСОЗНАНИЯ У СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ В УСЛОВИЯХ ДУХОВНОГО ОБНОВЛЕНИЯ

УДК 374.01

Аукатова С.Н., *СОШ №17, г.* Уральск,
Хусаинова Ж.К., *Западно-Казахстанский государственный университет им.М. Утемисова*

ВОСПИТАНИЕ В СТРУКТУРЕ ОТКРЫТОГО ИНФОРМАЦИОННОГО И ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА

Ряд серьезных изменений в системе образования, стимулирующих ее коренное обновление выдвигает в качестве приоритетной задачи совершенствование системы воспитания в учреждениях образования.

Цели создания информационно-образовательной среды образовательного учреждения тесно связаны с основными целями его деятельности. В то же время, существует и обратная связь: процесс информатизации оказывает существенное влияние на цели общего образования. Эта взаимозависимость отражается в выработке новых требований к современной школе. Приведем перечень таких требований:

- обновленное содержание образования, интеграция информационно-коммуникационных технологий в образовательный процесс;
- активные формы учебной деятельности;
- инновационные формы организации образовательного процесса, в том числе проектная, исследовательская, дистанционная форма, индивидуализация;
- новая роль педагога в школе;
- образовательная среда, включающая цифровые учебные инструменты и электронное цифровое хранилище работ учащихся и учителей, записей уроков, доступное внутри и вне школы;
- новые подходы к управлению школой.

Значение ИОС в образовании трудно переоценить, — ее качество во многом определяет успешность образования учащихся. Основным критерием качества информационно-образовательной среды является обеспечение образовательными возможностями всех субъектов образовательного процесса. Поэтому модернизация образования информатизацию выделяет одним из своих приоритетов. Информатизация образования как приведение образовательной системы в соответствие с потребностями и возможностями информационного общества, сегодня становится ведущим направлением по построению школы. *Главной задачей информатизации* школы является *создание информационно-образовательной среды*, рассматривающейся как одно из условий достижения нового качества образования. Одна из основных задач заключается в повышении качества образования на основе развития и использования информационных и коммуникационных технологий [1].

Сегодня информатизация школы — это необратимый процесс изменения содержания, методов и организационных форм общеобразовательной подготовки учащихся на этапе перехода школы к работе в условиях информационного общества. Информатизация образования — процесс обеспечения сферы образования методологией и практикой разработки и оптимального использования современных средств ИКТ, ориентированных на реализацию психолого-педагогических целей

В основе создания информационно-образовательной обучения, воспитания среды образовательного учреждения лежит организация использования информационно-коммуникационных технологий (ИКТ). Именно эффективное использование ИКТ открывает новые возможности и перспективы развития системы образования в целом. Использование информационных и коммуникационных технологий в системе образования изменяет

дидактические средства, методы и формы обучения, влияет на педагогические технологии, тем самым преобразуя традиционную образовательную среду в качественно новую — Информационно-образовательную среду [2].

Образовательный эффект ИОС заключается в том, что она – как системный интегратор всего педагогического процесса, обеспечивает качественно новые параметры образования. Это система информационно-образовательных ресурсов и инструментов, обеспечивающих условия реализации основной образовательной программы образовательного учреждения [3].

Информационно-образовательная среда образовательного учреждения должна обеспечивать:

- информационно-методическую поддержку образовательного процесса;
- планирование образовательного процесса и его ресурсного обеспечения;
- мониторинг и фиксацию хода и результатов образовательного процесса;
- мониторинг здоровья обучающихся;
- современные процедуры создания, поиска, сбора, анализа, обработки, хранения и представления информации;
- дистанционное взаимодействие всех участников образовательного процесса (обучающихся, их родителей (законных представителей), педагогических работников, органов управления в сфере образования, общественности), в том числе, в рамках дистанционного образования;
- дистанционное взаимодействие образовательного учреждения с другими организациями социальной сферы: учреждениями дополнительного образования детей, учреждениями культуры, здравоохранения, спорта, досуга, службами занятости населения, обеспечения безопасности жизнедеятельности [4].

Эффективное использование информационно-образовательной среды предполагает компетентность сотрудников образовательного учреждения в решении профессиональных задач с применением ИКТ, а также наличие служб поддержки применения ИКТ. Обеспечение поддержки применения ИКТ является функцией учредителя образовательного учреждения.

Таким образом, информационно-образовательная среда определяется с одной стороны, как программно-технический комплекс, а с другой стороны, как педагогическая система. Она возникает как результат взаимодействия субъектов образовательного процесса и информационно-образовательного пространства. Следовательно, в оценке качества ИОС и в управлении качеством ИОС должны учитываться не только информационно-программно-технические, но и педагогические и организационные аспекты.

Различают следующие компоненты информационно-образовательной среды: программно-стратегический, организационно-управляющий, учебно-методический, ресурсно-информационный [5].

Близкой является классификация компонентов ИОС, предложенная А.В. Власенко, Е.В. Якушиной: аппаратный, ресурсный, кадровый, регламентный, методический, технологический.

Педагоги Голландии выделяют четыре основных компонента ИОС - видение будущего образа школы, квалификация учителя в области применения ИКТ, учебно-методический комплекс, ИКТ инфраструктура [6].

Проблемам теории и практики функционирования и развития основных компонентов ИОС посвящены работы российских и зарубежных исследователей:

1. **Организационно-управляющий компонент ИОС**

-проблема использования ИКТ в руководстве и управлении образовательным учреждением (Лучко О.Н., Бочаров М.И., Танова Э.В., Арефьев О.Н.)

-проблема целеполагания (Семенов А.Л., Гасликова И.Р.)

-проблема управления процессом информатизации (NAACE, Becta, A. Brummelhuis & M. Amerongen, Stichting Kennisnet, Курова Н.Н.)

2. **Программно-стратегический компонент ИОС**

-проблема изменения учебных программ и педагогических подходов в целях достижения соответствию изменениям в образовании на основе ИКТ.

- проблема проектирования учебного процесса в информационнообразовательной среде (Босова Л.Л., Лаптев В.В., Прозорова Ю.А., Чернобай Е.В., Кочерова Е.С., Коротенков Ю.Г.,

Зенкина С.В., Кузнецов А.А., Семенов А.Л., Иванова Е., Осмоловская И., Арефьев О.Н., Коротенков Ю.Г., Роберт И.В., Мухаметзянов И.Ш.).

3. **Учебно-методический компонент ИОС**

-проблема методики преподавания традиционных школьных дисциплин с применением информационно-коммуникационных технологий (Лаптев В.В., Полат Е.С., Роберт И.В. и др.);

-проблема влияния использования ИКТ на результаты образования (Balanskat A, Blamire R & Kefala S; Becta Review, Horvath A., Dalferth S., Noorani S., Anja Balanskat, Roger Blamire, Stella Kefala)

-проблема формирования ИКТ-компетентности учащихся (Ершов А.П., Кузнецов А.А., Лапчик М.П., Леднев В.С., Собкин В.С., Адамчук Д.Н., Руднев М.Г., Бешенков С.А., Победоносцева М.Г., Захаров А.С., Суворова Т.Н., Семенов А.Л. и др.);

- проблема внедрения систем открытого и дистанционного образования (Иванников А.Д., Солдаткин В.И., Филиппов В.М., Щенников С.А. и др.).

-проблема использования телекоммуникационных сетей в обучении (Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Полат Е.С., Уваров А.Ю.);

4. **Кадровый компонент ИОС**

-проблема повышения уровня информационной культуры учителя, ИКТ-компетентности педагога, (Семенов А.Л., Добудько Т.В., Кузнецов Э.И., Пугач В.И., Рубашкин Д.Д., Тадевосян С.В., Третьяк Т.М., Хамидулина Е.В. Швецкий М.В., Prensky M., Kleiner B., Thomas N., & Lewis L.и др.);

5. **Ресурсно-информационный компонент ИОС**

-проблема технического и технологического переоснащения рабочих мест субъектов образовательной системы (Добудько Т.В., Кузнецов Э.И., Пугач В.И., Швецкий М.В.);

-проблема создания и применения цифровых образовательных ресурсов, электронных учебников и виртуальных сред (Граб В.П., Григорьев С.Г., Гриншкун В.В., Лазарева И.А., Осин А.В., Уваров А.Ю., Красильникова В.А., Веденеев П.В., Заварихин А.С., Казарина Т.Н. Зенкина С.В., Прозорова Ю.А, Башмаков М.И., Машбиц Е.И., Ракитина Е.А., Роберт И.В., Kozma R.B.,);

Компоненты ИОС взаимосвязаны: изменение содержания в одном компоненте ведет к изменениям в содержании других, их связей между собой. На это обратили внимание и педагоги Голландии. Они и среды в целом считают, что использование ИКТ в образовательных целях имеет больше шансов на успех, если ее основные компоненты находятся в равновесии [7].

Цель управления качеством ИОС — повышение образовательных результатов учащихся. Для того, чтобы определить развитие компонентов ИОС и всей среды в целом и на этой основе успешно управлять ее качеством нужен инструмент — система оценки качества ИОС.

Итак, создание информационно-образовательной среды выступая с одной стороны результатом информатизации, с другой, — представляет собой сложный процесс информатизации школы. Это процесс сбалансированного развития базовых компонентов ИОС, реализуемых через эффективное использование ИКТ. Поэтому для оценки качества ИОС нужен удобный инструмент, который бы оценивал эффективность использования ИКТ в реализации основных ее компонентов и предоставлял возможность определить баланс в их развитии.

Таким образом, открытое образовательное пространство позволяет организовать взаимодействие всех субъектов воспитательного процесса, в результате чего происходит формирование активной личности, сочетающей в себе нравственные качества, творческую индивидуальность, социальную активность, гуманное отношение к людям и всему миру.

К основным ресурсам, необходимым для существования и функционирования информационной среды образовательного учреждения, относятся:

- технические ресурсы (физическая составляющая);
- кадровые ресурсы (интеллектуальная составляющая);
- учебно-методические ресурсы (информационная составляющая).

Информационно-образовательная среда учреждения образования создается ради того, чтобы учащийся мог получать самые новые знания, умел активно их применять, научился диалектически мыслить, раньше социализировался, легче адаптировался к быстро меняющемуся миру[8].

Изучая всю совокупность воздействий на личность, весь процесс социального формирования человека, всю сумму факторов, которые его определяют, закономерностей,

которым он подчинен, можно гарантировать создание условий для эффективной организации практики социального воспитания и предвидения результата воспитательного процесса.

Список литературы

1. Семенов А.Л. Качество информатизации школьного образования / А.Л. Семенов / Вопросы образования. /Вопросы образования: научно-образовательный журнал/ Гл. ред. Я. И. Кузьминов. - М.: ГУ ВШЭ, 2005. N 3 - С.248-270.
2. Асмолов А.Г. Российская школа и новые информационные технологии: взгляд в следующее десятилетие / А.Г.Асмолов, А.Л. Семенов, А.Ю. Уваров / — М.: Изд-во «НексПринт», 2010. — 84 с.
3. Сайков Б. П., Энциклопедия учителя информатики.: вып. 10 / Б. П. Сайков, И. Г. Семакин ; ред. И. Г. Семакин. - // Информатика. Приложение к газете «Первое сентября». - 2007. - N 20. - С.13-37
4. Зенкина С.В. Новая информационно-коммуникационная образовательная среда / С.В.Зенкина, А.А.Кузнецов /Основы общей теории и методики обучения информатике; под общей редакцией А.А.Кузнецова. – М.: Бином, 2009. – 154с.
5. Андреев А.А. Некоторые проблемы педагогики в современных информационно-образовательных средах // Инновации в образовании. 2004. № 6. С. 98 – 113.
6. Ахметов Б.С., Бидайбеков Е.Ы. Информационная образовательная среда вуза: разработка, внедрение, перспективы [электронный ресурс] / 3-я Всероссийская научно-практическая конференция-выставка. – Омск, 2006. URL http://www.omsu.ru/conference/stat.php. (дата обращения 17.02.18)
7. Савельева О.А. Компьютерные информационно-образовательные среды как средство совершенствования системы подготовки студентов специальности «Психология» // Материалы междунар. научн.-метод. конф. «Развитие системы образования в России XXI века». – Красноярск, 2003. – С. 122-126.
8. Власенко В.А. Взаимосвязь компонентов информационно-образовательной среды школы / В.А. Власенко, Е.В. Якушина / Народное образование, - №5, 2012, с.124-128

ӘОЖ 37.011.32-052

Аренова А.К.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжинирг университеті, Актау

Молдағалиев Б.А., Мергенова Р.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

МҰҒАЛІМДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕПТІ ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Бүгінде әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді.

Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы, адами капитал сапасын жақсарту басымдықтары белгіленді [1]. Мұндай ауқымды міндеттерді шешуде мектептің, ондағы педагогикалық ұжымның ролі зор. Себебі бүгін мектеп партасында отырған ұрпақтарды жаңа жағдайда өмір сүруге және жұмыс істеуге даярлауға тура келеді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Жолдауында білім саласына, әсіресе мұғалім мәртебесіне көп көңіл бөлінгені аян.

Мұғалім мәртебесін арттыру мақсатымен білім берудің жаңартылғын мазмұнына көшкен ұстаздардың лауазымдық жалақысын:

- 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30 процентке көбейту;

- жалақылары біліктілігінің расталуына байланысты тұтастай алғанда 30 проценттен 50 процентке дейін өседі.

Бұл үшін биыл қосымша 67 миллиард теңге бөлу жоспарланып отыр.

Педагогтарды өздерін ұдайы жетілдіру үшін мынадай шаралар белгіленді:

- 2018 жылы мұғалімдер үшін біліктілік деңгейін ескеретін категориялардың жаңа кестесін енгізу;

- категорияларды бүкіл әлемде қолданып жүрген ұлттық біліктілік тест арқылы беру керек.

Бұл шаралар мұғалім қауымын ұдайы өзін өзі жетілдіруге ынталандыратын бірден бір тетік. Шын мәнінде, бүгінгі уақыт – өзгерістер уақыты. Білім саласының қызметкерлері де кез келген сынаққа, өзгеріске әзір болуы, сергек жүруі қоғамды алға жылжытатын фактордың бірі болса керек деген ойдамыз.

Қазақстанда мектептегі білім беру жаңа кезеңнің алдында тұр. Мұғалімнің педагогтық әдебі саласы жаңа тәсілдер аясында кеңеюде. Ол – пәнаралық және жобалық қызмет, оқыту мен басқаруда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану, дамуында ерекше қажеттіліктері бар балаларды интеграциялау және ата-аналарды консультациялық сүйемелдеу.

Педагогтық әдеп – мұғалімнің ең етене кәсіптік белгісі. Мұғалім кәсібінің ерекшелігі ең алдымен оның педагогтық әдебінде жатады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 7-ші тарауы «Педагог қызметкердің мәртебесі» деп аталады. Осы тараудың 51 бабында «Педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі» көрсетілген. Осы бап бойынша педагог қызметкер педагогтық әдеп нормаларын сақтауға тиісті. Міндеттері мен педагогтық әдеп нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін [2].

Адамға тән нәрсенің барлығы мұғалімге жат емес. Алайда мұғалімдер үшін өзін-өзі тәрбиелеудің кәсіптік және педагогикалық өзіндік пайдалы сипаттарын білгені жөн. Атап айтқанда, үйірсектік, өзін-өзі ұстай білу, мақсатқа жетудегі табандылық, оптимизм және әзіл, баланы жақсы көру, педагогикалық байқағыштық, ұйымдастырушылық қабілеті, қатынастық сапа және т.б.

Жас мұғалімдермен «Тартыстық жағдайатты шешуде сәтті қылықтың шешімін жасау» атты практикалық сабақ өткізілді.

Мақсаты: тартыстық жағдайаттарда конструктивті қылықтың дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. белсенді позицияны жасауға, оны ілтипаттылықпен шешуге деген қабілетті және ұмтылыс мотивациясын арттыру;

2. мұғалімге педагогикалық ұжымның қолдауы, ұйымдастыру жұмыстары, көмегі болатынын көрсету;

3. әріптестеріне деген қатынаста эмпатияны және әдепті мінез-құлықты, қылықты дамыту;

4. мұғалімде педагогикалық процесте болып жататын жағдайаттарды жан жақты қарастыру және шешу іскерлігін дамыту.

Жағдайатты суреттеу

Мұғалім мектеп директорынан ғылыми конференцияға қатысу үшін жұмыстан босатуды сұрайды.

Директор педагогтың жұмыста болмауынан оқу жоспары орындалмайды деген желеумен жұмыстан босатпайды.

Жұмыс барысы

I. Жүргізуші қатысушыларға топтағы жұмыстың ережесін таратады.

Басқа адамның пікірін және тұлғасын сыйлаңыз.

Тұлғаны емес, мәселені талқылаңдар.

Топтың жұмысына белсенді қатысыңыз.

Топ мүшелерін тыңдауға үйретіңіз.

Өз пікіріңізді анық және аргументтермен айтыңыз.

II. Жағдайатпен таныстыру үшін екі қатысушы шақырылады. Өзінің рөліне байланысты әрбіреуі карточкаларды алады. 1- мұғалім, 2 – директор).

III. Жүргізуші қатысушыларды жағдайатты қарап, тартыстан шығудың варианттарын айтуды сұрайды.

IV. Жағдайатты талқылау.

Жүргізушінің сұрақтары:

1. Сізде осындай жағдайат болды ма?

2. Сіздің пікіріңізше, педагогикалық әдеп тұрғысынан қайсысының қылығы барынша адамгершілікті: рұқсат бермей імнің құқығын шектейтін әкімшіліктікі ме әлде мектептің қызығушылығынан өз мүддесін жоғары қоятын мұғалімдікі ме?

3. Директордың позициясын негіздеп көріңіз.

Жауап беруде мұғалімдер қиыншылық көрсе, мына варианттарды ұсыныңыз:

- мектепті бітіруші сынып болғандықтан мұғалімді ауыстыруға мүмкіндік жоқ;
- мұғалім ертеректе науқастанған болғандықтан оқу жоспарын орындауда артқа қалушылық онан сайын өсе түседі;
- конференция туралы ерте айтылмай, тақап қалғанда атылды;
- мұғалімнің біліктілігін арттыруға кедергі жасау ұмтылысы (қызғану сезімінен, бәсекелестіктен қорқуы т.б.).

4. Мұғалімнің позициясын негіздеп көріңіз.

Мұғалімдер қиыншылық көрсе, мына варианттарды ұсыныңыз:

- біліктілікті арттыруға ұмтылысы;
- тәжірибе алмасу, жаңа ақпарат алу т.б.;
- жалақысын өсіруге деген ұмтылысы.

Жағдайаттың дамуының жағымсыз және жағымды вариантарын ұсынып көріңіз, мысалы:

а) мектеп директоры келіспеген жағдайда, мұғалім жоғары білім ұйымдарынан, юристен, кәсіподақ және басқа да орындардан көмек сұрайды;

б) мұғалім әкімшіліктің позициясын түсініп, өзін ауыстыратын мұғалімді тауып, қайтадан өтініш жасайды;

с) мұғалім конференцияға қатысудан бас тартады, бірақ кәсіби әрекетте өзін өзі жетілдіруге деген ұмтылысы тежеледі;

д) мұғалім осындай жағдай қайталанбас үшін басқа мектепке ауысады;

е) директор мұғалімнің конференцияға қатысқанын пайдалы деп тауып, жұмыстан босатады.

6. Тартысты жағдайатқа қатысушылардың қай әрекеті, сіздің пікіріңізше, тартысты тоқтатып, екі жақты қанағаттандыратын шешімді табады.

Жүргізуші қиыншылық жағдайда мынадай мысалдарды ұсынады:

а) директор сыпайы түрде неге келіспейтінін түсіндіріп, мұғалімге директордың оқу ісі бойынша орынбасарымен жолығуды ұсынады немесе өзін ауыстыратын мұғалімді табуға кеңес береді;

б) мұғалім алдын ала өзін ауыстыратын мұғалімдерді тауып, директордан сұранған кезде, осыны оған хабарлайды.

V. Қорытынды шығару.

1. Жүргізуші педагогтар мен әкімшіліктің арасында тартыстың алдын алатын педагог қызметкерлерде қандай сапалар болу керектігін атауды сұрайды.

2. Ватманға маркер арқылы ұсынылған варианттар жазылады.

Қажет болса тізімді былайша толықтыруға болады:

- өзін оппоненттің орнына қоя білу іскерлігі;
- тактілік сапасына ие болуы;
- өзіне сырттан қарай білу;
- өзінің қатесін мойындай білуі;
- оппоненттің қателесу құқығын мойындау;
- күрделі жағдайатта шешім таба білу іскерлігі;
- шыдамдылық, оппоненттің пікіріне сыйлаушылықпен қатынас жасай білу іскерлігі;
- педагогикалық ұжымда моральдық-психологиялық ахуалды жақсартуға белсенді қатысу;
- мұғалімнің құқықтық мәдениетінің болуы.

3. Дауыс беру арқылы 5 маңызды сапа таңдалынады.

4. Жүргізуші қорытынды сөз сөйлейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Назарбаев Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. 18 қаңтар 2018.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан. 15 тамыз 2007.

ӘОЖ 371.3

Габдрахманова Ш.Т.
Мұрат Ж.К.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қаласы

МЕКТЕПТЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жаһандық білім беру кеңістігіне шығуға бағытталатын мемлекеттік жалпы білім беру саясатындағы өзгерістер мен жүзеге асу талаптарына сәйкес қазіргі таңда инклюзивті білім беру мәселелері жан-жақты қарастырылуда.

Бүгін де халыққа жаппай білім беру үдерісі Қазақстан білім саясатының негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Дакар Декларациясына қол қоя отырып, Қазақстан 1990 жылғы Дүниежүзілік жалпыға бідей білім беру форумы және 2000 жылғы Дүниежүзілік Дакар форумында қабылданған мақсат-міндеттемелерді қабылдаған болатын.

Қазіргі таңда ҚР шамамен 149 мың мүмкіндігі шектеулі балалар тіркелген. Алайда еліміздегі арнайы білім беру жүйесі (арнайы мектептер, арнаулы сыныптар, арнайы балабақшалар, т.б.) кемтар балалардың барлығын қамтымай отыр.

2011-2020 жж. білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасында Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беруге ерекше назар аударылып, оны дамыту түсініктері қалыптасты. «Инклюзивті білім» термині қоғамда XX ғасырдан бері танылып келгеніне қарамастан, еліміз үшін ол жаңа ұғым, сондықтан жалпы «инклюзиті білім» түсінігі күдік пен қауіп туғызатыны өздігінен түсінікті.

Инклюзивті білім беру тәжірибесін таңдаған мектептер үшін оқыту барысында ерекше қажеттіліктерді талап ететін бала үшін берілген саладағы мәселелердің неліктен пайда болатынын зерттеу маңызды.

Таблица 1

	2012 жыл		2013 жыл		2014 жыл	
	Бірлік саны	Балаларды қамту (мың адам)	Бірлік саны	Балаларды қамту (мың адам)	Бірлік саны	Балаларды қамту (мың адам)
ПМПК кабинеттері	56	148,652	56	138,513	57	138,513
Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері	129	9,494	133	11,982	136	12,120
Логопедтік пункттер	479	11,975	558	15,066	558	14,713
Арнайы білім беру ұйымдары	102	15,639	102	15,261	100	14079

Таблица 2

	2015 жыл		2016 жыл	
	Бірлік саны	Балаларды қамту (мың адам)	Бірлік саны	Балаларды қамту (мың адам)
ПМПК кабинеттері	61	138,600	63	139000
Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері	138	12,120	140	13,100
Логопедтік пункттер	560	14,713	560	14,852
Арнайы білім беру ұйымдары	102	15,639	102	15,723

Айта кету керек, ерекше қажеттіліктері бар балаларды жаппай білім беру мекемелеріне инклюзиясы, негізгі мақсаты бала дамуын бақылау, оқу үлгерімін қадағалау, замандастары ортасына тез бейімделуге көмектесу болып табылатын мамандандырылған коррекциялық көмек және психологиялық қолдауды көздейді [3].

Мүмкіндігі шектеулі бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу мәселесі шешілсе, қалыптасатын шарттарды келесідей бөлу қажет:

- «ішкі шарттар»;
- «сыртқы шарттар» (2-суретке сәйкес).

2-сурет. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру шарттары



Мүмкіндігі шектеулі баланың бастауыш мектепке дайындығын анықтау үшін оларды жазу, сызу, оқуға үйретпес бұрын олардың қабілеті бойынша жеке ерекшелігін, психологиялық дайындығын байқау керек.

Белгілі психологтар Д.В.Эльконин, Р.С.Немов зерттеулері бойынша,баланы жүйелі оқыту үшін психологиялық дайындығына ерекше назар аудару керек дегенді атап айтады. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға сабақ беретін бастауыш сынып мұғалімі алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойының,қиялының,зейінінің тұрақтылығын анықтап алу керек.Ол үшін «Дөңгелек қию», «Лабиринт», «Көру әдісі», «Есту әдісі», сияқты тесттерді қолданып, баланың шама-шарқын анықтап алуға болады. Ұйымдастыру қабілетіне ерекше көңіл бөліп отыру керек.

Осы мақсатқа мектебімізде әр түрлі себептермен оқу бағдарламасына ілесе алмаған балаларды бастауыш сыныпта анықтап,диагностикаланған соң, ата-аналардың жеке өтініші бойынша түзету-дамыту,яғни инклюзивті сыныпқа ауыстыруды ұсындық.Ата-аналарға қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, түзету-дамыту сыныптарының көмегі зор екендігі,балалар өздерін басқа балалардан кем санамау үшін оларды қоғамнан бөлмей,жалпы мектепте оқытудың мәні ерекше екендігі айтылады.

Республикамыздың көптеген өңірлерінде балаларға ерте жастан түзету-педагогикалық қолдау және инклюзивті білім беру үрдісі жүзеге асырылуда. 2004 жылдан бастап Орал қаласында, №22 ЖОББМ-де «Инклюзивті білім беру» кабинеті жұмыс жасайды. Оның негізгі мақсаты – баланың барынша дамуы және оның оқу процесі мен қоғамға, сондай-ақ оның замандастарының ортасына ата-анасының тартуын енгізу үшін жағдай жасау.

Инклюзивті білім беру іске асыру психологиялық-педагогикалық мәселелерін анықтау мақсатында инклюзивтік білім беру тәжірибесін жүзеге асыратын №22 ЖОББМ-де тандалды.

- № 22 ЖОББМ-де (инклюзивті білім беру жағдайында87 оқушы оқиды);

№ 22 ЖОББМ-те тәжірибесінде инклюзивті білім беруді жүзеге асыру инклюзивті білім беруді іске асырудың қазіргі кезеңде мынадай психологиялық-педагогикалық проблемаларын анықтады:

- Эксперименттік сыныптарда оқу жоспарының икемділігі;
- Эксперименттік сыныптарда инклюзивті білім беру үшін арнайы жағдайлар жасау
- Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық әрі тұлғалық әлеуетін арттыруда замандастарының қолдау факторы;
- Эксперименттік сыныптарда инклюзивті білім беру процесіне барлық қатысушыларының оң көзқарасы(жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мүмкіндігі туралы мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылардың пікірі);
- Мұғалім біліктілігін арттыру, инклюзивті білім сапасын жақсарту мақсатында қолдау;
- Үздіксіз инклюзивтік білім берудегі түрлі деңгейдегі қарым-қатынас.

Орал қаласы №22 ЖОББМ-де 87 ерекше қажеттілігі бар оқушы инклюзивті сыныптарда білім алады. Оқушылардың басым көпшілігі ПДТ диагнозымен туылған балалар. Бұнымен қатар балалардың қосымша психологиялық дамуы тежелген, дизартрия, жалпы сөйлеуі бұзылған деген сияқты қосымша диагноздары бар. Аталған оқушыларға мектепте психологиялық қолдау қызметі ұйымдастырылған. Онда ППҚ қызметінің барлық бағыттарына жетекшілік ететін қызмет координаторы, мұғалім-дефектолог, логопед, психолог мамандары жұмыс атқарады. Психологиялық- педагогикалық қолдау (ППҚ) көрсету қызметінің әр маманы өз бағыттары бойынша жұмыс істейді. Бұл біріккен ППҚ қызметінің басты мақсаты – ерекше қажеттілігі бар балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Біздің тәжірибелік – эксперимент жұмысымыз бірнеше кезеңмен өткізілді: анықтау эксперименті, қалыптастыру эксперименті, қорытынды эксперимент. Тәжірибелік – эксперимент жұмыстары ? жүргізілді. Сондай-ақ барлық эксперименттік жұмыстар барысында балаларға бағытталған зерттеулерде мектеп психологы және педагогтар қатыстырылды.

Тәжірибелік – эксперименттің бірінші анықтау кезеңінде келесідей әдістеме таңдап алынды:

1. **Т.Дембо-С.Я.Рубинштейн бойынша тұлғаның өзін-өзі бағалауының зерттеу әдістемесі**

Мүмкіндігі шектеулі балалар бар сыналушылардың (эксперименталды топ) өзін-өзі бағалауы «бақыт» және «мінез» шкаласы бойынша 7 «в»-сынып 36%-дан, ал 7 «г» -сынып (бақылау тобы) 60% дейін жоғары көрсеткіш болып шықты. Өзін-өзі бағалаудың ең төмен көрсеткіші «ақыл-ой» шкаласы бойынша 7 «в»-сыныпта 34% және 7 «г»-сыныпта 70% болып байқалды. Ал бақылау тобында өзін-өзі бағалаудың шкаласы бойынша кенеттен ерекшеленген айырмашылықтар байқалған жоқ. Мінез-құлқында ауытқуы бар жеткіншектерге қарағанда, олардың тең жартысы «үлгерім» және «ақыл-ой» шкаласы бойынша өздерін жоғары бағалады.

Сонымен, эксперименталды тобында эмоционалды және когнитивті компоненттері бойынша, өзін-өзі бағалауының үйлеспеушілігі байқалды, бұл мінез және бақыт, үлгерім және ақыл-ой көрсеткіштерінде айқын көрінді.

Мәліметтер талдауы келесі реттегіні көрсетті, яғни эксперименталды тобындағы 7 «в»-сыныбы 24% және бақылау 7«г» сыныптағыларда 35% талаптану деңгейінің шынайлығын көрсетті. Көрсетілген нәтиже бойынша олар бақылау тобынан екі мәрте қалып отырады. Мінез-құлқында ауытқуы бар жеткіншектер 36%-дан 45%-ға дейін жоғары талаптану деңгейімен ерекшеленеді, яғни оларды кемелденбеген тұлға ретінде, нақты жетістік мақсатын қоюға қабілетсіздігін сипаттайды. 7 «в»-сыныптағыларда 32% және 7 сыныптағыларда 38% талаптану деңгейінің жоғарлығы мен өзін-өзі бағалаудың төменгі үйлесімділігінің барабар емес тиімді түрінде өзін-өзі бағалау мен талаптану деңгейінің келіспеушілігі анықталды. Барабар емес әсерлігі әлеуметтік бейімсіздіктің көрсеткіші болып табылады.

Зерттеу нәтижелері жалпы мектеп мұғалімдерін даярлауды және қайта даярлауды мақсат ететін инклюзивті білім беру процесінің құқықтық базаны қарқынды дамыту қажеттілігін көрсетті.

Инклюзивті білім жүйесі қазіргі таңда арнайы білім берудің негізгі үдерісі ретінде балалардың түрлі санаттағы сараланған мамандандырылған оқыту жүйесін бас тарту дегенді білдірмейді.Керісінше, тиімді енгізу тек жаппай және арнайы білім беру жүйесін тұрақты жетілдіру жағдайында мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ҚР президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарғысы – Астана, 2010.

2.Мовкебаева З.А. Вопросы подготовки педагогических кадров в Республике Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования.Педагогики и психология. -№ 2 (15)-2013.- С.6-11.

3.Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - Алматы: Казак университету 2004. - 215 с.

4.Мовкебаева З.А. Вопросы подготовки педагогических кадров в Республике Казахстан к работе в условиях инклюзивного образования. // Педагогика и психология. - 2015. - №3. - С.9

5.https://edu.mcfr.kz/article/1370-qqq-14-m9-02-09-2014-mektepte-inklyuzivt-blm-berud-yymdastyru

ӘОЖ 37

Даулетов Н.Д., Айтмуханбетова Ж.А.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

БЕЙІНДІК ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда біздің еліміздің ғалымдары алдында білім беру сапасын жоғарылату, яғни даму жолын қайтадан қарастыру міндеті тұр. Сонымен қоса, егеменді Қазақстанның дүниежүзілік білім беру кеңістігіне ену үрдісінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру бағытына байланысты мұғалімдердің кәсіби дайындығына деген талап арта түсуде. Мұның барлығы оқыту мақсатын оқушылардың мүмкіндіктері мен тілектеріне және қоғамның әлеуметтік, саяси-экономикалық сұранысын қанағаттандыруға сәйкестендіруден шығып отыр.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында ҚР жалпы орта білім берудің мақсаты – бейіндік оқытуды іске асыру, білім алушылардың саналы түрде кәсіптік, азаматтық, тұлғалық өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретін түйінді құзыреттіліктерді игеруін қамтамасыз ету және даралық білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Бейіндік оқыту дегеніміз кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге дайындау, олардың кәсіптік бағдарлары үшін жағдай жасау, оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру процесінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру түрі, жоғары сыныптағылардың оқуын даралау мен саралап жіктеудің педагогикалық жүйесі.

Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың басты мақсаты болып 12 жылдық мектептерге оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауға арналған құзіреттілігін қалыптастыру және іс жүзінде кәсіби қызметінің бағытын саналы түрде жетілдіруге қажетті ресурстармен қамтамасыз ету саналады.

Бейіндік оқытуды ұйымдастырудың басқарушы ережелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жалпы орта білім берудің жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, технологиялық бейіндік оқыту бағыттарын анықтау, ұйымдастырылатын бейіндік оқыту моделі оқу орнының білім беру процесін ұйымдастырудағы мүмкіндіктеріне сәйкестендіріліп, оқытуды саралап жіктеумен қамтамасыз етуде сыртқы серіктестіктерді қатыстыру мен аймақтың күш-қуатын ескеру, бейіндік оқытуды іске асыру оқытудың тиімдітехнологияларын енгізу ұстанымдарын басшылыққа алады.

Бейіндік оқыту жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық, технологиялық деген үш бағытта жүзеге асырылады. Жаратылыстану-математикалық бейіндік бағыты бойынша химия, биология, география, физика, информатика пәндері оқытылады. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқушылар әдебиет, әлемдік көркем мәдениет, қоғамтану,

мемлекет және құқық негіздері, риториканы оқиды, ал технологиялық бағыты мына пәндер құрамымен қамтамасыз етіледі: химия, биология, физика, технология, графика және жобалау.

11-12 сыныптарда бейіндік оқытудың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін мектептің жоғарғы сатысында оқыту мазмұнын таңдауға 9-10 сыныптың оқушыларын даярлау мақсатында бағытталған педагогикалық жұмысты ұйымдастыру қарастырылады.

Бейіналды даярлық жүйесі 9-10 сынып оқушыларының орта білім деңгейінде білім алу жолын өздері таңдауды немесе жалпы білім беретін оқу орнының 11-12 сыныптарында, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қарастырылады.

Бейіналды даярлық 9-10 сынып оқушыларының вариативті компоненттері мен жеке оқытудың оқушы компоненттері оқу бағдарламасының жұмасына 4 сағат көлемінде анықталады. Бұдан басқа, бейіндік оқыту инвариантты компонентті жалпы білім беретін пәндер мазмұны арқылы іске асады.

Оқушының болашақ ЖОО-на түсуіне және жоғарғы кәсіптік білім алуына септігін тигізетін білім алу бағытын таңдау туралы саналы шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру бейіналды даярлаудың негізгі міндетіне жатады. Яғни, бейіналды даярлықтың арқасында оқушылар өмірлік маңызды таңдауды да дұрыс жасай алады.

Бейіналды даярлықта білім беру жетістіктерінің жиынтығын көрсететін негізгі құжат портфолио болып табылады. Онда оқушылардың атқарған жұмыстарының сапасын, бейіндік оқуға бағыттығын, оқу және шығармашылық пен қызығушылық белсенділігінің динамикасы жөнінде мәліметтер береді.

11-12 сыныптардағы бейіндік оқытудың қалыптасқан мақсаттары және ұйымдастыру құрылымы ұйымдастырудың әр алуан түрлерін ұсынады. Бейіндік оқытуды таңдаудың негізі болып оқу мекемелерінің білім беру қорларымен қамтамасыздығы қаралады. Бейіндік оқытудың негізгі ұйымдастыру түрлеріне мектепішілік және желілік бейіндік оқыту жатқызылады.

Бейіндік оқытудың мектепішілік ұйымдастыру түрінде жалпы білім беретін оқу орны оқушылардың білім алу қажеттілігіне, кадрлық және оқу-әдістемелік күш-қуатына байланысты бейіндік оқытудың ұйымдастырылатын бағыттарын өздері анықтайды, ал бейіндік оқытудың желілік ұйымдастыру түрі басқа білім беру ұйымдарының білім беру қорларына оқу орындарының қатыстырылу есебінен іске асырылады. Бейіндік сынып мұғалімдері нәтижеге бағытталған оқу процестерін және білім сапасын тиімді басқарулары керек. Мұғалім жоғары кәсіби құзыретті деңгейде болуы, ал оның білім беру процессіндегі іс-әрекеттері оқушылардың қызығушылықтар мен бейінділіктерін толық ескеруі керек. Сонымен қоса, мұғалімнің рөлі оқушылардың оқу бағдары мен болашақ кәсіп таңдауында өте маңызды. Кез келген мұғалімнің ең басты міндеті өзінің кәсіби шеберлігін шыңдауға баса көңіл бөлу болып табылады. Өйткені білім беруді жаңғырту «білім беру саясатын субъектілері арасында жауапкершіліктерді бөлу мен барлық білім беру процесіне қатысушылардың – оқушы, педагог, ата-ана, білім беру мекемесі рөлдерін арттыру негізіндегі ашық жүйе ретінде» қарастырылатын білім беру процесінің барлық субъектілеріне жоғары талаптар қояды.

Ал Қазақстан Республикасының бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасының негізгі идеяларын іске асыру жағдайларына келетін болсақ:

- ҚР БҒМ 12 жылдық білім беру үлгісіндегі бейіндік оқытуды ұйымдастырудың және іске асырудың шараларының бағдарламасын даярлау;
- педагогикалық басылымдарда, БАҚ жоғарғы сынып оқушыларын оқытудың жаңа үлгісінің негізгі идеяларын түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізу;
- бейіндік оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес орта білім берудің нормативтік құқықтық қамтылуын іске асыру;
- бейіндік оқыту мен бейіналды даярлығы педагогтарының кәсіби дамуының стандартын әзірлеу;
- бейіндік білім беру жүйесінің ғылыми-әдістемелік қамтылуын дамыту;
- бейіндік оқыту жүйесін қаржыландырудың жаңа механизмдерін жасау.

Оқу – тәрбие үрдісіндегі қоғамның білім деңгейі мен интеллектуалдық әлеуеті ұлттық байлықтың маңызды құрамы ретіндегі сипатқа ие болды, ал адамның білімділігі, кәсіби икемділігі, шығармашылыққа талпынысы және қалыптан тыс жағдайларда әрекет ете білуі Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шарт бола алады. Осыған орай жаңа формациядағы қазақстандықтарды тәрбиелеу және Қазақстанды

бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру басты мәселе болып отыр. Өйткені, жаңа сапаға өту интеллектуалдық әлеуетіміз арқылы ғана іске асырылатыны түсінікті.

Қазіргі жағдайда жеке тұлғаның өздігінен әрекет етуі мен субъективтілігінің басым болуы білім парадигмасының шеңберінен шығуды талап етеді. Осыған байланысты бейінді оқытудың басты құзырлылығы - ұлттық құндылықтарды баланың бойына сіңіру арқылы оның жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізе білуіне, шығармашылық әлеуметтік толық іске асыруына ықпал ету.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның инновациялық мектептеріндегі соңғы он бес жыл көлемінде жинақталған оқытуды бейіндік саралау тәжірибесі жан-жақты қарастырылып, қолданылуы керек.

Бейіндік оқытуға көшкендегі білім сапасын бағалау жүйесі білім берудің жоғарғы сатыдағы құралы ретінде дұрыс жолға қойылуы керек. Бағалау жүйесі оқушының жан-жақты ойлау қабілетінің дамуын шығармашылық ізденісін, білімінің жүйелілігінің, өмірлік қажеттілікке жарамдығын кәсіптік және ой еңбегін атқаруға туындаған проблемаларды шешуге бейімділігін көрсете білетін деңгейде болуы тиіс. Оқу-тәрбие процесін жаңартумен қатар, оны жүзеге асыратын әрбір педагогтың көзқарасын, оқушымен қарым-қатынасын түбегейлі өзгерту, әр баланың жеке және жас ерекшелігіне қарай дербес дамуын қамтамасыз ету, оларға білімнің өз мүддесі үшін қажеттігін сезіндіру, құзырлылығын айқындау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұқатаев А.А. "Қазақстан инновациялық мектептерінде қосымша білім бағдарламалары негізінде оқытуды бейіндік саралаудың дамуы (1992 – 2005 жж.)" Автореферат, Қарағанды, 2007

2. Тұжырымдама: Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы, Астана, 2010

3. Мұқатаев А.А. Бейіндік оқытуды ұйымдастыру: Оқу құралы.-Қарағанды, 2007.-101 б.

4. Гладкая И.В., Ильина С.П., Ривкина С.В. Основы профильного обучения и предпрофильной подготовки: Учебно-методическое пособие для учителей/ Под. ред. А.П.Тряпицыной.-СПб.:КАРО, 2005.-128с.

5. Муканова С.Д. От знания к незнанию или 50 вопросов по проблеме организации профильного обучения: научное издание.- Алматы: РОНД, 2006.-71с.

ӘОЖ 37.02

Доскалиева Р. Б., Маденова Л. М., Тажгулова Д. З.
М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Орал қ.

РУХАНИ БАҒДАР-ӨМІР ТАЛАБЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласын қандай оқырман болса да ерекше зейінмен оқуда. Мақала ел тағдырын, жер тағдырын, ұлт тағдырын ойлаған әрбір азаматқа ой салады деп ойлаймыз.

Елбасы мақаласында рухани жаңғыру процесінің нақты мақсат - міндеттері белгіленіп, әр саланың өзіндік басымдықтары мен оған жеткізген жолдар жан-жақты сараланған. Мақалада «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана – сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмысты сақтай отырып, оның кейбір сипаттарын өзгерту» делінген. Бұл сипат біздің елдің басты қасиеттерінің бірі екенін әлем халқы мойындап үлгерді. Қазақ елінде 130-дан астам ұлт пен ұлыс үшін құтты мекенге айналып, әлемдік қоғамдастыққа үлгі көрсетуде.

Мақаланың бірінші бөлімінде XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы қарастырады. Бұл тақырыптың 6 бөлімінде сананың ашықтығын зерденің үш ерекшелігі арқылы сипаттайды.

Біріншіден, ол айнала дүниеде жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінде не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологиялар әсерінен келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз, жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек делінген.

Үшіншіден, бұл өзгелердің тәжірибелерін алып, ең озық жетістіктерін сіңіре білуіміз керек. Яғни, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.

Сонда, мақаланың негізгі өзегі-ұлттық сана. Бұл әрбір тұлға, әр азамат өзінің жеке басының сана-сезімін, дүниетанымын, мәдениетін, салт-дәстүрін, рухани дамуын дамытып ұлт тарихын, елін, жерін, тілін құрметтей білу керек деп ойлаймыз. Жеке тұлғалық санамен қоғамдық сананы байланыстыра білу әр адам парызы.

Бұл еңбек ұлттық санамызда өткен тарихымызбен болашақты байланыстырар рухани сабақтастық, болашақ бағдарлама деп түсінеміз.

Ұлттық рух, ұлттық сана биік болса, еліміз болашағы да жарқын, берік болмақ.

Бұл еңбек рухани санамызға серпіліс берген стратегиялық құжат еліміздің жаңғыруына жаңа серпіліс береді деген ойдамыз.

Мазмұны терең, ауқымы кең бұл мақала- ұлт руханиятын XXI ғасыр биігіне көтеретін бағдарлама деп есептейміз.

Қазіргі күнде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлкететтік университетінде кәсіби деңгейді қалыптастыра білім беру үшін барлық жағдай жасалған.Ұлттық рухымызды сақтай отырып, жаһандық әлемге еркін кіріп, әлемнің ең озық тәжірибелерін қабылдай біліп, жаңа технологияны қолдана білетін мамандар дайындаудамыз. Қажеттіліктен туындайтын латын әліпбиіне көшу жұмысы да бізге жат емес. Заман сынағына лайықты болу үшін қажетті қағиданың бірі. Болашақтың негізі білім ордаларынан бастау алмақ.

«Жаңа гуманитарлық білім» жобасы қолға алынып, әлемнің әртүрлі тілдерінен 100 оқулық қазақ тіліне аударылмақшы, бұның нәтижесінде жаңа сапалық деңгейде білім беріледі. Елбасы сөз еткен «Туған жер» бағдарламасы – жастарды патриотизмге тәрбиелеудің негізгі өзегі. Мақалада ішкі, сыртқы мәдени туризмге көңіл бөлініп, жаһандық ауқымды құндылықтардың тәрбилік рөлі, қазақстандық заманауи мәдениетті қалыптастыру жолы көрсетілген, нәтижесінде мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басқа тілдерде сөйлейтін болады, жастар санасына осыны ұғындыра білуіміз керек. Осы өзге тілде сөйлейтін төл мәдениетіміздің аудармасында өз ұлттық кодымызды сақтай білу басты шарт болуға тиіс.

Алдымен жас ұрпаққа ұлттық кодтың мән-мағынасын оның атқарар міндетін қазақ халқымен сабақтастығын жастар санасына ұғындыра білуіміз керек. Жүрегінде патриоттық сезімін оятып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып мирас болып, қанымызға сіңген бабадан қалған ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз үшін жас ұрпақпен қоян-қолтық қатар сіңісе жүріп оның заман талабына сай сұранысына лайық әлем жастарынан ой-өрісінің еш кем еместігін көрсете біліп, оны үнемі ұлттық және жеке байлығын нақты біліп, оны үнемі пайдаланып, соған сәйкес болашағын жоспарлай алуды, ысырапшыл, астамшыл, даңғой болудан бойын аулақ ұстаудың жолдарын үйретуге тиіспіз.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы жастарға үлгі боларлық, тәуелсіздік жылдарында табысты еңбек еткен нақты адамдардың тағдырлары мен өмірбаяндарын ұсынады, олар телевизиялық деректі туындылардың кейіпкерлеріне айналады. Ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғалар таңдалады. Жаңа жаһандық үрдісте заманға сәйкес жаңғыру- бүгінгі күн талабы.

Өмір сүру үшін өзгере білу керектігін жастарға түсіндіру – біздің басты міндетіміз.

Мақаладағы әрбір бағытты басшылыққа ала отырып, біз оқытатын «Педагогика», «Психология», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәндері арқылы болашақ мамандарды қазақ ағартушы педагогтарының еңбектерін оқыту барысында қазақ халқына тән ұлттық тәрбиемізді дәріптейміз.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - халқымыздың ғасырлар бойғы жиған тек қазаққа ғана тән ұлттық өзгешілігімізді сақтай отырып, замана сынынан өткен озық дәстүрлерді жаңғырудың табысты маңызды алғы шарттарына айнлдыра білуіміз қажет. Жаңғыру сонымен қатар өткенді толықтай ұмыту емес, қайта ескі мен жаңаның дәуір талабына сай сабақтастығын жалғастыратын ұлт жадының тұғырнамасы екенін өскелең ұрпаққа жеткізе түсіндіру біздің алдымыздағы басты мақсат болуға тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. «Егемен Қазақстан» 12 сәуір,2017
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде,, бір болашақ»Жолдауы.-Астана,2013.
3. Мәңгілік ел: -оқулық/ М.Б. Қасымбеков, С.Ж.Пралиев, К.К. Жампеисова және Абай атындағы ҚазҰПУ-Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015.

ӘОЖ 37.01:39

Ергалиева Г.А. , Жұмағали Н.Д
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Орал қ.

ҰРПАҚ САНАСЫН ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РОЛІ

Қазақстаннның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену міндеттері білім беру мазмұны мен құрылымын жаңарту білім беру технологияларын жетілдіру, білім сапасының ұлттық бағалау жүйесін дамыту арқылы шешіледі.Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, болашақ ұрпақты туған жерін қадірлеуге, тарихымызды, ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, кейінгі ұрпаққа жеткізе алардай саналы болуына баршамызға атсалысуымыз керектігін оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.[1]Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшеліктерімен бірден дүниеге келмейді, әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру осы заман ағымына лайықты азамат, білімді, ойлы, өмірге құштар болып өсуіне үлесімізді қосуымыз қажет.

Адамзатты өмірге, қоғамдық ортаға, уақыттқа ақыл парасатымен, білімімен бейімдейтін ұлттық қасиеттер мен құндылықтар. Осы орайда,ұлт құндылығы – қазақ халқының сан ғасырдан бері атадан балаға мирас, өмірлік мұра боп келе жатқан тәрбиеге байланысты баланы бағып-қағып өсіріп, өнегелі азамат етіп шығару жөніндегі жинақталған тәжірибесі екендігін ғалымдар зерттеулерінде өзекті орын алғандығын көруге болады. Ұлттық тәлім-тәрбие арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруда қазақ халқының ағартушы ғалымдары Ж.Аймауытов,[2] Ы.Алтынсарин,[3] А.Байтұрсынов,[4] М.Дулатов,[5] М.Жұмабаев, [6] Ш.Құдайбердиев, [7] А.Құнанбаев,[8] Ш.Уәлиханов,[9] тағы басқалардың еңбектерінің орны ерекше.

Халық педагогикасы мен қазақтың тәлім-тәрбиесі туралы ежелгі ойшылдардың, ғалымдардың ойлары бүгінгі зерттеулерде жалғасып келеді. Соңғы жылдары арнайы халық педагогикасын ТМД елдер ғалымдарынан зерттегендер Г.Н.Волков (Чувашия), [10] А.Ш.Гашимов (Әзірбайжан), [11] А.Э.Измайлов (Қырғызстан), [12] Е.Н.Ханбиков (Татарстан) [13] және т.б. зерттеулерінің нысанасы ретінде қарастырды.

Халық педагогикасын зерттеуде елеулі үлес қосқан қазақстандық көрнекті ғалымдар З.Әбілова, [14] Ш.Әлібеков, [15] С.Ғаббасов, [16] С.Қалиев, [17] К.Қожахметова, [18] А.Мұхамбаева, [19] Ж.Наурызбай, 20] Н.Сәрсенбаев, [21] К.Сейсенбаев, [22] Р.Сқақова, [23] Ә.Табылдиев, [24] Р.Төлеубекова, [25] С.Ұзақбаева [26] және т.б. еңбектерінде бала тәрбиесіндегі ұлттық тәлім-тәрбиенің маңызы кеңінен қарастырылады.

Бала бойындағы қабілет нышандарын дамытып, оны қоғамның белсенді мүшесі етіп дайындауда, білім беру мен тәрбиелеуде жеке тұлғаны дамыту қатар жүргізілгенде ғана өз дәрежесінде жүзеге асады. Осыған байланысты білімнің мазмұнын, оқыту әдістері мен тәрбиені ұйымдастыру нысандарын жетілдіруді нақтылай түсу қажеттілігі туындайды.

Ұлттық тәлім-тәрбиеге көп көңіл бөлген педагог М. Жұмабаевтың артына қалдырған тәлім-тәрбиелік мұраларының негізгі тақырыптарының бірі де – бала тәрбиесі мен тұлға мәселесі. Осыған орай, педагог «түзу адам», «жетілген адам» туралы айта келіп, бұл оның пішін-келбетінен, жүріс-тұрысынан, нақты ісінен байқалады, бұл айтылғандар тұлғаның қандай мінезді екенін білуге мүмкіндік береді. Адам тұлға, кісі болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен шектелмей, жалпы адамзатты сүюі шарт. Таза жүректі, халқын сүйген, ел мұқтажын ойлайтын, әділет пен адалдықты жақтаған адам ғана тұлға бола алады. Тұлға – сан қырлы, мазмұны да, табиғаты да күрделі, құпиясы мол әлеуметтік ұғым. Адам өсу, дамып жетілу үдерісінде біртіндеп тұлға, кісі деген атқа ие болады, деп тұжырымдаған.

Педагог, психолог-ғалым Ж.Аймауытұлы тәлім-тәрбие саласында адам тек қана белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі ғана емес, ең алдымен – тұлға. Тұлға – қоғамда өзінің орны бар, ерекше қасиет иесі. Оның ұлттық тәлім-тәрбие ісін дұрыс, тиімді ұйымдастыру мен шешуде жеке тұлғаны қалыптастырудағы зор маңызы бар екенін айтады.

Бұдан шығатын қорытынды, жоғарыда біз тоқталған ұлы ғұламалардың мұраларын өзін-өзі тану сабақтарында қолданып бала тұлғасын қалыптастыруда, олардың бойына адами ізгілік қасиеттер мен еңбекті сүюге, білімге қызығушылыққа тәрбиелеуде басшылыққа алуға болады деп түсінеміз.Соның нәтижесінде зерттеуші ғалымдар еңбектерінде: «Ұлттық тұлға – белгілі тілі, діні, мәдениеті, салт-санасы қалыптасқан ортада жеке адамға тән қасиеттер мен өз ұлтының, халқының тұрмыс-тіршілігін бойына сіңіріп, ұлттық намыс, талғам және ұлттық сана белгілерін өз бойында тұтастай көрсетіп, ең жоғарғы рухани деңгейде дамыған адам» деп, «ұлттық тұлға» ұғымына анықтама беріп, үлгісін ұсынған.

Ал, ұлы Абай мақал-мәтелдерді жоғары бағалай келіп, оны бала тәрбиесінде талғап пайдалану қажеттігін айта отырып, өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде «Адам», «Толық адам» (кәмил инсап) деген ұғымдарға тоқталады. Ғұлама ақын өткен заман ғұламаларының нағыз адам, кемел адам туралы пайымдауларын сын көзбен тексере келе: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті»-дейді. Олар – «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» деген тұжырым жасайды. Абай осы үш ақыл сипатты (ыстық, нұрлы, жылы) үш қасиет (қайрат, ақыл, жүрек) тұтасқанда ғана толық (нағыз кемел) адам болатынын айтып: Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда «Толық адам» боласың, елден ерек»-дейді. Аталған тұжырымдарды негізге ала отырып, зерттеу мәселесіне сәйкес төмендегідей ұрпақ санасын жаңғыртуда келесі ұлттық құндылықтардың маңызы нақтыланды:

Болашақ ұрпақ-ана тілін еркін меңгерген, өз ұлтының салт-дәстүрін, халық ауыз әдебиетінің озық үлгілерін түсінетін, жеке дара психикалық процестері, жағымды мінез-құлық пен қарапайым еңбек дағдылары қалыптаса бастаған саналы тұлға болуы тиіс. Халықтың тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы болмаса ұлт сақталмайды, ал мектеп ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де өмір сүруі мен дамуының негізі болып табылады. Қазіргі білім беру процесіне қаншама жаңалықтар енгізіліп жатса да, ежелден қалыптасқан баланы тәрбиелеудегі халықтың тәжірибесін пайдалану – өз нәтижесін берері анық. Өйткені, қазақ халқының бала тәрбиесі жөнінде ерте заманнан бері жиып-терген мол тәжірибесі бар. Оны халқымыз ең жақсы деген қасиеттермен байытып, ұл-қыздарының бойына сіңіртіп отырған. Халық педагогикасы ғасырдан ғасырға сараланып, жұртшылықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, отбасылық, қоғамдық, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланысты туып, өсіп-өркендеп, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұра.Халқымыздың ежелден қалыптасқан салт-дәстүрлерін жас ұрпақтың санасына сіңіру, түйсік туғызу – мұғалімдердің, ата-аналардың, сондай-ақ әрбір қоғам мүшесінің ең басты міндеті деп білгеніміз жөн.

Осыған сәйкес зерттеу барысында ұрпақ тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды қолдануда алдымызға мынадай міндеттер қойдық. Олар:

- тұлғаны қалыптастыруға арналған педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау, теориялық білімдерін тәжірибеде пайдалана білу шеберлігін меңгеру;
- тұлғаны қалыптастырудың маңызы мен мәнін анықтау;
- халық педагогикасының мазмұны мен әдістемесі туралы білімдерін жетілдіру;
- тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер жүйесін айқындап алу;
- тұлғаны қалыптастыруда диагностика жасай білу іскерлігін меңгеру.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес халық педагогикасы материалдарының көмегімен, ұлттық құндылықтарды балалардың психологиялық ерекшеліктері мен сана-сезімі деңгейіне лайықты әдіс-тәсілдерімен түсіндіру арқылы белгілі бір деңгейде таным-түсінікті кеңейтіп, жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалауға болатынына көз жеткіздік.

Зерттеудегі эксперимент барысында өзін-өзі тану сабағында халық педагогикасы материалдарын пайдаланып балалардың тұлғасын қалыптастыруда төмендегідей тиімді әдіс-тәсілдері қолданылып келеді. Олар: бақылау, сауалнама жүргізу, әңгіме-сұхбат, арнайы дайындалған бағдарламаны байқаудан өткізу, кешенді сабақтар ұйымдастыру, танымдық серуендер, саяхаттар, психологиялық ойын-жаттығулар, педагогикалық жағдаяттар, халық ауыз әдебиеті үлгілерін сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында тиімді қолдану, оқылған шығармаларды кейіптендіру, сахналау, ұлттық ойындар ұйымдастыру, салт-дәстүрлерді тәрбие жұмысында қолдану жүргізіліп келеді.

Қазақ қоғамында ұлт құндылығы – халқымыздың ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, мақал-мәтелдерін, ырымдар мен тыйым сөздерін және өнерін негізге алып, баланы жастай тәрбиелеуде үлкен рөл атқарған. Бүгінгі таңда осылардың бәрін білмей тұрып, өскелең ұрпаққа

ұлттық тәрбие беру мүмкін емес. Қай заманда болмасын, ұлттық өрлеудің ең негізгі шарты тәрбие мен білім болған. Сондықтан жас ұрпақтың бойына халқымыздың төл мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, халықтық қағидалар өсиеттерін сіңіру үшін ұстаздар қауымы, ата-аналар және бүкіл қоғам болып қолға алатын мезгіл жетті. Ғасырлар бойы өмір сүріп, қазақ халқының рухани азығы болып келе жатқан халықтық педагогика өнегелерін қазіргі заманға бейімдеп, рухани құндылықтардың бала санасында қайта жаңғыруына негіз болатын өзін-өзі тану сабағында қолданудың мәні ерекше.

Ал, ұлттық құндылық дегеніміз – халықтың, бүкіл елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, санасын ғасырлар бойы дамытып, жетілдіру арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ережесі, ол сол халықтың тілін, дінін, мемлекетін қалыптастыруға қажет етеді. Қазақ халқының дамуында, қалыптасуында осы дәстүрлер құндылықтар негіз болып табылады. Әсіресе осы ұлттық құндылықтардың барлығына тән – бала тәрбиесі.

Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасының түпнамасы – оның ұлттық құндылықтарымен мыңғасырлық байланыстылығының тұтастығында екені анық.

Ұлттық тәрбие - ұлттық сана сезімі жоғары болашақ жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі, әр халықтың табиғи ерекшеліктері, ата кәсібі, салт-дәстүрі, дүниетанымы негізінде жинақталған тәжірбие деп білеміз.

«Рухани мұраға сүйенбеген елдің жұлдызы жанбайды демекші, заман ағымы талап етіп отырған ата-бабаларымыздан қалған әдеби мұраларымызды, халқымыздың өсиетін, өнегесін дәріптеп, дәстүрін таңғажайып тапқырлығын, олардан қалған ескірмейтін көне сөздерді, мақалдар мен мәтелдерді бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болатындай, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие беретіндей ғасырлар қойнауынан сыр шерткен асыл мұраларымызды рухани-адамгершілік білім беруде тиімді қолдану – «Өзін-өзі тану» пәні бастауы бұрыннан болған, біздің арғы ата-бабаларымыздан келе жатқан жақсы дәстүрлеріміздің жалғасы іспеттес деуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // ҚР Президентінің ресми сайтындағы мақаласы,www.akorda.kz, 12 сәуір 2017 ж
2. Ж. Аймауытов. «Тәрбиеге жетекші».Орынбор,1924
3. Ы.Алтынсарин. «Қазақ хрестоматиясы». 1879
4. А. Байтұрсынов. Шығармалары. «Жазушы» 1989 ж
5. М. Дулатов . Шығармалары Алматы «Жазушы» 1991 ж
6. М.Жұмабаев. «Педагогика». 1922
7. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: 2010
8. Абай Құнанбаев. Қара сөздер. Алматы. 1993
9. М. Құрсабаев «Атамекен» бағдарламасы ұлттық тәлім-тәрбие көзі. Тәрбие жұмыстар жүйесі. №4,2006.
10. С.Қалиев. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы,1998
11. А.Ш.Гашимов. «Образование и личность.» Теория и практика проектирования педагогических систем. – М.:
12. А.Э.Измайлов. Орта Азия. Қазақстан халықтарының халық педагогикасы. - Москва, 1991.
13. Е.Н. Ханбиков Основные направления в развитии педагогической мысли татарского народа в IX - XX вв.: Автореф. дис. докт. пед. наук.- М., -1968.
14. З.Әбілова, «Этнопедагогикаоқулығы» Алматы1999жыл
15. Ш. Әлібеков. Эстетикалық мәдениет негіздері /Алматы:Дарын, -2005.
16. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері.(монография) – Алматы: әл-Фараби, 1995.
17. С. Қалиев. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. Алматы, 1995
18. К. Қожахметова Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. Алматы, 1993
19. А.Мұхамбаева Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10-томдық. 1-2 том.–Алматы, 2009
20. Ж.НаурызбайЭтнопедагогика в система профессиональной подготовки учителя. - Семипалатинск, 2002.
21. Н.Сәрсенбаев.Этнопедагогикалық білім негіздері. Оқу құралы. -Алматы, 2009.
22. К.Сейсенбаев. Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жол- дары. – А., Өнер. 1972.
23. Р.Сқақова. Халық ғажап тәлімгер.А-1994
24. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы., Санат 2001.

25.Р.Төлеубекова. Педагогикалық пәндерді оқытуда қазақ этнопедагогикасы материалдарын пайдалану. Алматы 1999ж.
26.С.Ұзақбаева. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы А.Өнер, 1998.

ӘОЖ 37.02

Ергалиева Г.А. Нәбиева Ж.Ж.
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университет, Орал қ.

ӨЗІН – ӨЗІ ТАНУДА РУХАНИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ІЗГІЛІКТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде ізгіліктік қарым-қатынас орната білу мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту міндеті көзделген [1].Демек жастарды терең білімді, жан-жақты мәдениетті және жалпы адамзаттық құндылықтарды саналы түрде бағалайтын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын тұлға ретінде тәрбиелеу уақыт талабынан туып отыр.

Бұл жөніндеелбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» деп атап көрсеткен болатын [2]. Осы тұрғыдан алғанда болашақ қоғамда адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу, ізгілікті білім ортасынқалыптастыру жұмыстарын іске асыруда рухани санаға басымдық берудің қажеттілігі алға қойылып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухани санамызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды.

Бұдан келе, рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз ықпал етуде - ізгілікті білім беру ортасын қалыптастыру қозғаушы күш болып табылатынына көз жеткіземіз.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт болып табылады.

Орысша-қазақша түсіндірме сөздігінде: «Рух - кең мағынада сана, психикалық іс-әрекеттің жоғарғы формасы, тар мағынада ойлау ұғымымен бара-бар» деп анықтама берілген [3].Ал, «Руханилық – бұл әрбір өркениеттің негізіне айналатын ұғым. Руханилық қандай болса өркениет те сондай. Адамзаттың көпғасырлық тәжірибесі бойынша руханилық адамның қандай ұлтқа, қандай діни конфессияға жататындығына қарамайтын нәзік ұғым», – деп жазады ресейлік философ В.В.Уваров. [4] «Руханилық» (Духовность) деген мақаласында Руханилық – әрбір адамға жақын түсінік. Ол адамның ішкі әлемінің байлығын анықтайтын категория».

Руханилық және Ізгілік ұғымдары тығыз байланысты, ол екеуі ізгілік педагогикасының негізін құрайды.Гуманистік бағыт- ізгілікке бағыттау, сүйіспеншілік болып табылады. Ізгілік педагогикасы К.Г. Юнг, В. Франкл, К. Роджерс, А. Маслоу, Э. Фромм және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Құндылыққа бағдарлау негіздері, ізгілік мәселелері Н.Г.Нұрғалиева, Р.Н.Нұрғалиева, А.Қ.Қаплиева, С.С.Тілеуова, Г.А.Ергалиева және т.б.; рухани құндылықтардың әлеуметтік –

философиялық негізі С.Нұрмұратов, Е.Әлсатов, Б.С.Ерасов және т.б.; адамгершілік тәрбиесін жетілдіру А.А.Калюжный, А.А.Аманжолова, А.М.Қараев, К.Б.Сейталиев және т.б.; тұлғаның қалыптасу ерекшеліктері А.Қ.Аренова, Ә.М.Мұханбетжанова, С.Қ.Қалиев, Қ.Жарықбаев және т.б.; жеке тұлғаның адамгершілігін арттыру Б.Қ.Игенбаева, А.Ж.Тұрсынов және т.б. еңбектерінде қарастырылған [5].

Руханилық пен ізгілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері оқушылардың белсенді өмірлік позициясын, қоғамдық сапалық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормасынан ауытқушылақтарға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.

Ізгілік – адамның әдептілік, сыпайылылығын, өнегелік, өзара пайымдылығын білдеретін қасиет. Шет тілдер сөздігінде гуманизм-латынның “Humanitas” – адам табиғаты және адамдық қасиеттерге құрметпен қарау деген сөзін білдіреді[6].

Осыдан келе ізгілік-бұл адамдарға деген адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас, бұл өзге адамға жақсылық жасаудың негізі деп атауға болады. Сол себепті қазіргі жеткіншектердің өзін-өзі тануда рухани сананы жаңғыртуға ықпал ететін ізгілікті білім беру ортасын қалыптастыру үшін өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі басқаруы және өзін-өзі іске асыруы олардың әлеуметтенуіндегі басты бағыттардың бірі деп санауымызға болады.

Қазақстан Республикасының қазіргі қоғамдық дамуында жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі олардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық, этномәдени және тұлғалық құндылықтардың үйлесімді жинақталуына бағдарланған. Аталған құндылықтар олардың өзін толық іске асыруына, өмірдегі өз рөлі мен өмірлік мұратының мәнін ұғынуына, қоғамға қызмет етуіне мүмкіндік беретіндей дәрежеде болуы керек.

Осы өрелі жолда ұрпақ өнегесі, олардың адамдық болмысы жайлы ой толғап, рухани-адамгершілік білім беруді басты идея етіп ұстанатын «Бөбек» қорының президенті С.Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» авторлық бағдарламасының алға қойған мақсатының өзі ерекше.Сара Алпысқызы: «Ізгілік –адамның басты құндылығы» -деп атап өткен болатын [7].Осы ретте оқушылардың рухани дүниесін дамытуда, ізгілікті білім беру ортасын қалыптастыру үшін жалпы білім беретін орта мектептерде міндетті пәндердің бірі ретінде оқытылатын «Өзін-өзі тану» пәнінің алатын орны маңызды.

Өзін-өзі тану білімнің құндылық тұрғысындағы мәнін күшейте түсіп, жеке тұлғаның риясыз сүюін, өзіне және өз күшіне сенуін, жақсылық жасауын, өзін-өзі жетілдіруі мен өсуі тұрғысынан үйлесімділікке қол жеткізу қабілеттерін ашады және дамытады. Бұл пән оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін ашуға, түрлі мәселелерді адамгершілік қағидаларға сәйкес шешуге, өзі мен өзгелерді, сонымен қатар, өзін қоршаған әлемді бағалай білуге үйретуді көздейді. Өзін-өзі тану нәтижесінде жеткіншектер өз ойы, сөзі және іс-әрекеттерінде шынайы болуға, азаматтық және елжандылық танытуға және ізгілік әлеміндегі игі істердің басында тұруға дағдыланады. Сонымен қатар өзін-өзі тану адамның шығармашылық белсенділікке ұмтылуын, жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін үдеріс ретінде олардың тұлғалық интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруға да негіз болады.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесінің жаңарып, толығуы адамның құндылықтар жүйесін дұрыс түсініп, оларды өз өмірінде, әртүрлі жағдаяттарда дұрыс пайдалана білуімен сипатталады.

Осыған орай «Бөбек» ҰҒПББСО Адамның үйлесімді дамуы институтының қызметкерлері «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұнын интегративтік тұрғыда жаңа қырынан қарастыруда.Мұндай игілікті іске Р.А. Мұқажанова, Г.А.Омарова, Г.И. Қалиева, Р.Мұратханова, Р.О. Ізғұттынова, Ж.Ж.Әкімбаева, И.Калачева және т.б. мамандар ат салысып отыр [8].

Өзін-өзі танудың пәндік саласы әр оқушының ішкі жан дүниесін және өзіндік қайталанбас жеке даралығын пайымдау арқылы табиғи қабілеттіліктері мен жасампаздық әлеуетін ашуға бағытталған мақсатты білім беру үдерісін ұйымдастыруды көздейді.

Адамның бойында жеке тұлғалық қасиеттердің пайда болуы, ізгілік мәдениеттің негізін құрайтын адамгершілік құндылықтар жүйесін меңгерумен тікелей байланысты болады.Педагогикалық процестің ізгілікті болуын жақтаушы жән оны дамытушы – Шалва Амонашвили. Оның басты еңбектерінің бірі «Ізгілік педагогикасы жайлы ойлар» деп аталады. Білім берудің ізгілендіру технологиясының негізін қалаған Ш.А. Амонашвили «...Әр бала – керемет рухани күш иесі. Ол шетсіз шексіздікті танып-білуге ұмтылады. Мұндай ұмтылыс адам баласының бойында дүниеге келген сәтінде-ақ пайда болады. Сондықтан да мұғалім әр балаға рухани күш иесі ретінде қарауы керек. Мұғалімнің мұндай көзқарасы баланың белсенділігін арттырады. Білімге деген құштарлығын көбейтеді. Балаға сеніммен қарау баланы тек

қуаттандыра түседі»– дегенойларынан мұғалім шеберлігі мен білімділігі «Өзін-өзі тану» пәнінің құндылығы мен маңыздылығын аша түседі [9].

Қазақстан Республикасында «Өзін - өзі тану» («Самопознание») пәнінің методологиялық негізін қалап, оқу-тәрбие мекемелеріндегі оқу процесіне енгізуге С.А.Назарбаева, Ш.К. Беркімбаева, К.Н. Шамшидинова, Б.А. Әлмухамбетов, Б.К. Дамитов, Х.Т. Шерьязданова, К.Ж. Қожахметова, М.Ш. Хасанов, А.Н. Нысанбаев, Б.К. Құдышева, Г.И. Қалиева, Т.А. Левченко, Г.Г. Соловьева, М.Ж. Жадрина сияқты қайраткерлер мен ғалымдар зор үлес қосты. Өзін-өзі тану пәні жас ұрпаққа адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы, халықтық педагогика әдістеріне және жалпы адамзаттық құндылықтарға оқытудың дүниежүзілік тәжірибесіне негізделіп құрылған[10].

«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудағы мақсаттар мен міндеттер:

- оқушынның бойына ізгі қасиеттерді дамыту,өмірге, қоршаған ортаға,оң көзқарас қалыптастыру және жүзеге асыруын қалыптастыру;
- балалардың қоғамдағы әлеуметтік мәдени орта мен үйлесімді байланысын ішкі жан дүниесіндегі мәдениеттілігін өзіне және қоршаған ортаға жағымды қарым-қатынас жасауға дағдыларын қалыптастыру;
- балаларды мәдениетті адамдарға тән нормалармен таныстырып, үлкен мен кішігіе қарым-қатынас жасауға үйрету.
- оқушының адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерін кеңейтіп, жаңа ұғымдармен таныстыру.
- жеке тұлға ретінде әр оқушының жеке ой-пікірі мен санасып, олардың көңіл-күйін ізгі сезімдерін рухани-адамгершілігін, қоршаған ортаға, мейрімді қарым-қатынас әр түрлі шығармашылығын-әрекеттер арқылы өзін-өзі айқындауға басшылық жасау.
- табиғат пен қоғам байлықтарына жанашырлықпен жауапкершілікпен қарайтынбелсенді тұлға тәрбиелеу[11].

«Жақсы тәлім-тәрбиені мектепте немесе жанұядан ғана алмайды, адам өзін-өзі де тәрбиелей алады. Тек нағыз тәрбиелік деген не екенін біліп алу қажет. Тәрбиелі адам – бұл басқа адамдардың пікірімен санасқысы келетін және санаса алатын, өзінің инабаттылығы өзіне ұнайтын, дағдыға айналдырған адам. Бұл үлкендермен де, жасы кішілермен де, мәртебесі төмендермен де бірдей сыпайы адам», - деген болатын академик Д.С. Лихачев [12]. Ал Бернар Фонтенель:«Адам өміріндегі ең қажетті білім – өзін-өзі тану» десе, «Өзін-өзі тану тұлғаның өзін-өзі бағалауымен байланысты. Сүйіспеншілік арқылы ғана өзіңді өзің жеке тұлға ретінде табуға және адамзаттық сүйіспеншілік әлеміне енуге болады» деп көрсеткен Михаил Пришвин.

Міне, осы мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асуына қазіргі таңда мүмкіндік беретін тәрбиелеу сүйіспеншілік арқылы жүзеге асатын «Өзін- өзі тану» бағдарламасы болып табылады. «Өзін-өзі тану» оқу пәні ретінде тұлғаның тиімді әлеуметтенуіне ықпал етеді, тұлғаның адамгершілік негіздерінің қалыптасуы, рухани өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасауда негізгі рөлді орындауға бағытталған [13].

Өзін – өзі танудағы ізгілік педагогикасының 3 постулаты

- Баланың бойындағы жоғарғы Рухани бастауға деген сенім
- Өз бойындағы жоғарғы Рухани бастауға деген сенім
- Тек ізгі әдістердің күшіне деген сенім

Ізгілікті білім беру ортасын қалыптастыруда негізгі идеялар басшылыққа алынды:

- Педагогикалық үдерісте баланың өзін – өзі тануы арқылы рухани сананы жаңғырту, шынайы адами құндылықтарды танып білуі және оны меңгеруі;
- Педагогикалық үдерісте баланы әлеуметке қарсы бағыттайтын тәсілдердің қолдануына жол берілмеуі;
- Педагогикалықүдерістергеадамисипат беру;
- Мектепұжымыөмірініңзаттық-материалистікжәнеруханиортасын, моральдық-психологиялықортасынізгілендіру.

«Өзін – өзі тану» пәнінде мұғалімнің оқушылармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасауындағы басты мақсаты - баланың өзі туралы айтуға, өзінің сезімі, ойы, әдеті туралы әңгімелеуге, оны ой елегінен өткізіп, баға бере білуге, тек өзіне ғана емес, жанындағы адамдарға да көңіл аудартып, оларды өзіндік табиғи болмысымен қабылдау, ізгі ниет, ықылас таныта білуге үйрету.

Қарым-қатынас барысында әр баланың жанарына жылы шыраймен қарап, өзінің қимыл-қозғалысы, ым-ишарасы арқылы оған оң көзқарасын байқата отырып, сенімге ие болу керек.Әрбір сабақта төмендегідей негізгі үш мәселе ескерілуге тиіс:

- ✓ сабақтың тақырыбын балалардың түсінуіне және оған өзіндік көзқарасын жағымды эмоциясымен байқатуына кол жеткізу;
- ✓ адамгершілік ережелер мен құндылықтар жөніндегі ұғымдарды балалармен бірге нақтылай отырып бекіту;
- ✓ бала бойында тек жақсылық жасауға деген ниет, ынта-ықылас туғызу, өзі өмір сүретін ортада жағымды эмоциялық ахуал қалыптастыру.

«Өзін-өзі тану» пәні оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп,жеке тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізуде.Бұл пәннің басқа пәндерден ерекшелігі-ой еркіндігінде және әр оқушының өзін-өзі тануға ұмтылысын дамытуында деп білемін.

Қорыта келе, «Өзін-өзі тану» пәні баланы өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуіне үйретеді және тәрбиелейді.

Тұлғаның рухани санасын жаңғыртуда ізгілікті білім беру ортасын қалыптастыру арқылы жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтары дамиды. Әр адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы Егемен Қазақстан, шілде, 2007.
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, Мәдениет № 5 (129) мамыр, 2017 ж, 2 б
3. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Философия/жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар
4. Уваров В. Духовность // Грани эпохи. Этико-философский журнал. – 2005. – № 23.
5. Особенности организации учебного процесса по предмету «Самопознание». //http//w.w.w.bala-zan.kz
6. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Философия/жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар
7. Назарбаева С.А. «Самопознание» - возраздение истоков духовности и нравственных ценностей. Обшественно политический литературно-художественный журнал. 2004. №1. С
8. А.С.Сейтақов.Өзін-өзі тану пәнін оқыту ерекшеліктері.Алматы.2006
9. Ш.Амоношвили «Улыбка моя, где ты ?» Мысли в учительской , Издательской дом - Москва, 2003
10. «Өзін – өзі тану» пәні бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт – Алматы, «Бөбек», ҰҒПББСО 2010.
11. Абдуллина А. «Өзін өзі тану» бағдарламасының маңызы \\Өзін өзі тану.-2011.-№5-6
12. Лихачев.Д.С. «Письма о добром» Азбука-Классика, 2014.
13. А. Сейтақов, Ұ. Әбдіғапбарова Өзін-өзі тану. Мұғалімге арналған әдістемелік құрал 2013 Бөбек

ӘОЖ 371.3

Ерниязов О.Н.,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университет
Ерниязова Қ.Н.,
№49 ЖББОМ, Орал қ.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

Қазақ халқының философиялық көзқарасы мен ұлттық ой-санасының өркендеуінде рухани құндылықтар ілімінің өзіндік ерекше орны бар. Өз кезегінде ұлттың рухани бағдары, негізгі өмірлік позициялары, дүниетанымы да осы құндылықтарға байланысты қалыптасты. Дәстүрлі танымдағы құндылықтар әлемі – адамның рухани әрекеті, рухани байлығы, оның адамгершілік санасының сипатын білдірді. Бұл қоғам мен адамдарға жақсылық пен

жамандықты, ақиқат пен адасуды, әсемдік пен сиықсыздықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, рұқсаттылық пен тиым салушылықты, мәнді мен мәнсіздікті ажыратуға негіз болды.

Қазіргі қазақ қоғамындағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер мен жаңғырулардың үдерісі бұл мәселенің маңыздылығын арттыра түсуде. Осы орайда, рухани құндылықтардың ұлттық негіздерін жаңа қоғамдық қатынастар талабына бейімдеу, оны рухани өмірдің өзегіне айналдыру тек философиялық, дүниетанымдық мәселе ғана емес, сонымен қатар психологиялық, саяси мәселе. Түрлі жалған ұстанымдарды лаңкестік әрекеттермен ұштастырып, рухани құндылықтарды өз қажеттілігінде таныта білмеу қоғамда теріс көзқарас туындатуда. Рухани құндылықтарды өз деңгейінде бағаламау қоғамды аздырады. Ал, адамзат санасын дендеп келе жатқан рухани бостық жалған дүние кеңістігіндегі зұлымдық, менмендік әрекетінен туындайды. Сондықтан демократиялық қоғамның талаптары рухани құндылықтардың ұлттық негіздері мен ерекшеліктерін мәдени-философиялық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді.

Бүгінгі таңда рухани құндылықтардың мәнін, маңызы мен ұлттық ерекшеліктерін анықтау ұлттық сана-сезіміміздің бағдар бағыттылығын қалпына келтіруге ықпал етеді. Сондықтан Қазақстан үшін рухани құндылықтар туралы ілім (аксиология) дәстүрлі дүниетаным мен жаңа жағдайға бейімделу кезінде туындайтын құндылықтардың ақиқаты мен жалғанын ажыратудың, ұлттық болмысымызды танудың негізіне айналып отыр. Оның ішінде жастардың ұлтжандылық қасиеттерін рухани құндылықтар аясында қарастыру күн тәртібінен түспей тұр.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бастап, ұлтымыздың кеңестік дәуірде ұмытылған, ұмытыла бастаған қастерлерін қайта жаңғырту мәселесі бірден қолға алынып, жоғалтқанымызды таптық, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды, ұлттық достығымыз бен ынтымағымыз, береке-бірлігіміз нығайып, жасампаздығымызбен, бейбітшіліксүйгіш өркенді үлгі-өнегемізбен әлемнің құрметіне бөленіп, әлемдік дәрежедегі ең ықпалды халықаралық ұйымдарға мүше болып, әлемнің дамыған 50 елінің қатарынан ойып тұрып орын алдық десе де болады.

Қазақ ұлтының ұлттық санасының тарих өрісіндегі құбылысы елдік, бірлік, ар-намыс, батырлық, ержүректілік, тектілік, кісілік, имандылық, адалдық, тазалық, намысшылдық, қамқорлық және ұлттық қасиетке терең болу. Қазақ қоғамының тарихи кеңістігінде ел болмысының рухани негіздеріне айналған ұлттық сана құбылыстары ең алдымен жеке адамның ерік-жігерін қалыптастырып отырған. Табиғатпен етене араласқан қазақ халқы рухани өмірде елдікті, ұрпақтың ауызбіршілігін сақтайтын сапа-қасиеттерді қалыптастырып, кейінгі буынға жеткізуді мақсат еткен. Сезімталдықтың, дарындылықтың, даналықты қадірлеудің, зиялылардың жауапкершілігінің арқасында қазақ ұлты тарихи өмірдің күрделі оқиғаларына парасаттылық танытты.

Ата-бабаларымыздың тәжірибесінен көріп отырғанымыздай, ұлт руханиятындағы тарихи ұғымдар ұрпақтың тарихи түсінігін (тарихи сананы) қалыптастыруға ықпал етеді. Ғылым мен ақпараттық технология ғасыры кезеңінде, байлығы мол мемлекеттер үшін халықтың тарихи түсінігі қоғамның болашағын шешетін күш. Бұлай дейтін себебіміз, әлемдегі ғаламтор желісіндегі өткінші әсері мол сананы бұрмалайтын ақпараттардан тарихи түсінік, тарихи білім және ұлттық сана арқылы ғана ұрпақты қорғай аламыз. Ұлттық санасы биік адам адаспайды. Ұлттық сана тарихи түсініктен шығады. Тарих тағылымы арқылы дәстүріндегі, діліндегі ерекшеліктерді ұғына алған тұлға өзіндік көзқарасы арқылы (рухы) түрлі ағымдардың жетегінде кетпейді.

Оның үстіне еліміздегі мемлекет құраушы ұлт - қазақ халқының саны тәуелсіздігімізді жариялаған 1991 жылы өзінің кіндік қаны тамған туған топырағында небәрі 40 пайызды (шамамен 7 млн.) құраса, қазіргі ел билігінің сарабдал саясатының арқасында бүгінде шамамен 70 пайызға (шамамен 11,5 млн қазақ) жетіп отыр. Осы ретте француздың ұлы гуманист ғалымы Ашиль-Клод Дебюссидің: «Қай кезде де мемлекеттік биліктің негізгі өлшемін мемлекет құраушы ұлттың өсіп не кемуінен байқауға болады» деген қанатты сөзін еске түсірген жөн.

Ұлттық рух - халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты. Ұлттық рух жалпы ғаламдық рух пен жеке адамдық рухтың дәнекері болғандықтан, кез келген ұлттың, мәдениеттің өкілі өзінің әлемдегі орнын өзіндік ұлттық толсанасы арқылы бағамдауы заңды құбылыс. Сондықтан жеке адамның таным терезесі ұлттық таным тұрғысынан, әлемдегі жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, рухани игіліктерге өз үлесін қосады. Қай халықтың болсын бойында өз табиғатына тән өзге де қайталанбас қасиеттері, мінезі, ділі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Көзбен көріп, қолмен ұстайтын зат болмағандықтан, Ұлттық рухтың

көрініс беруі ұлт өкілдерінің көркем шығармашылығынан, халық даналығынан, ғасырлар бойы сабақтастығын үзбеген рухани мұраларынан көрінеді. Әрбір ұлттың өзіне тән ұлттық рухы бар дегенде, оның өзі жайлы дүниетанымынан, дүниеге көзқарастары мен мінез-құлқынан, мұрат-мақсатынан даму, өзгеру, кейде әлсіреу, яғни үнемі қозғалыс үстіндегі құбылыс екенін аңғарамыз. Ұлт болып ұюдың өзі этностың мекендік және мезгілдік факторларына байланысты болуымен қатар, оның табиғи, тарихи, рухани бітім-болмысы, ұлттық санасы, ділі, мінезі, мәдениеті, әлеуметтік-саяси мұрат- мүдделерінің қалыптасып, тұлғалануы үздіксіз процесс және ұлттық рухтың түлеп-толысып отыратын өміршеңдігінің көрінісі. Ұлттық рухтың буырқана бой көрсетер тұсы бодандық бұғауына қарсылық, тәуелсіздік мұратына ұмтылыс сәті болса, сол кезеңдерде қордаланған көркем рухани мұралардың ерлікке, елдікке үндер күш-қуатының маңызы бұғаудан босанып, болашаққа бет түзеген, баянды бағдарын айқындаған ұлттар үшін де зор. ?лттың рухани тәжірибесін саралап-салмақтау үшін мол мағлұмат беретін басты байлығы оның сөз өнері. «Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» деп А.Байтұрсынов айтқандай, Ұлттық рухтың көркем образдар арқылы бедерленуі қазақ әдебиетінен көрінеді. Рух пен сана егіз ұғым десе де болады. Сана белгілі бір дәрежеге – сана-сезімге айналады. Сана-сезім өзін-өзі сезініп, ұғыну арқылы жететін сананың ең жоғарғы сатысы. Сана-сезім дегеніміз – адамның өзін-өзі ойлай алатын, сезе білетін, әрекеттенетін субъект ретінде түсіне бастауы. Адамның сана сезімі қанша таптық, топтық, қоғамдық сана-сезімдерге тығыз байланысты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ халқы рухани өрлеу жолына түсті. Қазақстанды мекендеп отырған барлық этностарға өзінің ұлттық менталитетін өркендетуге мүмкіндік туды. Қоғамды топтастырудағы негізгі міндетті қазақ халқы өз мойнына алды. Басқа халықтарға қысым жасалуға жол берілмейтініне толығымен кепілдік жасалды. Ашық, жарқындық, мейірмандық, басқаға жәрдемдесуге әзір тұру – қазақтың туысынан біткен асыл қасиеттері. Алайда, қазақ елінде жастар мәселесі өз шешімін таппай отырғаны анық. Қазақ жастары басқа ұлт өкілдеріне жақсы жағынан, адамгершілік, имандылық жөнінен үлгі көрсету орнына кейбіреулерінің азғындық жолына түскені де жасырын емес. Осындай келеңсіздік қоғам мен адам өміріне тигізер зияны мен тартқызар зардаптары көкейкесті мәселеге айналды. Қазақтың бір бөлігінің аморфтана (борпылдақтана) бастаған санасы, аннигилизацияға (тексізденуге) жақындаған ділі өзін сақтайтын иммунитетін тым әлсіретіп жібергені де жасырын емес.

Егемендік алғанымызға ширек ғасыр өтсе де халқымыздың ұлттық рухының тірегі ана тілімізде сөйлей алмайтын жастар өте көп. Бұл ұлтымыздың рухын әлсірете береді. Көптеген бастамалар жүргізіліп жатырса да, олар тек әңгіме, есеп, даурықпа түрлерінде қалып отыр. Көпшілік әңгімелер тек мақтау түрінде болса ғана жарыққа шығарылып, сын пікірлер жарияланбай қалады. Бұл ұлтымыздың рухын көтеру үшін жеткіліксіз. Көпшілік жүретін орындардағы орталықтар, дүкендер, асханалар т.б. атаулары әлі орыс тілінде. Сонда халық қарапайым санаулы сөздің қазақша атауын білмесе мектепте қазақ тілін мүлде оқымағаны ма? Әлде остановканың – аялдама, магазиннің – дүкен, столоваяның – асхана екендігін күн сайын ұмытып қала беретіндей есте сақтау қабілеті жоқ па? деген өкініш-ой келеді. Рухани даму тарихымызға, ата-бабамызға деген мақтаныш сезімдерден де туындайды. Сол себепті көпшілік жүретін қоғамдық транспорт, балалар демалатын мұз айдындары, демалыс орындары т.б. жерлерде неге үнемі тек қазақша ән, күйлер қосып қоюға, айбынды батырларымыз, хандарымыз, билеріміз туралы ғибратты әңгімелер, ғалымдарымыздың мәліметтері, т.б. ақпараттарды тыңдатуға неге бұйрық шығармасқа. Көшелердегі үлкен экрандарда еліміздің тарихынан, әдемі жерлерінен сыр шертетін бейнежазбалар, фотолар, басқа да мәліметтерді көрсетіп қойса халқымыздың еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімі артып, рухы да көтерілер еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәлібеков Ж. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.Астана ақшамы. 13 сәуір, 2017.
2. https://primeminister.kz/ru/news/all/.
3. http://www.kazinform.kz/kz/ulttyk-ruh-zhangyrsa-memleket-utady-zhanabek-zhaksygaliev_a3017230.
4. http://www.kazinform.kz/kz/ulttyk-ruh-zhangyrsa-memleket-utady-zhanabek-zhaksygaliev_a3017230

ӘОЖ: 316.614: 37.011.31

Есқақова Ф.Е., Арыстангалиева В.Т., Ищанова Г.Д.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Отбасы – бала тәрбиесін қалыптастырушы ең алғашқы бесік. Қазақстан Республикасының Конституциясында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата - ананың табиғи құқығы әрі парызы»деп отбасының міндеті анық көрсетілген. «Қазақстан - 2030» бағдарламасында балаларымызды алыс болашақта қандай сапада көруіміз керектігі туралы айтылған. Сонымен бірге «Отбасы туралы Заң»,»Жоғары және орта білім тұжырымдамасында» әрбір отбасында өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген. Сөйтіп, отбасының әуел бастан - ақ өзіне тән киелі міндетін орындау қажеттілігі бекемделе түсті.

Отбасы - баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы қатарында өмірдің мақсаты, оның құндылықтарын біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мәліметтерді береді және онда басқалармен қарым - қатынас орнатуына іс жүзінде дағдыланады. Сөйтіп өзінің «кім» және «қандай» екенін практикада сынап байқап көреді. Отбасында әртүрлі жағдаяттар мен төтенше ахуалдарда өзін ұстаудың нормаларын, мінез - құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Ата - ананың үгіт - насихаты, түсіндіруі, олардың үлгі - өнегесі, үйдегі ахуал, отбасының психологиялық тынысы арқылы балалардың әдеті, мінез - құлқы, жақсы - жаманды бағалау критерийлері қалыптасуымен қатар қандай қылықтары үшін сөгіс алып, не үшін жазаланатынын, әділдік пен адалдық туралы ұғынып түсінеді. Перзент үшін дүниеде ең жетілген, білімді де мәртебелі адам - оның ата - анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй - оның туылған үйі. Сондықтан да жас баланың дамуына ата - ананың орны ерекше.

Отбасы тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, оның тәндік, моральдық және еңбектік тәрбиесіне болған мүмкіндіктерді мейлінше шоғырландырып, іске қосады. Қоғамның азамат мүшесі отбасыдан бастау алады, қоғам келбеті отбасыдан көрінеді. Отбасының аса маңызды әлеуметтік қызметтері - азамат тәрбиелеу, патриот қалыптастыру, болашақ жанұя игерген кемелдендіру және мемлекет заңдарын мойындап, құқықтарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру. Балалар өз бойынан ата - анасының бар болмысын көрсетсе, керісінше ата - аналар да өмірінің жалғасын балаларынан көреді. Әсіресе, балаларды жас кезінен бастап тазалыққа, жинақы - ұқыптылыққа, еңбекті сүюге және оның қадір - қасиетін түсінуге, үлкендерді соның ішінде жасы үлкен қарттарды құрметтеуге және оларға мейіріммен қарауға, ал өзінен кішілерге қамқор болуға үйрету ежелден келе жатқан тәрбие құндылықтары болып саналады. Ата - аналар өсіріп отырған ұл - қыздарын жағымсыз қылықтардан сақтандырып отырған. Сондықтан да баланың бойынан көрінген кейбір арзымайтын кемшіліктерді дер кезінде түзеп, ескерту жасап тұрудың маңыз үлкен болған. Себебі бүгін арзымайтындай болып көрінген кішкентай қателік, ертең үлкен бір даулы мәселеге жол ашып беруі мүмкін. Ал мұның соңы жақсы нәтижеге алып келмейтіні рас. Отбасында жасы кіші балаларды ұқыптылық негізінде тәртіпке салу, мәдениетті етіп тәрбиелеу, оларды өздерінен үлкендерді құрметтеуге, оларға «сіз» деп сөйлеуге, сәлемдесу ережелеріне мән беруге, жағымсыз қылықтардан өздерін аулақ ұстауға үйретіп бару да өте қажетті маңызды мәселе.

Кейбір ата - аналар өз перзенттерін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді немесе отбасындағы өнегелі тәрбие мөлшеріне немқұрайдылықпен қарайды. Ал мұндай көріністер баланың бойында кері қасиет пайда болуына тікелей жағдай тууына себеп болады. Бұндай қолайсыз жағдайларға тап болуына баланың өз ата - анасы кінәлі емес деп қалай айта аласыз. Бірақ осындай ата - аналар өз кемшілігін сезініп, өздері мойындай да бермейді. Бұл тәрізді жағдайлар аз болса да өмірде кездесіп тұратын шындық.

Қаншама ата - ана болса, баланы тәрбиелеу әдістері де, түрі де соншалықты болатыны анық жағдай. Оларға: жылы сөзбен көндіру, көнбесе қорқыту, айқайлап үркіту, мақтау мен мадақтау, қаталдық құрсауына салу, жазалау т. б. Әдістер ата - аналар таңдаған тәрбиелік бағыт - бағдарға тәуелді келеді: біреулері өз баласын тіл алғыштыққа тәрбиелегісі келеді, осыдан олардың таңдаған әдісі ересектер талабын мүлтіксіз орындатуға бағдарланады. Екінші біреулері дербес, өз бетінше ойлай білуге негіз болар тұлғалық қасиеттерді орнықтыруды

көздеп, осыған сәйкес әдістік жолдарды таңдастырып, қолданады. Отбасылық тәрбие арасында ата - аналар баршаға бірдей ортақ жалпыланған әдістерді пайдалану үрдіске айналған. Мұндай әдістер түрі: сендіру, жазалау, кей отбасыларда педагогтер кеңесі мен тәрбиелік жағдайлар әдейі жасалып қолданылады.Ал ата - аналар тәрбиесі әдістерін іріктеу мен қолдануда мына жағдайларды ескеруі керек деп ойлаймын.

1. Әрбір ата - ана өз баласының болмысын жете тани білуі қажет.
2. Ата - аналардың жеке тәрбиесі мен беделі, отбасында орнатқан қатынастар сипаты.
3. Ата - аналардың тәрбиелік істерінің бірлігі, іс - әрекеттер әдістерінің басымдығы болуы.
4. Ата - аналардың педагогикалық мәдениеті, тәрбиелік ықпаладардың қыр - сырларын үйренуі, тұрмыстық қажеттілікке айналдыру.
5. Отбасылық тәрбие ережелері.

Отбасындағы жалпы қарым - қатынас, үйдегілердің бір - біріне деген сый құрметі немесе басқалармен болған байланысы, сөз шеберліктері, яки болмаса, жағымсыз қылықтары жас баланың қалыптасуына үлкен әсер етеді. Әсіресе, отбасындағы ата - аналардың ажырасып кетуі, ортада қалған балаларға қатты әсер етеді. Соның салдарынан анасыз немесе әкесіз тәрбиеленген балалар жасық немесе кекшіл, көңілі жарым болып өседі. Ал ата - анасы ішімдікке салынып, бір - бірімен жанжалдасып, адамның көңіліне дақ түсіретіндей сөздермен бір - бірін балағаттау, осындай кикілжің отбасындағы ұрыстардың кесірінен өз балаларын да ұрып - соғу немесе баланың әрбір сөзіне жеки жауап беру де баланың психологиясына кері әсер етеді. Кейде осы үйдегі ұрыс - керістің салдарынан көрші - қолаңдармен де керілдесіп қалу, сөйтіп олармен де жанжалдасып, айқай - шу көтеруі, сол өздері тұрған жердегі адамдардың да тыныштығын алуы, ол үйге деген өзгелердің де пікірін өзгертіп, балаларын оларды балаларынан аулақ ұстауы сол үйдегі өсіп жатқан баланың мінезіне әсер етіп, бала тұйық, жасқаншақ болып өседі және осы жағдай балаға теріс әсер етеді. Өсіп келе жатқан бала мұны тез және өзіне жақын қабылдайды. Отбасындағы кез келген жағдаятта ата - ана мен үйдің үлкендері бала алдындағы сөздері мен іс - әрекеттерінде әдептілік танытқаны жөн. Мсыал ретінде алатын болсақ, ата - ана арақ пен темекінің көптеген зияндығын біле тұра, баланың құлағына соны құя тұра, балалардың көзінше өздері арақ ішіп, үсті - үстіне темекі тартса, одан ешқандай жақсы тәрбие ала алмайтыны анық нәрсе. Мұндай жағдайда бала басқа өмірді аңсайды, не болмаса теріс беріліп отырған тәрбиеге тез бой алдырады. Ал егер осы теріс жолға бала мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өскені дей беріңіз. Болашағында бақытсыз қыз бен келешегі жоқ бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда кінәні кімнен іздейміз?

Осы жерде тағы бір айта кетерлік жайт, ата - ананың бір - бірімен болған қарым - қатынасы. Мәселен, біздің халықта ер адамды ұлық тұтқан.. Ол – үйдің отағасы, балалардың әкесі. Ата - ананың бала өсірудегі басты мақсаты - қоғамдық өмірге көпшілікпен қатар «түзу кірпіш» қалау. Үйде анасы жұбайын құрмет тұтып, оның абыройын балаларының алдында көтеріп ұстаса, бала да әкесіне ұқсап, беделді болып өсуге ұмтылады. Керісінше, әке де зайыбына жылы сөйлеп, оны «ана» деп құрметтесе, балалар ананың өмірдегі құдіретін түсініп, оның көңіліне қаяу салмауға тырысады. Ал үйдегі ата мен әженің орны ерекше екенін айтып өту орынды. Олардың сөзін жерде қалдырмай, өмірден көрген тәжірибелерінен сабақ алу - таптырмайтын өмір мектебі десе де болады.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді дана халқымыз. Осы айтылған халық даналығына келсек, бала кішкентай кезінен - ақ әр нәрсеге әуестеніп, үлкендерге көмектескісі келіп өседі. Баланың бұл іс - әрекетіне кейбір ата - ананың «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрсып жіберетіні бар. Бұл - қате түсінік. Дана халқымыз: «Адамның бақыты - еңбекте» деп бекер айтпаған. Шынында да, адам өз қадірін, құрметін сол адал еңбегі арқылы алады. Ата - аналар балаларын жастайынан – ақ еңбек етуге, қандай қиыншылықтар болса да төзіп, оны жеңуге үйретіп келген. Олар бірер жұмыс істегенде перзенттерін жанына алып, олар ығыр болып кетпейтіндей дәрежеде жайлап түсіндіріп, үйретіп отырса, балалар жұмысты тындырымды істеуге қалыптасады. «Әкенің кәсібі, ананың рәсімі» деген қағиданы ұмытпауымыз керке екен. Яғни, балаларды жастайынан әке кәсібіне, ал қыз балаларды анасының рәсіміне баулу бұрыннан келе жатқан дәстүріміз.

Балалармен әңгімелесуге де уақыт тауып отыруымыз қажетжәне олардың сан алуан пікірлерімен санасып, есепке алып отырған орынды. Өз туған баласымен түрлі тақырыпта ашық сөйлесе алмайтын, сырласа білмейтін ата - аналар да жеткілікті. Олар оны «Күндізгі уақытта екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үйдің тірлігінен қол босамайды, баламен отырып сөйлесуге уақыт та, шама да жоқ» деген себеппен түсіндіреді. Бұл дұрыс емес бала

тәрбиесіндегі өте дөрекі қателік болып саналады. Баламен ашық сөйлесу үшін арнайы уақыт бөлудің де қажеті жоқ. Ата - ана өз балаларымен үй шаруасында жүріп - ақ әңгімелесуіне болады. Бұл ата - ана жағынан жасалған іс - әрекеттер келешекте ата - ана мен бала арасындағы қарым - қатынастың сенімді деңгейде болатынын болжайды. Адамзат қоғамының даму тарихында ғасырлар бойы қоғамды құраушы жеке адамдардың мінез - құлық жағынан пісіп - жетілуі, қалыптасуы әр заман, әр ұлт ойшылдарының санасынан терең орын алып, пікір күресін тудырып келген. Жалпы шығыс пен батыс гуманистерінің бәрі де «Дүниенің ең асылы, бағалысы - адам, ал оның бақыты - бала» деп білген. «Адам бақыты - бала» деген ғұлама ойшылдарының пікірін біздің қазақ былай тұжырымдайды: «Адам бақыты - бала, егер ол саналы болса». Сондықтан қазаққұдайдан бала сұрағанда «О, құдай, бала - бер, Бала берсең - сана бер!

Санасызболса, Қайтаөзің ала бер» дегенінен сан ғасырбойыөзұрпағын «сегізқырлы, бірсырлы» өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар - ожданыжоғары, намысқойазаматтәрбиелепкелгені - тарихишындық.

Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі - бала. Дүниеге келерінде де, келген соң да әке - шешесін боямасыз татулыққа, сыйластыққа, ынтымаққа шақыратын, ата - ана көңілін жақындастыра түсетін - бала. Перзентсіз үйдің бар жұбанышы бүгінгісі ғана, оның өзі де өткінші екенін, ертеңгі қуанышы, қызығы қырқылып, үзіліп қалатынын әділетшіл халық ашық та айтады, ашып та айтады. Сондықтан да ол «Бесіксіз үйде береке жоқ» деп түйеді. Бұл - халықтың қамын қарастыру, елдікті ойлау, елдің ертеңгісі жөнінде қам жеу. Осы ойды ертеден келе жатқан «Ата - бәйтерек, бала - жапырақ» деген бейнелі мақал да растайды. Әрине, өсетін, өрбитін ағаш жылда бүршік жарады, жапырақ жаяды. Болашағы бар деп осыны айтады. Келешекке үміт артуды көп балалы болумен де ұштастырады халық. Отбасы қарым - қатынасындағы қуатты күшке ие көзге көрінбейтін ықпал, әсер дегенді бала ақылымен пайымдай алмаса да, сезініп түйсінеді. Ер бала болсын, қыз бала болсын әке - шешесі не істесе де оған үлгі, өнеге, содан үйренеді, көргенін бірде болмаса, бірде қайталайды. Баланың балғын ойы мен сенімі - алдында ең беделді тұлға әке, әлеуетті, ақылды, білімдар әке.

Ата - ананың ықпалы өзінен - өзі бола қалмайды, балалар олардың қылықтарын көздерімен көреді, ал бір көргенін тағы бір, сосын тағы бір рет көрген соң, ол мәңгі есте қалып, санасынан мықтап орын алады. Естігені де осы қағида бойынша бір, екі, үш рет естіген соң құлағында, ойында қалып қояды да, кезінде дереу дайын формула секілді санадан қалқып шығып, іс - әрекетке айналады. Балаға отбасы мүшелерінің сөзі, мінез - құлқы ғана емес, ондағы қоршаған заттар да әсер етеді. Үйде кітап көп болса, отбасы иелері - әкесі мен шешесінің ұстағаны қағаз, қалам, оқығаны кітап болса, баланың да көз ашып көргенінің қаншалықты әсерлі болатыны ғылыми - педагогикалық, көркем әдебиеттерде де айтылып келеді. Баланың естігені оқу - ғылым жайлы болса, әке - шешесінің сөзі де сол болса, ондай баланың болашақта таңдап алар жолы да соған сәйкес болмақ, әрине егер ата - анасы соған оны тарта білсе. Қазақ халқы әсіресе өмір гүлін үздіксіз егетін ананың ақ сүтін, адал еңбегін айрықша атайды. «Ажалды ана жеңеді, ана жеңбесе бала жеңеді» деп ана арқылы өмір желісі үзілмейтінін, бала арқылы жалғасатынын парасаты биік, білгір халық бейнелеп білдіріп отырады. Бұзақылықтың басы – баланың бос жүруінен басталады. Үй шаруасына қол жұмсамай өскен бала өсе келе қолы бостығынан, зеріккендігінен үйден тыс теріс әрекетке беріледі, қисық жолға түседі. Оған қоса кейбір ата - аналар түрлі сылтау айту салдарынан балаларын өтірік айтуға үйретеді. Кейде сабақты жиі қалдырған балаға әртүрлі сылтауды тауып айтуды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда ата - ана балаға өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалуы мүмкін. «Жас шыбықты қалай исең, солай өседі», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақалдар осыған дәлел. Сондықтан ата - ананың берген тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдыратынын ескерген жөн. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарытуда оларды дамыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, баланың бойында табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау - ата - ананың басты парызы. Бала тәрбиесі игілікті іс деп саналады. Бала - табиғатынан өте құмарпаз, әуесқой және тынымсыз айнала зерттеушісі. Әр бала басынан сипағанды, жылы сөйлегенді, аялап еркелеткенді, ертегі мен әңгіме тыңдағанды, ойын ойнағанды ұнатады. Мұның барлығы - баланың бойындағы ересектерден ерекшеленіп тұратын негізгі қасиеттер. Бұл қасиеттер тек балаға ғана тән. Сонымен қатар осы қасиеттерді баланың жастайынан ата - анасы ескеріп тәрбие бергені дұрыс, ескерілмей қалған жағдайда балалық шағынан шыққан ересектің жағымсыз қылықтары мен іс - әрекеті ата - анасына таяқтай тиеді, баланың болашағы

болмайды. Осыған қоса баланың сезімі де пәк екенін естен шығармаған жөн. баланы періштеге теңеу осыдан шыққан ба деген ой келеді. Отбасында баламен қарым - қатынас жасау үшін ата - аналарға мына түрдегі кеңестерді ескерген артық болмас деп ойлаймын:

- баланы бар қалпында сүйіп, оны бала екеніне қарамастан құрметтеу қажет;
- баламен қарым - қатынас барысында оның санасына әсер ететін құрғақ сөз емес, керісінше сол сөздің қалай айтылғаны мен шын көңілден шыққанын ескерген жөн;
- баланың не айтқысы келетінін ата - ана түсініп алып, жауап қайтарғаны жөн, ал асығыстық жасаған жағдайда қорытынды жасаудан сақтанған дұрыс;
- бала жасаған келеңсіз іс - әрекеті үшін ата - ана жаза қолдана білгені жөн, ол баланың жауапкелікті болып өсуіне ықпал етеді. Бірақ ешуақытта баланың намысына тиіп, қорламаңыз, себебі бала жаман емес, оның қылығы жаман.
- бала жөнінде басқалар (мұғалімдер, көршілер) тарапынан айтылған сын пікірлерден қорытынды жасаудан бұрын оның өзімен әңгімелесіп, жасаған іс - әрекетінің себебін анықтап болған соң шешім қабылдаған жөн, жұрт алдынды балам үшін беделімді жоғалтамын деп қорқудың қажеті жоқ, керісінше өз балаңның сенімінен айырылмағаның дұрыс;
- балаға үйрететініңді алдымен өзің үйреніп, біліп алғаның жөн;
- күнделікті балаға қанша рет «жоқ» деп, бетін қайтаратыныңызға мән беріңіз, шыққан қорытындыдан шешім жасаңыз. Отбасында бала ата - анасына түгелдей тәуелді екенін ұмытпаңыз;
- бала жастығына қарамастан, ата - ана тарапынан қадағалағанды жек көреді, өз өміріне тек шын ықыласпен араласқанды ғана ұнатады. Бала табиғатынан ата - анасын сүйеді;
- ата - ана баланы қиындықтардың құрсаында жалғыз қалдырмауға тырысқаны жөн.

Бала тәрбиесінде қолданылатын басты әдістер, бұл - үлгі - өнеге, бірлікті еңбек, әңгіме - сұхбат, баланы қолдау мен қуаттау және қорғау. Бала ата - аналар арасындағы байланысқа, басқа адамдармен қарым - қатынас орнатуына, отбасы ішіндегі тұрмыс - тіршілігіндегі жағдайларға, барша отбасылық іс - әрекеттерге қатысады. Сондықтан да баланы тәрбиелеу үшін арнайы шарт, жағдайлар жасаудың тіпті де қажеті жоқ, тек қана ата - ана мен отбасы мүшелері тарапынан дұрыс, инабатты, адамгершілік әдебі сақталған қарым - қатынас арқылы баланы тәрбиелеп, өз болашағында осы қасиеттерді басты ұстаным етіп алуын ұғындырған жөн.

Ендеше бала тәрбиесінде «ұсақ - түйек» деп атап, мән бермей қалдыра салатын ешнәрсе жоқ және еш қателесуге қақымыз да жоқ. Бала - әр отбасының бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік, ағайын.

Әдебиеттер тізімі

1. Домбровский А., Велента Т. Кризис семьи // Семейная психология и семейная терапия. 2005. № 3
2. Спиваковская А.С. Как быть родителями. - М., 1985
3. Шмелов А.Г. Острые углы семейного круга: Психология обыденный жизни. – М. Знание, 1986
4. Аманова Л.О. Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы. «Ата-ана және мектеп» \\ 2011. № 7
5. Қожахметова С.Қ. Отбасы – шағын қоғам. «Сынып жетекші» \\ 2010. № 4

ӘОЖ 37.036:37.01

Жумашева Н. С.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Сапиева А., Саматова Д.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Орал қ.

МЕКТЕПТІҢ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бүгінде әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді.

Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы, адами капитал сапасын жақсарту басымдықтары белгіленді [1]. Мұндай ауқымды міндеттерді шешуде мектептің, ондағы педагогикалық ұжымның ролі зор. Себебі бүгін мектеп партасында отырған ұрпақтарды жаңа жағдайда өмір сүруге және жұмыс істеуге даярлауға тура келеді.

Қазақстан Республикасының бірқатар білім беру ұйымдарында нақты әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды ескеретін педагогтар мен ата-аналардың, оқушылардың сұраныстарына бағытталған тәрбие беру жүйесі құрылды және ол табысты қызмет көрсетіп келеді. Соның нәтижесінде жеке тұлғаға тәрбиелік ықпал жасаудың диапозоны кеңейді. Алайда, Республика аймақтарында тәрбие беру ісінде шешімі табылмаған көптеген проблемалалар бар. Оларға Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы бойынша мыналар кіреді:

- тұлғаға қоғамдағы әлеуметтік жағдайлардан жаңа талаптар жүйесі туындауы;
- оқыту рөлінің жоғары бағаланып және қазақстандық жаңа ұрпақтың қалыптасуындағы тәрбие рөлінің толық бағаланбауы;
- әлеуметтік институт ретінде отбасының тәрбиелік рөлінің әлсіреуі;
- еңбек тәрбиесі мен кәсіби бағдар жүйесінің жоғалуы және т.б. [2].

Жоғарыда көрсетілген проблемаларға сүйеніп, жас ұрпақтың тәрбиесі осы заманғы қоғамды дамытудың және еліміз қауіпсіздігінің негізі мен мемлекеттік саясатын құрайтын басты стратегиялық міндеттер ретінде қаралуы тиіс.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырамасында тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып тәрбие жұмысының мынадай бағыттарын айқындайды:

- азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттілік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және дамытуға, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, құқықтық және полимәдениетті, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлтаралық мәдени қарым-қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыруы тиіс. Қазіргі жағдайда тәрбиеленушілердің құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру аса маңызды мәселе. Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық, құқықтық мәдениетінің әлеуметтік мәртебесін көтеру әрі азаматтық патриоттық, құқықтық тәрбие бойынша ғылыми негізделген саясат жүргізу; білім беру ұйымдарында азаматтық, құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс-тәсілдер мен оқу-тәрбие құрылымының өзара іс-әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру;
- өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру. Өзін-өзі тану жастарға қоршаған ортаны түсінуге, оған өзінің қатыстылығын саналы сезінуге, қоршаған ортаға өзінің көзқарасын жалпы адамзаттық құндылық ұстанымында жүйелеу, өзінің өмірлік ұстанымын анықтауға көмек беру үшін қажет. Өз өзін-өзі тану өзін дамытудың, жеке тұлғаның дербес белсенділік көрсетуінің, өзінің қабілеті мен әлеуеттік мүмкіндігін ашудың қажетті шарты болып табылады. Адам – адам, адам – қоғам, адам – техника, адам –табиғат жүйесіне терең білім қалыптастыру; өзін-өзі тану нәтижесінде адам өзінің дербес өсу және өзін-өзі жетілу қабілетіне ие болады. Сөйтіп, адам толысуын, өмір рахаты мен оның мәнін жете түсінеді.Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында құқықтық мәдениет мәселесіне көңіл бөліп отырғандығының басты себебі, еліміздің болашақ мамандардың құзыреттілігінің бір саласы осы мәдениеттілікке байланысты [3].

Олар оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысындағы құқықтық мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, жүріс-тұрыс мәдениеті, шығармашылық ойлау мәдениеті тағы басқа да көптеген бағыттардан тұрады. Соның ішінде бүгінгі оқушы ертеңгі мамандардың білім, білігімен қоса құқықтық мәдениетінің қалыптасуы, олардың өз іс-әрекетін адамгершілік нормаларармен қоса құқықтық талап басқаруына шарт түзеді.

Өкінішке орай, Батыс Қазақстан облысында 2014-2017 жылдар аралығында кәмелетке толмағандар 389 қылмыс жасаған, ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандар комиссиясына мыңнан астам оқушы есепке қойылды. 2017 жылдың 9 айында облысымызда кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде жүруіне жол берілуі – 8, кәмелетке

толмағандардың тарапынан жасалған бұзақылық – 27, кәмелетке толмағандардың заңсыз өкілдерінсіз жүруі – 1417, қоғамдық орында тиісу – 247 рет тіркелді [4]. Осыдан шығатын қорытынды, мектеп оқушыларының арасында құқықтық тәрбиені қарқынды жүргізу керек.

Жоғары сынып оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыру дегеніміз – олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, құқықтық мәдениет элементтерін қоғамдағы шынайы құбылыс ретінде қабылдауды мақсат ететін, арнайы ұйымдастырылған педагогикалық әрекет.

Теориялық және практикалық ізденістер жоғары сынып оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыруда мынадай міндеттерді шешу керектігін көрсетіп отыр:

- жоғары сынып оқушыларын құқықтық білім жүйесімен қаруландыру;
- құқықтық бағдарын, тұрақты құқықтық сенімдері мен сезімдерін дамыту;
- құқықтық мінез-құлық құндылығына қатысты қажет дағдылар, біліктермен қаруландару;
- жоғары сынып оқушыларының бойында белсенді азаматтық ұстанымдары мен құқық бұзушылықтарға төзбеушілікті қалыптастыру.

Жоғары сынып оқушыларының бойында құқықтық мәдениетті қалыптастыру олардың құқықтық санасы мен құқықтық мінез-құлқын жетілдірудің басты жолы болып табылғандықтан, оның негізі құқықтық білім беруде десек, гуманитарлық пәндер шеңберінде құқыққа ерекше орын береміз. Осы орайда, құқық пәнінің тәрбиелік әлеуеті де өте жоғары. Мектеп практикасы көрсетіп отыр, егерде «Құқықтық мәдениетті қалыптастыру» таңдау курсының бағдарламасы дайындалып, қолданылса оқушылардың құқықтық мәдениет деңгейі жоғары болатындығын.

Мектепте құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмысының жүйесі білім беру технологияларын, оқу іс-әрекетінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды, жеке тұлғаға бағдарланған амал, жобалар әдісі және т.б. қолдану арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие жұмыстарында өткізілетін іс-шаралар бағыттары белгіленіп, педагог мамандармен, ата-аналармен, қосымша білім беру жүйесі, қоғамдық ұйымдармен жүргізілетін жұмыстар жоспарланады және жоғары оқу орындарымен өзара байланысқа құрылады.

Осы шараларды жүзеге асырғанда мынадай әдістерді қолданған абзал:

- педагогикалық ықпал ету;
- өзара сенімге, іс-әрекетке, қарым-қатынасқа негізделген ұйымдастыру әдістері;
- оқушылардың өзіндік іс-әрекеттері әдістері;
- жеке тұлғаның мінез-құлқын педагогикалық-психологиялық түзетуге, ынталандыруға ықпал ету әдістері.

Қазіргі кезде қоғам, педагогикалық ұжым, ата-аналар және жоғары сынып оқушылары үшін мамандық таңдау мәселесі өте күрделі жағдайда болып отыр. Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең жауапты,толғанысты сәттердің бірі. Сол себепті оқушыларды бастауыш сыныптан-ақ мамандық таңдай білуге үйрету керек.

Педагогикалық зерттеулерде жоғары сынып оқушыларының 30 %-ы ғана өздерінің қабілеттеріне сәйкес келетін кәсіптік қызметті саналы түрде таңдайтындығы анықталды. Болашақ мектеп түлектерінің 70 %-ының өзін - өзі бағалау деңгейі өте төмен және өз бетінше өмір сүруге дайын емес. Жоғары сатыда бейінді оқытудың жетіспеушілігінен еңбек нарығында мектеп бітірушілерге деген сұраныс жоқ [5].

Бәсекелік механизміне негізделген нарық еңбек адамына ерекше іскерлік, шеберлік, белсенділік пен істегі тәртіптілік жауапкершілік, екпінді еңбекке жарамдылық т.б. белсенді іс әрекетке дайындық сияқты өте жоғары талап қояды.

Кәсіптік бағыт беру саласы күрделі де алуан түрлі. Ол экономикалық, әлеуметтік, психологиялық – педагогикалық т.б. қатынастарды қамтиды. Кәсіптік бағыт беру ісін жүргізу кадрлар даярлауды жоспарлаумен, халық ағарту жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты. Кәсіби құндылық бағдар жеке тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісінің ақыл-ой, рухани-адамгершілік, эстетикалық, экономикалық, дене тәрбиелерінің өзара сабақтастықта, қоғамдық мақсаттарды есепке ала отырып, кәсіпті еркін және құндылық тұрғысынан таңдау жүйесін қамтиды. Сондықтан да бұл бағытта көптеген ғылыми – педагогикалық зерттеулер жүргізілуде.

Жастардың қоғамда өз орнын дұрыс таба білуі үшін мектептерде оқушыларға кәсіби бағдар беруге арналған бірқатар іс-шаралар өткізіледі. Солардың бірі «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбындағы апталық. Мектептерде «Өскенде кім болғым келеді?» тақырыбында

кәсіби бағдарға толы, мазмұнды тәрбие сағатын, кәсіпорынның, жоғары оқу орнының, колледждің т.б. өкілдерімен жоғары сынып оқушыларының бірлесуімен кездесу

кештері өткізілуде.

Оқушылардың мамандық таңдауында психологиялық көмек көрсету үшін «Жаныңа жақын мамандық» тақырыбында тренинг, «Болашақта қандай мамандық иесі болғың келеді?» тақырыбындағы дөңгелек үстел өткізіледі. Мамандығын жақсы елестету үшін «Менің болашақ мамандығым» тақырыбындағы суреттер сайысының көмегі баршылық.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті

2. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 10 қаңтар 2018.

3. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2009. – 25 б.

4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016- 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 ақпандағы №123 қаулысы.

5. Нұрмағамбетова Ж. Самарқаулық пен енжарлықтан азаматтық қасиет жоғалады. // Орал

6. өңірі. 7 қараша 2017 жыл.

7. Сабыров А. Жақсы маман қайдан шығады? // Егемен Қазақстан. 21 желтоқсан 2016.

УДК 908

Идаев Ж.

Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова, г.Уральск

ИМЕНА ГЕРОЕВ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ В НАЗВАНИЯХ УЛИЦ УРАЛЬСКА

Патриотизм начинается с любви к своей земле, к своему аулу, городу, региону, с любви к малой родине. Почему малая родина? Человек – существо не только рациональное, но и эмоциональное. Малая родина – это место, где ты родился и вырос, а порой и прожил всю жизнь. Там горы, реки, рассказы и мифы об их возникновении, имена людей, оставшихся в памяти народа. Можно продолжить перечисление. Все это важно.

Наши улицы, города названы в честь великих людей, которые оставили свой след в истории страны. А мы, гуляя по улицам, даже не задумываемся, кто эти люди, что они сделали для нашего города, а значит, и для нас. Меня заинтересовала эта тема, и я решил заняться исследованием.

Актуальность исследования заключается в том, что наше поколение хотело бы гордиться своей малой родиной, местом, в котором мы родились и живём. Хорошее знание малой родины говорит о любви к ней. Глубокое изучение географических названий – один из путей осознанного восприятия родной природы, культуры, традиций казахского народа. Этому мешает отсутствие чувства сопричастности к происходившему и происходящему. Изменить подобное состояние можно только через подлинное знакомство с реальной историей.

За те четыре года, что длилась Великая Отечественная война, она унесла миллионы жизней наших соотечественников и оставила в вечности имена тысяч героев. Память о них живет не только в сердцах благодарных потомков, но и в названиях городских улиц. Уральск не исключение.

В канун 65-летия великой Победы 38-ми улицам Уральска присвоены имена Героев Советского Союза, уроженцев Западно-Казахстанской области. Присвоение улицам имен наших Героев-земляков – это самое честное и справедливое из переименований последних лет. И самые нужные билборды вдоль дорог – это их портреты.

Представляем некоторых героев Великой Отечественной войны, увековеченных в Уральской топонимике.

Мажит Джунусов родился в 1917 году в поселке Маралжин Джангалинского района Уральской области в семье потомственного чабана и сам до Великой Отечественной войны был чабаном. С

первых дней войны Джунусов на фронте. На боевом счету гвардейца-автоматчика 303-й стрелковой дивизии М. Джунусова сотни уничтоженных и плененных солдат и офицеров противника.

В центре столицы братской Чехословакии, красавицы Праги, возвышается величественный монумент, воздвигнутый благодарным чехословацким народом советским воинам, павшим в боях за освобождение города. На монументе золотыми буквами высечены их имена. Среди них имя нашего земляка – Героя Советского Союза Мажита Джунусова.

В Государственном архиве ЗКО хранятся документы к биографии Джунусова М.: описание подвига героя (копия документа из военкомата), копия наградного листа героя, письмо в Джангалинский с/совет, биография, характеристика, фотография [1, л.13].

…Темной сентябрьской ночью 1943 года группа автоматчиков во главе с Мажитом Джунусовым, проникнув в тыл противника, забросала гранатами штаб вражеского полка, уничтожив свыше 25 фашистских солдат и офицеров. Возвращаясь с боевого задания, автоматчики захватили вражеский обоз и сопровождающий его конвой. За успешное выполнение задания командования гвардии старшина Мажит Джунусов был удостоен ордена Отечественной войны II степени.

В другом бою отделение автоматчиков уничтожило пулеметный расчет, 30 солдат и офицеров противника, захватило 15 подвод с военным грузом и радиостанцией. За храбрость и мужество, проявленные в этом бою, Джунусов награжден медалью «За отвагу».

В ночь с 26 на 27 сентября 1943 года во главе группы автоматчиков Мажит скрытно переправился через Днепр и закрепился на вражеском берегу. Двое суток вели неравный бой автоматчики. Атака следовала за атакой. Перед их окопами лежало свыше 60 вражеских трупов. На исходе были боеприпасы, когда широкая гладь Днепра покрылась понтонами, баржами, лодками… Началось форсирование могучей реки.

За успешное выполнение задания командования гвардии старшине Мажиту Джунусову Указом Президиума Верховного Совета СССР от 20 декабря 1943 года присвоено высокое звание Героя Советского Союза.

Мажит Джунусов погиб в последние дни войны в боях за освобождение Праги.

Земляки свято чтят память героя. На его родине воздвигнут памятник отважному воину. На цоколе постамента высечены слова: «Герою Советского Союза Мажиту Джунусову от комсомольцев и молодежи Казталовского района» [2, с.73].

Жаксыгулов Садык Шакелович – командир миномётного расчёта 209-го гвардейского стрелкового Абганеровского полка (73-я гвардейская стрелковая Сталинградская дивизия, 7-я гвардейская армия, Степной фронт), гвардии младший сержант.

Документы к биографии Жаксыгулова С.Ш.: описание подвига, наградные листы и др. также хранятся в Государственном архиве ЗКО [3, л.63].

Садык Жаксыгулов родился 7 ноября 1924 года в ауле № 20 ныне Жангалинского района Западно-Казахстанской области в крестьянской семье. Образование неполное среднее. Работал в колхозе. Призван в армию в августе 1942 года. В 1943 году прошел обучение на курсах младших командиров в городе Чкалов (ныне Оренбург) и направлен на Воронежский фронт, где был назначен командиром минометного расчета 209-го стрелкового полка 73-й гвардейской стрелковой Сталинградской дивизии [4, с.8].

Сражался на Воронежском, Степном, 2-м и 3-м Украинских фронтах. Особо отличился в Полтавско-Кременчугской наступательной операции при форсировании Днепра и в боях на захваченном плацдарме.

В числе первых переправился через Днепр у села Бородаевка (Верхнеднепровский район Днепропетровской области). На правом берегу 25 сентября 1943 года огнём своего миномета содействовал захвату плацдарма, уничтожил до взвода солдат противника. 10 октября 1943 года в ответственный момент боя при отражении контратаки врага у села Бородаевские Хутора (Верхнеднепровский район) связкой гранат вывел из строя тяжелое самоходное орудие врага типа «Фердинанд».

Указом Президиума Верховного Совета СССР от 22 февраля 1944 года за мужество и героизм, проявленные при форсировании Днепра и в боях на плацдарме, Жаксыгулову Садыку Шакеловичу присвоено звание Героя Советского Союза с вручением ордена Ленина и медали «Золотая Звезда» [5, с.41-42].

С 1946 года капитан С.Ш. Жаксыгулов – в запасе. Вернулся в Казахстан, работал в совхозе. Затем жил в районном центре Каменка, ныне Таскала Таскалинского района Западно-

Казахстанской области, работал председателем Каменского сельсовета, заведующим райсобесом, заместителем председателя райисполкома. Скончался 30 марта 2009 года.

В поселке Таскала именем Героя названа улица. Средней общеобразовательной школе в селе Таскала Постановлением Правительства Республики Казахстан № 1325 от 31 августа 2000 года присвоено имя С.Ш.Жаксыгулова.

Награжден орденами Ленина, Отечественной войны 1-й степени, «Знак Почёта», медалями, в том числе «За отвагу», «За боевые заслуги» [2, с.54].

Имя Сундеткали Искалиева теперь носит улица, на которой расположен корпус № 3 ЗКГУ, где я учусь. Краткие сведение о герое, наградной лист имеются в фондах областного архива [6]. Искалиев Сундеткали - автоматчик 556-го стрелкового полка 169-й стрелковой дивизии 3-й армии 1-го Белорусского фронта, красноармеец. Родился С. Искалиев в 1924 году в селе Константиновка Чингирлауского района ныне Западно-Казахстанской области Казахстана в крестьянской семье. Казах. Образование начальное. Работал в совхозе шофёром.

В Красную Армию был призван Чингирлауским райвоенкоматом Западно-Казахстанской области Казахской ССР в 1942 году. Окончил полковую школу и с июля того же года участвовал в боевых действиях. Автоматчик 556-го стрелкового полка (169-я стрелковая дивизия, 3-я армия, 1-й Белорусский фронт) комсомолец красноармеец Сундуткали Искалиев особо отличился при освобождении Быховского района Могилёвской области Белоруссии [7].

В ночь на 24 июня 1944 года в бою юго-восточнее деревни Лудчицы Быховского района Могилёвской области красноармеец Искалиев в числе первых ворвался во вражескую траншею. В критический момент сражения славный сын казахского народа бросился на амбразуру дзота неприятеля и закрыл её своим телом (по данным о безвозвратных потерях: «не вышел с поля боя»). Похоронен в посёлке Могучий Партизан (по другим данным - в деревне Лудчицы), а в июле 1944 года перезахоронен в Братскую могилу в посёлке Яново Быховского района Могилёвской области Белоруссии.

Указом Президиума Верховного Совета СССР от 24 марта 1945 года за образцовое выполнение боевых заданий командования на фронте борьбы с немецко-фашистскими захватчиками и проявленные при этом мужество и героизм красноармейцу Искалиеву Сундеткали посмертно присвоено звание Героя Советского Союза [8, с.16-19].

Награждён орденом Ленина, медалью. Бюст Героя Советского Союза Сундуткали Искалиева установлен в его родном селе, обелиск - в посёлке Могучий Партизан Быховского района Могилёвской области Республики Беларусь, памятник - на центральной усадьбе совхоза «Алмазный» Чингирлауского района Западно-Казахстанской области Республики Казахстан. Имя Героя носят школа в селе Константиновка (Казахстан), где также создан музей, улицы в столице Республики Беларусь городе-герое Минске, городе Быхове Могилёвской области. На улице в Минске С. Искалиеву установлена мемориальная доска [9, с.5].

Ерденбек Ниеткалиев из Джаныбекского района – офицер, командир кавалерийского эскадрона. Если кто думает, что кавалеристы в Великую Отечественную войну бросались на вражеские танки с шашками наголо, то глубоко ошибается. Они были отважными, но не сумасшедшими. И внесли неоценимый вклад в Победу: по мобильности и оперативности, с какой кавалерийские эскадроны меняли позиции, не могла сравниться никакая техника. И проходили кавалерийские эскадроны там, где не могли пройти ни танки, ни тяжелая артиллерия. Звание Героя Ерденбеку Ниеткалиеву было присвоено посмертно. Документы о Е. Ниеткалиеве также хранятся в Государственном архиве ЗКО [10].

Герой Советского Союза Ерденбек Ниеткалиев родился 25 мая 1914 года в ауле Камысты Жанибекского района Западно-Казахстанской области в семье бедняка. В 1936 году окончил Алма-Атинский зооветеринарный институт, в течение нескольких лет работал в Кызылординской области заведующим учебной частью школы животноводства, преподавателем в сельскохозяйственном техникуме, инспектором облисполкома.

В Советской армии с 1939 года; в 1940 году окончил курсы младших лейтенантов, участник Великой Отечественной войны с июня 1941 года. Боевые подвиги отважного офицера неоднократно были отмечены высокими наградами [11, с.35].

31 января 1945 года полк, где служил Ерденбек Неткалиев, получил задание: не допустить прорыва частей двух отборных дивизий СС, стремящихся вырваться из огненного кольца окружения в районе города Фледерборн для соединения со своими войсками. Полк занял оборону южнее города Ратценбург.

Командиру эскадрона 12-го гвардейского Краснознаменного кавалерийского полка (3-я гвардейская кавалерийская дивизия, 2-й кавалерийский корпус, 1-й Белорусский фронт) гвардии капитану Неткалиеву предстояло со своими гвардейцами оборонять наиболее важный участок - Ратценбургское шоссе. Двое суток они сдерживали бешеный натиск превосходящих сил противника, поддерживаемых огнем артиллерии, минометов и самоходных орудий. Отбивая многочисленные атаки, эскадрон уничтожил свыше 200 немецких солдат и офицеров.

Не добившись успеха, немцы после перегруппировки начали новое наступление на малочисленный эскадрон, пытаясь окружить его. В неравном бою гвардейцы несли большие потери. Е. Н. Неткалиев, тяжело раненный, продолжал руководить действиями оставшихся в живых смельчаков. Истекая кровью, он лег за пулемет, до последней минуты жизни продолжая разить врага. Предсмертный его наказ - «стоять до конца» - бойцы выполнили, отбив одну за другой ожесточенные атаки противника, и победили. В этом бою эскадрон Неткалиева уничтожил до 400 немецких солдат и офицеров, 3 тяжелых орудия, 6 станковых пулеметов, захватил в плен 80 немецких солдат и офицеров. Ерденбек Неткалиевич Неткалиев погиб 2 февраля 1945 года [12].

Конечно, это не все улицы и не вся дань памяти великим героям ВОВ. «Никто не забыт, ничто не забыто». Вечная память павшим. И мирного неба нам, тем, кто имеет честь жить, благодаря их великому подвигу; благодаря великому подвигу выживших в той страшной войне.

Список литературы

1. ГА ЗКО. – Фонд 39. – Оп 1. – Д. 7а
2. Страницы большого пути: из истории Военного комиссариата ЗКО. – Санкт-Петербург, 2001
3. ГА ЗКО. – Фонд 39. – Оп 1. – Д. 8
4. Жаксыгулов Садык Шакелулы: некролог // Приуралье. – 2009. – 31 марта
5. Жаксыгулов Садык Шакелович: о нем // Календарь знам. и памят. дат по ЗКО на 2004 г. – Уральск, 2003
6. ГА ЗКО. – Фонд 39. – Оп 1. – Д. 10
7. Встреча с матерью Героя // Приуралье. – 1968. – 6 сентября.
8. Бросок в бессмертие. – Алма-Ата, 1976.
9. Сундеткали Ескалиев: [Их имена на карте города] // Пульс. – 2006. – 4 мая
10. ГА ЗКО. – Фонд 39. – Оп 1. – Д. 16
11. Мукатаев К.К. Герои Победы Западно-Казахстанской области 1941-1945. – Уральск, 2008
12. Ниеткалиев Ерденбек: о нём / 60 летию великой Победы / Сост. Г. Сапуанова, Г. Атанязова. – Уральск, 2005.

ӘОЖ 379.03

Имангалиев Н.К., Акмуханов Е.У.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Орал қ.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТ

Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында біздің университетінде түрлі іс-шаралар өткізілуде. Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрілген. Тәуелсіздіктің нығаюы, дамыған елге айналуымыз үшін қазақстандықтар алға батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеруі, озық стратегиялармен жарақтануы, халықаралық коммерциялық һәм концептуалды жобаларды ілгерілетуі маңызды. Бұл – Қазақстан көшбасшысы айтқан «бәсекеге қабілеттіліктің» бір шарты. Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты.

Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады:

«Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі –ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек». Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, «білім саласын» қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, эволюциялық жолмендамыту, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ.

Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алады.

Осы тұрғыда Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері рухани саладағы түбегейлі реформалардың бастауына айналарына күмән жоқ.[1]

Қазақ Елінің жастары білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылулары керек. Себебі, жаңа дәуірде тек бәсекеге қабілетті, аса білімді, сауатты адамдар ғана табысқа жетеді. Ел жастарында осындай қасиеттер болса, кез-келген мемлекеттің болашағы жарқын болары анық. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында осылайша Қазақ Елінің болашағын білікті жастармен байланыстарынын ерекше атап өтті. Махамбет Өтемісов атындағы батыс қазақстан мемлекеттікуниверситетінің ұстаздары мен студенттері Ұлт Көшбасшысының бұл пікірін толықтай қолдап отыр.Кез-келген елдің болашағы қашан да – өсіп келе жатқан ұрпағына байланысты Сол себепті де, Қазақстан бәсекеге лайықты, білікті жастарды дайындауға баса назар аударып келеді. Мәселен, тоқсаныншы жылдардың басында «Болашақ» бағдарламасы қолға алынып, бүгінге дейін оң мыңдаған ел жастары әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім алды, тәжірибе жинақтады. Ел аумағында жоғары деңгейдегі университтер ашылып, зияткерлік мектептер қалыптасты. Десе де, мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Заман жаңарған сайын, білім беру саласын да жетілдіріп отыру қажет.[2]

Білім – табысты болудың басты факторы. Ол ел жастарына болашағына ғана емес, бүтіндей мемлекеттің дамуына әсер етеді. Сондықтан, оған әрдайым ерекше басымдық берілетіні түсінікті. Қазір экономика, өнеркәсіп, өндіріс салалары көзілеспес жылдамдықпен алға жылжуда. Яғни, технологиялық революция. Енді бір он жылдан кейін қазіргі кәсіптердің кейбірі жойылып, жаңа түрлері пайда болуы мүмкін. Ал, оларды игеріп кете алатын жастар Қазақ Елінде болуы керек. Бәсекеге қабілеттілік дегеніміздің бірпарасы осыда.

Президент рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көк жиегін кеңейтуде екі нәрсенің басын нақты ашып беріп отыр. Оның бірі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмай тындығы. Екіншісі – алға басу үшін ұлт тың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея – болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау.Елбасының идеясы тарихқа деген көзқарасты түзету мен ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлт тық сана-сезімнің көкжиегін кеңей ту жайлы болып отыр. Елба сының «Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға ешкімнің қатысы жоқ», − деуі шешімді пікір.

Адамзат тарихына үңілсек, әлемдегі озық өркениеттер ұлт тық сипаттан бастау алғандығын білеміз. Үшінші жаңғыруда біз әлемге еліміздің жаңаша бет-бейнесін танытуымыз қажет. Мұнда ең алдымен сапа керек. Біз өткен дәуірден қалған тап таурын қағидаларды өзгертіп, орын далмайтын «елес идеологиялардан» бойды аулақ ұстап, жаңа прагматикалық сипаттағы деңгейге қол жеткізуіміз қажет. Әлемдегі түрлі революциялар ешқашан оңтайлы нәтижеге әкелгенемес. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі жаңғыруы байыпты қалыпта, уақыт талабын ескере отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Эволюциялық жолмен жаңғыру қазақстандық даму жолының негізгі кілті екендігін ұғынып, әрбір қазақстандық азаматтың басты бағдарына айналуы тиіс.

Рухани жаңғыруда қойылып отырған маңызды мәселенің бірі − «сананың ашықтығы». Жаһандану үрдісіндегі басты талап − әлемдік тілдерді меңгеруге ұмтылу. Бұл біздің ғаламдық үрдіске толыққанды араласуымызға жол ашады. Әлемдік озық тәжірибе мен жетістіктерге қол жеткізуімізге мүмкіндік туғызатыны анық.

Елбасы рухани жаңғыру жолында таяу жылдары атқарылуы тиіс негізгі міндеттерді де нақты анықтап беріп отыр. Соның бірі – ла тын әліпбиіне көшу. Бұл орайда, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдайтын боламыз.[3]

Әдебиеттер тізімі

1. Егемен каз №71(29052) 13 сәуір, бейсенбі 2017 жыл
2. Нығметжанова Қ.М. Нұрғазиева Н.М «Білім берудегі жаңа технологиялар» 2015ж. 22 б.
3. «Қазақстан мектебі» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. 2010 ж. – №6.

ӘОЖ 37.01:316.356.2

Иргалиев А.С., Оразова Б.К.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫ НӘТИЖЕЛІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ НЕГІЗДЕРІН ЗЕРТТЕУ

7-10 жастағы бала үшін мектеп әлеуметтік әлемнің алғашқы модельдерінің бірі болып табылады. Ересектер әлемінің заңдылықтарын, осы заңдардың шеңберінде тіршілік ету тәсілдерін игеруге дәл осы мектеп тәжірибесінің тигізетін пайдасы зор: олар - әртүрлі әлеуметтік рөлдер, тұлғааралық қатынастар, т.б. Бұл жағдайда әлеуметтендіру міндетіне балалардың нормативтік мінез-құлықты меңгеріп, меңгерілетін нормалар мен құндылықтарға деген өзіндік ұстанымын құру жатады. Бұл міндеттер баланың ересектер қоғамына енуіне мүмкіндік беретін жағдайларды анықтауға көмектеседі.

Кіші мектеп жасындағы оқушы тиісті әлеуметтік байланыстар орнатып, қалыптасқан нормалар мен ережелерге бағынып, сонымен бір уақытта қолданыстағы нормативтік жүйелерді салыстыру және өзіндік өмір сүру ұстанымын жасақтау маңызды болып саналады. Сонымен бірге бастауыш сыныптардың мұғалімі оларды салыстырмалы іс-әрекетке бағыттауы тиіс. Яғни бастауыш мектеп мұғалімі оқушыға нақты жағдайда өзінің мінез-құлқын (қандай болмасын қылығын) мектепте, қоғамда белгіленген нормалар бойынша орындалуы тиіс әрекеттермен салыстыруды ұсынады.

Бұл мектеп оқушысының бойында қолданыстағы нормативтік жүйелерді салыстыру және өзіндік өмір сүру ұстанымын құру қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Бұдан барып балалар үшін әртүрлі құндылықтар жүйелерін міндетті салыстыру жағдайлары мен осындай өмірлік ұстанымдарды құру қажеттігі туындайды.

Мұғалімдер мен мектептің жалпы міндетіне тоқталатын болсақ, балаға кейбір әлеуметтік жағдайға сәйкес келетін қажетті әлеуметтік тәжірибені меңгеруге мүмкіндік беретін жағдайлар жасалуы тиіс.

Сонымен қатар, кіші мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру мәселелерін зерттеу кезінде айта кететін жайт, бұл жас тобындағы балалар жоғары эмоциялық сезімталдығымен ерекшеленеді, ол күшті әсерлермен қоса жүреді. Балалар өздерінің сезімдерін жасыруды білмейді, оларды тұмшалауға тырыспайды. Олар осы шақта өте шынайы, ашық, қорықса да, қуанса да, қайғырса да, шаттанса да, бәрін де шынайы сезімдермен білдіреді. Өзінің эгоцентризмінің салдарынан бала тек өзінің қажеттіліктерінің қанағаттандырылуын талап етеді. Сонымен қатар. баланың мінез-құлқы белгілі бір дәрежеде нормадан ауытқуы мүмкін. Айта кететін жайт, мардымсыз ауытқушылықтар барлық балаларда байқалуы мүмкін.

Бала мінез-құлқының нормадан ауытқу деңгейін бағалау үшін, мұғалімдер көбінесе баланың басқа балалармен қарым-қатынасы кезіндегі мінез-құлқын зерттейді (бақылайды). Балалар мектепке келгенде өзін құрбыларының арасында жайлы сезіну үшін өзінің орнын сайлап алуға тырысады. Алайда тұлғаның дамуы үшін сыныптың өзге өкілдерімен оң қарым-қатынастарды орнату және сақтап қалу мотивтері үлкен маңызға ие бола бастайды. Бұл жағдайда адам қажеттіліктерінің ең алғашқысы -жағымды эмоция алу болып табылады. Сондықтан баланың құрбыларына ұнауға немесе олардың құрметіне ие болуға тырысуы оның мінез-құлқының басты мотивтерінің бірі екені белгілі.

6 жастан 12 жасқа дейін бұл қажеттілік қосарлы сипатта болуы мүмкін. Бір жағынан, бала «бәрімен бірдей болғысы келсе», ал екінші жағынан, «өзгелерден жақсырақ» болғысы келеді. Алайда егер бала өзінен күтілетін биікке жете алмаса немесе жетістікке жетуге қабілетсіз боп шықса, оның ортадан өз орнын табуға деген ұмтылысы оның жағымсыз қылықтарына және оқуға деген ынтасының төмендеуіне, сондай-ақ агрессия танытуына себеп болуы мүмкін.

Өзіне назар аударуға тырысу, ересектерге (мұғалімдер, педагогтар) үстемдік жасау мақсатындағы агрессияның жиі қайталанатын көріністері жағымсыз мінез-құлықтың қарапайым формалары болып табылады. Бұл санатқа әдетте оқуда жетістіктерге жете алмаған немесе ата-аналары тым шолжаңдатып жіберген немесе тым әлсіз, бастамасы жоқ, құрбыларынан қалыс қалған, айналасындағылардың назарына іліге бермейтін балалар жатады.

Барлық жағдайларда да бұл балалар өздерінің орнын табуға деген қажеттіліктерін жағымды тәсілдермен қанағаттандыра алмайды, сондықтан өздеріне назар аударудың инфантильді перспективасы жоқ тәсілін таңдайды.

Мұндай ерекшеліктер тұлғаның дамуындағы әлі жасырын акцентуациялармен бірге баланың мінез-құлқынан табылуы мүмкін, бұл соңынан мектеп жасындағы жағымсыз мінез-құлық арқылы білінуі мүмкін.

Бұрын айтылып өткендей, кіші мектеп жасындағы балалар мінез-құлық модельдері туралы білімді келесі ақпарат көздерінен алады: отбасы, құрбыларымен өзара әрекеттесу, бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникациялар арқылы көрсетілетін мінез-құлықтың символикалық мысалдары.

Осы айтылғандарға сүйене отырып, біз кіші мектеп жасындағы оқушыларды әлеуметтендірудің ең құнды құралы рөлдік ойындар деп түйіндедік. Сабақ өткізу кезінде мектеп оқушыларына бөлек жағдайды бажайлау ұсынылады, бұл жағдайда оқушы өзінің қалай әрекет ететіндігін шешуі тиіс. Сонымен бірге бала өзінің қандай болмасын әрекетті неге орындамайтындығын түсінуі тиіс. Кейбір мектептерде балаларға оқыту фильмдерін қарап шығу ұсынылады, оларда алдымен белгілі бір жағдайдан үзінді көрсетіледі. Әдетте бұл қиын жағдайда әр кейіпкер өз бетімен әрекет ете білуі тиіс.

Мектеп оқушыларына бұл сюжеттегі кейіпкерлердің өздерін қалай ұстайтындығын болжамдап, жағдайдың қалай аяқталатынын елестету ұсынылады. Сонымен бірге мұғалім өздерінің шәкірттерінен өздерін кейіпкерлердің орнына қойып көруді сұрайды. Содан соң мектеп оқушыларына жағдайдың әрі қарай қалай өрбитіні (жағымсыз) көрсетіледі. Бұл үзіндіні көргеннен кейін белгілі бір уақыттан соң балалар шығарма жазып, онда өздерінің белгілі бір жағдайларға қатысты көзқарасын көрсету тапсырылады.

Дәл осы жағдайда баланың «Мен» тұжырымдама деп аталатын қалыптасуы жүзеге асырылады. Жағымды «Мен» тұжырымдама үш фактормен анықталады:

1. Өзгелерді қарым-қатынас жасаудың тең мүдделі, тең мәртебелі субъектілері, өзара әрекеттесу мен диалогтың тең құқылы әріптестері ретінде қабылдау сенімділігі.

Әр адам өзгелердің мақұлдауына, құптауына ие болғысы келеді.

Сәбилік және мектепке дейінгі кезеңде мұндай маңызды топқа отбасының мүшелері жатады. Олар балаға іс-әрекеттің белгілі бір түрлеріне қабілетті лайықты тұлға ретінде қарап, өз кезегінде баланың бойында өзіне деген сенімділікті қалыптастырулары тиіс.

2. Қандай болмасын бір іс-әрекет түріне деген қабілеттілікке сенімді болу: іс-әрекеттің белгілі бір мақсаты болады. Оған қол жеткізуге қабілетті болу өз күшіне деген сенімділікті туындатады. Оқушылар үшін бұл оқу материалын меңгеру, мұғалімдер үшін өзінің пәнін меңгеру және оқушылардан қажетті білім деңгейіне қол жеткізу. Бұл тұрғыдан табысқа жету мұғалімге де, оқушыға да өзінің құзыреттілігін сезінуге мүмкіндік береді, ал бұл «Мен» тұжырымдаманың аса маңызды факторы болып табылады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс БҚО Теректі ауданы Подстепное ауылындағы №1 ЖОББ мектебінде 2017-2018 жылдары жүргізілді. Экспериментке 7-8 жас (1-2 сыныптар) аралығындағы 83 бала, бастауыш сыныптардың 6 мұғалімі, 46 ата-ана қатысып, олар түрлі статистикалық сұрауларға, ғылыми-әдістемелік (ғылыми-практикалық) конференцияларға, т.б. шараларға атсалысты. Жалпы, экспериментке 135 адам тартылды.

Подстепное ауылының №1 ЖОБМ-де мұғалімдер арасында біз жүргізген «Кіші мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру» сауалнамасы келесі деректерді анықтауға мүмкіндік береді.



1-сурет. Подстепное ауылының №1 ЖОБМ бастауыш сынып мұғалімдерінің арасында жүргізілген қарым-қатынас жасау стильдерінің диагностикасы

Бастауыш мектептің мұғалімдерінің 69 % оқытуда авторитарлық стильді ұстанады, 25% - демократиялық және 6% - либералдық. Айта кетерлік жайт, авторитарлық педагогтар тобында келесі сипаттамалардың айқындығы (өздерінің кәсіби қасиеттерін бағалау әдісінің көмегімен) белгілі болды: мамандығына қызығушылығының жоғары болуы; шешімдерді өз бетімен дербес қабылдай алуы, өзін-өзі сынай білуі; кәсіби ригидтілігі (сабақтың дәстүрлі барысынан аспауы, сыныптағы дәстүрлі ахуалды ұстануы; жақсы реттелген сызба бойынша көпжылдық жұмысы, т.б.); рефлексияға қабілетінің төмендігі (өзінің дұрыстығына және кәсіби сауаттылығына тым сенімді болуы); кәсіби қызметінің стереотиптілігі; өзіне беретін бағасының төмен болуы; балаларды тым қарабайыр түсінуі; өз біліміне көңілінің толуы (танымық қажеттіліктерге мойынсұнбауы); оқыту мен тәрбиелеуге тым стандартты қарауы.

Экспериментің екінші кезеңінде біз «Жақсылық жолымен» бағдарламасы жасақталып, өткізілді.

Бұл бағдарлама күнделікті оқу-тәрбие қызметіне арналып бейімделген, оның үстіне барлық материалдар қоғам мен мектептің өзекті талаптарына және қазіргі заман ағымына сай келтірілген.

«Жақсылық жолымен» бағдарламасы баланы әлеуметтік әлемге біртіндеп енгізуге жетелейді. Танымның жылдамдығы мен тереңдігі жекеше сипатта болғандықтан, жаспен тек кей жағдайларда байланысты болады. Көбі баланың жинақтаған әлеуметтік тәжірибесіне, баланың жынысына, оның эмоциялық және танымдық салаларының даму ерекшеліктеріне байланысты.

Бағдарламаның негізгі мазмұны кіші мектеп жасындағы балаларға арналған. Баланың жасына байланысты психологиялық ерекшеліктері мен даму деңгейін ескерген жөн.

«Жақсылық жолымен» бағдарламасын жүзеге асыру барысында біз келесі қағидаттарды қолдандық:

- *тәрбиені тұлғаны дамытуға орталықтандыру қағидаты.*
- *табиғаттың сәйкестілігі және мәдениеттің сәйкестілігі.*
- *субъектілік қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.*
- *баланы қабылдау қағидаты.*
- *құндылыққа негізделген қатынастар қағидаты.*

«Жақсылық жолымен» бағдарламасы төрт негізгі бөлімнен тұрады:

1. «Мен - азаматпын»:

- «Мен өзім туралы не білемін»:
- *менің отбасым;*
- *менің түп-тарихым.*
- «Өзіне сенімді болу - болашақ азаматтың қалыптасуы».
- «Сезім, тілектер, көзқарастар, қылықтар - адамгершілік сабақтары».

2. «Ересектер және Мен»:

- «Ересектер және Мен»;
- «Ересектердің құқықтары мен міндеттері»;
- «Этикет және қарым-қатынас жасау мәдениеті».

3. «Адам - тарих - мәдениет»:
- «Адам - ұста»;
- «Адам -суретші»;
- «Өлкетану - сенің елің, сенің халқың».

4. «Біздің үйіміз - Жер шары»:
- «Жер дегеніміз не?»;
- «Жер және оның тұрғындары»;
- «Мен және табиғат. Мен және экология».

Кіші мектеп жасындағы оқушылар арасында «Жақсылық жолымен» бағдарламасын пайдалану тиімділігін бағалау үшін біздерге әлеуметтендірудің қалыптасу деңгейін бағалау қажет болды.

Әлеуметтендірудің қалыптасу деңгейін бағалау келесі 7 критерийдің қалыптасуын бағалауға негізделді:
- оқушыларда әлем туралы біртұтас түсініктің қалыптасушылығы;
- социумда тіршілік ету үшін қажетті әлеуметтік қатынастардың біліктері мен білімдерінің меңгерілуі;
- құндылыққа негізделген көзқарастардың қалыптасуы;
- адамгершілік таңдау жасау білігінің қалыптасуы;
- мінез-құлық мотивін анықтау қабілеттілігі;
- біртұтас «Мен тұжырымдаманың» қалыптасушылығы;
- іс-әрекетке деген шығармашылық тәсілдемесінің болуы.

Оқушыларда әлем туралы біртұтас түсініктің қалыптасу деңгейін бағалау 2 суретте келтірілген.



2-сурет. Эксперименттің басы мен соңында кіші мектеп жасындағы оқушыларда әлем туралы біртұтас түсініктің қалыптасу деңгейін бағалау

Айтарлықтай өзгерістер эксперименттік жұмыс таңдалған бағдарлама негізінде жүргізілген ЭТ-та байқалды. Әлемнің біртұтас көрінісінің қалыптасуының әлеуметтік-нәтижелі деңгейінің динамикасы ЭТ бойынша - 63,7%, БТ - 22,8%. Бұл жағдайда әлеуметтендірудің әлеуметтік-жеткіліксіз деңгейі бойынша ЭТ - 0, БТ - 13,6%.

3 суретте екінші критерий - социумда тіршілік ету үшін қажетті әлеуметтік қатынастардың біліктері мен білімдерінің меңгерілуі жөніндегі деректер көрсетілді. Бұл критерий сұрау, бақылау арқылы бағаланды.



3-сурет. Эксперименттің басы мен соңындағы ЭТ мен БТ кіші мектеп жасындағы оқушылардың социумда тіршілік етуіне қажетті әлеуметтік қатынастар туралы білім мен біліктердің қалыптасуы

Ұсынылған нәтижелер бойынша эксперименттік топ оқушыларының әлеуметтік қатынастар туралы білім мен біліктерінің қалыптасу деңгейіндегі айтарлықтай өзгерістер жүргенін айта кетуге болады. Айталық, ЭТ-та әлеуметтік-нәтижелі деңгейге қол жеткізген оқушылар саны 81,82%-ға, ал БТ-да 22,8% құрады. Бұл критерий бойынша әлеуметтік-нәтижелі деңгейдің қалыптасуының динамикасы ЭТ бойынша - 60,5%, БТ - 22,8%.

Әлеуметтендірудің алтыншы критериі - Мен-тұжырымдаманың қалыптасуы - «Мен кіммін?» және «Автопортрет» әдістемелерінің көмегімен бағаланды. Алынған деректер 4 суретте ұсынылды.



4-сурет. Эксперименттің басы мен соңында ЭТ мен БТ оқушылардың Мен-тұжырымдаманың қалыптасу деңгейін бағалау

Эксперименттік топта әлеуметтік-жеткіліксіз деңгейді көрсеткен оқушылардың азайғаны (40,9 %-ға) байқалды. БТ-да әлеуметтік-жеткіліксіз деңгейді көрсеткен оқушылардың азайғаны белгілі болды. Ол 31,8 %-ды құрады.

Эксперименттің басы мен соңының нәтижелерін салыстырмалы талдау жүргізілген жұмыстың жағымды нәтижелері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Эксперименттік және бақылау топтарында алынған нәтижелер арасындағы айырма әлеуметтендіру үрдісі

кешенді педагогикалық шарттар енгізілген эксперименттік топта тиімді жүретінін және жалпы тенденцияны анықтап берді.

Қорытындылай келе:

1. Мінез-құлықтың барлық ережелері мен нормаларын ұстанатын тұлғаны қалыптастыру үшін оқушылардың санасын қалыптастыру әдісі, мінез-құлық қалыптастыру әдісі, сезімдер мен қатынастарды қалыптастыру әдісі қолданылуы мүмкін.

2. Бастауыш мектеп жағдайында баланы оқыту және тәрбиелеу үрдісінің біртұтастығын сақтау кезінде мұғалім де, ата-аналар да баламен үнемі тығыз ара қатынаста болуға, онымен сенімге негізделген ара қатынастарын сақтап қалуға, балалардың бойында орын алған өзгерістерге қарай өз мінез-құлықтарын түзетіп отыруға тырысты.

3. Әлеуметтендіруге ықпал етуші кіші мектеп жасындағы оқушылары тәрбиелеу мен оқытудың пайдаланылатын формалары, әдістері мен құралдары синтезделуі тиіс. Алайда кіші мектеп жасындағы оқушыларды әлеуметтендіру үрдісін жүйелеу және оңтайландыру үшін бастауыш мектептегі балаларды оқыту заңдылықтарын анықтап, осы жастағы балаларды әлеуметтендіру қағидаттары нақтылануы тиіс.

4. Бастауыш сыныптар педагогы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі негізгі жұмысын тиімді жүргізуі үшін, ол өз шәкірттерінің жетістіктері туралы тек білім деңгейінде ғана емес, сонымен қатар жаскелең ұрпақтың әлеуметтік дамуы мен қалыптасуы үшін қажетті қоршаған ортаны қабылдауға, оған бейімделуге қабілеттілік сияқты мәселелер деңгейінде де білікті болуы тиіс.

5. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бастауыш сыныптардың кейбір педагогтары өз оқушыларын «естімейді» (25 %), көбі тәрбиелеудің авторитарлық әдістерін қолданады (31 %), осылайша оқушылардың Мен-тұжырымдамасын басып тастайды. Бұл баланың позитивті көзқарастар қалыптастыру үшін мұғалім өзін де үнемі тұрақты дамытып, жетілдіріп отыруы тиіс деген қорытындыға келеміз.

6. Эксперименттің констатациялаушы кезеңінде әлеуметтендірудің әр критерийінің қалыптасуының деңгейі жеткіліксіз екені анықталды.

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері «Жақсылық жолымен» бағдарламасы жүзеге асырылған эксперименттік топтағы кіші мектеп жасындағы оқушылардың әлеуметендіру деңгейінің біршама артқанын көрсетті, бұл біздің алға тартқан болжамымыздың рас екенін дәлелдеп берді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. - Астана, 17.04.2017. - egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген.

3. Иргалиев А.С. Социализация личности. Монография. 2-е издание. - Уральск, 2013. - 86 б.

4. Мұханбетжанова Ә.М., Иргалиев А.С., Мұханбетчина А.Г. Әлеуметтік педагогика. Оқу құрал. - Орал, 2013. - 115 б.

5. Muhanbetzhanova A.M., Bakhysheva S.M., Irgaliev A.S., Kinghekova R.S., Gabdrahmanova S.T. and Kolesova L.G. Psychological and Pedagogical Support of Teenage Inmates of Children's Village / International Journal of Environmental & Science Education. - 6 august 2016. - Vol. 11. - No11. - P. 4595-4609. // http://www.ijese.net/makale/644.

ӘОЖ 159.922

Иргалиев А.С. , **Кузайырова А.М**.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КРЕАТИВТІЛІК ҚҰЗЫРЕТІЛІГІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫН ЗЕРТТЕУ

Қазіргі қоғамда реформалаудың маңызды құрамдас бөлігі инновациялық іс-әрекетке бағдарланған және өзін жетілдіруге, өзін дамытуға ұмтылатын тұлға болып табылады. Бұл тұжырымдама Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050» Жолдауында, «Мәңгілік ел» және «Рухани жаңғыру» идеяларында, мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламаларында

көрініс тапқан [1; 2; 3; 4]. Бұл жоғары мектепті дамытуды жаңа мазмұнмен толықтыруды талап етеді, оның стратегиялық жолы келесідей болуы тиіс: тұлғаның іс-әрекеттің бұрын белгісіз болған ойлау тәсілдері мен модельдерін меңгеруі үшін тиісті жағдайларды жасау; оның шынайы болмысқа қатысты сыни ойлау, шығармашылық, креативті қатынасын, жаңалықтарды ілгерілету, енгізу және кеңінен пайдалану білігін қалыптастыру.

«Қоғам-білім» даму кезеңінің кезекті, жоғары сатысына жеткендегі жаһандық ақпараттық қоғам феномені «жаңа тұлғаны» дүниеге әкеліп, креативтілік тақырыбына деген қызығушылықты күшейте түседі. Бұл қазіргі қоғамның барлық салаларына инновациялар енгізу ерекшеліктерімен, Қазақстан Республикасында XXI ғасырдың мамандарын даярлауға бағдарланған білім беру кеңістігін ұйымдастырудың мақ,сатқа бағдарланған және жүйелік-әрекеттік тәсілдемелерімен байланысты.

Осыған байланысты жоғары мектепте креативті құзыреттілікті қалыптастыру мазмұнының ұғымдары мен ерекшеліктерін іргелі ғылыми әлеуметтік-педагогикалық негіздеу қажеттілігі өзектендіріледі. Бұл жоғары білім беру МЖБС ауыстыру, жоғары білім берудің міндетті компонентін мейлінше азайту арқылы іске асырылады. Жалпыға белгілі, 2020 жылға қарай біз үшін үйреншікті мамандықтардың бір бөлігі ескіріп және жоғалып бара жатқан мамандықтар қатарына жататын болады.

Жоғары мектептегі білім беру мазмұнын және тұлғаның креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістерін жетілдіру тәсілдерін табуға қатысты ғылыми көзқарастар плюрализміне сүйенетін болсақ, алдымен «құзырлылық» және «құзыреттілік» ұғымдарын ажыратып алған жөн, көптеген зерттеушілер тарапынан оларға деген қызығушылықтардың артуына қарамастан, терминологиялық тұрғыдан нақтылауды, жалпы осы ұғымдардың типологиясы, құрылымы, олардың қалыптасу технологиясы да нақтылауды қажет етеді.

«Құзыретті» (лат. competens - сәйкес келетін) ұғымы былай түсіндіріледі: 1) белгілі бір білім саласынан хабардар, білімі бар; 2) өзінің білімдері немесе өкілеттіліктері бойынша бір нәрсені жасауға, шешуге, пікірін білдіруге, сын пікірін айтуға құқылы тұлға; «құзырлылық» (лат. competere - жауап беру, тәсіл қолдану; қол жеткізу) - қандай болмасын тұлғаның, органның өкілеттіктерінің, құқықтарының, мәселелерінің, істерінің шеңбері. «Құзыреттілік - анықтаушы құрамдық бөліктеріне мотивтер, мақсаттар, құндылық бағдарлары, білім, біліктер, дағдылар, рефлексия жататын жүйелік ұғым [5, 117 б.].

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында құзыреттілік тәсілдемесінің мәні мен маңызды құзырлылықты қалыптастыру проблемалары талданған теориялық және ғылыми-әдістемелік еңбектер жеткілікті (Ә.М. Муханбетжанова, М. Джадрина, Н.Н. Нурахметов, С. Муканова, С. Халикова, Р.А. Сүлейменова, У.Б. Жексенбаева, Н.Н. Нұрахметов, К. Жампеисова, Ш. Құрманалина, К. Аганина, Ж. Самуратова, Б. Игенбаева, Ш. Таубаева, Н.Н. Хан, С.И. Калиева және басқалары).

«Құзыреттілік» және «креативтілік» ұғымдарының мәнін қарастыра отырып, «креативтік құзыреттілік» ұғымын анықтауға болады.

Креативтік құзыреттілік дегеніміз «мотивациялық, когнитивтік, операционалдық, аксиологиялық, рефлексиялық компоненттерден құралатын, ең жоғары тиімділікке, нәтижелілікке, табыстылыққа қол жеткізе отырып, кәсіптік міндеттерді өнімді шешуге бағытталатын тұлғаның қасиеті, көпфакторлық құбылыс» (Брякова И.Е.). Бұл анықтамада автор нақты нәтижемен (кәсіптік міндеттерді шешу) шектеліп, креативтілік мазмұнын міндеттерді өнімді шеше білу деп түсінеді, сонымен бірге оның ойынша, креативтілік - бұл шығармашылыққа қабілеттілік (құзыреттілік), жаңа бірегей идеяларды жасақтауға деген қабілеттілік (креативтілік) [6] болып табылады.

А.В.Морозовтың пікірінше, «педагогикалық креативтілік оқытушыда тұлғааралық қабылдауда, тұлғааралық коммуникацияларда, тұлғааралық өзара әрекеттесуде құзыреттіліктің жоғары болуын қарастырады». Педагогтың шығармашылық шешімдері зияткерлік және креативтілік қатынастарына негізделеді: креативтіліктің жоғары деңгейі кезінде ол «әртүрлі инновациялық білім беру жүйелеріне икемделіп қана қоймай, өзі де оларды қалыптастыруға, жасақтауға және педагогикалық практикаға енгізуге белсене қатысады» [7].

Н.Ф. Вишнякова креативті психологиялық педагогика стратегиясын стереотиптерді еңсеруге, әр тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуға септігін тигізетінін ескерте отырып, ізденіс практикасы мен коммуникативті рефлексия тәжірибесіндегі бірлескен шығармашылық ретінде анықтайды [8].

Қазіргі білім беру міндеттерін қарастыра отырып, Р. Эпстайн ғылымға «креативтік құзыреттілік» ұғымын енгізіп, оны алынған білімді бейімдеп қолдануға, білім жүйесін өз бетімен толықтыру және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу ретінде қарастырды. Р. Эпстайнның пайымдауынша, креативтілік көбінесе бір немесе бірнеше негізгі құзырлылықтық қалыптасу деңгейіне байланысты, олар генеративтілік теориясында зерттеледі:

1. Жинаушы құзыреттілік. Генеративтік механизмдер әмбебап болғандықтан, креативтің мінез-құлқы қашанда тіршілік әрекетінде өзгеріп отырады. Креатив сана өрісінде жаңа идеяларды көріп, сақтауға мүмкіндік беретін түрлі дағдылармен сипатталады. Жаңа идеяларды жинақтай отырып, ізденушілік белсенділік тұрақты болған сайын креатив шығармашылық әлеуетін арттырады.

2. Проблема түзуші құзырлылық. Мінез-құлықтың кез-келген субъективті жаңа формалары бұрын меңгерілген және өмірдегі қалыптасқан үйреншікті өмір сүру тәсіліне қарсы шығатын өзара байланыстардың нәтижесі болып табылады. Мінез-құлықтың жаңа және үйреншікті емес тәсілдерінің арасындағы бәсекелестік новациялардың іргетасы болып саналады. Тұлға өзін мәселені шешудің үйреншікті тәсілдері пайдаға аспайтын қиын жағдайға тірей отырып, жаңа идеялар санын көбейте алады. Тұлғаның танымдық қиыншылығы проблемалық жағдаятқа айналған кезде креативтілікке арқа сүйейтін ойлау үрдісі туындайды.

3. Кеңейтуші құзырлылық. Көптеген нонкреативтер үшін жағдайды қабылдау стандарттары және мінез-құлық стратегиясы шешімдер ағымында алдын-ала белгіленеді, сондықтан олардың стандартты емес міндеттерді шешу кезіндегі танымдық әлеуеті жеткілікті емес.

4. Айналаны қоршаған құзырлылық. Оқушының өнімді ұстанымы оған бір уақытта бірнеше тітіркендіргіш немесе ерекше тітіркендіргіш ықпал еткен жағдайларда қалыптасады. Осылайша креативті құзырлылықтың өзегін адамның айналасы, әлеуметтік немесе физиологиялық тітіркендіргіштер немесе мұндай тітіркендіргіштердің ерекше үйлесімді жиыны құрайды [9].

Ф.В. Шариповтың айтуынша, оқытушының креативті құзыреттілігіне білім, білік және дағдылар, қабілеттер мен шығармашылығына қажетті тұлғалық қасиеттері жатады. Шығармашылық компонент оқытушының кез-келген іс-әрекетінде (педагогикалық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық) орын алуы мүмкін. Тұлғаның (соның ішінде оқытушының) креативтік құзыреттілігі құрылымынан автор келесі қасиеттерді бөліп көрсетеді:

- шығармашылыққа, проблемалық міндеттерді шешуге қабілеттілігі, өнертапқыштығы;
- сыни және икемді ойлауы, түйсігі, өзіндік даралығы мен сенімділігі;
- стандартты емес міндеттерді алға қою және шешуге қабілеттілігі, талдау, біріктіру және жиынтықтауға қабілеттілігі, тәжірибені көшіруге қабілеттілігі, алдын-ала көре білуге қабілеттілігі, т.б.;
- эмоциялық-бейнелі қасиеттер: шығармашылық жағдаяттардағы шабыт, эмоциялық көтеріңкі күй, ассоциативтілігі, қиялы, фантазиясы, арманшылдығы, жаңалықты сезінуі, қарама-қайшылықтарды сезінуі, эмоциялық елгезектігі (эмпатиялылығы);
- ойларын, сезімдерін ашық жеткізе білу, қимылдарының еркіндігі, сұңғылалығы, таныс емес нәрседен таныс нәрсені көре білу, стереотиптерді еңсеру;
- жорамалдарды жеткізуге білуге, олардың дәлелдемелерінің нұсқаларын құрылымдауға қабілеттілігі;
- тәуекелділікке бейімділік, еркіндікке ұмтылуы [10].

С.С.Занаевтың, Е.Н.Пономареваның еңбектерінен «инновациялық-креативті құзырлылық» ұғымын табамыз. Зерттеушілер инновациялық-креативті құзыреттілік құрылымынан келесі қасиеттерді бөліп көрсетеді:

- педагог тұлғасының қасиеттері (инновациялық ойлау стилі; нақты жағдайға қарай оқу үрдісін құруға шығармашылық тәсілдемені қолдану қабілеттілігі, жаңа әдістер мен технологияларды меңгеруге әзір болу);
- білімнің жиынтығы (шығармашылықтың қазіргі теориялары және оны дамыту тәсілдемелері);
- біліктер жиынтығы (креативтілік дамыту әдістерін пайдалану, шығармашылық пен қиял жұмысын ынталандыру, стандартты емес міндеттерді өз бетімен іздеуге ұмтылдыру, жоғары сатылы ойлау үрдістерінің дамуына түрткі болу [11].

Педагог құзыреттілігінің құрылымындағы креативтік құзыреттілік кәсіби (педагогикалық) іс-әрекеттің түрлі кезеңдеріндегі тұлғаның шығармашылық жетістіктерін көрсетіп, тұлғаның шығармашылық қабілеттері есебінен жаңа кәсіби өнімдер мен іс-әрекеттің жоғары дәрежелі нәтижелеріне қол жеткізуге қабілеттілік деп түсіндіріледі. Педагогтың

педагогикалық іс-әрекетінің креативті өнімінің сипаттамаларына қабылданатын шешімдердің ерекшелігі, соңылығы, сондай-ақ педагогикалық қызметтің оңтайлы ұйымдастырылуынан көрініс табатын жалпы өнімділігі жатады.

Кәсіптік іс-әрекет үрдісінде байқалатын креативтілік субъектінің ішкі мотивациясымен тығыз байланысты. Іс-әрекетті орындауға деген тұрақты ішкі мотивация болған жағдайда әдетте шығармашылық іс-әрекетпен бірге жүретін барлық ішкі және сыртқы күйлері болады.

Оқытушылардың студенттердің өзекті қажеттіліктеріне қатысты әрекет етуге қабілеттілігі мен ғылыми шығармашылық барысында студенттермен өзара әрекеттесуі креативті қабілеттердің жоғары деңгейін анықтайды. Айта кететін жайт, бұл білім беру деңгейінде біз регламенттіліктің орташа дәрежесіне ие және іске асырылуы кәсіби маманның жоғары деңгейдегі шығармашылық белсенділігін талап ететін білім беру үрдісі субъектілерінің өзара әрекеттесу формаларымен қайтадан бетпе-бет кездесеміз [12].

Зерттелген мәселенің ғылыми негіздерін теориялық талдау нәтижесінде біз педагог-психолог студенттердің креативтік құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткіштері мен критерийлерін жасақтадық (1-кесте).

1-кесте - Педагог-психолог студенттердің креативтік құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткіштері мен критерийлері

Критерийлер	Көрсеткіштері
1. Кәсіби-шығармашылық іс-әрекет арқылы өзін танытуға, өзін іске асыруға, өзін дамытуға деген қажеттілік	1. Кәсіби-шығармашылық іс-әрекет саласындағы позитивті күтілімдердің болуы 2. Өзге тәжірибені қабылдауға ашық болу, шығармашылық проблемаға, шығармашылық жағдаятқа ден қою және икемделу 3. Белгісіздік жағдайындағы эмоциялық тұрақсыздық және оны шешуге ұмтылу 4. Басты құндылық ұстанымдарын сақтай отырып, тұлғалық өзгеруге дайын болу
2. Өзіндік әдістемелік іс-әрекетін нәтижелі жүзеге асыру үшін шығармашылық міндетті анықтауға деген қабілеттілік	1. Зерттеу нысанасы ретінде мәтінге қатысты шығармашылық қарама-қайшылығын білу 2. Мәтін бойынша мәселені немесе тапсырманы тұжыру 3. Оқушының шығармашылық іс-әрекетін ынталандыратын проблемалық жағдаятты құру 4. Оқушыны шығармашылық тұрғыдан дамытатын жаңа әдістемелік тұжырымдаманы құру немесе ескісін жаңғырту
3. Студенттің оқырман-кәсіби маман сыни мәтінін құруға қабілеттілігі	1. Проблемаға қатысты өзінің түсіндірмесінің болуы 2. Өзінің түсіндірмесінің мәтін авторының ұстанымына сәйкес келуі 3. Бағалаудың диалогиялық және проблемалық сипаты 4. Жұмыстың композициялық құрылымы 5. Стиль даралығы мен сөйлеу мәнерлілігі
4. Шығармашылық қабілеттерді дамытудың әдістемелік құралдарды меңгеруі	1. Шығармашылық қабілеттерді дамыту механизмдерін білу 2. Шығармашылық қабілеттерді дамыту әдістемелерін білу 3. Шығармашылық дамытуға бағдарланған жергілікті әдістемелерді құра білу
5. Студенттердің белгісіздік жағдайында сенімді және тиімді әрекеттерге қабілеттілігі	1. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістемелерін тиімді пайдалануға әзір болу 2. Іс-әрекеттің арнайы тәсілдерін жасақтау, олардың қажеттілерін нақты жағдайда таңдай білу 3. Білім, білік, дағдыларды жаңа жағдайға тиімді көшіруге әзір болу (студенттердің креативтік құзыреттілігіне кіретін психологиялық-педагогикалық, әдістемелік құзырлылықтарды тиімді пайдалану).

Магистрлік зерттеу М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қабырғасында жүргізілді. Эксперименттік зерттеуге 5В010300 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқитын 2-курс студенттері қатыстырылды.

Жүргізілген диагностикалық жұмыс нәтижелері төменде берілген.

М.М.Кашаповтың педагогтың креативтік құзыреттілігін диагностикалауға арналған сұрақтар жинағы бойынша диагностика нәтижелері 1 суретте берілді.



1-сурет. «Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқитын 2-курс студенттерінің М.М. Кашаповтың педагогтың креативтік құзыреттілігін диагностикалауға арналған сұрақтар жинағы бойынша психологиялық диагностика нәтижелері

Бұл әдістемеге сәйкес интерпретация 2 критерий бойынша жүргізілді:

1. Кәсіптік іс-әрекет (оқу, ғылыми-зерттеу) аясында креативті іс-әрекетті жүзеге асыруға қызығушылық білдіру
2. Өзінің креативті тұлғалық қасиеттерін дамытуда белсенділік танытуы (ой жүйріктігі, тәуекелге бейімділігі, т.б.).

«Кәсіптік іс-әрекет аясында креативті іс-әрекетті жүзеге асыруға қызығушылық білдіру» бірінші критерий бойынша анықталғаны:

- студенттердің 25%-ы креативтік құзыреттілігінің жоғары деңгейін көрсетті. Бұл студенттердің креативті іс-әрекетті жүзеге асыруға деген тұрақты қызығушылығының болуымен (қолдағы ақпаратты талдау және зерделеу, идеялар ұсыну, қойылған мәселенің шешуін іздеудің желпуіш тәрізді тәсілі, бұрынғы жағдайда жаңа проблеманы қоя білу, білім мен дағдыларын ұқсас немесе мүлдем жаңа басқа ортада қолдана білу және т.б.), топтық және өзіндік креативті-бағдарлы тапсырмаларды орындау кезінде бастама көтеруімен сипатталады.
- студенттердің 65%-ы креативтік құзыреттілігінің орташа деңгейін көрсетті. Бұл санаттағы студенттер педагог-психолог үшін қажеттісі креативтік құзыреттілікті меңгеру деп санайды, соған қоса өзінің жеке пікірін дәйектендіру үшін нормативтік құжаттарды пайдаланбайды, алайда креативті іс-әрекетті жүзеге асыруға деген тұрақты қызығушылығын көрсетеді.
- студенттердің 10%-ы креативтік құзыреттілігінің төмен деңгейін көрсетті. Бұл студенттер қазіргі маман (соның ішінде педагог-психолог) креативті тұлға болуы тиіс деп есептейді, алайда ешқандай дәйектер келтірмейді, кейбір жағдайларда шығармашылық іс-әрекетке қызығушылық білдіреді, оқытушының жетекшілігімен проблемасы немесе мақсаты айқын тұжырымдалған шығармашылық тапсырмаларды орындай алады.

«Өзінің креативті тұлғалық қасиеттерін дамытуда белсенділік танытуы» екінші критерий бойынша алдыңғыға ұқсас нәтижелер алынды:

- студенттердің 20%-ы креативтік құзыреттілігінің орташа деңгейін көрсетті. Бұл студенттердің білуге құштарлық, ой жүйріктігі, тәуекелге бейімділік және осы сияқты диагностика критерийлері бойынша көрсеткіштері орташадан жоғары. Өзін-өзі дамытуда белсенділік танытады, жобалық тапсырмаларды орындау кезінде қосымша материалдарды өз бетімен тауып, таныса алады. Оқу бағдарламасымен салыстырғанда оның аясынан кеңірек көлемде, көбірек білуге ұмтылады.

- студенттердің 65%-ы креативтік құзыреттілігінің орташа деңгейін көрсетті. Олардың креативтілікті диагностикалау критерийлері бойынша көрсеткіштері орташа. Оқытушының нұсқауымен қосымша материалдармен жұмыс істей алады.

- студенттердің 15%-ы креативтік құзыреттілігінің төмен деңгейін көрсетті. Бұл студенттердің креативтілікті диагностикалау критерийлері бойынша көрсеткіштері төмен. Қосымша материалдармен «оқуға міндетті» санатына көшірілгеннен кейін ғана жұмыс жасай алады.

Студенттің креативтік құзыреттілігін студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту және өзіндік шығармашылық қабілеттерін өзіндік дамытуы негізінде тұлғаның интегралдық көп факторлы қасиеті ретінде сипаттауға болады. Бұл ұқсастықтар, сондай-ақ айырмаларды көздейтін, кәсіптік құзыреттілікпен күрделі көпдеңгейлі байланыстарда тұрған дербес тұлғалық түзілім.

Студенттердің креативтік құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің қызмет ету қағидаттары:

- ЖОО, мектептің білім беру ортасымен тұрақты ақпарат алмасу кезінде іске асырылатын ашықтық;

- студенттің өзін дамытуына бағдарланумен анықталатын үздіксіздік;

барлық субъектілерде креативті әлеуетті ұлғайта отырып, оған қайта құрылуға және өздігінен ұйымдастырылуына мүмкіндік беретін барлық субъектілерінің жалпы мақсаты болған кезде жүзеге асырылатын жүйенің басқарылуы және өздігінен басқаруы;

- білім беру үрдісінің барлық субъектілері арасындағы диалог режиміне, эмоциялық жайлылыққа негізделген гуманистік қатынастарға бағдарланудан көрініс табатын жүйенің диалогтық сипаты;

- креативтік құзыреттілікті қалыптастыру кезінде еліктеуден шығармашылыққа өтуді қамтамасыз ететін әдістемелік жүйенің кезеңділігі;

- белгісіздік жағдайында интуициялық әрекеттен міндеттің сыналанған шешіміне өтуге бағдарлану қағидаты;

- оқытушының жұмыс формалары мен әдістерінің зерттелетін мәтін сипатына сәйкестілігі, бұл нақты материалдың ерекшелігін есепке алу арқылы қамтамасыз етіледі;

- шығармашылық өзін дамытуға бет алуы;

- өзара әрекеттесу субъектілерін әдеби мәтін құруға жетелейтін диалогтың инновациялық мазмұнын жүзеге асыратын бірлескен шығармашылықты ұстану.

Студенттердің креативтік құзыреттілігін қалыптастыруға студенттердің тренинг жұмысы үрдісінде болашақ педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыру кезеңдерін (репродуктивтік, белсендіруші, интегративті, шығармашылық) біртіндеп, кезеңдерімен өтуі шартымен қол жеткізіледі, даму студенттің тұлғалық және кәсіптік жетілу үрдісінде меңгеретін құнды қасиетімен бірге жүреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2012 жылғы 14 желтоқсан. - http://www.inform.kz/kz/kr-prezidentinin-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy_a2518877.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты «Егемен Қазақстан» республикалық газетіндегі мақаласы. - Астана, 17.04.2017. - egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru.

3. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. - http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar.

4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген.

5. Селевко Г.К. Компетентности и их классификация // Нар.образование. - 2004. - №4. - Б. 138-145.
6. Брякова И.Е. Формирование креативных качеств личности впроцессе открытого образования //Человек и образование. - 2009. -№ 1. - Б. 41-46.
7. Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология: Учебное пособие. - М.: Академический Проект, 2004. - 560 б.
8. Вишнякова Н.Ф. Креативная психопедагогика. - Минск, 2003. - 238 б.
9. Эпстайн Р. Большая книга творчества игры: начало инноваций, 2005. - http://inosmi.ru/science/20170401/239013776.html.
10. Шарипов Ф.В. Профессиональная компетентность преподавателя вуза // Высш. образование сегодня. - 2010. - № 1. - Б. 11-12.
11. Занаев С.С. Структура и содержание компетентности учителя. - М., 2006. – 186 б.
12. Иргалиев А.С.Воспитательные аспекты формирования психологической компетентности у обучающихся. / Материалы Республиканской научно-практической конференции «Эффективность организации студенческого самоуправления в высших учебных заведениях» 8 декабря 2010 года. - Уральск, 2010. - 144 с. - Б. 113-115.

ӘОЖ 37.036.

Казетова А. Х., Алимбаева Г. Б.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университет, Орал қ.

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ - ҰЛТТЫҢ ЖАНҒЫРУЫ

Елбасымыз жыл басындағы жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялады. Жаңғырудың саяси реформа және экономикалық екі бағыты бойынша жұмыс жасалынатынын айтып өтті. Мемлекет басшысының ойынша Қазақстанның мақсаты айқын, бағыты белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Елбасы XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» деп жазады. Бұл дегеніміз XXI ғасырдағы тарихи кезеңде өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды бұзбай, дәстүрімізді ұмытпай жаңғыруымыз керек. Яғни заман талабына сай өмір сүру, даму дегенді білдіреді. Бірақ осы жаңғыруда ұлттық сананы жоғалтпауды көздейді[1].

Тұтас қоғамның және қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтті. Бірінші бағыт «бәсекелік қабілет» деп аталады. Бұнда тұтас халық бәсекелестік қабілетке ие болуы керек, осы жағдайда «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр.

Екінші бағыт прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Яғни әрбір адам өзінен бастауы қажет, білімді болуға, мәдениетті болу, адамгершілік пен қарапайымдылық секілді қасиеттерді бойында сақтай білу. Елбасы прагматизм мен реализмді алдағы онжылдықтың ұраны деп санайды.

Ұлттық бірегейлікті сақтау деп аталатын үшінші бағыт бізге ұлттық санамызды, дәстүрімізді сақтай отырып, ұлы ұлттың ұрпағы екенімізді ұмытпай жаңғыру. Елбасы қазақстандықтардың екі ережені сақтауын қалайды. Біріншісі ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек. [2]

Білімнің салтанат құруы атты төртінші бағытта аса маңызды аталып өтететін мәселе білім. Қазіргі дамыған заманда білімді адам ғана табысқа жете алады, сондықтан еліміз білім беру жүйесіне көп көңіл бөліп отыр. Осы бағытта елбасының негізгі ойы білімді жастардың арқасында ғана ұлтымыз табысты болмақ [3].

Бесінші бағыт Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. Осы ретте XX ғасырдағы қазақ халқының басынан кешірген қасіретті кезеңді атап өтеді. Сол кезеңде ұлттың

емес аумақтың жаңғыруы алған кезең. Мемлекет басшысы сол кезеңнен сабақ алып, эволюциялық даму қағидасын басты бағыт ретінде ұстануымыз қажет деп санайды.

Сананың ашықтығы бағытында ағылшын тілінің мәселесі айтылады. Ағылшын тілі ол жаһандық әлемнің қақпасы іспеттес. Елбасы «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі деп жазады. Сонымен қатар сананың ашықтығының зерденің үш ерекшелігін айтып өтеді.

Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшіру мәселесін тағы қозғады. 2025 жылға қарай барлық іс қағаздарын, оқулықтарды латын әліпбиіне көшіру жоспарланып отыр. Ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылданды. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындау жүргізілуде.

Елбасымыз атап айтқан бірнеше жобалар мен бағдарламалар ішінде ең негізгісі ретінде «Туған жер» бағдарламасын атап өтуге болады. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру арқылы әрбір қазақтың жүрегінде патриотизмді ояту, туған жерді құрметтеу, қоршаған ортаны аялау секілді қасиеттерді сіңіру болып табылады. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы арқылы біздің елімізді мәдениетіміз арқылы да таныса деген мақсат болып тұр.[4]

Батыс Қазақстан мемлекеттік университетініңәрбір профессор-оқытушылар құрамы болашаққа бағдар ретіндеЕлбасының осы сөздерін өздерінің алға қойған өмірлік мақсаттарына енгізе отырып, еліміздің рухани тұрғыдан дамып, интеллектуалдық дәрежесінің жоғарылауына үлесін қосады деген сенімдеміз.

Тәуелсіз еліміздің болашағы – жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Ұлттық кодтың өзегін сақтай отырып, болашаққа қадам басуымыз қажет. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Елбасының осы сөздерін толық қолдай отырып, рухани мәдениеттің дамуы үшін тағылымды ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындап, биік адами құндылықтардың кемелдену барысында әрбір маман иесі кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруы қажеттілігін түсінеміз.

Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектін күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейн үстем етер, әлем таңғалар талай-талай жаңалық ашар білімділер керек. Бүгінімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 13сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы
2. Ә.Нысанбаев «Білім әлемдік, тәрбие ұлттық болу керек» мақаласы
3. Н.Оразалин «Тәуелсіздік идеясының алтын қазығы» мақаласы
4. «ЕгеменҚазақстан» газеті https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru

ӘОЖ 371.3

Құрманалина Ш. Х.

Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі, Орал қ.

Ерболат Б. Е.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университет, Орал қ.

КОЛЛЕДЖ ЖАҒДАЙЫНДА ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат

мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын студенттер ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде дараланууы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Бүгінгі таңда жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген.

«Құзырлылық» сөзі туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) – жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген. Латын тілінен аударғанда «құзырлық – өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлылықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой - тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады.

Тұлға құзырлылығының құрылымын анықтауда өте көптеген тәсілдер бар. Құзырлылық күрделі құрылым, оқытудың кіріктірілген нәтижесі ретінде атай отырып, төмендегі түрлерін немесе құзырлылық бағыттарын бөліп алуға болады. Оларды үш топқа бөлуге болады.

1) Әлеуметтік құзырлылықтар қоршаған ортамен, қоғам өмірімен, тұлғаның әлеуметтік қызметімен байланысты (ынтымақтаса білу, әр түрлі өмірлік жағдайларда проблемаларды шеше білу, өзара түсіністік дағдылары, әлеуметтік және қоғамдық құндылықтар мен біліктер, коммуникациялық дағдылар, әр түрлі әлеуметтік жағдайлардағы икемділік).

2) Мотивациялық құзырлылықтар ішкі мотивациямен, қызығушылық тарымен, тұлғаның жеке таңдауымен тығыз байланысты (оқуға деген қабілеті, өнертапқыштық, бейімделе білу дағдылары және жылдам әрекет ету білігі, қызығушылықтары мен тұлғаның ішкі мотивациясы, практикалық қабілеттері, өз таңдауын жасау білігі).

3) Функционалдық құзырлылықтар ғылыми білімдерді және фактілік материалдарды пайдалана білу білігі (техникалық және ғылыми құзырлылық, өмірде және оқуда пайдалана білу білігі, ақпарат көздерін өзінің дамуы үшін пайдалана білуі).

Студенттердің құзырлылықтарын қалыптастыру жолдары.

Студенттердің құзырлылықтарын қалыптастыруды жүзеге асыру тек білім берудің жаңа мазмұны арқылы ғана емес, сол сияқты, жаңа оқыту әдістері мен технологияларына да қатысты. Технологиялар мен әдістердің тізімі ауқымды, олардың мүмкіндіктері әр түрлі, сондықтан негізгі стратегиялық бағыттарды анықтау қажет, әрине, өмірдің әр түрлі жағдайларына дайын рецепт жоқ. Өнімді технологиялар мен әдістердің әлеуеті өте жоғары, ал оларды оқыту барысында пайдалану оқытудың нәтижесі-құзырлылыққа ықпал етеді.

Төмендегідей негізгі міндеттерді бөліп алуға болды:

−студенттердің дамуына, өзіндік дамуына жағдай жасау; өнімді білім, білікті игеру;

−бүкіл өмір бойына өз білімін толықтыруға деген қажеттілікті дамыту.

Оларды орындау үшін мұғалім нені басшылыққа алуы керек? Ең алдымен, мұғалім қолданатын технологияға тәуелсіз төменде келтірілген ережелерді есіне сақтауы керек:

1. Ең бастысы, Сіз оқытып отырған пән емес, Сіз қалыптастырып отырған тұлға. Тұлғаны Сіз оқытатын пән қалыптастырмайды, пәнді оқытатын мұғалім қызметі арқылы қалыптасады.

2. Белсенділікті қалыптастыру үшін уақытты да, күшіңізді аямаңыз. Бүгінгі белсенді студент – ертеңгі қоғамның белсенді мүшесі.

3. Студентны білім алуға, оқу-танымдық қызметтің өнімді әдістерін игеруге көмектесіңіз.

4. «Неліктен?» деген сұрақты жиі пайдаланыңыз, бұл себепті ойлауға үйрету үшін қажет: себеп-салдар байланысын түсіну дамыта оқытудың міндетті шарты болып табылады.

5. Әңгімелеп айтқан білмейтінін, практикада қолданатын адам білетінін есіңізге сақтаңыз.

6. Студенттерді ойлауға және өздігінен әрекет етуге үйретіңіз.

7. Шығармашылық ойлауды проблеманы жан-жақты талдаумен дамытыңыз, танымдық міндеттерді бірнеше тәсілдермен шешіңіз, жиі шығармашылық есептерді жоспарлаңыз.

8. Студенттерға оларды оқыту перспективасын жиі көрсетіңіз.

9. Білім жүйесін игеруді қамтамасыз ету үшін сызбаларды, жоспарларды қолданыңыз.

10. Оқыту үрдісінде әр студенттің жеке қабілеттерін есепке алыңыз, бірыңғай деңгейдегі білімі бар студенттерді кіріктірілген топтарға біріктіріңіз.

11. Студенттердің өмірлік тәжірибелерін, олардың қызығушылықтарын, даму ерекшеліктерін есепке алыңыз.

12. Өз пәніңізден ашылған жаңалықтар бойынша ақпаратты біліңіз.

13. Студенттердің зерттеу жұмысын ынталандырыңыз. Оларды эксперименттік жұмыстың техникасымен, есептерді шығару лгоритмімен, анықтамалық материалдармен, шығармалармен таныстыруға мүмкіндік табыңыз.

14. Білім ол үшін өмірлік қажеттілігі екенін түсінуге үйретіңіз.

15. Студенттерға әр адамның өмірлік жоспарларын жүзеге асыру үшін барлығына үйренетін болса, онда ол өмірден өз орнын табатынын түсіндіру қажет.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға студенттің хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Білім беру жүйесінде студенттің бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияның рөлі ерекше. Бұл технологияны қолдану студенттердің қызығушылығы мен белсенділігін және жұмыс істеу шеберлігі мен қабілеттіліктерін арттырады. Бағдарламаны жақсы меңгеруге, өз жұмысын жоспарлауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Студенттің қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасына тікелей әсер ететіндер – ақпараттық құралдар.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: « Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады». Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен құзыреттілік арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде төмендегі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады.

1. Болжау;
2. Ұйымдастыру;
3. Бақылау;
4. Реттеу;
5. Үйлестіру;
6. Сәйкестендіру;
7. Белсенділігін арттыру;
8. Зерттеу.

Құзырлылық оқыту перспективалы болып табылады, өйткені мұндай тәсілмен жұмыс істегенде оқу қызметі зерттеуге және практикалық бағдарланған мәнде болады, білім игеру құралына айналады.

Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Студент шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

Құзырет (Компетенция) – нақты әрекет пен үдерістерге байланысты тиімді, өнімді әрекеттер жасай алатындай дара тұлға сапаларының өзара байланысқан бірлестігі (білім, білік, дағдылар, қызмет түрлері).

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі

құрылатын болады» делінген. Бұдан «құзыреттілік» ұғымы білім беру, маман даярлау саласының қолданыстағы терминіне айналғанын көреміз.

«Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік - кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады.

«Методикалық терминдер сөздігінде» «Құзыреттілік (Компетенттілік) (латынның competentis – бейім сөзінен) – қандай да бір оқу пәнін оқу үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – деп көрсетілген. Орыс тілінің сөздігінде «құзыреттілік» термині «әлдекімнің жақсы хабардар болуы мәселесі төңірегінде» берілген.

Болашақ мұғалімді терең әдіснамалық және теориялық тұрғыда даярлау қай кезде де күн тәртібінен түспек емес. Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын құруда. Бұл тұрғыдағы көзқарасты М.В.Рыжков өз еңбегінде:

-«құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес, әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез – құлықтық, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды;

- құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе, мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс - әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;

- құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы;

- құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады.

«Кәсіби құзыреттілік» ұғымы туралы бірыңғай пікір жоқ екені байқалады. Көбіне бұл ұғым кәсібиліктің жоғары деңгейін бейнелеуде қолданылады

Біздің ойымызша, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, студенттің шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Казақстан Республикасындағы 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасы.
2. Педагогтың кәсіби құзырлылығы жоғары білім сапасының басты көрсеткіші // Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития /материалы Международной научно-практической конференции.– Алматы: КазНПУ им. Абая. – 2004.
3. А.К.Маркова. Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі//2009
4. *Кузьмина Н.В.* Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. — М.: Высш. шк., — 119 с.
5. *Симен-Северская О.В.* Формирование педагогической компетентности специалиста социальной работы в процессе профессиональной подготовки в вузе: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. — Ставрополь, 2002. — 22 с.

УДК 373.1

Кумарова А.С.
ЗКГУ им.М.Утемисова, г.Уральск

ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ РАЗВИТИЕ И ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ В СИСТЕМЕ ВУЗА ПОСРЕДСТВОМ МУЗЫКИ

«Духовность – высшее достояние человеческой
души и движущая сила жизни»
Академик **А.Н.Осипов**

Сегодня актуальной является проблема духовно-нравственного воспитания молодежи, так как в современном мире человек живет и развивается, окруженный множеством разнообразных источников сильного воздействия на него как на позитивного, так и негативного

характера (это в первую очередь средства массовой информации, неорганизованные события окружающей среды), которые ежедневно обрушиваются на неокрепший интеллект и чувства молодого человека, на его формирующуюся сферу нравственности.

Духовно-нравственное развитие и воспитание личности гражданина Казахстана является ключевой задачей современной государственной политики Республики Казахстан. Молодёжь – специфическая социально-демографическая группа в структуре общества, выделяемая на основе определенных, присущих только ей характерных однородных признаков: возраст, духовный мир, интересы, социальные ценности, устремления, поступки, характер поведения, являющаяся активным участником социальных взаимоотношений и на определенных этапах своего становления выполняющая роль объекта или субъекта общественного воздействия. Казахстан становится узнаваемым, активно интегрируется в мировой процесс, прежде всего, по достижениям в области искусства, культуры, образования, науки и спорта. Именно спортсмены, музыканты, деятели культуры и искусства создают определенный мировой имидж Казахстана.

Система ценностей традиции складывалась на протяжении многих столетий, вбирая в себя опыт поколений, под влиянием истории, природы, географических особенностей территории, на которых жили народы, условий их жизни, быта, взаимодействия, общих бед, трудов и свершений, веры, культурного творчества, языка. Народы нашей страны имеют многовековой опыт совместной жизни и сотрудничества, осмысляемый нами как общность судьбы на родной земле. Мы объединены верностью памяти предков, завещавших нам любовь и уважение к Отечеству, веру в добро и справедливость. Богатое культурное духовное наследие нашего прошлого практически остается невостребованным. Молодое поколение на сегодняшний день к глубокому сожалению имеет практически очень слабое представление о нравственной культуре своего народа, примерах из исторического прошлого нашей Родины [1].

Творческое развитие студентов и поднятие их духовного потенциала в процессе образования – одна из наиболее сложных проблем. Подготовка студентов к будущей профессиональной деятельности – сложный процесс, включающий в себя различные компоненты. Профессия педагога – организатора – многогранна. Нашему выпускнику необходимы самые разнообразные знания, умения и навыки в области педагогики, психологии, музыкального воспитания, музыкально-теоретические знания, исполнительские музыкальные навыки, которые включают в себя хорошее владение музыкальным инструментом, умение аккомпанировать, концертмейстерские навыки. В процессе обучения необходимо заложить основы этого мастерства, дать основные умения и навыки для их дальнейшего развития во время самостоятельной работы. В современном мире изменились принципы подхода к организации учебно-воспитательного процесса, учебно-производственной, методической работы, принцип вариативности дает возможность выбирать и конструировать педагогический процесс в любой модели.

Исходя из нашей реальной жизни, с позиции сегодняшнего дня администрация каждого учебного заведения в построении учебно-воспитательного процесса важной и главной целью ставит вопрос качества профессиональной подготовке. Приобретенные на этой основе профессионально-квалификационные качества повышают конкурентоспособность, профессиональную мобильность наших выпускников и вероятность их трудоустройства.

Особенности протекания эмпатического общения психолога с клиентом зависит как от личностных особенностей, так и от целей, задач, условий, от характера ситуации взаимодействия с клиентом. Анализируя ситуацию эмпатического общения, следует выделять в ней, в первую очередь, особенности той специфической взаимосвязи, которая установилась между психологом и клиентом. Субъективное восприятие данных особенностей определяет оценку ими своих возможностей в данной ситуации, компетентность, самостоятельность, уверенность в себе и т.д. Результатом подобной оценки является позиция, занятая психологом по отношению к клиенту [4, с. 3-15].

Уровень эмпатического общения психолога и клиента во многом задается степенью адекватности представлений о нем, характером интерпретации и соответствием субъективных представлений объективным личностным характеристикам [5, с. 182-207].

Высокий профессионализм психолога, способного к эффективному эмпатическому общению, предполагает не только яркое развитие профессиональных способностей, глубокие знания в психологии, нестандартное владение умениями, которые необходимы для успешного выполнения этой деятельности. Настоящий профессионализм всегда сопрягается с сильной и устойчивой мотивационно-эмоциональной заряженностью на осуществление данной деятельности и на достижение в ней уникального, нестандартного результата [6, с. 65-72].

По мнению Д.М. Даудовой педагогическая эмпатия, являясь профессионально важным качеством личности, проявляется в тесной связи с такими психологическими характеристиками как

общительность, душевная мягкость, чуткость, доброжелательность, интеллигентность, толерантность и чувство юмора. По отношению к перечисленным качествам эмпатия выступает своеобразным интегральным показателем, позволяющим прогнозировать успешность педагогического взаимодействия [7].

Лица с высокоэмпатийным потенциалом отличаются наличием специфической готовности, направленности, мотивационных ориентаций и потребностей изменять, усовершенствовать, модернизировать процесс собственного развития. Этот процесс имеет место в силу высокого уровня когнитивной и эмоциональной рефлексии, толерантности и других психологических особенностей присущих эмпатийным личностям [8, с. 197-209].

Проявление эмпатийности как профессионально значимого качества педагога у студентов, магистров и учителей показывает, что чем выше этап профессионального становления, тем лучше развита личностная эмпатия. Это связано с формированием профессионального самосознания, с усилением рефлексивных тенденций, с осознанием профессиональной принадлежности и необходимости адекватно проявлять такие качества, как понимание, сопереживание, терпимость и принятие другого [9, с. 15-16].

Педагогическая эмпатия является реально действенным механизмом профессионального саморазвития будущих педагогов, а ее высокий уровень обеспечивает личности не только стремление, но и способности к самосовершенствованию. Педагогическую эмпатию можно целенаправленно формировать, используя методический комплекс, ориентированный на развитие эмпатийного поведения, результатом чего является качественное улучшение процесса профессионального саморазвития будущих педагогов [10, с. 50-54].

В своем исследовании В.М. Вартанян доказала зависимость между уровнем, адекватностью эмпатии и диапазонами психологической нормы -акцентуации, пограничной аномальной личности. Для лиц, располагающихся в диапазоне психологической нормы - акцентуации, свойственны следующие особенности: уровень эмпатии выше среднего, отличающийся стабильностью и позитивной динамикой. Это позволяет сохранять эмоциональную идентификацию личности и самоконтроль сбалансированности собственных переживаний и отношений [11].

Среди юношей диапазона психологической нормы - акцентуации наибольшее развитие получили эмоциональный и рациональный каналы эмпатии. Характерна адекватность восприятия поведенческого стереотипа объекта, что позволяет прогнозировать собственный стереотип поведения, избегая конфронтации [11].

А.Э. Ахметзянова определяет психологическую структуру эмпатии (как процесса) следующим образом: на основе ориентации на другого понимание человеком его эмоционального состояния; сопереживание, сочувствие ему, т.е. испытывание сходного с ним чувства; оказание ему поддержки с использованием вербальных или невербальных средств коммуникации. Эмпатийность (как качественная характеристика личности), согласно этому автору, состоит из готовности и способности человека к реализации им процесса эмпатии в межличностном общении [12].

Основными психологическими механизмами эмпатийного реагирования в межличностном взаимодействии, по мнению А.Э. Ахметзяновой, являются: интерпретация, идентификация, децентрация и эмоциональное заражение. Эти механизмы реализуются на разных уровнях эмпатийного реагирования [12].

На первом уровне (когнитивная эмпатия) предполагается механизм познания, в процессе которого происходит интерпретация субъектом эмоционального состояния объекта эмпатии без изменения своего состояния. На втором уровне (эмоциональная эмпатия) эмпатия реализуется посредством механизмов проекции и интроекции, которые обеспечивают идентификацию субъекта с эмпатируемым объектом. Обязательным условием не простейшего сочувствия, а полноценной эмпатии является децентрация как ориентация на эмпатируемый объект, благодаря которой субъект оказывается способен стать в позицию другого и осознанно отождествить себя с объектом, сопереживать ему. На третьем уровне (когнитивная, эмоциональная и действенная эмпатия) включается механизм эмоционального заражения, который выражает межличностную идентификацию («воспринимаемую», «понимаемую», «сопереживаемую» и «действенную»). Субъект оказывает помощь и поддержку объекту эмпатии [13, с. 33-36].

Также доказано, слабая выраженность эмпатийности личности сопровождается ее агрессивным отношением к социальному окружению, стремлением к доминированию, выраженной

импульсивностью поведения; достаточно высокая эмпатийность личности предполагает ее потребность в общении и стремление к социальной активности, склонность к эмоциональному реагированию на потребности и действия другого [14, с. 19-22]

Психологическими факторами развития эмпатийности личности являются: понимание своих чувств, самоопределенность, самоидентичность; эмпатийная внимательность, память и воображение; когнитивная сложность, искренний интерес и доброжелательное отношение к людям. Внешними факторами развития эмпатийности выступают: моделирование эмпатийного взаимодействия, обучение эмпатии, воздействие положительным примером, что может быть достигнуто различными средствами, в том числе средствами массовой информации и культуры [12].

Наиболее значимые проявления эмпатии обнаружены на социально-психологическом уровне развития психики: на уровне межличностного взаимодействия, так как именно с помощью эмпатии происходит приобщение человека к миру переживаний других, формируется представление о ценности другого, развивается и закрепляется потребность в благополучии других людей; именно на данном уровне возможна реализация интерсубъективного подхода во взаимодействии [15].

Н.В. Буравцова показывает, что феномен эмпатии имеет множественность форм и проявлений, как в осознанной, так и неосознанной сферах психического отражения. В функциональном плане эмпатия может выступать как мотив альтруистического поведения, как познавательный акт с прогнозированием переживаний значимых лиц, как адаптирующий фактор в процессах социальной перцепции и решении творческих задач, как регулятор интерперсонального взаимодействия. При этом различают эмпатию как процесс, актуально осуществляющийся в ситуации взаимодействия, и как свойство личности. К основным функциям эмпатии у автора относятся: отражательная, где эмпатия выступает в когнитивном направлении; регулирующая, где она представлена как действенная эмоциональная идентификация, реализующаяся через процессы аттракции; познавательная, где эмпатия является способом познания другого человека или объекта и подтверждения факта познания [16].

С.В. Бочкарёвой описаны не только преимущества, но и ограниченности эмпатического познания. По сравнению с сенсорным способом познания, оно, во-первых, может давать менее достоверную информацию по причине субъективной направленности восприятия, а порой даже искаженную картину внутреннего мира другой личности вследствие того, что «эмпатирующий» пытается необоснованно перенести на Другого свои недостатки, привычки, эмоциональный опыт. Во-вторых, подчеркивается некий возможный этический момент данного процесса, поскольку проникновение в мир Другого и понимание его особенностей зачастую позволяет воздействовать на него в том направлении, которое выгодно моему «Я», а не Другому (хотя, это и не является сутью эмпатического познания), то есть, позволить познающему субъекту использовать результаты «вчувственной парадигмы» в своих интересах, а не в интересах познаваемого субъекта [17].

Описана одна из моделей эмпатического познания на основе категорий «со-пространственности» и «со-временности» на психологическом уровне. И это не проникновение (на технологическом уровне) в чужое пространство сознания с целью изменить его (подобные эксперименты отнюдь не являются феноменом понимания» Другого); не попытка, бесцеремонного проникновения в смысл познаваемого Другого (без попытки понять его): эмпатическое познание (основанное на вчувствовании) есть достижение эмпатического единства двух субъектов на основе создания некой системы общих категорий - со-временности и со-пространственности в процессе взаимодействия. Переживание не только как со-переживание, но как проживание - наличие долговременных отношений (например, в семье), основанных на гносеологическом «фундаменте» принятия бытийных моделей Другого [17].

В современной психологии уже не оспаривается тот факт, что эмпатия может быть направлена как на самого себя, так и на другого человека. Форму эмпатии, направленную на себя, обозначают как сопереживание, чувство дискомфорта или личностный дистресс. Она возникает в ситуации, когда воспринимаемое состояние партнера вызывает напряжение и фрустрацию собственных межличностных потребностей субъекта эмпатии и он оказывается эмоционально уязвим. При этом индивид испытывает сходные с объектом эмпатии переживания, но они обращены на себя. Это выражается в их содержании: индивид переживает или то, что могло бы случиться с ним в будущем, или то, что произошло с ним в прошлом. Переживания, направленные на себя, способствуют снижению личностного дистресса и восстанавливают психологическое благополучие индивида; они несут охранную функцию [18, с.19].

Форму эмпатии, направленную на другого, обозначают как сострадание, сочувствие или эмпатическую заботу. В сочувствии отражается переживание индивидом неблагополучия другого как таковое безотносительно к собственному благополучию. Оно возникает в ситуации, когда воспринимаемое состояние партнера актуализирует нравственные побуждения в его пользу и вызывает потребность помочь ему [19, с. 122-129].

Разные виды эмпатии рождают разное поведение по отношению к другому и его нуждам. В случае личностного дискомфорта или дистресса человек предпринимает усилия, направленные на преодоление своего негативного состояния, стремится избежать травмирующих впечатлений, строит стратегию взаимодействия «за себя». Сочувствие или эмпатическая забота, с другой стороны, порождает альтруистические действия в адрес другого и стремление преодолеть его негативное состояние, что находит выражение в стратегии взаимодействия, именуемой «за другого» [20, с. 118-123].

Вид, форма проявления эмпатии обусловлены ценностными ориентациями, системой отношений и особенностями мировоззрения личности. Индивид, характеризующийся эгоцентрической мотивацией, ценностными ориентациями, ядро которых состоит из ценностей собственного блага за счет блага других, будет склонен испытывать личностный дистресс при виде несчастий другого. Индивид с просоциальной мотивацией и приоритетом ценностей благополучия другого с большей долей вероятности и частоты будет испытывать сочувствие, оказавшись свидетелем неприятных переживаний другого [21, с. 89-96].

Список литературы

1. Веденеева Л.В. Становление эмпатии у будущих учителей в условиях гуманизации учебно-воспитательного процесса: дисс. канд. психол. наук. - Волгоград, 2001. - 219 с.
2. Головина А.А. Развитие эмпатического общения психолога с клиентом: дисс. канд. психол. наук. - Тамбов, 2004. - 202 с.
3. Долгова В.И., Ниязбаева Н.Н. Рефлексивно-феноменологическая практика преподавания в высшей школе // Ученые записки университета им. П.Ф. Лесгафта. - СПб., 2013. - № 12. - С. 59-63.
4. Климов Е.А. О предполагаемых путях развития психологического образования в // Вестн. Моск. ун-та. Сер. Психология. - 1998. - № 3. - С. 3- 15.
5. Карягина Т.Д., Иванова А.В. Эмпатия как способность: структура и развитие в ходе обучения психологическому консультированию // Консультативная психология и психотерапия. - 2013. - № 4 (79). - С. 182-207.
6. Носкова Н.В. Лонгитюдное исследование эмпатии и рефлексии у студентов-психологов в процессе обучения // Психология обучения. - 2009. - № 3. - С. 65-72.
7. Даудова Д.М. Эмпатия как механизм саморазвития будущих педагогов: дисс. канд. психол. наук. - Махачкала, 2005. - 172 с.
8. Пашукова Т.И., Троицкая Е.А. Механизмы и функции эмпатии // Вестник Московского государственного лингвистического университета. - 2010. - № 586. - С. 197-209.
9. Опелат С.С., Гребенюк Н.Д., Осадчая Е.В., Зайцева Т.А. Исследование проявления эмпатии среди молодежи методами математической статистики // Сборник научных трудов. - 2009. - Т. 15. - № 4. - С. 15-16.
10. Полякова О.Б. Эмпатия как фактор предупреждения профессиональных деформаций психологов и педагогов // Alma mater (Вестник высшей школы). - 2011. - № 3. - С. 50-54.
11. Вартанян В.М. Эмпатия в структуре индивидуально-психотипологических особенностей личности: дисс. канд. психол. наук. - Ставрополь, 2007. - 172 с.
12. Ахмедзянова А.Э. Актуализация эмпатии личности средствами кинотренинга (на примере студентов гуманитарного профиля): дисс. на соиск. уч. степ. канд. псих. наук. - Казань, 2011. - 26 с.
13. Елеференко И.О. Эмпатия как основание коммуникации // Культурная жизнь. - 2010. - № 38. - С. 33-36.
14. Слесаренко З.Р., Нугманов Р.Г. Эмпатия как сущностное свойство культуры наряду со стремлением к идеалу и духовной свободе // Вестник Казанского государственного университета культуры и искусств. - 2013. - № 3. - С. 19-22.
15. Дмитриева Н.В., Буравцова Н.В. Метафорические карты в пространстве консультирования и психотерапии. - Новосибирск: НИКП, 2015. -

\www.livelib.ru/book/1001567401-metaforicheskie-karty-v-prostranstve-konsultirovaniya-i-psihoterapii-dmitrieva-nv-buravtsova-nv

16. Буравцова Н.В. Ассоциативные карты в психокоррекции отношений привязанности и интимности: алгоритмы, техники, примеры. - Новосибириск, 2016. - 124 с.

17. Бочкарёва С.В. Специфика и возможности эмпатического познания: дисс. канд. психол. наук. - Курган, 2011. - 192 с.

18. Гаврилова Т.П. Эмпатия как специфический способ познания человека человеком // Теоретические и прикладные проблемы психологии познания людьми друг друга. - Краснодар, 1975. - С. 17-19.

19. Гаврилова Т.П. Анализ эмпатийных переживаний младших школьников и младших подростков // Психология межличностного познания. - М., 1981. - С. 122-139.

20. Мазуренко Я.А. Особенности развития эмпатии у подростков и молодых людей в контексте воспитания и социального взаимодействия // Философия образования. - 2011. - Т. 35. - № 2. - С. 118-123.

21. Сопиков А.Л. Механизм эмпатии // Вопросы психологии познания людьми друг друга и самопознания. - Краснодар, 1977. - С. 89-96.

ӘОЖ 37.035

Тулеушова А. Р.
Орал қаласының білім беру бөлімі

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢДЫ ТІК!

Кез келген адам баласы дүние есігін ашқан соң есейе келе алдына мақсат-міндеттер қояды. Меніңше ең басты өмірлік міндетіміз - рухани жаңғыру.Рухани жаңғыру адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы "рухани жаңғыру" дәлел.

Әр адамның кіндік қаны тамып, туып өскен елі жер жәнатымен тең. Өйткені бүгінде ел таныған азаматтар мен батырлардың тіптен ғалым мен қарапайым ауыл тұрғындарының естен кетпес жұлдызды сәттері сол өлкемен тікелей байланысты. Ал, еліміздің әрбір тауы мен өзені тұнып тұрған тарихқа толы екенін ескерсек, азаматтардың сол құндылықтарды құрметтеп, оның кез келген дүниесінің гүлденуіне, жандануына үлес қосуы бекер емес. Ол тазалыққа атсалысса да, бір тал отырғызса да шынайы ісімен өскелең ұрпақтың бойына Отанды сүю деген сезімді ояту қажет. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасының да мәні мен мазмұны осында болса керек.

Елбасы ғажайып бір Жолдау жолдады. Рухани жаңғыру дейтін. Бұл біздің осы күнге дейін жан тәнімізбен, барша болмысымызбен күткен дүниеміз еді. Онда бізге ең керек дүниелер айтылды. Ондағы әр сөзден біздің жан болмысымыз көрініс табады. Сондай-ақ, қазақ халқының ұлт болып ұйысуы, қалыптасуы, болашаққа қадам басуы, деген нәрселердің бәрі осы дүниеде көрініс тапқан. Біз өте қуандық. Әсіресе, туған жерге туыңды тік деген ұлағатты сөзі, шын мәнінде әрбір азаматтың бойына ерекше құлшыныс оятты. Енді, осы бағдарлама аясында еліміздің түкпір-түкпірінде игілікті істер салтанат құрады. Бәріміз елге, жерге барып тұрамыз. Туған жерге деген құрмет меніңше, өмірден өтіп кеткен кісілерге тәу ету, еліне жеріне барып, өзінің оқыған қара шаңырағына тәу ету. Ондағы өсіп келе жатқан өскелең ұрпақпен тікелей байланыс орнату. Оларды қолдау деп білемін.

«Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруға елім деген әр азамат үлес қосуы керек. Халқымыз «Отан отбасынан басталады» дейді. Балаларымызды қалай тәрбиелесек, болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды.

Отбасы – болашақ жеке тұлғаның негізі қаланатын қоғамның бастауыш құрылым бірлігі, баланың алғашқы ұжымы, оның табиғи даму ортасы. Отбасы тәрбиесі адамдар арасындағы оңтайлы және эмоцияналды көңіл-күй қарым-қатынасы арқылы адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруде әлеуметтік-тарихи тәжірибені таратудың анықтаушы құрамдас бөлігі болып саналады. Отбасылық өмір даналыққа және өркендеуге

апаратын бастау болуы керек. Яғни, Отанды сүюдің іргетасы алдымен туған жерге деген сүйіспеншіліктен қаланады. Сондықтан мемлекет басшысы ұсынып отырған «Туған жер» бағдарламасын көп болып, қолдап алып кету керек. Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Осы бағдарламаны мектеп бағдарламасына кіргізіп, кішкентай бүлдіршіндерімізден бастап Отанға деген сүйіспеншілігін ояту.Елінің тарихын білуге, оны құрметтеуге үйретеміз.Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Екінші, басқа аймақтарға көшіп кетсе де, туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл — қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек. Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар. Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпы ұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады. Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге — Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады», деп жазды Президент.

Ұрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі-тәрбие. Тәрбие- мәңгілік және адамзаттық... Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирасқа қалып отырады. Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Тәрбие-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана- сезімі оянған, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор,іскер,бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Тәрбиенің негізгісі – ол ғибратты, ғұмырлы, ғасыр бойы бойымызға салт-дәстүрмен берілген - ұлттық педагогика. Небір ғасырлар шектеулі шеңбер аясынан шырмауықтай шырмалып шыға алмай келген ұлттық тәрбиенің жаңа талапқа сай жаңғыртып, жаңартып өскелең жас ұрпаққа толыққанды тайға таң-ба басқандай жеткізсек, таптырмас тағлым болары сөзсіз. Рух дегеніміз – мәңгі шексіз, махаббат пен мейірімнен тұратын, әр адамның ой, сөз, ниет, пиғыл, іс-әрекетіне, өмірлік рухани ұстанымдармен тікелей бай-ланысты, таза сана мен ақыл, күш-қуат, бірлікке негізделген ғаламдық, өрістік- ақпараттық жүйе.

Бастауыш сынып оқушыларының бойында рухани-азаматтық тәрбиені қалыптастыру жолдары.

Оқушы бойына рухани-азаматтық сезімнің қалыптасуы отбасы тәрбиесі мен балабақшадан бастау алатыны айқын. Оқушы отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, ұлттық салт – дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата тегін білуді таныту,ата - ана парызы. Халқына құрмет, тарихи дәстүрлерге адалдық, сондай - ақ туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сияқты перзенттік борыш тұлға бойына сәби шағында дарыса, бұл қасиеттер өсе келе, әрі қарай дамып, қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады.

Тәрбиенің жалпы негізі рухани-азаматтық құндылықтары болуы керек. Рухани-азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Ал мұғалімнің басты мақсаты - өзіндік рухани-азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ре-тінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектеп-егі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды рухани-адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі

ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады. Осы бағытта туған жерінің тарихын білуі үшін оқушыларымызды сабақтан тыс уақытта мұражайларға, еліміздің елеулі ағаларына арнап қойылған ескерткіштерге апарып отырамыз.

Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені «Әр адам - өз заманының баласы». Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды. Оқушының жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жетілген ұрпақ тәрбиелеу үшін мынадай міндеттерді орындауымыз керек:

*еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру;
*тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру;
*өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету;
*отбасы мүшелерімен өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып, түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;
*оқушыны оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;
*оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көңіл-күйді табу;
*оқушының сана-сезім, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, шығармашылық қабілетін ашу, қозғау салу;
*оқушылардың сабақтар бойынша алған білім, білік дағдыларын одан әрі да-мытып, тереңдету, өздігінен жұмыс істеу қабілетін ашу;
*оқушыларды сөйлету арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, қорытындылау,бағалауға үйрету;
* оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік мәнін оятуға бағдар беру.

Тұлғаны рухани –азаматтыққа тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан көруге болады. Ғасырлар бойы қалыптасқан салт-санамызға сәйкес, жан-жақты тазалық жүйесіне негізделген дүниетанымда тәрбие көрген ата-ана, ұстаздың ойы, сөзі, ісі берген тәлім-тәрбиесі мен білімі баланың пәк те таза жүрегіне бұлақтың мөлдір суындай сіңіп, өмірлік тура жол, рухани азық болары түсінікті. Бүгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу үлкен міндет. Олай болса, рухани байлыққа ең алдымен, тіліміздің, дініміздің, салт-дәстүрлерімізді жатқызсақ, тіл- қазақ болуымыз үшін, дін- адам болуымыз үшін, салт-дәстүр ұлт болуымыз үшін қажет.

Рухант-азамттық тәрбиесінде ең маңызды рөлді бастауыш сынып мұғалімі алады. Ол тәрбие жүйесінің мақсаттарын анықтап, оқушы бойында рухани құндылықтарды тәрбиелеуде атқаратын іс-әрекеттерінің нәтижесін болжайды. Рухани-азаматтық тәрбие берудегі бастауыш сынып мұғалімінің қызметі:

-Өмірдегі маңызды құндылықтар мен рухани-азаматтық құндылықтарды оқып үйрену.

- Өз адамгершілік қасиеттерін анықтау мақсатында өзін-өзі дамытудың тре-нингтерін тәжірибеге енгізу.

- Оқушылармен бірге халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпын, туған өлке, туған қаламыздың тарихы мен дәстүрлерін, өз отбасылырының дәстүрлерін, мектеп дәстүрлерін оқып үйрену.

«Туған жерге туыңды тік!» — деген дана халқымыз. Бұл – әрбір адамның кіндік қаны тамған жеріне сүйіспеншілікті білдіреді. Яғни, кез-келген азамат өзінің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне терең бойлау білуі керек. Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын ұсынып, жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру керектігін атап өтті.

Қазақ елінің бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамуға ұмтылуы заңдылық. Дегенмен, ең бастысы жаһандық өзгерістер кезеңінде біз ұлттық ерекшелігімізді, құндылығымызды сақтай білуіміз керек. XXI ғасырдағы рухани жаңғырудың мәні осыда болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Егемен Қазақстан №6. 10.01.2018 жыл
2. Арайланған Астанам. Астана 2010 жыл
3. Олар қазақ жерін мәңгі даңққа бөледі. Астана 2009 жыл
4. Менің Отаным – Қазақстан. «Алматыкітап баспасы» 2015 жыл

ӘОЖ: 373.1

Хасанова И.У. – *п.ғ.к. доцент*
Біржан Н.С. – *1 курс магистранты*
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университет, Орал қаласы

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ДАМЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАЗІРГІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «... ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған технологиялардың, жаңа әдіс-тәсілдердің оқушылардың оқуға деген қызығышылығын арттырудағы маңызы – білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» сияқты білім беру жүйесінің басты міндеттері анықталады [1].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз»,-деп атап көрсетеді. Қоғамның қажеттілігіне сай сапалы білім беру мәселелері мектептің бастауыш сатысынан бастап қарастырылуда.

Бастауыш білім берудің мақсаты – оқу, жазу, есептеу дағдыларын меңгерген, оқу-танымдық, еңбек, қарым-қатынас әрекеттеріне ынта-ықыласы қалыптасқан, рухани-адамгершілік, ұлттық-мәдени құндылықтарды бойына сіңірген тұлғаның қалыптасуы мен дамуы мүмкіндік жасау [1]. Биылғы жылдан бастап еліміздің барлық мектебінде жаңартылған білім беру бағдарламасымен оқыту қолға алынуда. Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және еліміздегі білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақ педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескерілген. Мәселен, бастауыш сыныпта қазақ тілі пәнін оқытуда негізгі басымдылық коммуникативтік дағдыларды, сөйлеу әрекетінің төрт түрін – тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды меңгертуге, ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіруге, оқудағы және жазудағы функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған.

Сондай-ақ, бағдарламада: «Қазақ тілі» пәні оқушылардың оқу және болашақ кәсіптік әрекетінде коммуникативтік білік-дағдыларын орынды қолдана отырып, жылдам өзгеріп жатқан өмірге бейімделе алуына, өз пікірін білдіру және дәлелдеу үшін әр түрлі ақпарат көздері мен қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана білуіне көмектеседі» деп қазақ тілін оқытуда коммуникативтік білік-дағдыларын маңыздылығына мән береді [2].

Жалпы өзге ұлттарға тілді үйрету әдістемесі тілдің қатысымдық тұлғалары негізінде жүргізіледі. Мемлекеттік тілімізді басқа ұлт өкілдеріне меңгертуде дүние жүзінің әдістеме ғылымында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген қатысымдық бағытты ұстану бүгінгі күннің аса өзекті мәселелерінің бірі. Соңғы жылдардағы тілші, әдіскер-ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сүйенсек, мектеп оқушыларының көпшілігінің сөздік қоры жұтаң, сөз тіркестерін, сөйлем және мәтін құрауда дәрменсіздік таныту, ойын жүйелі түрде жеткізе алмау т.с.с. кемшіліктердің белең алып бара жатқанын көреміз. Бұл кемшіліктердің алдын алу жұмыстары бағытында тілді коммуникативті тұрғысынан оқыту маңызды болып табылады. Сондықтан бұл әдістемелік кешеннің қазақ мектептерінде қазақ тілін меңгертудегі қажеттілігі туындап отыр.

Тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан тілдің әртүрлі деңгейіндегі тілдік бірліктердің ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативті түрлері, сөйлесімдер мен мәтіндердің коммуникативтілігіне негіз болып отыр. Тілдік қатынас, сөйлеу әрекеті, олардың түрлерін ғылыми тұрғыдан зерттеген тілші ғалым Ф.Оразбаеваның еңбегінде тілдік қатынас дегенге мынандай анықтама беріледі: «тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы; қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысуы, түсінісуі; яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді» [3].

Жалпы тіл мәселесі – өзекті мәселелердің бірі. Қоғамның қай кезеңінде де педагог, тілші ғалымдардың еңбектерінде балалардың сөйлеу әрекеттерін дамытуға, тіл мәдениетіне көңіл бөлініп, жан-жақты зерттеліп келеді. Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ы.Алтынсарин

балаларды оқу және оқыту, тәрбиелеу ісінде сөйлеу дағдыларына жаттықтырудың маңызды орын алатындығын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларын жаттықпайынша, қай-қай тілде болса да, еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес», -деген болатын. Демек, бастауыш сынып мұғалімі сабақтың өн бойында балалардың тілін дамытуға, сөздік қорларын молайтуға, ауызша, жазбаша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдануға, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән беріп отырғаны жөн.

Тәжірибелер жинақтала келе, жаңадан жаңа туындайтыны сияқты американдық ұстаз Линданың «Оқытудың бұрынғы әдіс-тәсілдері – бүгінгі әдістеріміздің ата-анасы» дегеніндей, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді. Сабақта балалардың коммуникативтік сөйлеуі, тіл дамытуы бірнеше әдістер арқылы іске асады.

Бастауыш сыныптың «Қазақ тілі» пәнін оқытуда қолданылатын қазіргі оқыту стратегиялары мен әдістері берілген [2]:

1) мұғалім мен оқушының «субъект-субъектілік» дидактикалық қатынаста білім іздеу үдерісіне бірдей енуі;

2) оқу проблемаларын шешу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтасқан шығармашылық ізденіс әдістерін қолдану; оқу проблемаларын шешудің әдіс-тәсілдерін оқушыларға дамыта оқыту ұстанымына сай жолмен құру және көрсету;

3) оқушының жеке пікірін тыңдау, олардың бұрын меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін әрі қарай дамыту;

4) ойын әдісі;

5) «оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» арқылы қолдау жасау;

6) сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

7) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру;

8) тәжірибелік, шығармашылық оқу әрекеттеріне (түрлі шығармашылық жұмыстар жасау) ынталандыру;

9) оқушылардың білімін жүйелі түрде мониторингілеу;

10) оқушыларды зерттеушілік әрекетке және зерттеушілікке негізделген белсенді оқуға ынталандыру;

11) оқушыларға алдын ала берілетін түрлі стильдегі жазба мәтіндердің үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер береді);

12) оқушылардың оқу әрекетін жеке, жұптық, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға үйренеді);

13) оқыту барысында «не білемін? не білгім келеді? нені үйрендім?» түріндегі кері байланысты жүзеге асыру.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларын дамытатын әдістердің бірқатарына тоқтала кетсек:

Оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытудағы басты әдістің бірі – қатысымдық әдісі. Қазақ тілін оқытудағы қатысымдық әдістің алғаш ғылыми негіздемесін жасаған профессор Ф.Ш. Оразбаева оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім процестерінің сөйлеу және ойлау механизмдеріне байланысты аспектілерінің әдістемелік жүйесін қалады. Ғалым: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі», - деген анықтама береді [2].

Ойын әдісі. Оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар, оқушылардың сөйлеу-білік дағдыларын қалыптастырады. Мысалы, Оқулықта берілген 75-жаттығуда әр торға тиісті сөздері бар допты енгізіп, екі топқа бөлеміз де, тақтаға жұрнақ және жалғау торын іліп, оқушыларға жұрнақ және жалғау жазылған допты оқушыларға таратып, тиісті торға допты салып ойнатуға болады. Бұл жаттығу оқушылардың жазылым дағдысын дамытады [4].

Ізденіс әдісі. Оқушылардан берілген мәселені өз бетімен белсенді шешуді қажет етеді. Ізденіс әдісінің бірнеше түрлері бар: зерттеу (оқу зерттеуі немесе теориялық-танымдық іс-әрекет); талқылау, пікірталас; модельдеу.

Бұл әдіске оқулықта берілген жаттығулардай бірнеше тапсырма ойластыруға болады. Мәселен, 25-жаттығуда өлеңді көшіріп жазып, Шымбұлақ туралы не білесің? деген сұраққа жауап беріп, энциклопедиядан Шымбұлақ туралы терең біліп алуға тапсырма берілген [4]. Бұл тапсырма ізденіс әдісін пайдалана отырып, оқушылардың жазылым, айтылым, ізденіс дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Проблемалық әдіс. Академиялық теорияны нақты оқиғаларға көзқарас тұрғысынан көрсетіп беруге мүмкіндік береді. Ол оқып жатқан пәнге тыңдаушының қызығуына, әртүрлі жағдайды сипаттайтын ақпараттарды жинау, өңдеу және талдау дағдылары мен білімдерді белсенді игеруге мүмкіндік береді. Мысалы: Оқулықтағы 33-жаттығуда «Шаңғы жарысында» деген тақырып бойынша мәтіннің не туралы екенін болжап, мәтінді тыңдау қажет.

- Мәтінде не туралы айтылған?
- Тәукенің бұдан кейінгі әрекеті қандай болады деп ойлайсың? деген сұрақтарға жауап беріп, өзің не істер едің, мәтінді өзің әрі қарай жалғастыр деген тапсырма берілген [4]. Бұл жаттығу оқушылардың тыңдалым, айтылым дағдыларын дамытуға бағытталған.

Диалогты әдіс. Диалогтік оқыту – мұғалімнің оқу материалын оқушыларға түсіндіріп, оқушылардың сол оқу материалын меңгеруі мақсатында оқу материалын дайындаудың және баяндаушы әңгіме жүргізудің нақтылы реттеуші ережелерін ескере отырып құрылған оқыту мен оқу тәсілі. Оқушыларды мәселені (проблеманы) анықтап, оны шешуге итермелейді және олардың оқудағы іс-әрекеттерін белсенді етуді көздейді. Мысалы: Оқулықтағы 43-жаттығуда мәтінді оқып, мәтін бойынша бір-біріне сұрақ қою берілген. «Компьютердің пайдасы мен зияны» тақырыбында топта талқылауға қатысу тапсырмасы берілген [4].

Практикалық әдіс. Сөйлеу дағдылары мен іскерліктерін қолдануға бағытталған. Бұған әр түрлі дидактикалық ойындар, драматизациялық ойындар, көріністер, дидактикалық жаттығулар, хороводтық ойындар жатады. Олар барлық сөйлеу міндеттерін шешу үшін қолданылады. Практикалық әдістер бұл әдістер мұғалімнің ұйымдастыруы мен бағыттауының нәтижесінде оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын сөздік көрнекілік және практикалық жұмыстардың күрделі байланысы болып табылады. Практикалық әдістерді қолдану оқушылардың рецепторлары мен анализаторларын белсендіреді, еңбекке баулиды. Мысалы, оқулықтағы жаттығуда ертегінің үзіндісін оқып, сол ертегіні оқушылар рөлге бөліп, сахналап беру керек. Бұл жаттығу оқушылардың оқылым дағдысын дамытады [4].

Әдіскер мұғалімдер күнделікті сабақтарда жазбаша қатынас, мәтіннің желісі бойынша өз пікіріңді білдір, диалог құру, өнімді топтық қатынас, мәтіндердің мазмұнын өз өмірімен байланыстырып айту сияқты құзыреттілік тапсырмаларды қолданып, «Тілдескіш» (сөйлесу үлгілерінен құрастырылған сөздікше), «Баяндамашы», «Жазбаша қатынас» тапсырмалар топтамасы сияқты материалдарды дайындаудың керектігін айтады. Аталмыш топтамалар мемлекеттік тілде сауатты жазу дағдыларын қалыптастырады, өмірлік жағдайларда қазақ тілінде қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік туғызады, оқушы бойынан табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін іске асыруына ықпал етеді. Осы әдіс-тәсілдерді қолдану барысында, сабақта сөйлесімнің барлық компоненттеріне тән дағдылары меңгеріліп, оқушылардың жеке тұлға ретінде өздеріне деген сенімділігі артып, шығармашылықпен жұмыс істеу дағдылары қалыптасуда. Оқушы «Тілдескішті» қолдана отырып, берілген жағдаятқа серіктесімен әңгіме құрастырып, өзара әңгімелесе алды. «Жазбаша қатынас» әдісі «Менің отбасым», «Менің досым» т.б. тақырыптарын өткен кезде тиімді. «Жазбаша қатынас» үлгісін қолдану арқылы, оқушылар ата-анасына, достарына хат жазуды үйренеді [5].

Сонымен бірге, қазақ тілін коммуникативті тұрғыдан оқыту барысында ситуативті әдіс көптеп қолданылады. Сөйлеуге үйрету үшін оқыту әдісі ситуативті әдіс болуы керек себебі: ситуативтілік сөйлеу әрекетінің табиғи қасиеті болып табылады деп, сөйлеуге үйрету үшін қажетті ситуацияларды мынадай жолдармен беруге болатынын көрсетеді:

а) «көз алдыңа елестетіп көр», «қиялдап көр» деген сияқты т.б. тапсырмалар арқылы ситуациялар құру;

ә) белгілі бір ситуацияны жасайтын сурет немесе ситуацияны дамытатын, күшейтетін суреттер тізбегіне қарап, соның көмегімен сөйлеу;

б) күнделікті өмірдегі болып жатқан жағдайға ұқсас нәрселерді сипаттау.

Оқытудың ситуативтілігі оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа

негізделген жағдайда ғана сабақ үстінде қатынас ситуациясы пайда болады. Е.Пассов ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде коммуникативтік оқытуда «ситуация» мен «ситуативтілікті» анықтап алу қажет екеніне көз жеткізген. «Ситуация» дегеніміз – қарым-қатынас жасаушылардың, сөйлесушілердің санасында қалыптасқан өзара қарым-қатынасының жүйесі; ал «ситуативтілік – қарым-қатынастармен байланыс» деп қорытынды жасайды. Ол іс-әрекеттерде өзара қарым-қатынастарда мынадай жетекші факторлар болады деп көрсетеді: а) статустық; ә) рольдік; б) іс-әрекеттік; в) ізгілік [6].

Қорыта келе, қазақ тілі сабағында бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын дамыту үшін тиімді әдістерді пайдалана отырып, жаттығулар орындатудың маңызы зор екендігін байқауға болады. Демек, оқушылардың сөйлеу дағдыларын белсенді ұйымдастыра отырып, тиянақты білім беру – мұғалімнің ой ұшқырлығына, коммуникативті құзіреттілігіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан мектебі. 2017 ж. - №7.
2. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2015.
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас; теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000.
4. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2017.
5. Әлмұхамбетова Б.А., Ғалымжанова М.А. Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолданылуы.
6. http://zkoipk.kz/2016smart1/2538-conf.html

ӘОЖ 159.955

Абдырахман А. Қ., Өмірзат Қ. Б.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университет, Орал қ.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ МЕН ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі күні инновациялық педагогикалық технологияныңмазмұны көп жағдайда сын тұрғысынан ойлауды дамыту мақсатымен айқындалады. Бұл ұстаным жаһандану дәуірі мен бұқаралық ақпараттық құралдарының ақылға сыймайтындай қарқынмен дамуына жауап ретінде туындаған. Сан алуан ақпараттың астамшылдығы орын алған қазіргі қоғамда әр адамға басына туған жағдаятты өздігімен бағалау қабілеті қажет. Бұл бағалау сабырлы түрде, еш сыртқы ықпалды ескермей, алдын-ала қабылданған шешімдерге негізделмей, обьективті тұрғыдан жасалуы қажет. Мұнымен қоса бүгінде адамға өмірінің әр сәтінде дұрыс таңдау жасап, өзіндік шешім қабылдау білігі қажет, тұлға рефлексияға дайын болуы қажет, яғни онда өзінің әр әрекетін сараптап, өзіне-өзі есеп беру, өзін-өзі талдау мен бағалау дағдылары қалыпты болғаны қажет.

Бұдан басқа бүгінгі заман адамы қоғамдағы психологиялық манипуляцияларға да төтеп беруі керек, өйткені қазіргі уақыттың бұқаралық ақпарат құралдары түйсік пен қабылдаудың стереотиптерін (біркелкі түсініктерін) жан-жақты қалыптастырып, оларды адам санасына мықтап ықпал жасау деңгейіне көтерген. Сол себепті де қазіргі адамдар БАҚ тарататын тұжырымдар мен жарнаманың ырқына көніп, солардың жетегінде кеткен. Сондықтан бүгінгі әлемде әр адамға құзырлы болып, кез келген ақпаратты сауатты түрде қабылдап, оны түсініп, талдай алып, оның ықпалының салдары туралы нақты түсінік қалыптастыра білу біліктіліктері қажет. Басқаша сөзбен айтқанда, адамға қазіргі заманның қауіп-қатерлері мен түрткілеріне жауап беру үшін сын тұрғысынан ойлай білу қажет.“Сын тұрғысынан ойлау” ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде

берілмеуі. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.Сын тұрғысынан ойлауда біреудің айтқанын дәл сол қалыпта қабылдамайды, біреудің айтқанына иланып, оның жетегінде жүре салмайды. Сын тұрғысынан ойлау – сенім мен құндылықтарды таңдау, қандай да болмасын мәселе бойынша барлық сұрақтар қарастырылғанша «сыпайы» түрде күмәндану. Оқу/оқыту шәкірттерді осындай ойлауға ынталандыруы керек, олар әр сабақта қандай да болмасын тапсырмаеы орындағанда оны жекелей және бірлесе отырып, жан-жақты қарастырып, ой елегінен өткізіп, туындаған ойлары мен түсініктерін ортаға салып, талқылап, пікірлесуі қажет. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз мәселе жайында өзіңе сұрақ қойып, соларға жауап іздеу, жекелей және бірлесе ой қозғау. Ақыл-ой тек ойлану арқылы ғана дамитындығын ұмытпау керек.[1]

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы»зерттеу жұмысымыздың мақсаты:ақпаратпен жұмыс жасауға,жан-жақты тұрғыдан кез-келген жәйітті талдауға,талдау жасап,шешім қабылдауға,ақпаратты жинақтау тәсілдерін таңдау,сұрақтарды құрастыру,жаңа ақпарат іздеу,тұжырымдардың дұрыс бұрыстығын айқындау,рефлекция түрінде күмәндану,өзіндік пікірді қалыптастыру,өз біліміне деген жауапкершілікті тудыру,дербес түрде пайымдау,ең маңызды ақпарат пен идеяларын айқындауға жол аштыру.

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы беделдердің пікірлерін ақиқат ретінде қабылдамай, оларға күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Осылайша сыни ойлаушы өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын олармен салғастырады, қоғамда кеңінен таралып, көпшіліктің қабылдаған көзқарастарды мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жоққа шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі әбден ықтимал. «Сыни ойлау» ұғымында «сынау», яғни «терең бойлау», «зерделеу», «екшеп-текшеп, жан-жақты қарастыру», «өзіңе сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады.

Негізгі міндеттері:

- кез келген проблема не ақпаратпен өздігімен жұмыс жасағанда;
- кез келген проблема не ақпартты туралы өзіндік (дербес) пікір қалыптастыру барысында;
- өз пікірі мен көзқарастарын тұжырымдап, оларды дәлелдеуде;
- кез келген проблема не ақпаратты жан-жақты тұрғыдан қарастырғанда;
- бірлесе жұмыс жасағанда (топта, жұпта, командада);
- өзгелердің пікірлерін бағалап, қабылдағанда.
- кез келген проблема не ақпарт бойынша нақты сұрақтар қояды;
- ең маңызды жәйттерді бөліп шығарады;
- проблема не ақпаратқа қатысты деректерді қолданады;
- критерийлер мен стандарттарға негізделінген дәлелді қорытынды мен шешімдер келтіреді;
- өз пікірі мен көзқарастарына деген жоғары жауапкершілігі бар;
- ақпаратты бір мағыналық жүйеден екіншіге аударады (вербалдыдан визуалдыға немесе керісінше);
- қарастырып отырған мәселені басқаларымен салыстырады;
- балама ұсыныстар мен көзқарастарды тұжырымдайды;
- икемді болады: өз ойлары мен пікірлерін өзгерте біледі, қателерін мойындап, оларды түзейді;
- себеп-салдарды анықтайды;
- талдайды, тұжырым жасап, қорытындылайды;
- мәселеге ауқымды тұрғыдан қарап, бірінші мезетте тек қомақты жәйттерді бөліп қарастырады;
- шешім қабылдауда басқалармен тиімді түрде ынтымақтасады;
- ақпаратты шығармашылық тұрғыдан түрлендіреді;
- әртүрлі дереқсөздерден қажетті ақпарат табады, оның мазмұнын, бағытын, мақсатын өздігінше түсінеді;[2]

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпарат ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. Сыни тұрғыдан ойлаудың басты қағидалары:

- бақылау
- талдау
- қорытынды
- интерпретация

Сыни тұрғыдан ойлаушы өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын олармен салыстырады, көпшіліктің қабылдаған көзқарастарымен келіспей күмәнданып жатады, алайда бұл күмәндану жоққа шығаруды білдірмейді. Осындай әркеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі мүмкін. Сыни тұрғыда ойлаудың мәнін терең бойлау, зерделеу, жан-жақты қарастыру байыбына үңілу деп те келтіруге болады. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі, Сондықтан бұл жерде мұғалім тапсырмалар мен ақпараттарды өзі ізденіп, оқушыларға ұсынады. Талантты және дарынды балаларды оқыту модулінде мұғалімнің рөлі күшті себебі, мұғалім дарындылық пен таланттылықты айқындау керек. Ол үшін сыни тұрғыдан ойлай отырып, әртүрлі тапсырмаларды орындату болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында айтқандай «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.Қазақстанда дамыған елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін-білім»Сондықтан,қазіргі даму кезең білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр.[3].

